

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік
ғылымдар» сериясы,
№4 (47), 2015

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор
т.ғ.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:
т.ғ.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**

(бас ред. орынбасары),

т.ғ.к., доц. **У.М. Джолдыбаева,**

т.ғ.к., доц. **Р.Р. Оспанова**

(жауапты хатшылар),

т.ғ.д., проф. **Х.М. Әбжанов,**

PhD, проф. **Вирджиния Мартин**

(АҚШ),

PhD, проф. **Клаудиа Чанг** (АҚШ),

т.ғ.д., проф. **Қара Әбдіуақап**

(Түркия),

т.ғ.д., проф. **О.Д. Осмонов**

(Қырғыз Республикасы),

т.ғ.д., проф. **В.М. Козьменко**

(Ресей Федерациясы),

т.ғ.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов,**

проф. **М.Майер** (Германия),

т.ғ.д., проф. **К.Р. Несіпбаева,**

т.ғ.д., проф. **А.Б. Соколов**

(Ресей Федерациясы),

т.ғ.д. **Томохико Уяма** (Жапония),

т.ғ.д., проф. **Т.Ходжаоглы** (Түркия)

© Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2015

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10102 - Ж

Басуға 30.11.2015 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 28,0 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс 208.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

Пірәлиев С.Ж. Алғы сөз

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

Қойгелдиев М.Қ. Мемлекетті ұлт: бастау көздері мен тағдыры...	5
Султанғалиева Г.С. Казахские султаны Оренбургского ведомства в XIX в.: должности, чины и обеспечение.....	10
Сутеева Х.А. Қазақ қоғамының экономикалық және әлеуметтік даму мәселелері XVIII-XIX ғғ. орыс әскери тарихшыларының еңбектерінде зерттелуі.....	15
Тулеева М.К. Жетісу өңірінде халықты жұмыспен қамту (XX ғ. аяғы).....	20
Абдрахманова К.К., Сактаганова З.Г. Общественное питание в городах Центрального Казахстана в 1950-1970 гг. в контексте истории повседневности.....	24
Несипбаева К.Р. Некоторые аспекты русской историографии налоговой политики царизма в Казахстане.....	28
Zainieva L.U. The youth direction in activity of assembly of the people of Kazakhstan.....	31
Мухамбедьярова А.Т. Проблемы государственного строительства в Казахстане: особенности Президентской модели власти.....	34
Нұрымбетова Г.Р. Қазақстандағы Президенттік институт: қалыптасу дәуірлері.....	37
Далаева Т.Т. Строительство военных сооружений и пикетных дорог в системе пограничных линий в Семиречье и Сырдарьинском регионе в 1847 – 1864 гг.....	41
Сулейменова М.Ж. Исторические пути формирования Казахстанской государственности.....	46
Аупенова А.У. Некоторые аспекты формирования правовой системы Казахского ханства (XVI-XVII вв.).....	51
Алметов Н.Ш. Взаимодействие местных органов управления и этнокультурных центров: опыт и перспективы сотрудничества....	54
Қасабекова А.И. XX ғасырдың 20-30 жылдарында қазақстандағы ана мен баланы қорғау мәселелері.....	57

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР
ПЕРСОНАЛИИ

Урашев С.А. русский писатель в.в. вересаев и казах публицист А.Н.Букейханов о русско-японской войне (1904 – 1905 гг.).....	61
Құсайынұлы Қ. Шоқан мен Абай хақында сөз.....	66
Жанжігіт Орамах Жәңгір ханның құқықтық реформасы.....	71
Нұрман Ш.Т. Айтылған тарих әдісі: тұлғатану және отансүйгіштік тәрбие мәселелерінде.....	74
Калиева Е.Т. Қарсылық қозғалыстарындағы билер Ә.Мұнайтпасұлы, Д. Асауұлы, Сұлтан Х. Арысланұлы сияқты тарихи тұлғалар тағдыры.....	78
Отарбаева Г.К. 1916 ж. Ұлт-азаттық қозғалыс және қазақ зиялы қауымы.....	82
Қыдыр Нұрғожа ҚР Мемлекеттік орталық музей қызметкерлері дайындаған «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5-томдық энциклопедияда Шоқан Уәлиханов еңбектерінің қолданылуы хақында.....	86

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические и социально-политические науки», №4 (47), 2015

Выходит с 2000 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор
д.и.н. Г.К. КЕНЖЕБАЕВ

Редакционная коллегия:
д.и.н., проф. М.К. Койгелдиев,
(зам. гл. редактора),
к.и.н., доц. У.М. Джолдыбаева,
к.и.н., доц. Р.Р. Оспанова
(ответ. секретари),
д.и.н., проф. Х.М. Абжанов,
PhD, проф. Вирджиния Мартин
(США),
PhD, проф. Клаудиа Чанг (США),
д.и.н., проф. Кара Абдиукап
(Турция),
д.и.н., проф. О.Д. Осмонов
(Кыргызская Республика),
д.и.н., проф. В.М. Козьменко
(Российская Федерация),
д.и.н., проф. К.Т. Жумагулов,
проф. М.Майер (Германия),
д.и.н., проф. К.Р. Несипбаева,
д.и.н., проф. А.Б. Соколов
(Российская Федерация),
д.и.н., Томохико Уяма (Япония),
д.и.н., проф. Т.Ходжаоглы (Турция)

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2015

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и
информации
Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10102-Ж

Подписано в печать 30.11.2015.
Формат 60x84 1/8.
Объем 28,0 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 208.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Жапакова Г.С. Мемориальный комплекс К.И. Сатпаева в фондах ЦГМ РК..... 90
Ысқақова Н.А. Құнанбай қажы ұрпақтары шежіресі..... 94
Кусаинов К.К. К юбилею Чокана Валиханова..... 98
Сагиндикова С.С. Қ.И.Сәтбаев және Орталық Қазақстанның түсті металлургиясы: тарихи талдау..... 100

ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ

Абдуллаев Н.А. К вопросу законов и закономерностей истории.. 104
Қожақұлы Ө. Қоқан хандығын патшалық Ресейдің жаулап алуы..... 108
Нуржанов А.А., Карибжанова Е.А. Великий шелковый путь – путь цивилизаций..... 112
Тажмуханова Н.Е. Письменное наследие средневековых тюрков в исследованиях ученых..... 118
Иембекова М.О. Қазақстан және түркі тілдес елдердің ынтымақтастығының тарихи аспектісі..... 121
Тажмуханова Н.Е., Қасымбаева А. История взаимоотношений Казахстана с Японией: реалии и перспективы сотрудничества..... 125

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ

Шойбеков Р., Уәли Нұргелді Хандық кезеңдегі «Санат» терминінің этнотілдік мазмұны..... 130
Зуева Л.И., Муратова М.Б. Теоретико-методологические подходы к изучению национально-освободительного движения под руководством Кенесары Касымова..... 134
Садвакасова А.К. Реставрация документов из фонда хранения «казахстан в годы великой отечественной войны» ЦГМ РК..... 138
Турсынбаева Ш.С. Реставрация произведений живописи: вопросы сохранения (на примере картины из фондов ЦГМ РК).... 143
Әмирлан С.Е. Тарихты зерттеуде халық поэзиясының орны (қарақалпақ және қазақ балалар фольклоры мысалында)..... 146
Ермұқанов Е.Н. Қазақ хандығының 550-жылдығына арналған «Ұлы дала елі» Республикалық тарихи-мәдени экспедициясының Алматы-Тараз бағыты: ғылыми-танымдық міндеттер мен тәрбиелік маңызы..... 150
Тұрсымбекова Р.О. Отандық музей коллекцияларын толықтырудағы қор сатып-алу (іріктеу) комиссиясының ролі (Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музей тәжірибесі негізінде)..... 152

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

Темиртон Г., Канафина А. Музей в контексте социокультурной модернизации..... 156
Кокумбаева Б., Темиртон Г. Статус этносферы казахов в современном мире..... 161
Нуржанов А.А., Кадиркулова Г.К. Генезис взаимоотношений мировых религий на территории средневекового Казахстана (VI-XIII вв.)..... 164
Досымбек Қатран Ақым және о дүние..... 172
Айтқұл Х.А., Мякишева О.А. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейдің археология қорындағы орталық Қазақстанның қола дәуірі коллекцияларын ғылыми каталогтаудың кейбір әдістері..... 177

**Abay Kazakh National Pedagogical
University**

BULLETIN

**Series «Historical and socio-political
sciences»**

№4 (47), 2015

Periodic – 4 issues/year

Published since 2000

Editor-in-chief:

doctor of historical sciences

G.K. KENZHEBAYEV

Editorial staff:

Koigeldiyev M.K. *doctor of historical
sciences, professor*

(editorial-in-chief's assistant),

Zholdybayeva U.M. *candidate of historical
sciences, associate professor,*

Ospanova R.R. *candidate of historical
sciences, associate professor, (responsible
secretary),*

Abzhanov Kh.M. *doctor of historical
sciences, professor,*

Virginia Martin *professor, PhD (USA),*

Claudia Chang *professor, PhD (USA),*

Kara Abdiyapap *doctor of historical
sciences, professor (Turkey),*

Osmonov O.D. *doctor of historical sciences,
professor (Kirgistan),*

Kozmenko B.M. *doctor of historical
sciences, professor (Russian Federation),*

Zhumagulov K.T. *doctor of historical
sciences, professor,*

Mayer M. *doctor of historical sciences,
professor (Germany),*

Nesipbayeva K.R. *doctor of historical
sciences, professor,*

Sokolov A.B. *doctor of historical sciences,
professor (Russian Federation),*

Tomokhiko Uyama *doctor of historical
sciences (Japan),*

Khodjaogly T. *doctor of historical sciences,
professor (Turkey)*

**Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2015**

Registered in the Ministry of culture and
information of the Republic of Kazakhstan,

May, 8, 2009

№10102-ZH

Signed for print 30.11.2015

Format 60x84 1/8.

Volume 28,0 уч.-изд.л.

Issue 300. Order 208

050010, Almaty

Abai KazNPU, 13 Dostyk av.

«Ulagat» publishing house

Abai Kazakh National Pedagogical

University, 2015

Куценко А.В. Музей в системе социокультурной комму- никации (из опыта центрального государственного музея РК)	183
Досымбетов Н.А. Қазақ ру-тайпаларының ұрандары.....	187
Қоғабасева Г. Дәстүрлі қазақ костюмінде пайдаланылған материалдар (ҚР мемлекеттік орталық музей коллекциялары негізінде).....	191
Тимур Болсынбек Қазақ тұрмысындағы дәстүрлі ши тоқу өнері (Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі материалдары негізінде).....	195
Орынбасар Әлім Қазақтың дәстүрлі киіз басу өнері (ҚР мемлекеттік орталық музейі қорының материалдары негізінде)....	199
Сарсенбекова В.Қ., Мусаева С.Т. Некедегі тұрақтылықтың сақталу мәселелерін этнографиялық бағытта қарастыру.....	203

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Белоус С.Г. О.А. Шкапский: О «Гармонии экономического устройства» через реализацию переселенческой политики в семиречье (конец XIX - начало XX вв.).....	208
Шалқаров М.Б. Қазақстан Республикасы: әлеуметтік дамуының негізгі бағыттары.....	212
Төлегенов А.К. Солтүстік-шығыс Жетісудағы ортағасырлық қалалар мен қоныстардың зерттелу тарихы.....	216
Абдашимов Д.Қ. Орта ғасырлардағы түріктердің (VI-XIII ғғ.) шабуыл қару-жарағы.....	221

Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеттің 2005 ж. № 476 «Диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне» 2003 ж. 26 маусымдағы № 433-3 ж бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ тарихи ғылымдары бойынша (07.00.00. мамандығы) Хабаршы БҒСҚАК тізіміне енгізілген.

На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки за № 476 от 2005 г. о внесении дополнений в приказ от 26 июня 2003 г. № 433-3 ж "Об утверждении Перечня изданий для публикации основных научных результатов диссертаций" Вестник КазНПУ им. Абая по историческим наукам (специальность 07.00.00) внесен в Перечень КНАСОН.

On the basis of the decision of Committee for control in the sphere of education and science (order №433-3 . from June, 26, 2003)

Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university, series «Historical and socio-political sciences» is included into the list of issues to publish the basic scientific results of dissertations on historical sciences (specialty-0700 00).

ҚҰРМЕТТІ ҚАУЫМ, ҚАДІРЛІ КОНФЕРЕНЦИЯ ҚОНАҚТАРЫ!

Пірәлиев С.Ж. - *п.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ректоры*

Үстіміздегі жыл еліміз үшін тарихи оқиғаларға толы жыл. Атап айтар болсақ, Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл, Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл, Қазақстан халықтары Ассамблеясына 20 жыл, ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жыл, ұлы ғалымымыз Шоқан Уәлихановтың туғанына 180 жыл, талантты тарихшы Е.Бекмахановтың 100 жылдық мерейтойлары тұспа-тұс келіп, олар Қазақстанның түкпір-түкпірлерінде аталып өтіп жатыр. Осындай айтулы жылда отандық тарих ғылымында өзіндік орны бар, талантты тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыстан тарихшылар қауымдастығының құрметті мүшесі, «Парасат» орденінің иегері, саналы ғұмырында 500 ден аста ғылыми мақала мен 20-дан астам монография жариялаған Жанұзақ Қасымбайұлы бүгінде ортамызда болғанда 74 жасқа толар еді.

Белгілі ғалымға арналған «Қазақ мемлекеттілігі: өткені, қазіргісі, келешегі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция жұмысына қош келдіңіздер!

Жанұзақ Қасымбаевтың есімі университетіміздегі белді кафедралардың бірі – «Қазақстан тарихы» кафедрасымен тығыз байланысты. Ж Қасымбаев 1967 жылдан өмірінің соңына дейін осы кафедрада ассистенттен бастап кафедра меңгерушісіне дейінгі жолды жүріп өтті. Ж.Қасымбаев өзінің ерен еңбегімен тарихшылар қауымының тұтастай бір буынына үлгі-өнеге корсетіп, өз ізденістерін отан тарихында айрықша орын алатын мемлекет қайраткерлеріне: атақты хандар мен Шыңғыс тұқымдарына, батырлар мен белді тұлғаларға арнады. Ж Қасымбайұлының Қазақ хандығының мемлекет қайраткерлері сериясымен 1999 жылдан жариялай бастаған екі томдық зерттеуінде Ералы (1792-1794), Есім (1794-1797), Барақ сұлтан, әйгілі хандар Абылай мен Әбілхайырлар өмірлерінің ақырғы жылдары, Айшуақ (1719-1810), Жантөре хан (1759-1809), Жәңгір хандар (1801-1845) қайраткерліктеріне арналады.

Белгілі ғалым тарих ғылымында алғаш рет Ресей империясында генерал шенін алған қазақтар туралы да бірінші болып монография жариялады. Талантты тарихшы қазақ мемлекеттілігінің бастауы – Қазақ хандығының құрылуына қатысты да біршама зерттеулер жүргізген болатын. Ғалымның «Қазақ хандығының құрылу уақыты туралы» ғылыми еңбегінде хандықтың көптеген мәселелері қозғалып, кейбір ойлары көпшіліктің назарын аудартады. Осы еңбектегі Ж Қасымбаевтың «қазіргі мемлекеттілікті бұрынғы өткенімізбен, яғни бүгінгі мемлекеттілікті Қазақстандағы дәстүрлі институттың жаңадан өрлеуі ретінде қабылдап, тарихи сабақтастықта қарастыруымыз керек» деген пікірі бүгін де өзекті.

Ж.Қасымбайұлы өзінің ғылыми ізденістерін жоғарғы оқу орнында студенттерге дәріс берумен қатар жүргізді. Оның Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі 35 жылдық ұстаздық қызметінде көптеген талантты жастар ұлағатты ұстаздан дәріс алып, өз білімдерін жетілдірді. Ұстаздық қызметті Ж Қасымбаевтың өзі де күнделікті қызу еңбегінің негізгі бір бөлігі ретінде қарады.

Отандық тарих ғылымы үшін аямай тер төккен талантты тарихшының өмір жолы мен ғылыми - педагогикалық қызметі еліміздегі жоғарғы оқу орындарының қара шаңырағы Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетімен тығыз байланысты. Сондықтан бүгінгі күні Тарих және құқық институтының академик Т.Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен «IX Қасымбаев оқулары» аясында өткізіліп отырған «Қазақ мемлекеттілігі: өткені, қазіргісі, келешегі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның тарихшыларға, студенттер мен магистранттарға, жалпы көпшілік қауымға берер тағылымы зор. Алдағы уақытта да осы игі бастама жалғасын тауып, дәстүрге айналатындығына сенімдімін.

Қадірлі қауым, конференция жұмысына сәттілік айта отырып, қатысушы қонақтар мен зерттеуші ғалымдарға шығармашылық табыстар тілеймін!

ISSN 1728-5461

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»**

№4 (47), 2015

Алматы

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»**

№4 (47), 2015

Алматы

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

ӘОЖ 94 (574)

МЕМЛЕКЕТТІ ҰЛТ: БАСТАУ КӨЗДЕРІ МЕН ТАҒДЫРЫ

Қойгелдиев М.Қ. - тарих ғылымдарының докторы, профессор Абай ат.ҚазҰПУ

XV ғасырда ұлт ретінде қалыптасу жолында тұрған қазақ халқы өз мемлекеттігін құрды және оған өз атын берді. Сол арқылы ол мемлекетті ұлттар қатарына қосылды. Өз ретінде қазақ хандығы ұлттық бірегейлікті қалыптасуына жол ашты. Ұлттық бірегейлік ұлттың өзін-өзі сақтауының алғы шарты еді.

Тірек сөздер: Қазақ хандығы, қазақ халқы, ұлттық бірегейлік

Қазіргі уақытта басым түрде батыс мемлекеттерінде «тарих саясаты» немесе «тарихи жад саясаты» (мәселен, Германияда, Францияда) сияқты ұғымдар айналымға жиі тартылуда. Бұл еуропа-лық қоғамдардың кешегі өздерінің жүріп өткен жолына деген қатынасын, көңіл күйін анықтауға байланысты қалыптасқан жағдай.

Осы мазмұн және бағыттағы әрекет біздің елімізде де байқалады. Қоғамның өз тарихын жаңа сапада қорытуға деген сұранысын қолдаған Н.Ә Назарбаев 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» жариялады, ал одан бұрынғы 1997 жыл саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу жылы болды.

Кенесары Қасымұлы, Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай және басқа тарихи тұлғалардың есімдері оқулықтардан орын алды, Алаш зиялыларының артында қалған мұралары жарық көрді. Бұл іс мемлекеттің қолдауымен қазір де жүргізілуде.

Міне осы аталған және басқа атқарылған көптеген істердің табиғи жалғасы ретінде мемлекет басшысының ұсынысы бойынша елімізде «Мәдени мұра» аталатын мемлекеттік бағдарлама іске асты. Оған шығармашылықтағы зиялылардың үлкен тобы жұмылдырылды.

Міне осы атқарылған жұмыстар арнасында Қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты белгіленген шаралардың маңызы ерекше. Өйткені Қазақ хандығы геосаяси құрылым ретінде – ол біздің халқымыздың шынайы тарихы, сондай-ақ ол еліміздің өткен өмірі ғана емес, тарихи және табиғи сабақтастық жалғасы бар бүгінгі шындығы. Қазақ хандығын еске алу – бұл ұлттың тарихи жадын жаңғырту әрекеті ғана емес, сонымен бірге отарлық кезеңде жеңілген, бүктелген оның ұлттық болмысы мен санасын жаңа сапаға көтеру әрекеті. Қазақ хандығы туралы сөз – бұл Мағжан ақын айтқандай Алтын айға – Азаттыққа қол созып, бірақ жете алмаған Исатай мен Кенесарылардың, Әлихан мен Ахметтердің, Тұрар мен Смағұлдардың асыл арманын есте ұстап, іске асыруға ұмтылыс. Қазақ хандығы – ол біздің бүгінгі тәуелсіз мемлекеттігіміздің бастау көзі.

Мемлекеттігі жоқ ел – жетім ел (Ә.Н.Бөкейханов). Ол елдің мінезі, ділі жағымсыз өзгерістерге ұшырайды. Атамекен жері күтімсіз күй кешіп, азып-тозады. Өткен 20 ғасырда жүріп өткен тарихымыз соған айғақ. Сондықтан да қазақ мемлекеттілігінің өмірге келген сәтін, оның атамекен жеріміздің ауқымын анықтап, елдігімізді сақтап, өркендету жолындағы қызметін қоғам, әсіресе жас ұрпақ санасына сіңірудің маңызы зор.

Отандық тарихнамада қазақ халқының мемлекет құру тәжірибесіне белгілі себептерге байланысты тиесілі дәрежеде көңіл аударылмай келді. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ұжымы 2007 жылы «Қазақ мемлекеттігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең) аталатын монографиялық зерттеу жариялады. Бұл еңбек еліміздегі мемлекеттілік тарихына арналған сәтті зерттеу ретінде аталуға әбден лайық.

Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында «біздің халық үшін бас біріктірудің бастауы ұдайы мемлекеттік идеясы болып отырған», - деп көрсетіп, қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің үш кезеңін яғни Ресей империясы құрамына енгенге дейінгі мемлекеттілік, формальды сипаттағы кеңес мемлекеттігін, сондай-ақ бүгінгі жаңа типтегі тәуелсіз Қазақстан Республикасын атайды. Соңғы кезеңге байланысты Елбасы «бәлкім, бұл біздің халқымыздың маңдайына жазылған ең соңғы тарихи мүмкіндік болар» деген тұжырымға келеді.

Яғни, Елбасының бұл берілген тұжырымнан Тәуелсіз Қазақстан Республикасын қазақ жерінде ерте кезеңдерден бері орын алған мемлекеттік құрылымдардың табиғи логикалық жалғасы ретінде қарастырып отырғандығын түсіну әрине қиынға түспейді.

Жинақы тұрғыдан қазақ жерінде ерте замандардан бергі уақытта орын алған мемлекеттік құрылымдарды мынадай сабақтастықта қарастыруға болар еді:

1. Қазақ жеріндегі алғашқы мемлекеттік құрылымдар (сақ бірлестігі (б.з.д. VII ғ. – б.з. II ғ.) үйсін және қаңлы мемлекеттік құрылымдары (б.з.д. II ғ. – б.з. VI ғ.).
2. Жалпытүркілік мемлекеттік құрылымдар (батыс түрік қағанатынан (603-659 ж.ж) Ақ Орда мемлекеттігіне (1370-1410 ж.ж) дейінгі)
3. Қазақ хандығы (1465-1466 ж.ж – XVIII ғ. 20-шы ж.ж)
4. Советтер Одағы құрамындағы Қазақ Республикасы (XX ғ.)
5. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы (1991 ж. бері)

Кестеде берілген мемлекеттілік құрылымдардың даму ерекшеліктері мен олардың өзара сабақтастығы мәселесіне мақала көлемінде арнайы тоқталу мүмкін емес. Дегенмен, мәселенің мынадай қырларына назар аудару қажет-ақ.

Біріншіден, бұл мемлекеттік құрылымдардың бәрі де бүгінгі қазақ мемлекетінің территориялық аумағында өмірге келді. Яғни олардың әрқайсысы осы өңірді шаруашылық тұрғыдан игеру және оны шеттен төнген қауіп-қатерден сақтауға өз үлестерін қосты. Олардың мемлекет құру және оны жетілдіру тәжірибесі бүгінгі қазақ елінің интеллектуалдық қорының негізін құрады.

Мемлекет қалыптастыру, сол арқылы өзінің саяси-экономикалық және рухани тәуелсіздігін, ұлттық және мемлекеттік бірегейлігін сақтап, нығайту ісінде біздің ата-бабаларымыз әрекетсіз болған емес, бұл мәселеде біреулерден, мүмкін, кем, ал енді біреулерден артық түсіп жатты. Қалай болғанда да қамсыз қалған жоқ.

Екіншіден, қоғамдық даму жолын таңдау, мәдени құндылықтарды қалыптастыру ісінде де халқымыз табыссыз болды деп айта алмаймыз.

Осы ретте бір-екі мысал келтірейін.

751 жылы зул-хиджа (шілде) айында Тараз қаласына жақын орналасқан Атлах қалашығының маңында тарихқа «Атлах-Талас шайқасы» деген атпен енген тарихи оқиға болып өтті. Бұл жерде сол заманның екі алып империясының әскер күштері, яғни қытай және араб әскерлері қанды шайқасқа шығып, бақ сынасты.

Бұл соғыста жергілікті халық – түркештер мен қарлұқтардың қолдауына сүйенген арабтар жеңіске жетті.

Міне осы тарихи беттесуде араб жағын қолдаған түркеш және қарлұқ қағандары тарихи тұрғыдан тура шешім қабылдаған еді. Біріншіден, үлкен қарқын ала бастаған қытай экспансиясының жолы кесілді. Сол арқылы, екіншіден, түрік халықтары өздерінің этникалық болмысын сақтап қалды. Үшіншіден, түрік халықтары Алланың хақ діні Исламмен қауышты.

Ислам дінін қабылдау түркі халықтарының мемлекеттік дамуына да жағымды әсері болды. Ислам дінін қабылдаған Қарахандар әулеті орта Азиялық түркілердің басқару салтын сақтай отырып, оны ислам институттарымен байыта түсті.

Қарахандар мемлекеті ортаазиялық түркілердің Ислам дінін қабылдаған алғашқы мемлекеті еді. Қарахандар мемлекетінде түркілер мәдениетін жалпыадамзаттық кеңістікке алып шыққан ғылыми және көркем шығармалар дүниеге келді. Түрік мәдениетінің жаңа сапаға көтерілуінің жинақы көрінісі түркі әдеби тілінің қалыптасуы болды.

Осы ретте әсіресе Ж.Баласағұн мен М.Қашқари еңбектерінің орнына ерекше тоқталған жөн. Бұл екі ғұлама барлық түрік халықтарына ортақ тарихи тұлғалар ретінде аталады және солай екендігі ешқандай да дау туғызбайды. Ж.Баласағұн болса біздің жерлесіміз. Ол Шу өзені бойындағы Баласағұн қаласында туып өскен, «Құтты білік» аталатын ұлы еңбегін Баласағұнда бастап, Қашқарда аяқтап Сатұқ Бұра ханға тарту етеді.

Махмұд Қашқари түріктер Алланың басқа да сүйікті құлдарының санатында екендігін айтып, «Тәңірі оларды «Түрік» деп атады және оларды мемлекетке еге қылды» деп көрсетіп, сондықтанда «мәңгілік жәдігерлік, таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып», «**Түрік тілдерінің диуаны**» кітабын жазғанын баяндайды.

Түркі халықтары құрған мемлекетті іргелі де тұрақты шындыққа айналдыру, ал оның халқын шынайы бақытқа жеткізу жолдарын іздестіру Ж.Баласағұн шығармасының өзекті жібі. Ойшылдың пікірінше билікке ізгі басшы отырғанда ғана қоғамда береке-бірлік болмақ. Мемлекет басшысы Күнтуды Елік хан сарайына келген ақыл иесі Айттолдының елді дұрыс басқаруға байланысты тұжырым-пікірлерін естіген соң:

Сендей жанды аңсап, іздеп жүр едім,
Тәңір берді, қабыл болды тілегім,-

деген тұжырымға келді.

Әділ заңға сүйенген иманды қоғам құру жолдарын іздеген бұл ұлы шығарманы оның авторы қазақ жерінде салтанат құрған Қарахан мемлекетінің орталықтарының бірі Баласұғын қаласында жазғандығын, ал мұндай еңбектің синхронды тұрғыдан алғанда XI ғасырдағы Еуропа мен Ресейде жазыла қоймағандығын ескерсек, қазақ елінде мемлекет құру идеясы мен тәжірибесі өріс алмаған деген сөздің ұшқары айтылған пікір екендігін жеңіл аңғаруға болады.

Қоғамда ұлттық мемлекеттіліктің бастау алатын мезгіліне байланысты пікірлер қайшылығы бар екендігі байқалады. Мәселен, бұл ретте оны сақ және ғұн (б.з.д. мыңжылдық) сияқты соңында терең із қалдырған мемлекеттік құрылымдардан бастауды жөн санайтындар бар. Олар, әрине, біздің ұлттық тіліміз бен мәдениетіміздің де түп-тамырын осы қоғамдық бірлестіктерден іздеуге шақырады.

Келесі ұстанымдағылар ұлттық мемлекеттіліктің тарихын XV ғасырда құрылған Қазақ хандығынан бастағанды жөн санайды. Қазақ мәдениеті мен тілінің тарихын осы мезгілден бергі уақытпен шектеуді орынды көреді.

Түптеп келгенде бұл екі ұстанымның арасында соншалықты терең қайшылық та жоқ. Өйткені, ешнәрсе ғайыптан пайда болмайды. Алтын Орда аталған алып империялық құрылым ыдыраған соң өмірге келген қазақ ұлты мен оның мемлекеттігі соған дейінгі қазақ жерінде тынымсыз жүріп жатқан әлеуметтік-саяси процестердің жиынтығы және логикалық жалғасы еді. Яғни, XIV-XV ғасырларға дейінгі тарихымызды жалпытүркілік кезең, ал XV ғасырдан кейінгі тарихи кезеңді **мемлекетті ұлт** кезеңі ретінде қарастыру орынды болмақ.

Мұндай тұжырымға Әбілқайыр хан билеген Өзбек ұлысынан Керей мен Жәнібек сұлтандар бастап бөліне көшкен елдің Жетісудағы Қозыбасы биігінде шаңырағын көтеріп, туын тіккен **мемлекеттік-құрылымға қазақ деген өз атын беруі** жеткілікті негіз бола алады.

XV ғасырда құрылған Қазақ хандығы өзіне дейінгі қазақ жерінде көрініс тапқан саяси бірлестіктер мен мемлекеттік құрылымдардың қызметін одан әрі жалғастырды. 1509-1521 ж.ж. аралығында билік құрған Қасым хан тұсында Қазақ мемлекетінің этносаяси аумағы толығымен қалыптасып, қазақ халқы ұлт ретінде бір мемлекет шаңырағы астына бірікті.

Сонымен хиджраның 870 жылы, яғни 1465-1466 жыл қазақ хандығының құрылған мезгілі ретінде қабылданған. Ал оның шаңырақ көтерген жері Жетісудың батыс бөлігі, яғни қазақ халқының құрамына енген тайпалық одақтардың дәстүрлі атамекені.

Қазақ тарихында белгілі бір ру-тайпаның қоғамның басқа бөлігінен түрлі себептерге байланысты бөліне көшуі түрлі кезеңдерде болып тұрған. Ал бұл жолғы Жәнібек пен Керей сұлтандар бастаған біраз жұрттың Өзбек ұлысынан жарыла көшуі, әрине, биліктегі Шыңғыс ұрпағы арасындағы кезекті билік үшін таласынан анағұрлым кең ауқым алғандығын аңғартса керек.

Сондай-ақ деректік материалдар Өзбек ұлысынан біраз жұрттың жаңа пайда болған хандыққа бет бұрып жарыла көшуі бір емес, бірнеше мәрте қайталанғандығын білдіреді. Демек, екі сұлтанның Әбілқайыр ұлысынан бөліне көшуіне себепші болған жағдай халықтың қалың арасындағы ықпалды топтардың ішінде саналы әрі мақсатты түрде мемлекеттік құрылымға бағытталған әрекеттің орын алғандығы болса керек. Өкінішке орай, хандар мен сұлтандардың қызметін қырағы бақылап отырған ортағасырлық деректер қара халықтың арасынан шыққан белсенді әрекеттерге көп жағдайда самарқаулық танытқан. Сондықтан да тарихи маңызы бар істерге келгенде көп жағдайда қара халық үнсіз тобырдың орнында жүреді. Ендеше халықтың билеуші топтарының кезінде Жетісуға келіп, хандық құрған (XIV ғ. соңы) Ұрыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керейге мемлекеттік құру ісін мойындарына алып, тарихшы Қадырғали би Қосымұлы айтқандай, «атасының ұлысын билеу» жөнінде ұсыныс жасауы әбден мүмкін еді және солай болды да.

Алғашқы қазақ хандарын (Керей мен Жәнібек) қоршаған орта, олардың сол ортамен ара қатынасы, ортаның жеке тарихи тұлғалары туралы зерттеу еңбектерінде тұшымды нәрсе жоқ десе де болады. Мұндай жағдайға, мүмкін, таң қалудың қажеті де бола қоймас. Өйткені, алғашқы қазақ хандары жөнінде бізге жеткен жазба дерек көздерінде олардың төңірегі, жеке тарихи тұлғалар жөнінде ештеме айтылмайды. Ал тек жазба құжат түрінде жеткен фактілік материалдарды ғана мойындайтын дәстүрлі тарихнама ол жөнінде мәселе қозғап, ойланып та жатпады.

Осы арнада қалыптасқан тарихнама қазақ хандығы кезеңінен бері халық жадында сақталып, 19-20 ғасырларда ғана қағаз жүзіне түскен фактілік материалдарға жоғарыдан менсінбей қарап, оларды қалың тобырға тиесілі сенімсіз аңыз-әңгімелер қатарына жатқызды. Ғылым жүзінде оларды зерттеуге

алып, ғылыми айналымға тарту ісін әдебиетшілердің үлесіне қалдырды. Тек кейінгі кезеңде ғана мұндай көзқарастың іргесі сөгіле бастағаны байқалады. Мәселен, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген жүз томдық «Бабалар сөзінің» бірнеше томы тарихи әңгімелерге, жырларға, қазақ хандығы тұсындағы тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар туралы аңыздарға берілді. Қазіргі уақытта әлеуметтік ғылым салалары алдында осыншама ауқымды мұраны ыждағаттықпен игеру міндеті тұр. Ал тарихнама ғылымына шынайы халық тарихын жазу мүмкіндігі кеңейе түсті деп айтуға негіз бар.

Міне осы дерек көздеріне сүйене отырып қазақ хандары сарайына жақын жеке тұлғалар болғанын, олардың қатарында, мәселен, Асан қайғы Сәбитұлы, Жиренше шешен сияқты өз ортасына танымал адамдардың болғанын байқауға болады.

Алтын Орда ыдырап, оның құрамындағы халықтардың әрқайсысы өз бетінше ел, мемлекет болу қамына көшкен ауыр тарихи кезеңде қалың қазақтың арасынан шығып «не болады?» деген астарлы сұрауды ел алдына алғаш тастаған осы Асан ата еді дейді М.Әуезов «Содан кейінгі заманда шыққан – деп жазды ол, - жақсының барлығы да сол сұрақты мың қайтарып айтқан, бірақ ешбірі жауап беріп алмай, шешу айта алмаған...» (М.Әуезов жиырма томдық шығармалар жинағы. 16 т., А., 1985, 182-183 б.б.).

Асан қайғы мен Жиренше шешен есімдері алғашқы қазақ хандары төңірегіндегі ел қамын ойлаған кемеңгер билер мен шешендердің халық жадында сақталып, бізге жеткендері ғана, ал олар аз болмаған.

Ал осы халық жадындағы аңыз-әңгімелердегі Жәнібек хан Ж.Баласағұн айтқандай ізгілікті басшы. Төңірегіне әділдік, тазалық жолындағы адамдарды жинайды. Қарапайым халыққа жақын. Асан қайғы, Жиренше шешен сияқты кемеңгер тұлғалар оның кеңесшілері. Осы ретте халық жадындағы Жәнібек хан бейнесі шындыққа жанасады ма? деген сауал туындайды. Біздің пікірімізше, ия ол шынайылықтан алыс емес. Өйткені халық жаратпаса оның есіміне «әз» деген жұрнақты қосып «әз Жәнібек» атамас еді. Сондай-ақ Жәнібек хандай әкенің тәрбиесін алмаса Қасым қандай оның мұрагері болар ма еді?

Ал, қара халықтың билеуші топтарының Жәнібек пен Керей сұлтандарға мемлекет құрып, ел болу туралы ұсыныс айтуына түрткі боларлық себептер аз еместін. Солардың негізгісі, әрине, қазақ жеріне, соның ішінде әсіресе Жетісу мен Шу өңіріне сырттан төнген қауіп еді.

Бұл ретте ең алдымен қазақ елінің шығыс жағындағы көршісі жоңғарлық ойраттар жеріндегі тарихи өзгерістерді еске алуға тура келеді. XV ғ. ортасына қарай барлық ойрат (қалмақ) елін бір мемлекетке біріктірген Тоған тайшаның ұлы Есен тайша бүкіл батыс және шығыс Монғолдардың билеушісі дәрежесін иемденген еді. Оның Мин империясына жасаған бір жорығы тіптен император Чжу Цичжэнді тұтқындаумен аяқталады. Қытайдан алым-салық алып тұрудан қанаттанған Есен тайшаның назары енді Моғолстан мен Жетісу жаққа қарай ойысып, бұл жақ беттегі көршілерінің көңілінде үлкен аландаушылық туғыза бастайды.

1452 ж. Есен тайшаның қолдары Моғолстанға басып кіріп, сонан соң Жетісуға еніп, одан ары оңтүстікке бет алып Сыр бойы өңірін, Түркістан, Ташкент, Отырар сияқты орталықтарды тонап, Сығанаққа жақын Көк-Кесене атты жерде Әбілқайыр ханның әскерімен кездесіп, оны талқандап жеңеді. Қалмақтардың бұл жорығы 1455 жылы, яғни Есен тайшы өлгеннен кейін аяқталады.

Қуатты қалмақ мемлекетінің өмірге келуі бұл кездегі Моғолстан билеушісі Исабұғы (Иса Бұға) ханды да, Алаш жұрты мен оның билеушілерін де терең ойға батырғандығы анық. Сондықтан да Исабұғы ханның Қазақ бірлестігіне қолдау танытып, Жетісудағы Қозыбашыда жаңа хандықтың шаңырағын көтеруге ықылас білдіруін қалмақтар тарапынан төнген қауіпке тосқауыл қою қажеттілігінен туған шара есебінде қарауға негіз аз емес-тін.

Сонымен бірге, Жәнібек пен Керей сұлтандардың Жетісуға келіп орын тебуін сол тарихи кезеңдегі халық санасындағы билік туралы ұғым-түсініктерден де бөліп қарауға болмас. Қарапайым халық күнделікті өміріндегі жағымды өзгерістерді, бетпе-бет келген қоғамдық мәселелердің дұрыс шешімін табуын ақылды да жігерлі тұлғалардың билікке келуімен байланыстырды.

Халық санасында берік орныққан бұл пікір жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулати: «Алла тағала әлемді жаратты және жаһанда тәртіп орнату үшін соған лайық биік тұлғалы патшалардың дәнекер болуын жөн көрді. Сонда ғана адамзат зұлым-зорлықтан аман-есен болып, тіршілігін жасар болар деген. Бұл құдайдың хикметі» - деп жазды. Мемлекеттің ішкі тұрақтылығын сақтауға негізделген қазақ мемлекеті тарихында «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен белгілі болған заңдар ережесі қабылданды. Қазақ Мемлекеттігі туралы мәлімет Еуропа елдеріне де жете бастады.

Ал Есім ханның «Ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысы» - бұл орталық хандық билік тарапынан ел өміріне заңдық негіз беріп, сол арқылы саяси тұтастықты сақтау және күшейте түсу әрекеті болатын. Сондай-ақ бұл ұлт санасында мемлекеттік бірегейлік ұғымын орнықтыру әрекеті де еді.

Орыс тарихшысы Левшин Орыс патшалығының қазақ жеріне аяқ басар қарсаңында Қазақ хандығында мемлекеттіліктің барлық атрибуттарының болғандығын көрсетіп жазды. Хан – мемлекет басы, ал оның жанында тұрақты билер кеңесі ел өміріне байланысты шешімдер қабылдап отырды.

Тәуке хан тұсында билер институтының белсенділігі мен беделі артып, күнделікті құқықтың және басқа өткінші істерді жүргізуде маңызды рөл атқарды. Хан сарайы жанында қарулы топ – төленгіттер ұстады. Төленгіттер түрлі міндеткерліктер атқарды. Солардың ішіндегі ең маңыздысы, әрине, халықтан алым-салық жинау болды. «Жеті жарғы» бойынша салықтың көлемі сұлтандардан басқа барлық қару асынатындар хан мен ел билеушілеріне жыл сайын мүлкінің 20-дан бір бөлігін салық ретінде төлеуге тиісті болды. Хандықтың астанасы және елдің рухани орталығы Түркістан қаласы болды. Аса маңызды жалпыұлттық мәселелер, соның ішінде басқа елдермен қатынас сипатын анықтау орталық хандық билікке жүктелді. Сонымен бірге, Қазақ хандығы аталған бұл мемлекеттік билікті біз асыра дәріптеуден алысыз, бұл мемлекеттік жүйенің әлсіз жақтары да бар еді. Көшпелі мал шаруашылығына сүйенген экономиканың әлсіздігі, қуатты мемлекеттік басқару аппаратының жоқтығы, сондай-ақ бұларға территориялық алшақтық қосылып феодалдық бытыраңқылыққа жол ашты.

Тәуке хан өмірден қайтқан соң бытыраңқылыққа ұшыраған қазақ қоғамы 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығына қарсылық көрсете алмады.

XVIII ғасырдың басында Ресей қазақ жеріне көз сала бастағанда қазақ қоғамы саяси және экономикалық тұрғыдан әлсіреген, бытыраңқы жағдайда еді. Бұл жағдайды танып білген Ресей әкімшілігі біріншіден, қазақ қоғамындағы хандық билікті біртіндеп әлсірету, сонан соң, екіншіден мемлекеттіліктің барлық көрінісін біржола жою саясатын жүргізді.

XIX ғасырдағы бүкіл қазақ қоғамын құшағына алған көтерілістер (И.Тайманұлы, Ж.Тіленшіұлы, Ж.Нұрмұхамедұлы, К.Қасымұлы бастаған және басқа) Ресей әкімшілігінің қазақ қоғамының ішкі өміріне араласып, өз тәртібін орнату әрекетіне көрсетілген қарсылық, сондай-ақ қалыптасқан жағдайға байланысты қазақ мемлекеттігін жаңғырту әрекеті болатын.

Ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту, яғни мемлекеттік дербестікті қалпына келтіру әрекеті XX ғасырда, 1917 жылғы революциялық өзгерістер тұсында және одан кейінгі уақытта да жүрді.

1917 жылы қазақ зиялылары империяда қалыптасқан саяси жағдайды пайдаланып, ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру жолына түсті. Осы жылғы мамыр айынан бастап барлық қазақ облыстарында, уездерінде және кейбір болыстықтарда Қазақ комитеттері құрылып, олар империялық билік алдында қазақ мүддесін қорғау ісін қолға алды.

Осы жылдың шілде айында болып өткен 1-ші жалпықазақ съезі ұлттық-демократиялық ұстанымдағы Алаш партиясын құру туралы шешім қабылдады. Жылдың аяғында өткен 2-ші жалпықазақ съезі Алашорда үкіметін сайлап, Алаш автономиясын жариялау туралы шешім қабылдады. Осы жасалған әрекеттің дерлік бәрі де негізгі мақсат Қазақ мемлекеттігін жаңғырту әрекеті болатын.

Тек мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта қазақ халқы еркін даму, сондай-ақ дағдарысқа ұшыраған ұлттық бірегейлігін жаңғырту мүмкіндігіне ие болды. Ал ұлттық бірегейлікті жаңғырту және сақтау ұлттық мемлекетсіз мүмкін емес. Мемлекеттілік арқылы ғана біз өзіміз қалағандай бағытта және мазмұнда өзгере аламыз. Сондықтан да бүгінгі мемлекеттік тәуелсіздікті сақтау және оны нығайта түсуге бар ерік-жігерімізді жұмсаудан зор міндет жоқ.

Аннотация

В XV веке Казахский Союз создал свою государственность, которая получила название «Казахское ханство». В свою очередь Казахское ханство являлось необходимым условием формирования национальной идентичности.

Ключевые слова: Казахское ханство, казахский народ, национальная идентичность

Summary

In the XV century Kazakh Union created their own state, which was called "Kazakh Khanate". In turn, the Kazakh Khanate was a necessary condition for the formation of national identity.

Key words: Kazakh Khanate, the Kazakh people, national identity

КАЗАХСКИЕ СУЛТАНЫ ОРЕНБУРГСКОГО ВЕДОМСТВА В XIX В.: ДОЛЖНОСТИ, ЧИНЫ И ОБЕСПЕЧЕНИЕ

Султангалиева Г.С. - доктор исторических наук, профессор КазНУ им. аль-Фараби.

В данной статье рассматривается процесс включения представителей привилегированного сословия казахского кочевого общества - султанов Оренбургского ведомства на службу Российской империи через анализ должностных структур (казахские заседатели, правители Восточной, Средней, Западной части, дистаночные начальники), сложившиеся в первой половине XIX в. в системе пограничного и местного управления казахами Младшего жуза.

Ключевые слова: казахские султаны, должности в системе местного управления, Российская империя.

Процесс включения представителей привилегированного сословия казахского кочевого общества - султанов Оренбургского ведомства на службу Российской империи рассматривается через анализ административных реформ первой половины XIX в. на территории Младшего жуза. Приоритет при назначении на должности в местном управлении в первой половине XIX в. отдавался султанам, так как русские чиновники как представители сословной имперской России считали, что кооптация казахов на службу и соответственно определение в табельный чин предполагало принадлежность кандидатов к привилегированной страте, а дети казахских ханов, султаны, согласно Указу Сената 14 марта 1776 были «почитаемы за князей».

В отечественной историографии практически не исследован проблема системы должностей, которые занимали султаны, круг их обязанностей, сфера деятельности, их социальное обеспечение (жалование, пенсия), система награждения чинами (коллежский ассесор, надворный советник, титулярный советник и т.д.), орденами (св. Анны, св. Станислава, св. Владимира и т.д.), и наконец, вхождение их в привилегированное сословие Российской империи – дворянство. Исходя из этого, основной целью доклада является раскрытие деятельности султанов на должностях в системе управления казахами Оренбургского ведомства в первой половине XIX в.

Доклад основан на исторических документах (прошения султанов, формулярные списки султанов, находившихся на должностях, их переписка с представителями российской власти), извлеченных из фондов Центрального государственного архива Казахстана, государственного архива Оренбургской области.

1. Казахские султаны - заседатели Оренбургской Пограничной комиссии

Штат Оренбургской пограничной Комиссии (создан в 1799г.) включал наряду с российским чиновниками (ассессорами, регистраторами, переводчиками) заседателей от казахского населения, а именно один султан и двое старшин из трех племенных объединений Младшего жуза (алимулы, байулы и жетыру) с условием замены их через каждые три года. Казахские заседатели должны были быть «хорошего поведения, испытанной справедливости, почитаемые в роде». Комиссия предписала хану Младшего жуза Айшуаку (1797-1805), что заседатели Пограничной комиссии могут быть избраны «с общего согласия всех знаменитых и уважаемых в орде людей» [1]. Одним из первых заседателей стал султан Тауке Айшуаков, который оставался на этой должности 18 лет. В 1818 году вместо султана Тауке Айшуакова был назначен султан Юсуф Нуралиев, который прослужил на этой должности одно трехлетие [2].

В первой трети XIX в. деятельность казахских заседателей не была эффективной. Во-первых, большинство из казахских заседателей не знали русского языка, не могли эффективно участвовать в рассмотрении дел, касающихся казахов. Во-вторых, многие из них просто не считали нужным присутствовать на заседаниях Комиссии или являться на службу в Оренбург по своему состоянию здоровья, возраста. К примеру, султан Усу Алавшин, который должен был находиться на службе с 9 августа 1818 г., так и не приступил к исполнению своих обязанностей [3]. Исходя из сложившейся ситуации оренбургский военный губернатор П.Эссен (1817-1830) издал распоряжение от 13 апреля 1820 г, отразивший новые требования к работе Пограничной комиссии, суть которых заключалась в том, что Комиссия не имела права принимать окончательное решение без мнения казахских заседателей. Во-вторых, «каковы они не были бы», они должны были «вноситься для справки в журнал или протоколы заседаний Комиссии». В третьих, присутствии казахских заседателей в Комиссии должно было быть обязательным «как чиновникам, получающим жалование», а в противном случае, им могла быть «прекращена выдача жалования» [4]. Вместе с тем, нежелание казахских заседателей Комиссии выезжать для службы в Оренбург определялось и низким жалованием, которое составляло

350 рублей в год. Хан Младшего жуза Сергазы подчеркивал, что казахские заседатели были вынуждены тратить собственные деньги на растопку дров, покупку съестных припасов и найм квартиры по прибытию в Оренбург, это приносило им «немалый убыток» и поэтому, по его мнению, «из ордынцев никто не зарится» на эту должность [5]. В результате за 1800-1824 гг. на службе в Комиссии было назначено 8 казахских заседателей, из них 4 - из султанского сословия.

С 1825 по 1859 гг. наблюдаются новые тенденции в назначении казахов на должность заседателей ОПК. С введением нового порядка управления в казахских землях Младшего жуза от 31 января 1824 г. заседателей от казахов стали определять не от племенных объединений, а от частей: Восточная, Средняя, Западная. Более того, теперь согласно распоряжению Оренбургского губернатора от 25 июля 1825 г. (№611) заседателями могли назначать только лиц из султанского сословия [6].

Султан-правитель Западной части казахов Оренбургского ведомства Каратай Нуралиев (1824-1826) предложил продлить на следующее трехлетие полномочия заседателя от его территории уже находившегося на этой должности султана Бердали Кангазина [7].

Султан-правитель Восточной части Джума Худаймендиев (1824-1830) рекомендовал кандидатуру Каратая Бабина как султана, «весьма хорошего поведения, старательного в прекращении обоюдных между нами споров» и самое главное - знающего российские законы. [8]

Исполняющий должность султана-правителя Средней части султан Медетгали Турдагалиев (1826-1828) докладывал региональной администрации, что не имеет возможности кого либо рекомендовать, так как «способные султаны отсутствуют» для занятия этой должности [9].

Во-вторых, происходит выдвижение на должность молодых людей. Так, 10 марта 1837 г. двадцатилетний султан Тлеукабыл Абултаев был определен на должность заседателя в Комиссии от Восточной части казахов Оренбургского ведомства, который прослужил более 20 лет. 20 сентября 1841 года был назначен новый заседатель от Западной части 32-летний султан Джанмухаммед Туккуджин (внук хана Айшуака) [10].

В третьих, анализ их послужных списков показал, что уровень их грамотности был достаточно высоким, они владели русским и татарским языками. В-четвертых, в 30-50-е годы XIX в. функции казахских заседателей расширились. Они не только присутствовали на заседаниях Комиссии, но и неоднократно командировались в казахские кочевья для сбора кибиточной подати, сверки количества кибиток, скота с размерами собираемых налогов, сбора информации о местах дислокации зимних пастбищ и кочевых маршрутов родов. Соответственно этому изменилось и жалование казахских заседателей, которое выросло до 600 рублей в год и включало дополнительно шесть четвертей ржаной муки [11].

За время пребывания на должности заседателей ОПК получили различные чины: от надворного советника (7-й класс по Табели о рангах, султан Тауке Айчуваков) до хорунжего (Джанмухаммед Туккуджин).

9 декабря 1859 г. на основании указа «О переименовании степи Зауральских казахов, именуемой Малой Ордой в область Оренбургских казахов и о новом порядке управления областью» Пограничная комиссия была переименована в Областное правление оренбургскими казахами. Соответственно в штате Областного правления сохранились должности казахских заседателей. Одним из казахских заседателей в течение почти 10 лет был выпускник Оренбургского кадетского корпуса, султан Сейтжан Джантюрин.

Султаны-правители частей казахов Оренбургского ведомства

В 1824 г. был введен новый порядок управления в казахских землях Младшего жуза, законодательно отразившийся в документе «Утвержденное мнение Комитета азиатских дел относительно преобразования управления Оренбургским краем». Территория казахских земель Младшего жуза была разделена на три части: Восточная, Средняя, Западная, во главе которых были назначены султаны-правители, а ханская власть отменена. Российские власти, таким образом, признали и законодательно закрепили права султанов как единственных носителей власти в казахском кочевом обществе почти на столетия.

За 1824-1869 гг. на должности султана-правителя казахов Оренбургского ведомства находились 16 человек. Все они из поколения хана Младшего жуза Абулхаира (1693-1748). В августе 1824 года были назначены султаны-правители, которым были вручены символические знаки власти – знамя с императорским гербом, золотые сабли и специальные инструкции, которыми они должны были руководствоваться при управлении вверенными им частями. На каждого султана-правителя составлялся формулярный список и по окончании службы аттестат, который становился своеобразным

«паспортом» для свободного перемещения и проживания его в любой точке Российской империи. К примеру, аттестат о службе султана-правителя Восточной части оренбургских казахов Мухаммед Джантюрина, составленный 17 ноября 1869 г. как российскому чиновнику, включал все должности, которые он занимал на протяжении 28 лет и награды.

На первом этапе внедрения института султаната (1824-1834) наблюдалась частая смена султанов-правителей. Региональная администрация отмечала, что услуги султанов-правителей «... были скудными». Причиной этому являлась медлительность, непоследовательность в их действиях при управлении подведомственными им казахами, в некоторых случаях совершенную бездеятельность и даже игнорирование «предписаний начальства». Особенно это ярко проявилось в деятельности султанов-правителей Средней части. За 1824-1826 гг. сменилось три султана-правителя (Темир Ералиев, Мати Мухамметгалиев исполняли должность только год, а султан Медетгали Турдалиев – два года). Вероятно, это было связано не только с непониманием султанами своей роли в структуре власти, но и сопротивлением реформам русской власти.

К середине 30-х годов XIX в. картина изменилась. Баймухамед Айчуваков управлял Западной частью казахов Оренбургского ведомства 17 лет (1830-1847), а Мухамметгали Тяукин – 20 лет, а остальные султаны-правители находились на должности не менее 10 лет. Существенным фактором в стабилизации ситуации явилось и то, что в 40-50-х годах XIX в. на должность правителей назначались те лица, которые уже понимали общие требования, предъявляемые русской властью к казахским управленцам. Многие из них обучались в Оренбургском кадетском корпусе (М.Таукин, А.Сейдалин). К моменту назначения на должность султана-правителя уже имели практический опыт управления (Мухамеджан Джантюрин (с 1841 г.), Мухаметгали Тяукин (с 1845 г.) проработали на должности помощников султанов-правителей соответствующих частей, Ахмет Джантюрин (с 1830 г.) – начальником 9-й дистанции и т.д.), сотрудничали с русскими чиновниками региональной администрации, совместно участвовали в работе комиссий и т.д. К тому же региональная администрация также уже знала возможности тех или иных претендентов на должность султанов-правителей. По сути, это были их выдвиженцы.

Султан – правители Оренбургского ведомства начинали службу с чина войскового старшины (Мухамед Джантюрин) и дослуживались до чина подполковника (Араслан Джантюрин), полковника (Мухамед-Гали Таукин,) и даже до чина – генерал-майора (Баймухамед Айчуваков и его сын, Мухамеджан Баймухамедов.).

Наделение султанов исполнительной властью от русского правительства, назначение им жалование, сумма которого в год составляла 1200 рублей серебром, дополнительно 60 четвертей муки превращало их в служилых чиновников Российской империи. Султанам правителям как чиновникам Российской империи, при выходе в отставку назначалась пожизненная пенсия [12, С.324]. К примеру, султану-правителю Восточной части оренбургских казахов Мухаммед Джантюрину, уволенному в отставку в чине полковника, назначили пенсию в размере -1176 руб. серебром в год [13].

Султаны на должности помощников правителей частей казахов Оренбургского ведомства.

Должность помощника султана-правителя занимали в основном представители султанского сословия, которые в непредвиденных обстоятельствах могли временно исполнять обязанности султана-правителя. Так, после гибели султана-правителя Средней части подполковника Араслана Джантюрина исполнял обязанности помощник, есаул, султан Махмуд Алгазыев [14]. Султан М.Таукин, был признан по сведениям Пограничной комиссии, как «...бесспорно лучший из помощников» и который мог бы со временем стать «отличным правителем из-за его честности, объективности и интеллектуальному потенциала [15, С.67]. К примеру, султан Мухаммед Джантюрин находился на должности помощника правителя Восточной части казахов Оренбургского ведомства около 20 лет. Жалование помощников султанов-правителей составляло 200 рублей серебром в год.

Казахские султаны и должность дистаночного и местного начальника

С 30-х годов XIX в. одним из этих звеньев управления казахами Оренбургского ведомства стали дистаночные начальники, стоявших во главе новых территориально-административных структур – дистанций (административные участки между двумя крепостями), введенные в 1831 году по инициативе Оренбургского военного губернатора, графа Павла Петровича Сухтелена (1830-1833). Дистаночные начальники представляли низовое звено в системе управления казахами Оренбургского ведомства и стали новой социальной опорой русского правительства для «наблюдения за порядком»,

«скорейшего доставления сведений обо всем случившемся» и «... исполнения предписаний начальства». Функциональные обязанности дистанчных и местных начальников в принципе совпадали, каждый выполнял свою службу на вверенной ему территории. На каждого дистанчного и местного начальника составлялся формулярный (послужной) список, который включал все данные, характеризующие чиновника, и отражал процесс кооптации казахов на службу Российской империи и включения их в единую систему учета государством. Информация, вошедшая в формулярные списки, позволяет воссоздать не только общий «портрет» управляющего подведомственной дистанцией, выяснить их служебное, семейное, имущественное положение, но и восстановить сотни имён конкретных представителей исторических событий первой половины XIX в.

Анализ послужных списков, Алфавитных списков о почетнейших и влиятельнейших ордынцах позволил определить, что около 20-ти дистанчных начальников Оренбургского ведомства из 52-х назначенных за 1831-1869 относились к султанскому сословию. В основном все они являлись представителями династии ханов Младшего жуза Нуралы (1748-1786), Айшуака (1797-1805), Сергазы (1812-1824). Находясь на этой должности, они получали воинские чины регулярных войск: подполковник (Мухамеджан Баймухамедов, 8-я дистанция), хорунжий (Булхаиров Бигали, 31-я дистанция; Суюнучали Медетгалиев, 13 дистанция и др.), сотник (Сулейман Джигангеров, 53 дистанция; есаул (Асфендияр Сюгалин) и иррегулярных войск: зауряд-хорунжий (Досан Алгазиев, 10 дистанция), зауряд-есаул (Махмуд Алгазиев). Зауряд-чины присваивались генерал-губернатором Оренбургской губернии.

Председатель Оренбургской пограничной комиссии В.В.Григорьев, писал о начальнике 8-й дистанции, султани Мухамеджан Баймухамедова как уже сформировавшемся российском чиновнике, который «хорошо знает порядок делопроизводства», самое главное «привычный к управлению», успешно выполнявший неоднократные поручения оренбургской администрации [16].

На должности местных начальников представители сословия султаны составляли наименьшее число. Но было закономерным, на ключевое место службы местных начальников назначать из сословия султан. Так, султан Хасан Джантюрин был назначен местным начальником у казахов, кочующих против г.Оренбурга. Благодаря этому, его часто приглашали для разбора взаимных претензий между казахами и казаками, случавшиеся на оренбургской мене. Он был уважаем казахами за справедливость при разрешении конфликтных ситуаций. Жалование дистанчных начальников составляло от 50 до 75 рублей серебром в год. Исключение представляло жалование начальника 31-й дистанции Восточной части Оренбургских казахов, султана Бигали Булхаирова, которому назначили жалование 105 рублей серебром в год.

Заключение

1. Анализ должностей, которые занимали султаны, показал, что в первой четверти 19 в. казахские султаны еще не имели понятия о службе, не понимали систему исполнения своих функциональных обязанностей. Начиная со второй четверти XIX в. стали происходить изменения в восприятии представителями султанского сословия их места в российской системе управления. Они осознали, что сохранение ими власти и влияния, получение определенных льгот и привилегий возможно через «верную» службу Императору и их место определяется теперь не принадлежностью к определенным кланам, а получением должности в системе местного управления, выполнения ими общих требований, предъявляемых русской властью к ним, как российским чиновникам. Более того, к середине XIX в. появились прошения от казахских юношей о привлечении их к службе, так как их отец находился на службе и им как «детям чиновников предоставлено преимущество противу тех детей простолюдинов, кои удостоиваются к определению на службу е.и.в.».

2. Султаны раньше, чем остальное казахское население стали понимать необходимость получения светского образования как возможность получения должности в Степи, сохранения влияния и уважения среди родственников. Переломным моментом для этой трансформации стала успешная деятельность султанов-правителей (А.Джантюрина, М.Баймухамедова М.Таукина, А.Сейдалина) на российской службе, хорошо знавших не только татарский, но и русский язык. Подтверждением этому является тот факт, что за 1825-1866гг. Оренбургский кадетский корпус окончило 37 казахов, из них: сыновей султанов - 21, биев - 2, остальные выпускники были детьми старшин. Большинство казахских детей было из Внутренней Орды (14 человек) и Восточной части орды Оренбургского ведомства (10 чел.), меньше были представлены лица из Западной и Средней части.

3. Султаны, будучи чиновниками местного управления постепенно впитывали принципы деловой переписки, что способствовало формированию служебных отношений с региональной

администрацией, важность отчетности перед вышестоящими органами и т.д. Свидетельством формирования новой культуры, а именно административного стиля переписки стали рапорта казахских чиновников (султанов-правителей, дистаночных и местных начальников и т.д.) об изменении их дислокации в связи с перекочевкой и важность своевременной доставки официальной корреспонденции в соответствующий пункт; о временном возложении обязанностей на помощника или доверенное лицо в случае выезда их из подведомственной им территории по делам службы.

Примечания:

1. ЦГА РК Ф. 4. Оп.1 Д.2169. Л.3-4
2. ЦГА РК Ф. 4. Оп.1 д.259.Л.69.
3. ЦГА РК Ф. 4. Оп.1 Д.259. Л. 100.
4. ЦГА РК Ф.4. Оп.1 Д.259 Л. 20
5. ЦГА РК Ф. 4 Оп.1 Д.259.Л. 102-103.
6. ЦГА РК Ф. 4 Оп.1 Д.259.Л. 256.
7. ЦГА РК Ф. 4 Оп.1 Д.259.Л. 269,315.
8. ЦГА РК Ф. 4 Оп.1 Д.259.Л. 291,295, 299.
9. ЦГА РК Ф. 4 Оп.1 Д.259.Л. 285-287.
10. ЦГА РК Ф.4. Оп.1 Д.5117. Л.2.
11. ЦГА РК Ф.4. Оп.1 Д.4668. Л.20
12. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. Тверь.1900-1902.
13. ЦГА РК. Ф.25. Оп. 2. Д. 259. Л.9.
14. ЦГА РК Ф.4.Оп.1. Д.2745 Л.1-2
15. О почетнейших и влиятельнейших ордынцах //История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т. VIII .Ч.2. Алматы. 2006. док.№.228
16. ЦГА РК Ф.4.Оп.1 Д.2745 Л.1-2

Түйіндеме

Бұл мақалада XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Кіші жүз қазақтарының шекаралық және жергілікті басқару жүйесіндегі көшпелі қазақ қоғамының айрықша құқыққа ие қауым өкілдерін (қазақ қосшы билері, Шығыс, Орталық және Батыс бөліктерінің билеушілері, қашықтық басшылары), қызметтік құрылымын сараптауы арқылы Орынбор ведомстваларының сұлтандарын Ресей империясына қызметке алыну үрдісі қарастырылады.

Тірек сөздер: қазақ сұлтандары, жергілікті басқару жүйесіндегі қызметтер, Ресей империясы.

Abstrakt

This article describes the process of incorporating the representatives of the privileged estate of the Kazakh nomadic society - Sultans of Orenburg region at the service of the Russian Empire through the analysis of posts (the Kazakh assessors, the rulers of Eastern, Middle, Western parts, distant's chiefs) were established in the first half of XIXc. in the border and local government in the Kazakh Steppe.

Key words: Kazakh sultans, posts in the border and local government, the Russian Empire.

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ XVIII-XIX ҒҒ. ОРЫС ӘСКЕРИ ТАРИХШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Сутеева Х.А. – *т. г.д., профессор. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті*

Бұл мақалада XVIII-XIX ғғ. Ресей әскери тарихшылары С.Б. Броневский, М.И. Венюков, Е.К. Мейендорф, И.Г. Андреев, Я.П. Гавердовский, Ф. Назаровтың еңбектеріндегі қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен Ресей отарлауының нәтижесінде пайда болған шаруашылықтың жаңа түрлері қарастырылған. Негізінен бұл орыс офицерлерінің шығармалары Ресей Бас штабы басып шығаратын «Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба России» деген жинақта жарық көретін. Орыс офицерлерінің еңбектерінде қазақ халқының көшпенді мал шаруашылығы, қазақ елінің аудандары, уездері мен қалаларының экономикалық-статистикалық жағдайына егжей-тегжейлі шолу жасалған. Олардың алып жатқан территориясы, халық, өнеркәсібі, саудасы, құқықғы, салт дәстүрі, басқарылу жүйесі туралы көптеген мәліметтер келтірілген.

Шаруашылықтың дамуымен қатар, орыс әскерилері қазақ қоғамының Ресейге қосылғанға дейінгі әлеуметтік құрылысына және бұл саладағы орыс мемлекетінің шеңберіне кіргеннен кейінгі өзгерістерге көп назар аударды. Орыс әскери ойының өкілдері жалпы көшпенді халықтардың қоғамдық қатынастарын, сонымен қатар қазақ хандықтарының феодалдық иерархиялық жүйесін сипаттауға тырысты. Олар қазақ қоғамының тарихи қалыптасқан топтарын жеке-жеке қарастырды. Бірінші топқа олар «ақ сүйектерді» – Шыңғыс ханның немересі Жошының ұлдарының бірінен таралған хандар мен сұлтандарды, екінші топқа старшиналарды, билерді, батырлар мен дін басшыларының бір бөлігін жатқызды.

Орыс офицерлерінің көпшілігінің үкіметтің ресми адамдары ретіндегі жағдайы қарастырылып отырған кезеңде оларға әлеуметтік-экономикалық қатынастарды зерттеуге, халықтың қалың көпшілігінің қайыршылану мен каналу себептерін анықтауға, көшпенді қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылысын сипаттауға мүмкіндік бермеді. және әлеуметтік-мәдени қатынастары проблемаларын зерттеуге қосымша маңызды материал; ал кейде бірде-бір дерек деп айтуға болады.

Тірек сөздер. Әскери тарихшылар, дәстүрлі мал шаруашылығы, суармалы жер шаруашылығы, салт-дәстүрі, кәсібі, феодалдық иерархия, хандар, сұлтандар, старшиналар, билер, батырлар.

XVIII-XIX ғасырларда орыс әскери тарихшылары өзінің еңбектерінде қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен Ресей отарлауының нәтижесінде пайда болған шаруашылықтың жаңа түрлерінің пайда болуын жан-жақты қарастыра бастады.

Ресейлік әскери тарихи ойының өкілдерінің ойынша Ертіс маңы бекіністерінде орыстардың қазақтармен сауда қатынасының дамуына қолайлы жағдай тууына Қазақстанның Ресейге бағындырылуы барысында қазақ феодалдарының арасында өзара тартыстың бірте-бірте бәсеңдеуі мүмкіндік туғызды. Мұнда Орта жүз басшыларының (ең біріншіден Абылайдың) қазақ тайпалары арасында сауда қатынастарын енгізуге тырысуы маңызды роль атқарды, бұл оларды өз қоластындағыларының өзара тартысын басып, сауда керуендеріне шабуылдарын болдырмауға түрткі болды. «Әбілфейіз бен Құдайменді сұлтандар, Сарт-Юган мен Абылай хан бұл салада Маңызды қызмет атқарды, – деп көрсетті орыс офицері С.Б. Броневский, – Петропавловск мен Семейдегі сауданың қазіргі күйі солардың қызметінің нәтижесі» [1, 234 б.].

XIX ғ. жарияланған «Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба России» деген жинақта да аудандар, уездер мен қалалардың экономикалық-статистикалық егжей-тегжейлі шолуы жасалған. Онда территория, халық, өнеркәсіп пен сауда, құқық, салт-дәстүр, басқару туралы мәліметтер келтіріледі. Әсіресе XIX ғ. екінші жартысында Қазақстанның шаруашылығын зерттеуге көп көңіл аударған ресей әскери тарихшысы М.И. Венюков болды. Ол қазақ өнеркәсібі, ауылшаруашылығы, сауда, туралы мәліметтерді жергілікті әкімшілік мәліметтерінен алып отырды. М.И. Венюковтың «Материалы для военного обозрения границ в Азии» деген еңбегінде суреттелген қазақ халқының кәсіптері туралы мәліметтері өте маңызды. Бұл еңбегінде ол жергілікті халықтың негізгі кәсібі ретінде көшпелі мал шаруашылығына көп көңіл бөледі. «Мал шаруашылығы елдің негізгі және бірден-бір айналысатын өндіріс түрі», - деп жазды автор [2, 198 б.]. М.И. Венюковтың бақылауына бір отбасында 1 сиыр, 1 жылқы және 40 дейін қой болған. Автор суреттеліп отырған территориялардағы малдың жалпы санын бір Семей облысы бойынша үй басының орта есеппен алынған мал саны бойынша шамамен анықтады.

Сол уақыттағы кең таралған жалған пікірлерге негізделе отыра М.И. Венюков қазақ елінде жер шаруашылығын болмағанын мойындайды. Алайда автордың өзі жер шаруашылығын шаруашылық

жүргізудің прогрессивті түрі ретінде жоғары бағалап, аймақты шаруашылық отарлау, әскери отарлаумен салыстырғанда жалпы Ресей экономикасына сонымен қатар жергілікті халықты отырықшылыққа үйретіп, сол арқылы тығыз экономикалық байланыстарды дамыта отырып анағұрлым көп пайда әкеледі деген пікірді ұстанды. Сондықтан М.И. Венюков көшпенді халықтың арасындағы шағын жер шаруашылығымен айналысатын қожалықтарды ерекше ынтамен суреттеді. Жоңғар учаскесінің территориясында «мал шаруашылығынан кейін халықтың айналысатын негізгі кәсібі егіншілік... (Қырғыз егіншілігі көбінесе Көкпекті, Қопал және Верный уездерінде жақсы дамыған). Көкпекті уезіндегі қазақтардың 10000 отбасының 950-ден астамы жер өңдеумен айналысады», - деп көрсетті [2, 199 б.]. Жер шаруашылығы Қазақстанның оңтүстік облыстарында жақсы дамыған, сондықтан автор оңтүстік аудандарды суреттеуде дәнді-дақылдардың сорттары, олардың өнімділігі және бағасы туралы егжей-тегжейлі мәліметтер береді. «Перовск және Қазалы уездерінің қазақтары, – деп жазды М.И. Венюков, – су тарту машиналарымен таныс болды, – олар 1870 ж. 7500 ширектен аса астықтың әртүрінен сеуіп, 75000 ширектен аса өнім алды» [2, 23 б.]. 1870 ж. астық бағасы 9 пұт қара бидай үшін 7 рубль 30 тиын болды, бұл Омбы мен Тобылға қарағанда анағұрлым қымбат болды. Көшпенді халық «аймақта маңыздылығы жағынан екінші орында тұрған, кейде төрт жүз, бес жүз есеге дейін өнім беретін тары септі» [2, 189 б.], басқа-дәнді дақыл өнімдерімен салыстырғанда арзан болғандықтан (бір пұты 65 тиын) көбінесе кедейлер өсірді.

Автордың аймақтың өнеркәсібі туралы мақалалары да құнды болып табылады. М.И. Венюков сол кездегі тас көмірдің, темірдің, алтынның, күмістің, полиметалл және түсті рудалардың және басқа да пайдалы қазбалардың кен орындарын атап көрсетті. Семей және Жетісу облыстарының барлық кен орындарындағы жұмысшылар саны 2000-нан аспағандықтан Жоңғар учаскесінің территориясында «руда байлықтары Көкбекті аймағы (алтын, қорғасын, мыс) және Құлжада (қорғасын, темір, алтын, тас көмір) шағын көлемде өңделді» [2, 192 б.]. Шымкент уезінде жыл сайын 3000 пұтқа дейін қорғасын қорытылатынын айтты. «Мынадай минералдарды Тұран тауларынан жергілікті халықпен бірге, орыстар да өндірі: тас көмір... (Татарин кені) 1872 ж. 150000 пұтқа дейін өндірілуі тиіс болды» [2, 27 б.]. Өндірілген көмірді негізінен Арал флотилиясы пайдаланды. Бір пұт көмірді өндірудің өзіндік бағасы 32 тиынды құрады. Автор бірқатар Қазақстан аудандарындағы қазақ жұмысшыларының саны туралы мәліметтер берді: «Көкбекті аймағындағы тау кен орында-дарында 1865 ж. 1500 қырғыз жұмысшылары болды», ал олардың алатын еңбекақысы туралы: «Құлжа аймағындағы қара жұмысшыға әдетте күніне екі тиыннан алты тиынға дейін төленді», - деді [2, 28 б.], яғни айына 50 тиыннан 1 рубль 50 тиынға дейін алған. М.И. Венюков тау-кен ісінен, дәлірек айтқанда оның нышандарынан басқа халықтың сауда, бақшашылық, бақ өсіру, Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы мақта өндіру, Зайсан, Іле, Балқаш, Каспий және Арал теңіздеріндегі балық аулаушылық сияқты басқа да кәсіптерді егжей-тегжейлі суреттейді.

«Материалы для военного обозрения русских границ в Азии» деген еңбекте су арқылы және құрлықтағы қатынас жолдарын егжей-тегжейлі суреттеуге көп орын берілген. Тек бір ғана Жоңғар учаскесінің өзінде көпірлер мен өткелдердің, елді мекендер арасындағы қашықтықтың, жол жүруге кеткен күндердің көрсетілуімен Верный, Құлжа және басқа да қалаларға баратын 15 жол суреттелген. Кеме жүруге жарамды өзен арналары да суреттелген. Таулы-Тұран учаскесінде 20-дан астам жол, Түркістан облысының территориясында 11 сауда жолы көрсетіледі. Қатынас жолдары әскери жорықтарға жарамдылық тұрғысынан және де М.И. Венюков аймақтың экономикалық дамуының бірден-бір маңызды мүмкіндігі ретінде мұқият назар аударған керуен саудасына жарамдылық тұрғысынан да қарастырылды. Оңтүстік облыстардан Орынбор мен басқа да қалаларға және кері бағытта Қазақ даласы арқылы өтетін азық-түлік және өнеркәсіп тауарлардың барлық түрлері және олардың бағалары атап көрсетіледі. «Түркістанның солтүстігінде, - деп атап көрсетті автор, – қазіргі кезде тек Ресей тауарлары мен жергілікті өнімдер ғана кездеседі, ал Бұхарадан бастап, Ауғанстан шекараларында үстемдік құратын ағылшын-үнді тауарларының басымдылығы сезіледі» [2, 29 б.]. Көшпенді халық малдан басқа «ешкі терісінен иленген жұмсақ, жұқа былғарыдан бастап, бұлан терісі мен ұлтандық теріге дейін»көптеген тері өнімдерімен [2, 30 б.], арыстан, қасқыр, түлкі сияқты жабайы аңдардың терілерімен де сауда жасайды. «Материалы для военного обозрения русских границ в Азии» деген мақаласының арнайы бөлімдері Қазақстан мен Орта Азияның жекелеген облыстарын әскери-әкімшілік басқаруын суреттеуге арналған. Осылайша, М.И. Венюковтың жеке бақылаулары, жергілікті халықпен көп жыл бойы тікелей қарым-қатынас жасауы, оның мәдениетін, тұрмысын, дәстүрлерін, ұлттық ерекшеліктерін суреттеуі «Материалы для военного обозрения русских границ в Азии» еңбегін тікелей әсердің барлық жаңалығын сіңірген өзіндік дерекке айналдырып, төңкеріске дейінгі Қазақстан тарихы туралы көптеген мәселелер бойынша біздің түсінігімізді кеңейтеді.

Қазақ қоғамындағы Ресей отарлауының нәтижесінде шаруашылықтың жаңа формаларының пайда болуын зерттеген орыс офицерлері С.Б. Броневский мен Е.К. Мейендорф болды. Е.К. Мейендорфтың ойынша қазақтардың шаруашылық кәсіптерінің ерекшеліктерінің өзгеруіне ішкі әлеуметтік-экономикалық алғышарттар себеп болды. Көшпенді мал шаруашылығының ыдырауы қазақтарға күн көрудің басқа түрлерін іздеуге дем берді. Есіл, Ертіс, Сырдария өзендерінде, Каспий және Арал теңіздерінде бірте-бірте балық аулау қалыптаса бастады [3, 40 б.].

XX ғ. бірінші ширегінде табыс табудың кең таралған формасы линиялық казактарға барып жалдану болды, мұндай жұмысты отбасын асырауға қаражаты жоқ кедейлер атқарды. «Күштілердің барымтасы мен озбырлығы, сонымен қатар малдың қырылуы», – деп жазды С.Б. Броневский, – «байғұстардың мүшкіл халінің себебі. Олар пошта станцияларына барып ат айдаушы болып та жалданды» [1, 177 б.]. «Кедейлер тобы болмашы ғана ақы үшін казактарға қызмет көрсетуге әзір болды, ауқаттыларының қол астында оннан аса қызмет көрсетуші болды [1,178 б.].

Шаруашылықтың дамуымен қатар, біз зерттеп отырған кезеңде орыс әскерилері қазақ қоғамының Ресейге қосылғанға дейінгі әлеуметтік құрылысына және бұл саладағы орыс мемлекетінің шеңберіне кіргеннен кейінгі өзгерістерге көп назар аударды. Орыс әскери ойының өкілдері жалпы көшпенді халықтардың қоғамдық қатынастарын, сонымен қатар қазақ хандықтарының феодалдық иерархия (сатылық бағыныштылық) жүйесін сипаттауға тырысты. Олар қазақ қоғамының тарихи қалыптасқан топтарын жеке-жеке қарастырғысы келді. Бірінші топқа олар «ақ сүйектерді» – Шыңғыс ханның немересі Жошының ұлдарының бірінен таралған хандар мен сұлтандарды, екінші топқа старшиналарды, билерді, батырлар мен дін басшыларының бір бөлігін жатқызды.

Қазақ халқы арасында мұраға қалдырылатын лауазымды ақсүйек дәрежесінің өкілдеріне – хандар мен сұлтандарға ерекше назар аударылды. Жергілікті өлкетанушы офицер И.Г. Андреевтің ойынша «ақ сүйектер» – Шыңғыс ханның немересі Жошының ұлдарының бірінен таралған хандар мен сұлтандар қазақ руларының этникалық стратификациясынан тыс бола отырып, аса пұрсатты әлеуметтік топ құрды [4, 81 б.]. «Қазақ хандарының билігі бүкіл халықтық мойындауға негізделген. Бұл атаққа ие болған адам халық мүддесінде әрекет еткенше ғана билік құра алады» – деп жазды XIX ғ. I ширегінде орыс саяхатшысы барон Е.К. Мейендорф [3, 42 б.].

Хандар мен сұлтандар өз сословиесінің, сонымен қатар билер мен ішкі рулық бірлестіктердің старшиналарына сүйене отырып қазақ қоғамындағы жоғарғы мемлекеттік билікті жүзеге асырып отырды [3, 82 б.].

Бұл биліктің негізгі экономикалық мазмұны – қоныстарды үлестіру мен жерді пайдаланғаны үшін өз қоластындағылардан алатын салықты жинауда хандар мен сұлтандардың ерекше құқығы.

Е.К. Мейендорфтың мәліметтерінше XIX ғ. бірінші ширегінде Сырдария ауданындағы «Арынғазының қол астындағы» қазақтар жаңа сұлтандарын мойындау фактісі ретінде оған «әдетте баж шығынының 1/3, кошпур мен зекет төлеп, оның 2/3 бөлігін өз сұлтандарына (яғни Арынғазыға – Қ.С.) берді [3, 44 б.].

И.Г. Андреевтің еңбектерінде Орта жүздің сұлтандары Абылай мен Уәлидің Атығай, Қарауыл руларының халқынан үй басынан алынатын алымды жылқы, ірі қара мал және қоймен жинағаны туралы мәліметтер кездеседі [4, 85 б.].

Орыс әскери тарихшыларының мәліметтерінше, қазақтар арасында старшина атағын аса ықпалды топ өкілдері ғана ала алды. «Аз топтан құрылған қырғыздар», – деп жазды Я.П. Гавердовский, – «әдетте ауқатты қауым бастығының қамқорлығына енді, өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қамқоршысының озбырлығына шыдай отырып, оның көңілінен шығуға тырысты» [5, 71 б.]. Қаумның барлық басқа мүшелері бұл топтармен туыс болмағанмен де, рулық бірлікпен тығыз байланыста болды, бұл туралы түсінік көшпелі халықтың санасында көрнекті орын алды. Осының бәрі ауы қаумының негізгі мақсаттары мен міндеттердің бірлігі туралы біршама жалған түсінік тудырмай қоймады. Қазақ старшиналарының билігінің тұрақтылығы мен мен олардың көшпенді қоғамының феодалдық вассалитет жүйесінде маңызды ролі осы жағдайлармен (түсіндірілері) болса керек. «Күштің билігі басым болмаса қырғыз ордаларындағы басқару түрін феодалдық басқаруға жатқызуға болатын едің – деп жазды Я.П. Гавердовский [5, 72 б.].

Қазақ старшиналары ру ішіндегі қоныстарды үлестіру құқығын пайдалана отырып жақсы шабындық алқаптары мен қыстау орындарын басып алды. Бұған патша отарлық билігінің «Ресейге ықтиярлық білдірген старшиналардың жылқыларының үйірін өз жеріне өткізе жаюға рұқсат беруі» сияқты қолдау шаралар да әсер етті. Осылайша, қазақ старшиналары негізгі өндіріс алқабы – жайылымдардың қожасына айналды [5, 86 б.].

Көбінесе халықтың талабы бойынша старшиналар бастаған қауым бұл феодалдардың иеліктерінен көшіп кетіп отырды. Дәл сондықтан да қазақ хандары, олардан кейін патша үкіметі патриархалдық-феодалдық билеуші топты өз еркінің тіл алғыш құралына айналдыру үшін көп күш жұмсады, осылайша оны Қазақстандағы жоғарғы билікті экономикадан тыс мәжбүр ету жүйесінде пайдалану көзделді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақ старшиналардың едәуір бөлігін билер әлеуметтік тобының өкілдері құрды. Орыс авторлары әдетте билер деп «қара сүйек» патриархалдық-феодалдық таптан шыққан ірі мал иеленушілерді атады. «Би» сөзі Я.П. Гавердовскийдің пікірінше «шешен, ауқатты және шамдағай адамдарға қатысты пайдаланылуы тиіс, оған бағынышты «партия» қаншалықты күшті болса, оның сөзі соншалықты өтімді, қазының үкімі мықтының қуатына сүйене берілген кездер де болды» [5, 73 б.]. XVIII ғ. мен XIX ғ. бірінші ширегінде қазақ қоғамындағы билердің ықпал ету деңгейі көбінесе мемлекеттік биліктің өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты болды. Қазақ мемлекеттілігі жағдайындағы басқару жүйесінде міндетті қызметі жақсы дамыған сот билігі болды. Бұл билердің көшпенді ұжымында сот билігін жүзеге асыруының тағы бір себебі болды, билер көбінесе бұл көшпенді ұжымды басқарып, жоғары қызметтер атқарды. Мұндай жағдай Қазақстанның орыс зерттеушілерін теріс бағытқа түсірді, ғалымдар «би» сөзін «старшина» деген орыс терминімен теңдестіруі негізсіз болған жоқ. Алайда, «би» терминін мұндай еркін түсіндіруде ру басы түсінігі мен қандай да бір тапқа жату арасындағы айырмашылықтардың жойылуы біздің ойымызша тарихи шындыққа сәйкес келмейді.

Орыс әскери тарихшылары XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың қоғамдық өмірінің ерекше белгісі ретінде рулық ақсүйектерінің батырлар тобына жатқызылуын есептеді. Е.К. Мейендорфтың айтуынша қазақтар батырлар деп «батыл, әділетті және іскер адамдарды айтты, ал соғыс кезінде олар – шабандоздар болды» [3, 41 б.]. Қазақ халқы арасында батырлардың әлеуметтік ролі туралы орыс авторларының еңбектерінде әртүрлі пікірлер берілген. XVII-XVIII ғасырларда Қазақстанда бұл атақтың таралуы, көшпелі қоғамда «батыр» терминінің әлеуметтік емес, тұрмыстық мәні болғандығын көрсетеді. Батыр атағы ешқашан мұрагерлікке берілмейтін, оған тек жеке басының ерліктері арқылы ғана ие болуға болатын еді. Бұған қарамастан XVIII ғ. батырлар қазақ қоғамы тарихының ерте кезеңідегідей ұста шабандоз, ел кезіп жүрген серілер, әскери жасақтардың топ басшысы болды деген теріс айтқан болар едік. Бұл тұрғыда жекелеген авторлардың батырларды көбінесе ауқатты топтардың, атап айтқанда қазақ старшиналарының арасынан кездестіруге болады деп көрсететін ескертулері кездейсоқ емес. Осылайша, Я.П. Гавердовский былай деп көрсетті: «қазіргі кезде қара сүйектен шыққандар күшейді; би мен батыр атағына ие болып, сұлтандармен туыс бола бастады және көптеген ауылды басқарып отыр» [5, 93 б.].

Қазақстандағы феодалдардың пұрсатты жоғарғы тобына мұсылман дін басылары қажылар мен молдалар да жатты. «Өздерін Мұхаммед пайғамбардан таралдық деп есептеген, тегі өзбектерден, ташкенттіктерден шыққан қажылар діншілдігіне сүйене отырып, діни жораларды жүзеге асырды», – деп жазды С.Б. Броневский [1, 93 б.]. Сүндетке отырғызу, өлікті шығару және ас беру сияқты барлық қазақтың тұрмыстық ырым-жоралары қажылар мен молдалардың қатысуымен өтті, олар бұл ырым-жораларды Құран оқу арқылы заңдастырды.

Қажылардың қазақ қоғамына саяси ықпалы мардымсыз болды, ол көбінесе қазақ даласында исламның таралмауымен түсіндіріледі. Бұл аймақтағы қажылардың саяси ролі туралы, егер олар қажы дәрежесіне старшина атағын қосқан жағдайда ғана айтуға болады. Оңтүстік Қазақстан территориясында біршама басқа жағдай қалыптасты. Мұнда біріккен көптеген әулеттерді құрған қажылар сұлтандамен бірдей билік үшін бәсекеге түсті. XVIII ғ. соңғы жылдарында Мұхаммед Жүніс қожаның Ташкент оазисіндегі жоғарғы билікті жаулап алуы Ұлы жүздегі қажыларды саяси қуатының айқын дәлелі.

Орыс әскерілерінің жазбаларынан байқайтынымыздай молдалар сұлтандар жанында хатшылық міндет атқаруымен қатар қазақ даласында мұсылман дінін уағыздаған. Бұған қоса олар көбінесе «діни» дәрежелеріне қатысы жоқ тапсырмаларды орындап отырды. Мысалы, С.Б.Броневский молдалар «үкіметтің бұйрығы бойынша сұлтан және старшина қызметтеріне тағайындаланатынын, олар Ресейге шын берілген тапты құрайды» – деп атап көрсетті [1, 93 б.].

XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстанды зерттеген орыс әскерілерінің негізгі бөлігіне мүлтік жіктелуді талдау тән болған жоқ. Олар шиеленісті әлеуметтік проблемаларды айналып өтуге тырысты. Бірақ авторлар халықтың тұрмыстық жағдайын суреттеуде қазақ ауылы өмірінің бұл жағын еріксіз сөз етті.

Өз жол жазбаларында орыс офицері Ф. Назаров «Біз ... өтіп бара жатқан ешқандай малы жоқ қырғыздарды кездестірдік; олардың бәрі қайыршылық күйде болды, киімдері жырым-жыртық,

балалары аштан өліп қалмас үшін оларды қалмақтар ретінде өткен керуендерге сатып жіберді», – деп жазды [6, 19 б.]. Одан әрі ол былай деп жазады: «Карлут болыстығы алып жатқан далаға келдік. Мұндағы жағдай мен мұның алдындағы көріністің айырмашылығы жер мен көктей болды. Қымбат жібек көйлек киген әйелдер атқа мініп жүрді, ерлері қарулы болса, балалары мен қарттарының алдында үйірлі малы болды [6, 20 б.]. Кейде авторлар осындай салыстырулар арқылы әдейі көздемесе де қазақ қоғамының таптық жіктелуін айқын көрсетіп отырды. Кедейлер «күнін көру үшін көшіп жүрген қырғыздарға қызмет көрсетіп, солардың маңында жүруге мәжбүр болды» – дейді Ф. Назаров [6, 21 б.].

«Қырғыздар арасында кедейлер тобының жағдайы көп деңгейде ауыр болды. Көшпенді халықтың негізгі бөлігі кедей болды» – деп атап көрсетті Я.П. Гавердовский [5, 69 б.].

Әскерилер ұлттық киімді, қазақ әйелдерінің қымбат әшекейлерін, киіз үйдің сыртқы және ішкі бұйымдарын суреттей отырып, қарапайым халық шөпшектермен жабылған қамыс байламдарынан жасалған тозығы жеткен лашықтарды қанағат тұтатынын атап көрсетті.

Я.П. Гавердовский көшпенділердің әлеуметтік жағдайындағы айырмашылықтарды айқын көрсетті. «Мұнда тіршілік деңгейі тең болғанымен қоғамдық теңдік жоқ... Барлығының киімі, білім деңгейі бірдей болғанмен көп үйір мал иелері дамыған қоғамдағы миллионға ие адамдар сияқты рахат өмір кешеді.» [5, 67 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысында жазылған еңбектерінде М.И. Венюков көшпенділердің негізгі көпшілігінің кедей болғандығын көрсетеді. Бұл туралы: «Отбасындағы жылдық табысы 40 рубльден аспайтын мұндай пролетариимен салыстырғанда ең кедей латыш немесе литвалық капиталист болып табылады», – деп жазды [1, 193 б.].

Орыс офицерлерінің көпшілігінің үкіметтің ресми адамдары ретіндегі жағдайы қарастырылып отырған кезеңде оларға әлеуметтік-экономикалық қатынастарды зерттеуге, халықтың қалың көпшілігінің қайыршылану мен каналу себептерін анықтауға, көшпенді қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылысын сипаттауға мүмкіндік бермеді. Бірақ революцияға дейінгі ресей әскери тарихшыларының қазақ ауылының өмірі туралы көптеген материалдары таптық теңсіздіктің, әртүрлі әлеуметтік топтардың экономикалық және саяси жағдайларының өзіне тән атрибуттарының айқын сипаттамаларын, феодалдық қанау мен таптық күрестің көрнекті көріністерін берді. Осыған сүйене отырып, XVIII ғ. екінші жартысы мен XIX ғ. бірінші ширегіндегі орыс әскери тарихшыларының еңбектерін қазақ халқының сандық және ру-тайпалық құрамы, кәсіп түрі, мемлекеттік құрылымы, таптық және әлеуметтік-мәдени қатынастары проблемаларын зерттеуге қосымша маңызды материал; ал кейде бірде-бір дерек деп айтуға болады.

1 *Записки генерал-майора Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды//Отечественные записки. 1830. - С.41. – С.150-190.*

2 *Венюков М.И. Венюков. Материалы для военного обозрения границ в Азии. – СПб., 1873.*

3 *Мейндорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. – М., 1975.*

4 *Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков//Новые ежемесячные сочинения. – СПб., 1795. – Ч.10. - С.1-150*

5 *Гавердовский Я.П. Обозрение киргиз-кайсацкой степи//Рукопись ленинградского отдела Института истории(ЛОИИ). – Коллекция 115.- 1820. -№495.*

6 *Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии. - СПб., 1796.*

Аннотация

В данной статье рассматриваются труды русских военных историков XVIII-XIX вв. С.Б. Броневского, М.И.Венюкова, Е.К.Мейендорфа, И.Г.Андреева, Я.П.Гавердовского, Ф.Назарова, посвященные изучению социально-экономического развития казахского общества. В основном все эти работы увидели свет в сборнике, издаваемым Генеральным штабом России «Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба России». В работах вышеуказанных русских офицеров дается описание традиционного кочевого хозяйства казахов, подробный анализ районов, уездов, городов Казахстан и анализ их экономического состояния. Приведен огромный материал о территория занимаемый казахами, народных промыслах, обычаях, системе управления местным населением, развитию торговли промышленного производства.

Наряду с исследованием хозяйства казахов русские военные историки большое внимание уделили и социальной стратификации казахского общества и тем изменениям, которые произошли в этой сфере, после полного присоединения казахских земель к России. Они дали подробный анализ феодальной иерархии казахского общества. Они разделили казахское общество на такие социальные категории как: «белая кость» – потомки Чингис хана, ханы, султаны и «черная кость» - старшины, бии, батыры и духовенство и подробно рассмотрели имущественное положение и социальный статус этих категории казахского общества.

Так как все русские офицеры были на государственной службе и были проводниками официальной имперской политики, ими не были затронуты вопросы бедственного положения коренного населения.

Ключевые слова: Военные историки, кочевое хозяйство, поливное земледелие, обычаи, промыслы, феодальная иерархия, ханы, султаны, старшины, бии, батыры.

Summary

In this article we are risen works of Russian military historians XVIII-XIX centuries. S.B Bronevsky, M.I Venyukova, E.K Meyendorff, I.G Andreev, J.P Gaverdovsky, F. Nazarov, devoted to the study of socio-economic development of the Kazakh society. Basically, all these works were published in the book, published by the General Staff of Russia "Materials for Geography and Statistics Russia collected by officers of the General Staff of Russia." In the works of Russian officers of the above describes the traditional nomadic economy of the Kazakhs, a detailed analysis of districts, counties, cities, Kazakhstan and analysis of their economic status. An enormous amount of material on the territory occupied by the Kazakhs ,, folk crafts, customs management system the local population, the development of trade in industrial production.

Along with the study of the economy of the Kazakhs Russian military historians have paid much attention, and social stratification of Kazakh society and the changes that have occurred in this area, with the full adherence of Kazakh land to Russia. They gave a detailed analysis of the feudal hierarchy of the Kazakh society. They divided the Kazakh society in the social categories such as "white bone" - descendants of Genghis - Khan, khans, sultans and "black bone" - Foreman, Bies, batyrs clergy and examined in detail the financial situation and social status of these categories of Kazakh society.

Since all Russian officers were in the public service and were agents of the official imperial policy, they are not touched on the plight of the indigenous population.

Keywords Military historians, nomadic agriculture, irrigated agriculture and customs, the feudal hierarchy, khans, sultans, foremen, Bies, batyrs.

316.334.2:331(574)

ЖЕТІСУ ӨНІРІНДЕ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ (XX Ғ. АЯҒЫ)

Түлекова М.К. - т.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ.

Мақалада негізінен XX ғасырдың 90-жылдарының аяғындағы Жетісу өңіріндегі халықтарды жұмыспен қамту мәселесі қарастырылған.

КСРО ыдырағаннан кейін құрылған тәуелсіз мемлекеттерде саяси жағдай бірден тұрақталып кетпеді, өнеркәсіп орындарының жабылуы жаппай жұмыссыздықтың пайда болуына алып келді. Халықты жұмыспен қамту негізгі проблеманың бірі болып қалды. Халық өз бетімен жұмыс іздеуге, өздерінің жеке істерін ашуға кірісті. Осындай шаруашылықтардың, жеке кәсіпкерліктің бірі - нуклеарлық үй шаруашылығы болды. Осы нуклеарлық шаруашылықпен Жетісу өңірі халқы көп айналысты. Жекелеген кәсіпкерліктер де шыға бастады. Халық арасында жіктелу процесі тез жүріп халықтың әлеуметтік құрамы өзгерді. Сырттан келген мигранттар мен отандастарымыздың елге оралуы да жұмыссыздардың санын көбейтті. Оларды жұмыспен қамту, орналас-тыру мәселесін шешуде көптеген қиыншылықтар кездесті. Осы мәселелер мақалада деректер негізінде талданған.

Тірек сөздер: миграция, репатрианттар, демография, оралмандар, нуклеарлік.

Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және әлеуметтік даму тарихын зерттеу өзекті мәселенің бірі болып табылады. Еліміздегі саяси тұрақтылықтың болуы ел экономикасының дамуына, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына алып келді. Осындай жетістіктерге бір күнде қол жеткізген жоқпыз. КСРО ыдыраған алғашқы жылдары еліміздегі, оның ішінде аймақтар-дағы саяси, экономикалық жағдайлар біркелкі болмады. Елде жұмыссыздық белең алып халықтың әлеуметтік жағдайы төмендеді. Осы мәселені шешу жолында көптеген жұмыстар жүргізіліп, мемлекет тарапынан іс-шаралар, қаулылар қабылданды. Бірінші мәселе жұмыссыздықты жою, халықты күнделікті керек –жарақпен қамтамасыз ету мәселесі болды.

Халық арасында ертеңгі күнге деген сенімсіздік те орын алды. Осындай өтпелі кезеңде халықты жұмыс орнымен қамтамасыз ету және жеке кәсіпкерлікті дамыту мәселелері шешімін тез табуға тиісті мәселелердің біріне айналды. Қазақстанның барлық аймақтарында да жұмыссыздар саны өсті. Осы тығырықтан шығудың жолдары іздестірілді. Ол туралы кейіннен жарық көрген статистикалық деректер арқылы халық саны мен оларды жұмыспен қамтуға ерекше талдау бере аламыз.

1999 жылғы санақ қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасында тұратын 14953,1 мың адамның 4573,2 мыңы (30,6 %) - балалар мен жас өспірімдер, 8619,2 мыңы (57,6 %) - еңбекке қабілетті жастағы адамдар және 1760,7 мың адам (11,8 %) - еңбекке қабілетті жастан асқандар.[1]

Ал Жетісу өңірінде тұратын барлық халықтың 1558534 адамның - 509013 – балалар мен жасөспірімдер, яғни жұмысқа жарамсыз жастағылар, 882199 - еңбекке қабілетті жастағылар, 167322 – еңбекке қабілетті жастан асқандар [2]. Ал аймақ бойынша жалдамалы жұмыста істейтіндер: мекемелер мен кәсіпорындарда - 271485, шаруа (фермер) қожалықтарында - 20034, жекелеген адамдарда - 11247. Оның 23,8 % - еркектер, 15,3 - әйелдер. Жалдамалы емес жұмыс істейтіндер: өзінің шаруа (фермер) қожалықтарында істейтіндер - 4964 (0,3 %), өз кәсіпорындарында - 1932 (0,1 %), жеке кәсіпкерлікпен айналысатындар - 31268 (2,0%), отбасылық кәсіпорындарында ақысыз істейтіндер - 14873 (1,0 %), үй іргесіндегі қосалқы шаруашылығында - 74751(4,8 %).[3]. Барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда және жекелеген адамдарда жұмыс істеушілер арасында селолықтардан гөрі (31,4%) қалалықтар үлесі (68,6%) артық. Жетісу аймағы бойынша бұл көрсеткіш – 28,5% - 24,4%-ке тең. Осылардың ішінде шаруа (фермер) қожалықтарында жұмысқа жалданған адамдардың 95,8% селолықтардың үлесінде, олардың 78,6% - еркектер. Аймақта ол көрсеткіш - 1,7% болса, оның ер адамдары – 2,7% [4].

Ересек халық күнкөріс қаржысының көздері бойынша былайша бөлінеді: зейнетақы алатындар-191449 (12,3%), стипендия - 12139 (0,8%), жәрдемақы - 36766 (2,4 %), жұмыссыздарға берілетін жәрдемақы алатындар - 8482 (0,5 %), мемлекеттік қамсыздандыру түрлерін - 11079 (0,7 %), өз меншігінен - 3024 (0,2), өздерін біреу асырайтындар 859405 (55,1 %), басқа күн көріс көзі 13912 (0,9%). Қазақстан Республикасында 4152,7 үй шаруашылығы бар (олардың орта мөлшері 3,6 адам), олардың 2663,2 мыңы (жалпы санның 64,1) қалалық жерлерде 1489,5 мыңы (35,9 %) селолық жерлерде тұрады, олардың орта мөлшері тиісінше 3,1 және 4,4 адам. Жетісу аймағында үй шаруашылығымен айналысатындар барлығы - 386990, олардың - 118915-қалалық жерлерде, 230540 селолық жерлерде тұрады, олардың орта мөлшері тиісінше 3,7 және 4,6 адам.

Өз құрамында нуклеарлық үй шаруашылығымен туыстық немесе жекжаттық (күйеуінің немесе әйелінің ата-аналары, т.с.с.) байланысты басқа адамдары бар үй шаруашылықтары ұлғайған үй шаруашылықтарына жатады.

Жетісу аймағы бойынша нуклеарлық үй шаруашылығы 239039, олардың орташа мөлшері 4,0 адам. 2 адамнан тұратындары - 52720, 3 - адамнан 54216,4 - адамнан 66744, 5 адамнан - 38801,10 және одан артық 357. Олардың ішінде 60 және одан жоғары жастағылардың 28168 еркектер, әйелдер - 28150. Қалалар мен қалалық мекендерде осындай үй шаруашылығы - 140091, ауылдық - 246899 орта есеппен 3,3 және 4,4 адам. Кеңейтілген үй шаруашылығы-106533, құрамдас үй шаруашылығы 3883 бірлік болды, орташа мөлшері 4,4 адам. Алматы қаласында үй шаруашылығы 385758, оның ішінде бір адамнан тұратыны 81218, нуклеарлық үй шаруашылығы 209401 - оның ішінде 60 жастан және одан асқандар - 42911, бір адамнан тұратын - 21651, екі адамнан тұратын - 21221, үш және одан көп адамнан тұратын - 39, олардың орташа мөлшері 3,2 адам. Алматы қаласындағы кеңейтілген үй шаруашылықтарының саны - 83379, қосалқы үй шаруашылықтары 11760 болды [5].

Нуклеарлық үй шаруашылығын қосқанда туыстық немесе жекжаттық байланыс жоқ, бірақ бір тұрғын үйде бірге тұратын мүшелері бар үй шаруашылықтары немесе туыс еместерден тұратын үй шаруашылықтары құрамды болып табылады. Олардың саны 61,5 мың бірлік (республикадағы үй шаруашылықтарының жалпы санынан 1,5 %), ал орта мөлшері 3,9 адам. Құрамды үй шаруашылығының 80 %-дан астамы қалалық жерлерде тұрады, олардың саны 49,3 мың бірлікке жетті, ал орта мөлшері 3,7 адамға тең. Құрамды үй шаруашылықтарының 20 %-ға жуығы немесе 12,2 мыңы селолық жерлердің үлесінде, бірақ олардың мөлшері қаладағылардан едәуір жоғары - орташа 4,6 адамнан келеді.

Алматы қаласындағы, - 2,9 адамнан 3,2 адамға дейін, Алматы - 3,8-ден 4 адамға дейін ауытқиды. Ал Жетісу аймағында 18-ден жасы кіші балалары бар үй шаруашылықтары - 266795, олар 1-ден 5 және одан көп адамнан тұрады, орташа мөлшері 4,8 адам. Қалалық жерлерде олардың саны 83080, орташа мөлшері 4,2 адамнан келсе, ал селолық жерлерде 183715, орташа мөлшері - 5,1 адам. Оларда 1,2 баласы бар үй шаруашылықтарының саны басым. Қалалық жерлерде жасы жетпеген баласы бар анадан тұратын үй шаруашылықтары 77847 болса, бір баладан тұратыны-37552, екі адамнан - 28561, 3 адамнан-8669, 5 және одан көп - 807, ал 1 жастағы балалары бар үй шаруашылықтарының саны-5907. Ол селолық жерлерде-175137, екі баласы барлардан тұратындар - 63214 болса, ал 5 және одан көп адамнан тұратындары-788 болса, 1 жасқа дейінгі баласы бар үй шаруашылықтарының саны - 16871 болды [6].

Республиканың 1229,9 мың үй шаруашылығында (жалпы үй шаруашылықтары санының 29,6 %) өз отбасында 60 жастағы және одан да кәрі адамдар бар, мұның өзінде 870,8 мыңында (70,8 %)-бір қарты, 349,9 мыңында (28,5 %)- екі қарты және 9,2 мыңында (0,7 %) үш және одан да көп қарты бар.

Алматы қаласында өз отбасында кәрі адамдары бар үй шаруашылықтары санының 30,5 %-дан 33,3%-ға дейін, жалғыз басты кәрі адамдардан тұратын үй шаруашылықтары - 259,6 мың бірлік (отбасында 60 жастағы және одан да кәрі адамдары бар үй шаруашылықтарының жалпы санынан 21,2 %). Осындай үй шаруашылықтарының 78 %-дан астамы немесе 203,6 мыңы, қалалық жерлерде және 22% немесе 56,0 мыңы селоларда тұрады. Алматы қаласында (15,3 %), Жетісу аймағында (15,1) [7].

Елдегі экономикалық қайта құрулардың нәтижесінде 80-жылдардың аяғынан бастап елдегі жоғары білімді маман кадрлардың шет жаққа көптеп қоныс аударуы байқалды, ол әсіресе немістер, еврейлер, орыстар арасында болды. Сонымен қатар жоғары білімді жұмысшылар, қызметкерлер мен мемлекеттік секторларда жұмыс істеп жүрген көптеген жоғары білікті мамандар енді өздерінің жеке кооперативтері мен жеке кәсіптерін аша бастады. 1989 жылы жұмысшылар, қызметкерлер және колхозшылардың саны 0,8 % кеміп, ал жеке еңбекпен айналысушылар саны 3 есеге өсті (1979 жылмен салыстырғанда) [8].

Қол еңбегімен айналысатындар саны азайып, керісінше ой еңбегімен айналысатындар саны өсті. Жалпы әлеуметтік жағдайға тікелей әсер еткен ол Қазақстан Республикасының Егемен ел ретінде дамуындағы экономикалық қайта құрулар да болды. Көптеген зауыт, фабрикалардың, өнеркәсіп орындарының жабылып қалуы елдегі жұмыссыздар санының өсуіне алып келді. Бұрынғы жоғары білімді техникалық мамандар қажет болмай қалды. Жаңа экономикалық қайта құруларға, яғни нарықтық экономикаға халық даяр болмай шықты. Осының өзі тез әлеуметтік жіктеліске алып келді. Халық арасында қайтадан байлар, кедейлер, орташалар, әлеуметтік қорғауды қажет ететін топтар пайда бола бастады. Жоғары білімді әлеуметтік топ зиялылар 70-80-жылдардағы тотаритарлық-әкімшілік жүйе кезінде көптеген қиыншылықтарға тап болды. Одан бұрында бұл топ көптеген қиындықтарды тарихта басынан өткерген еді. Ол соғыстар кезі, аштық, репрессия, Сталиндік қуғын-сүргін кезі. Осылардың барлығы келіп кейінгі кездерде зиялы қауымға көп кері әсер етті. 70-80 жылдардағы қоғамдағы жағымсыз көріністер инженер, мұғалім, дәрігер, ғалымдарға деген сұраныстың азаюына және олардың мамандығының беделінің түсуіне алып келді. Нәтижесінде осы салада жұмыс істейтіндер саны бұл кезеңде азая бастады. Бірақ 80-жылдардың аяғынан бастап бұл мамандық иелерінің қайта өрлеуі байқалды. Біз ғылыми қызметкерлердің саны мен үлесінің жылдан жылға өсіп отырғанын байқаймыз. 1989 жылғы санақ қорытындысы бойынша ғылыми жұмыспен айналысатындар, мұғалімдер – 35,7 % өсті. Бірақ қазақ зиялы қауымын даярлауда көптеген жылдар бойы көп көңіл бөлінбей келді. Олар көбінесе құрылыстарда, ауыр қол еңбектеріне негізделген қосалқы жұмыстарда істеді. Өз тілінде білім ала алмады, мемлекеттік тілдің жоғары қызмет орындарында қолданбауы да олардың қызмет жағынан өрлеуіне бөгет болды. Олар алған білімдері бойынша қызмет істей алмады. Қазір бұл жағдайда көптеген өзгерістер болды, бірақ экономикалық қайта құрулар, нарықтағы да қазақ зиялыларына ауыртпалықтар ала келді. Көптеген маман кадрлар жұмыссыздыққа душар болды.

Тұрмыстық қызмет көрсету саласында - 78,8 %, өнеркәсіп пен құрылыста - 13,8 %, ауыл шаруашылығында, орман және балық шаруашылығы -7,5 %. Қызмет істейтін әйелдердің орта жасы 30 дан 50 аралығы (63,6 %), жастар (15-29 жас) - 27,1 % - пенсия жасы алдындағылар мен кәрілер - 9,3 %. Жоғары мемлекеттік қызметтегі әйелдер 123,7 мың (7 %) - олардың жас мөлшері 40-49, халыққа қызмет көрсету саласындағылардың жас мөлшері 15-39. 191,6 мың мамандығы жоқ әйелдер (10,9 %) жас мөлшері 30-49 аралығы (67,9). Жалданып жұмыс істейтін әйелдер саны 1463,0 мың адам (18,9 % жалпы саннан алып есептегенде), жеке меншік өнеркәсіптер мен мекемелерде - 1352,7 мың адам (17,5 %), шаруа (фермер) шаруашылығында - 40,3 мың адам (0,5 %), жеке адамдарда - 70,0 мың (0,9 %). Жалданып жұмыс істейтін әйелдер саны қалалық жерлерде селоға қарағанда басым. Әлеуметтік трансферттер алатындар (стипендия, пенсия, жәрдемақы және басқа мемлекет тарапынан алынатын көмек) 1851,4 мың адам (23,9%), оның 1142,7 мыңы қалалықтар (25,6%) және 708,7 мың селолықтар (21,5%). Жеке меншік арқылы күн көретіндер 11,6 мың (0,1%) және басқа табыстар 287,1 мың (3,7 %). Біреудің табысы арқылы күн көретіндер 3889,3 мың әйел (50,2 %), оның ішінде қалалықтар 2006,3 мың (45,0 %), ал селода 1883,0 мың (57,2 %). Әйелдер арасында некеге отырғандар 3140,7 мың адам (55,6 %). Кейінгі жылы некеге отырушылардың пайызы 4,8-ге кеміп кетті. Олардың жас мөлшері 15-49 жас аралығы. Ажырасқандар саны 461,6 мың әйел (8,1 %), некеге отырмаған әйелдер саны 1219,5 мың (21,6 %). Жесір әйелдер санының өскені байқалады, олардың мөлшері 14,3 %-ден 14,7 %-ге өсіп 830,9 мың адам. Бала көтеру жасындағы жесірлер саны өсіп ол 1,1 пайызға артты [9].

Қорыта келгенде, еліміздегі халықтардың әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына әсер ететін осы республикада болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулар. Ол аймақ жалпы дамудан шет қала алмайды. Халықтың қазіргі кезеңдегі дамуынан олардың жасының «кәріленуін» көруге болады, яғни ол көбінесе басқа ұлт өкілдеріне сай келеді. Ал негізгі тұрақты халықтар қазақтар жасы жағынан жастар және балалар. Осының өзінен егер мемлекет келешекте халықтың экономикалық жағынан дамуын жақсартса елдегі демографиялық жағдайды дамытуға мүмкіндік бар деп айтуға болады.

Жалпы ел аймағындағы халықтардың әлеуметтік- демографиялық дамуына әсер ететін жағдайдың бірі ол халықтардың білім деңгейі. Жетісу аймағы халықтың ең тығыз орналасқан, ірі өнеркәсіптер мен ғылым- білім орталықтарының шоғырланған жері. Екінші астана Алматы қаласының өзіндегі ірі ғылыми зерттеу институттары мен білім ордалары және мәдени орталықтар жоғары білімді мамандар даярлауға жан-жақты мүмкіндіктер берген. Ел өңіріндегі жергілікті ұлт өкілдерінің өзі сыртқы жақтарға көшіп кеткен маман кадрлардың орын ауыстыра алу мүмкіндіктеріне ие болу үшін қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Бірақта кейінгі кездегі еңгізілген білім саласындағы ақылы оқу жергілікті ұлт өкілдерінің білім деңгейінің төмендеп кетуіне қауіпті жағдай туғызама деген қауіпте жоқ емес.

Экономиканың тұрақтылығы мен дамуы, халықтың материалдық жағдайының жақсаруы, қазақстандықтардың рухани жағынан дамуы-халықтың демографиялық жағынан дамуының негізі болып табылады. Оған әсер ететін факторлар қатарына Қазақстан мемлекетінің сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, саяси және ұлттар арасындағы тұрақтылықты сақтау. Қазақстандағы өнеркәсіп орындары жаппай іске қосылып, жұмыссыздық жойылып, халықаралық қоғамдастықтағы тең құқықтық рөлге ие болғанда елдегі жалпы демографиялық жағдай да жақсарады. Еліміз егемендігін алған жылдар ішінде Елбасының жүргізіп отырған кемелді саясатының арқасында еліміз әлемдік аренада белгілі болды. Елдің экономикалық және әлеуметтік дамуы артып сырттан инвестицияны қарқынмен кіргізіп отырған елдер қатарына қосылды. Еліміздің экономикалық-саяси және әлеуметтік дамуына Жетісу өңірі, оның ішінде Алматы қаласы ерекше үлес қосып келеді. Экономикалық және мәдени орталық ретінде дами отырып халықты жұмыспен қамту жағынан да алдыңғы орында, сонымен қатар еліміздегі туризмнің дамыған аймағы ретінде өз келешегінен көп үміт күттірері сөзсіз.

1 Миграция и новые диаспоры в постсоветских государствах. - М., 1996.

2 Программа демографического развития Республики Казахстан на 2001-2005 годы // Официальная газета №46 (47), 17 ноября 2001. - 4 с.

3 Вагнер С. Казахстан 1996: общественность, теряющая терпение, ждет реальных реформ. Вашингтон, Алматы, 1997. Садовская Е.Ю. Внешняя миграция. - С.60, 61.

4 Климова Т. Тенденции миграционных процессов в Республике Казахстан (социологический аспект) //Центральная Азия и Кавказ. № 3/15/, 2001. - С.206, 208.

5 Садовская Е.Ю. Страна теряет населения. //Жизнь национальностей. 3-4, 1998. - 6 с.

6. Абдусаматов Г.С. Становление и развитие рыночных отношений в республике Таджикистан. - Душанбе, 1996. - С.10-16.

7 Актуальные вопросы географии Таджикистана. - Душанбе, 1990. - С.8-9.

8 Артыкбаев Ж. Казахское общество: традиции и инновации. – Караганда: “Полиграфия”, 1993. - С.8-14.

9 Бабаев А.Г., Дроздов Н.Н., Зонн И.С., Фрейкин З.Г. Пустыни. - М., 1986. - 33 с.

Резюме

Основным повествованием данной статьи является проблема занятости населения Жетысуского (Семиреченского) региона в 90-е годы XX века.

XX-ғасырдың басындағы дүниежүзілік соғыс, төңкерістер, Азамат соғысы Қазақстанның дамуына ауыр зардаптарын тигізді. Құрғақшылық, жұқпалы ауырулар өрістеп тұрған жағдайда Қазақстанда денсаулық сақтау, соның ішінде Ана мен баланы қорғау шараларын іске асыру баяу жүрді.

1920 жылы Түркістан Денсаулық ХК-ның балалар денсаулығын қорғау бөлімі жанынан Ана мен баланы қорғау (АБҚ) бөлімшесі ашылды. Жергілікті жерлердегі денсаулық сақтау бөлімінде ана мен баланы қорғау секциялары құрылды. Түркістан Республикасы ХКК-нің ана мен баланы қорғау жұмысы жайлы №102 бұйрығын негізге ала отырып барлық облыстық әлеуметтік қорғау және денсау бөлімдеріне: «Емшекте баласы бар әйелдерге жәрдемақыны және босанғанға дейінгі, одан кейінгі жәрдем ақыны әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі, ал балаларды күтуге арналған заттарды АБҚ бөлімі береді», - деген нұсқау хат жіберілді [1].

1920 жылы Перовскі, Новоказалинскі, Түргенде балалар мекемелері ашылғанымен, бірақ жұмыс барлық жерлерде ең басынан дұрыс жүргізілмеді. Ашық түрдегі бала бақша, консультация ашудың орнына, бөбектер үйін ашуда, 3 жастан жоғары балалардың денсаулығын қорғау шаралары мүлдем қарастырылмаған [2]. 1921 жылы Түркістан Өлкесі бойынша 27 балалар үйі (315 төсек) және 5 консультация болса, оның 25 пайызы ашық түрдегі мекемелер еді. Аштықтың салдарынан басқа жақтан келушілер көбейді және де безгек, сүзек эпидемиясының етек алуымен жағдай қиындады, ашық түрдегі мекемелерді жабық түрге айналдыруға тура келді, өйткені өлім 50 пайызға дейін көбейіп кетті. Жергілікті қаржыландыруға өтуге байланысты балалар мекемесі 75 пайызға қысқартылды. Барлық консультациялар жабылды, тек Ташкенттегі консультация, яслилер қалды [3]. Ашыққан аудандардан келген балалар үшін 3 балалар үйін мемлекеттің қарауында қалдыруын сұрап, үлкен қиындықпен оған қол жетті.

1923 жылы Түркістан Өлкесінде барлығы 11 балалар үйі және 1 консультация қалды. Балалар мекемесінің мұндай аздығы халықтың талабын қанағаттандыра алмады және де Түркістанның оңтүстігіне басмаштардың шабуылынан баспанасыз балалар ағылды.

Қазақ АКСР-де Өлкелік ана мен баланы қорғау бөлімі және оның бөлімшелері 1921 жылдың аяғында ұйымдастырылды. [4]. АБҚ ісі тастанды және жетім балаларға арналған жабық түрдегі мекемелерді құрудан басталды. 1922 жылы балалар үйінің саны 33- ке жетті [15]. Алайда оның бірде бірі өз міндетіне сай болмады. Тамақ, күтім, дәрігерлік көмек ең төмен деңгейде болды. Ақмола губерниялық әйелдер бөлімінің есебі бойынша тек 3 жасқа дейінгі балаларға арналған 1 ғана балалар үйі болды, онда өлім 60 пайызға жеткен, балалар үйінің жағдайы өте төмен және гигиеналық-санитарлық жағдай сақталмады [6]. АБҚ мекемелерін құру барысында көптеген қиындықтар кездесті: мекен-жай, құрал-жабдық, мамандар болмады. Халық арасында мекемелердің қажеттігін түсінбеушілер де кездесті.

Соғыстан кейінгі әлеуметтік экономикалық қиын жағдайда бала мен әйелдерді сауықтыру мәселесін тек қана денсаулық сақтау мекемелерінің күшіне сүйеніп іске асыру мүмкін емес еді. Сондықтан Әйелдер бөлімі денсаулық сақтау қызметкерлеріне АБҚ-ды тұрғындар арасында үгіттеуге және ұйымдастыруға жан-жақты көмектесті. Әйелдер бөлімінің белсенділері консультация, бала-бақша ашуға лайықты орындар мен мекен-жайларды қарастырды және оған қажетті мамандар даярлау ісіне кірісті. Өкіл әйелдердің көмегімен Қызыл Крест қоғамының қорынан консультациялар жанынан асханасын ашуға қаражат бөлінді, бала-бақшаға қажетті жабдықтар мен киімдерді өздері тікті. АБҚ мекемелері тұрғындар арасында санитарлық-гигиеналық білімдерді таратумен қатар, әйелдер арасында сауатсыздықты жою, өндірістік және саяси курстарға тартып, таптық санасын оятуға көмектесті. Қазақ әйелдерін оқу және жұмыс кездерінде балаларын бала-бақшаға беруге көндіру онайға түскен жоқ. Сондықтан бала-бақшаға балаларын бірінші болып, белсенді әйелдер әкелді. Балалардың жағдайын жақсы екеніне көздері жеткен соң, басқалар да әкеле бастады.

ДСХК-ның тарапынан ірі губерниялық ауруханалар жанынан қысқа мерзімді акушерлік курстар ашу қарастырылды, негізінен оған қырғыз әйелдерін қабылдау көзделді. Өлкелік Одақ кооперативтік сөрелердің жанынан «Ана мен бала» бұрышын ашу жайлы қаулы қабылданды [7].

ЖЭС кезінде шаруашылық есепке көшумен байланысты денсаулық сақтау жұмысын қаржыландыру өзгерді, мемлекет емес, оны жергілікті шаруашылық, кеңес мекемелері қаржыландыратын болды. Сондықтан балалар бақшасы мен консультациялар саны азайды.

1925 жылы астана Орынбордан Қызылордаға көшкенен кейін Республиканың ХК-ті балалар мекемелерін құрудағы мол тәжірибесін ескере отырып, дәрігер Надежда Мананникованы республикалық АБҚ бөлімінің меңгерушілігіне ұсынды. Қызылордада АБҚ орындарын ашуға әйелдер бөлімінің қызметкерлері А.Назарова, К.Жарлыкамшыева, Г.Байсалықова көмектесті. Қызылордаға барлық орталық мекемелердің көшуімен байланысты бала-бақша, балалар консультациясына мекен-жай табу қиын болды. Өлкелік әйелдер бөлімінің меңгерушісі Н.Арықова, орынбасары Е.Попова, «Әйел теңдігі» журналының редакторы С.Есова АБҚ жұмысын газет, журнал арқылы халыққа жеткізді. АБҚ мекемелерін құруға дәрігер Аққаз Досжанова көп үлес қосты.

1926-27 жылы денсаулық сақтау органдары АБҚ жұмысында жабық түрдегі мекемелерді жабу есебінен ашық түрдегі (балабақша және балалар мен жүкті әйелдерге арналған консультация) мекемелерді жаппай ашу жұмысына бет бұрды [8]. Қазақстан бойынша ашық түрдегі мекемелер (ясли, консультация) 1922 жылы 3 болса 1929 жылы 40-қа жетті, ал жабық түрдегі мекемелер (балаларүйі) 1922 жылы 33 болса 1929 жылы мүлде болмады [9]. Балалар орындарының саны мүлдем жеткіліксіз және оның жұмыстары АБҚ саласында еңбекшілердің жылдан-жылға өсіп отырған талаптарын қанағаттандырмады. АБҚ мекемелер жүйесі негізінен қалаларда, өндірісті аудандарда орналасты және ауыл-селолық жерлерде өте аз ашылды.

Жазғы мерзімде көшпелі халықтарға қызмет ету үшін, жылжымалы консультациялар ашуға шешім қабылданды, оның құрамы дәрігер, бала дәрігері және акушеркадан тұрды. Жылжымалы консультациялар 1926 жылдан бастап, тек жазғы мерзімде ғана жұмыс істеді. Олардың міндеті: балалар мен әйелдердің өмірі мен тұрмысын зерттеп, сараптау және олармен жұмыс істеу түрін анықтау еді. Жылжымалы консультацияларды ұйымдастыруда көптеген қиыншылықтар кездесті, көшпелі өмірге лайық, тез жиналатын жиһаз, құрал - жабдықтар, ыдыс-аяқ, төсек-орын, дәрі-дәрмектер қажет болды. Жылжымалы консультацияларға мыңдаған тіпті одан да көп шақырым жерлерді атпен жүруге тура келді. Олардың құрамында дәрігерлер жетіспеді, сондықтан Ташкент, Саратов, Москвадан шақырылды. Орта білімді қазақ тілін білетін қызметкерлер іздестірді [10]. 1927 жылы - 3, 1928 жылы - 6 жылжымалы консультация болды. [9; 160-п].

Көшпелілер арасында АБҚ жұмысын көшпелі Қызыл Отаулар жүргізді. Олар әйелдер бөлімі мен саяси-ағарту бөліміне қарады, ал денсаулық сақтау бөлімдері оларға акушеркаларды іс-сапарға жіберді және қажетті дәрігерлік құрал-жабдықтармен, дәрілермен, көрме, кітаптармен қамтамасыз етті. Жылжымалы консультациялар мен Қызыл Отаулар халық арасында кең тарады, алайда олар барлық мәселелерді шеше алмады, тұрақты дәрігерлік орындар мен ауруханалар қажет болды.

Отырықшы қазақтар арасында алғашқы 6 бала-бақша тек 1928 жылы ғана ашылды [11]. Осы жылы жоспарлы түрде селолық ясли қызметкерлерін даярлау ісі басталды. Курстарда 108 адам оқытылды. 1929 жылы осындай тағы да 6 курс ашылды. Алайда даярланған мамандар жеткіліксіз болды, жергілікті тұрғындардан даярланған ясли қызметкерлеріне деген өткір қажеттілік туды [10; 60-п].

Қазақстанда АБҚ жұмыстарын жүргізетін дәрігерлер мен педагог мамандар да және жұмысты жүргізуге қажетті қаражат та тапшы болды. Сондықтан АБҚ мекемелеріне басшылық жасайтын

ғылыми орталық ретінде, қазақ тұрғындары арасынан маман қызметкерлер даярлау мақсатында ҚазОК мен ХК Кеңесінің 1928 жылғы 13 ноябрьдегі қаулысында: «Алматы қаласында ғылыми-практикалық мекеме ретінде басшылық жасайтын АБҚ институтын ашу қажет деп есептелсін» - деп көрсетілді [10;69]. Институт әйелдер бөлімінің он жылдығы қарсаңында №1 балалар консультациясы негізінде ашылды.

Республика халқының жартысы әйелдер қауымы болғандықтан жаппай ұжымдастыру нәтижесінде құрылған колхоздарға жұмыс күші ретінде әйелдерді тарта бастады. Олардың жұмыс істеуі үшін бала-бақшалар, дәрігерлік орындар, босанатын үйлер ашу қажеттігі туындады.

Бүкіл одақтық екпінді колхозшылар сиезінде ауылшаруашылық артелі жарғысы қабылданды. Оның 11, 12, 14 тармақтары АБҚ мәселелеріне арналған, яғни балабақшаны қаржыландыру қорын құру, жүкті әйелдерге босанғанға дейін 1 ай, босанғаннан кейін 1 ай демалыс беру, осы берілген уақытқа еңбек күн жазу, ауылдық жерлерде әйелдер босанатын үйлер ашу, оларды акушерлер мен дәрігерлермен қамтамасыз ету қарастырылған. Жергілікті жерлерде ауылшаруашылық артелінің ана мен баланы қорғау жұмыстарының орындалу барысын тексеру жайлы СССР Жер, Денсаулық сақтау және Ағарту ХК-ның 22 қыркүйек 1935 жылғы біріккен бұйрығы шықты. Соған орай 1935 жылы 29 қазанда ҚДСХК-ның шешімімен Өлкелік тексеру штабы, [12,2-п] облыстарда облыстық штабтар құрылды. 37 ауданның 494 колхозы, соның ішінде Батыс Қазақстан облысы бойынша 5 ауданның 42 колхозы және 2 совхозы тексерілді [12;5-п]. Тексеру барысында жарғының 14 тармағы бұзылғаны анықталды. Мысалы, Теректі ауданы, Шевченко колхозында 10 жүкті әйелге демалыс берілмей, жұмыс істеп жүріп, егіс даласында босанған. Босанғаннан кейін де демалыс берілмей, бригадир оларды жұмысқа жұмсаған. «Алғабас», «Ильич өсиеттері» колхоздарында әйелдер жұмыстан босатылғанымен, еңбек күн жазылмағандықтан, әйелдер жұмысқа шығуға мәжбүр болған. [13]

ОҚО-да 32 колхоз тексерілді, Шымкент ауданы Киров атындағы колхозда әйелдер босанғанға дейін тек 1 апта ғана демалысын пайдаланған. Сол ауданның Жетісу колхозында 18 әйелге демалыс берілген, бірақ еңбек күн жазылмағандықтан, олар жұмыс істеуге мәжбүр болған. Шығыс Қазақстан облысында 12 ауданның 105 колхозы, Алматы облысында 56 колхоз тексеріліп, 392 жүкті әйел анықталған. Қарағанды облысы бойынша 12 ауданның 278 колхозы тексеріліп, 2948 жүкті әйел есепке алынған. Оның 1751-не демалыс берілсе, 640-на берілмегені және 1193 әйелге еңбек күн жазылмағаны анықталды. Тельман ауданы «Артықұл» колхозының басқармасы колхозшы әйелге ауруханаға бару үшін көлік бермегендіктен, бөшкелер тиеген арбаға мініп, Қарағандыға барар жолда босанып қалады. «Қызыл дихан» колхозында босанғанына 10 күн ғана болған әйелді жұмысқа жұмсайды. Екі күннен соң қатты ауырып, 3 ай төсек тартып жатты. Осы колхозда демалыс берілмегендіктен, әйелдер босанғанша жұмыс істеген, тіпті екі әйел жұмыс кезінде фермада босанған. Тексеру кезінде кей жерлерде әйелдер босанатын шағын орындар ашылып, кейбір басқа да іс-шаралар іске асырылды. Көпшілік колхоздарда жүкті және емшекте баласы бар әйелдердің еңбек ету жағдайына мүлдем көңіл бөлінбеді. Мысалы, 1-май атындағы колхозда емшекте баласы бар әйелдерді қашық жерге жұмысқа жібергендіктен, баласын күні бойы емізе алмаған [12;6-п]. Мұндай фактілер мұрағат құжаттарында өте көп кездеседі.

Ауылшаруашылық жарғысының АБҚ туралы 11;12;14 тармақтарын тексеру нәтижесінде республика бойынша мынандай кемшіліктер анықталды:

1. Барлық жерлерде балабақшасына берілген тұрақты мекен жайдың жоқтығы белгілі болды, кейбір колхоздарда мекен жай болмағандықтан, балабақшалар жабылып қалған. Барлық балабақшаларда құрал-жабдық, азық-түлік, қаражат жетіспейді, кей жерлерде балалар жерге де жатады.
2. Даярланған балабақша қызметкерлерінің жоқтығы, балалар мен әйелдер дәрігерлерінің, акушеркалардың жеткіліксіздігі анықталды.
3. Жүкті әйелдерге босанғанға дейін 1 ай, босанғаннан кейін 1 ай берілетін демалыс және бұл мерзімге еңбек күн жазу ережесі көп жерлерде бұрмаланған.
4. Жүкті және емшектегі баласы бар әйелдердің еңбек ету жағдайына көпшілік жерлерде дұрыс көңіл бөлінбеген.

КСРО ОАК мен ХКК 1936 жылы 27 маусымда «Абортқа тиым салу, жаңа туған және көпбалалы аналарға материалдық көмек беру, әйелдерге арналған босану үйлерін, бала-бақшаларын көбейту, алиментті төлемеушілерге қылмыстық жазаны күшейту, ажырасу заңына кейбір өзгерістер енгізу» жайлы қаулы қабылды [14]. Осы заң бойынша жүкті әйелдерге берілетін демалыс мерзімі ұзартылып, босанғанға дейін 56 күн, босанғаннан кейін 56 күн және кішісі 5 жастан аспаған, кемінде 7 баласы бар аналарға жәрдем ақы берілетіні айтылған [15]. Көп балалы аналарды анықтап, оларға жәрдем ақы беруде көптеген бұрмалаушылықтар да болғанын мұрағат құжаттарынан көруге болады.

30-жылдардың ортасында АБҚ жұмыстарында 20-жылдармен салыстырғанда ілгерілеушіліктер болды. Бірақ бұл істер жүйелі түрде емес, Партия мен Кеңес өкіметінің қаулысы қабылданған кезде, соны орындау мақсатында науқаншылдық сипатында жүргізілді. Әміршіл-әкімшіл жүйе кезінде жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктері, халықтың пікірі мүлдем ескерілмеді. Абортқа тиым салғанмен, ананың балаға қарауына жағдай жеткілікті жасалмады. Ауруханаларда абортты ашық жасау шектелгенмен, жағдайы, мүмкіндігі жоқ әйелдер, бәрібір жасырын түрде жасап, денсаулығына көп қауіп туғызатыны сөзсіз. Іс-шараны заңның күшімен, күштеу, жазалау арқылы ғана іске асыру мүмкін емес.

Мұрағат құжаттарына сүйенсек, соғысқа дейінгі кезеңде еңбек еткен колхозшы аналар мен олардың балаларына жеткілікті қамқорлық жасалмаған. Партия мен Кеңес өкіметінің қабылданған қаулыларының көпшілігі толық орындалмай, қағаз жүзінде қалып отырды.

1 *ӨРОММ Р- 606-қ, 1-т, 18-іс, 105-н.*

2 *ҚРПМ 1-қ, 1-т, 362-іс, 22-н.*

3. *ӨРОММ Р-40-қ, 1-т, 347-іс, 29-н*

4 *Жакытова А. Развитие семейно-брачных отношений в Казахстане. 1971, с.108.*

5 *Наши сестры. Алма-Ата. 1961. с 169.*

6 *ҚРПМ 139-қ, 1-т, 462-іс, 8-н.*

7 *ҚРПМ 139-қ, 1-т, 1131-іс, 3-н.*

8 *ҚРПМ 141-қ, 1-т, 2396, 160-н*

9 *ҚРПМ 141-қ, 1-т, 2386-іс, 159-н.*

10 *ҚРОММ 248-қ, 1-т, 11-іс, 65-н.*

11 *ҚРОММ 248-қ, 1-т, 41-іс, 41-н.*

12 *ҚРОММ. 5-қ, 17-т, 252-іс, 2-н.*

13 *ҚРОММ 5-қ, 1-т, 48-іс, 1,2-н.*

14 *ҚРОММ.5-қ, 17-т, 413-іс, 1-н.*

15 *ҚРОММ.82-қ, 2-т, 114-іс, 61-н.*

Аннотация

В статье, основываясь на архивные материалы, охарактеризована деятельность Советской власти по защите матери и ребенка в 20-30 годы XX века. Этой работой в основном занимались женотделы при партийных организациях. Трудности были связаны с нехваткой бюджетных средств, недостатком помещений и отсутствием специалистов (воспитателей, детских врачей, акушеров, медсестр и т.д.). Для решения этих проблем был организован Институт защиты матери и ребенка, где проводилась подготовка специальных кадров для этой работы. В отдаленные районы и аулы для оказания помощи женщинам и детям были направлены передвижные консультации и организованы Красные юрты. Здесь проводилась разъяснительная работа по профилактике женских и детских заболеваний, санитарии и т.п.

В годы коллективизации для того, чтобы использовать женский труд, возникла необходимость в увеличении количества родильных домов, медпунктов, детских садов и т.д. В Уставе о сельскохозяйственных артелях был пункт о защите матери и ребенка. Анализ документов, связанных с проверкой, проведенной в 1935 г., показал недостатки и ошибки в этой работе.

Таким образом, в довоенный период мерам по защите матери и ребенка уделялось недостаточное внимание. Постановления партии и советского правительства в основном остались невыполненными.

Ключевые слова: женский отдел, Защита Матери и Ребенка, Красная юрта, институт защиты матери и ребенка.

Summary

In the article, based on archival materials, are characterized activities of the Soviet power for protection of mother and a child in 20-30 years of the XX century. Generally were engaged in this work by the party organizations women departments. Difficulties were connected with shortage of budgetary funds, a lack of rooms and absence of experts (tutors, children's doctors, obstetricians, nurses, etc.). For the solution of these problems was established the Institute of protection of mother and child where were preparation of special shots for this work carried out. Mobile consultations were directed to the remote areas and auls for assistance to women and children and were organized Red yurtas. Here were explanatory work on prevention of female and children's diseases the sanitation carried out.

In the years of collectivization to use female work, there was a need for increase in number of maternity hospitals, first-aid posts, kindergartens, etc. In the Charter about the agricultural artels there was a point on protection of mother and the child. The analysis of the documents connected with the inspection which was carried out in 1935 showed shortcomings and mistakes of this work.

Thus, during the pre-war period the insufficient attention was paid to measures for protection of mother and the child. Resolutions of party and of the Soviet government fully carried out.

Keywords: women's department, protection of mother and child, Red yurtas, institute of protection of mother and child.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ

УДК 9(574) «1904-1905»

РУССКИЙ ПИСАТЕЛЬ В.В. ВЕРЕСАЕВ И КАЗАХ ПУБЛИЦИСТ А.Н. БУКЕЙХАНОВ О РУССКО-ЯПОНСКОЙ ВОЙНЕ (1904 – 1905 гг.)

Урашев С.А. - профессор КазНПУ им. Абая.

Русско-японская война 1904-1905 гг. явилась объектом исследования и изучения ученых различных ветвей деятельности: военные, историки, политики, политологи, публицисты, журналисты, литераторы дореволюционного, советского и постсоветского периода. В данной статье вкратце прослежено отношение русского писателя В.В. Вересаева и публициста казаха А.Н. Букейханова к этой войне.

Ключевые слова: русско-японская война (1904-1905), Вересаев В.В., Букейханов А.Н., причины.

Конец XIX начало XX в. были ознаменованы острейшей борьбой великих держав, по выражению В.И. Ленина «*стремление капиталистов каждой нации к прибыли, к эксплуатации; стремление великих держав к разделу мира и к «порабощению» слабых наций*» [1]. То в одном, то в другом районе планеты возникали конфликты и войны. Войны испано – американская (1898), англо – бургская (1899-1902), русско – японская (1904-1905) и экономический кризис в Европе 1900 года – вот главные исторические вехи мировой истории.

В начале XX в. царская Россия стала узловым пунктом противоречий империализма, центром мирового революционного движения. В России эксплуатация трудящихся монополиями теснейшим образом переплетались с остатками крепостничества и национального угнетения. Тяжелое экономическое положение трудящихся усугублялись полным политическим бесправием. Всё это придавало особую остроту классовой борьбы в России. В стране нарастала народная революция буржуазно-демократического характера.

Господствующие классы России стремились предотвратить революцию победоносной войной на Дальнем Востоке. Авантюристические планы царского правительства в этом регионе пользовались безоговорочной поддержкой реакционных помещиков, надеявшихся в результате войны с Японией получить новые земли на Востоке. Военную авантюру царизма полностью поддерживала также крупная буржуазия. Выполнение заказов для армии и расширение рынков сбыта сулили ей огромные прибыли.

История русско – японской войны 1904-1905 гг. привлекала внимание многих исследователей. Помимо официальных работ в России вышло множество изданий, посвященных рассматриваемым событиям: сборники статей, книги отдельных военных историков. Велика и мемуарная литература. Военные писатели рассматривали в своих произведениях широкий круг проблем, как – то: происхождение, характер и уроки войны, способы ведения вооруженной борьбы на сухопутном и морском театрах, влияние новейших технических усовершенствований на военное искусство [2].

Я же хочу предложить читателям видение этой войны непосредственному участнику кровавой бойни, русскому писателю В.В. Вересаеву (1867-1945) и свидетелю тех событий казахскому публицисту, философу, экономисту, политическому деятелю и пр. пр. А.Н. Букейханову (1870 – 1937). Во-первых, потому что 910 лет тому назад закончилась русско-японская война, во-вторых, 70 лет тому назад скончался Викентий Викентьевич Вересаев и, в-третьих, 145 лет тому назад родился Алихан Нурмухамедович Букейханов. Два крупнейших деятеля Российской империи и Советского Союза, – В. Вересаев и А. Букейханов, – жили и занимались творческой деятельностью, практически в одно и то же время.

Правда, на долю В. Вересаева выпало редкое творческое долголетие: шестьдесят лет проработал в литературе. Он был очень близок к М.А. Горькому, современником В.М. Гаршина и В.Г. Короленко, А.П. Чехова и Л.Н. Толстого. Викентий Викентьевич был и нашим современником, современником М.А. Шолохова, А.Т. Твардовского, Л.М. Леонова. Он был свидетелем краха народничества, трех русских революций, русско – японской, гражданской и Великой Отечественной войны.

Викентий Викентьевич Смилович (Вересаев – это его псевдоним) родился 4/16 января 1867 г. в семье тульского врача, в семье трудовой, демократической, но религиозной. В 1884 году Вересаев

поступает на историко – филологический факультет Петербургского университета. Там, он верит, будут найдены ответы, на многочисленные проблемные вопросы, без которых жизнь, как он утверждал, бессмысленна. Годы 1888-1894 уже кандидат исторических наук В. Вересаев, провел вдаль от центров России – в тихом Дерпте, на медицинском факультете местного университета, куда поступил, чтоб изучить биологическую сторону человека, его физиологию и патологию. Кроме того, специальность врача давала возможность близко сходить с людьми самых разнообразных слоев и укладов. Всё это, по мнению Вересаева, было совершенно необходимо настоящему писателю. Он первым среди крупных русских писателей обратил внимание на движение революционеров – марксистов и поверил в него. В. Вересаеву кажется, что он, наконец-то, обрел истину. А рассказ «Поветрие» (1897) было первой в России попыткой освоить марксизм средствами художественной литературы. И уже в этом огромная заслуга В.В. Вересаева [3].

Алихан Нурмухамедович Букейханов родился в 1870 году в ауле № 7 Токрауынской волости Каркаралинского уезда Семипалатинской области. В 1879 году девятилетний Алихан поступает на учебу в Каркаралинское медресе. Будучи неудовлетворенным ни качеством знаний, ни преподаваемыми дисциплинами Алихан, без ведома отца Нурмухамеда, переходит в начальную трехклассную городскую русско-казахскую школу. Однако отец без возражений дал сыну свое благословение на его самостоятельное решение. После окончания Каркаралинского городского трехгодичного училища, он в 1886 году поступает в Омское техническое училище. Успешно закончив Омское училище он, с 1890 года продолжил свое образование в Санкт – Петербургском Императорском лесном институте, и завершив учёбу в 1894 году получил специальность лесного экономиста.

А.Н. Букейханов – один из немногих ученых, исследовавший жизнь, социально – экономические условия, общественно-политическое положение казахского народа. В течение нескольких лет, то есть (1896 – 1901) работал в составе экспедиции под руководством Ф.А. Щербины, производящей работы в Павлодарском, Каркаралинском, Усть – Каменогорском, Семипалатинском уездах Семипалатинской и Омском уезде Акмолинской областей Степного края, всесторонне исследует его экономическую, хозяйственную структуру, производит перепись населения и его хозяйство, изучает культуру, быт и традиции народа.

Букейханов, как и Вересаев В., поддерживал дружеские отношения со всеми видными представителями казахской литературы того времени и интересовался их творчеством. Ему удалось сплотить вокруг себя таких видных представителей казахской интеллигенции, писателей и поэтов, как Ахмета Байтурсынова, Мир – Якуба Дулатова, Шакарима Кудайбергенова, Макжана Жумабаева, Гумара Карашева, Султанмахмута Торайгырова, Жусупбека Аймаутова, Жиханша и Халила Досмухамедовых и многих других.

А.Н. Букейханов был знаком и с произведениями русских писателей. С любовью читал великие творения А.С. Пушкина, М.Ю. Лермонтова, И.А. Крылова, А.П. Чехова, Д.Н. Мамина-Сибиряка, В.Г. Короленко и др. С особым уважением он относился к Л.Н. Толстому, чьи произведения он считал достоянием мировой культуры, некоторые его произведения перевел на казахский язык.

Нет сомнения в том, что как и Вересаев А.Н., Букейханов был свидетелем народовольческого движения, русско – японской войны, революционных событий 1905 – 1907 гг., февраля и октября 1917 г. в России. Но он не смог быть свидетелем страшной и трагичной не только для советского, но и для казахского народа – Великой Отечественной войны, потому что в августе 1937 года он был арестован в Москве и заключен в Бутырскую тюрьму. По обвинению в «Возглавлении контрреволюционной борьбы против Советской власти и установлении связи с руководителями террористического центра в Казахстане и Москве». 27 сентября 1937 года Военная коллегия Верховного суда СССР приговаривает Алихана Нурмухамедовича Букейханова к высшей мере наказания. Приговор был приведен в исполнение в тот же день [4].

Итак, война между Россией и Японией по всем канонам была неизбежна и она началась. Вересаев по этому поводу писал: *«Япония прервала дипломатические отношения с Россией. В порт – артурском рейде, темною ночью (в ночь на 27 февраля /9 февраля/ 1904 г. – С.У.), среди мирно спавших боевых кораблей загремели взрывы японских мин. В далеком Чемульпо, после титанической борьбы с целю эскадрою погибли одинокие «Варяг» и «Кореец»... Война началась. А до начала военных действий «полгода тянулись чуждые всем переговоры об очищении русскими Маньчжурии, тучи скоплялись всё гуще, пахло грозою. Наши правители с дразнящею медлительностью колебались на весах чаши войны и мира. И вот Япония решительно бросила свой жребий на чашу войны. Русские газеты запестрели патриотическими призывами, воинственными лозунгами, обвиняя японцев в*

адском вероломстве и азиатском коварстве, которые якобы без объявления войны напали на Россию» – писал В.Вересаев [5]. Букейханов, будучи патриотом своего Отечества, внимательно следил за событиями, которые предшествовали началу и ходу войны, и, как бы продолжая мысль Вересаева, в своей статье «Что думает о войне туземное простонародье?» писал: «Прошло уже 1,5 месяца со дня коварного нападения японцев на флот наш. Весть об этом наподобие грома прошла по всей Русской земле и вызвала сильный подъем народного духа. После первых манифестаций народный патриотизм нашел себе иное, более глубокое выражение, повсюду совершаются молебны, устраиваются комитеты для помощи раненым, больным и семействам, потерявшим кормильцев; широкой и могучей волною текут пожертвования. Повсюду крепнет надежда на успех нашей победоносной армии» [6].

Из-за чего началась русско-японская война, большая часть населения России не знало, – писал Вересаев. Но, несмотря на это в некоторых городских центрах России происходил отдельный бессознательный патриотический подъем. В частности, до и после каждого спектакля в Большом театре Москвы зрители требовали от артистов исполнять гимн. По ходу спектакля, он исполнялся один, а порой и три раза. По этому поводу, используя выдержку из тогдашней с патетичным оттенком газеты, Вересаев писал: «в обществе замечается все больший подъем патриотических чувств; вчера во всех театрах публика дружно требовала исполнения гимна не только в начале спектакля, но и перед последним актом».

Патриотическая пропаганда внутри России порой доходила до хамского содержания. В витринах магазинов пестрели лубочные (дешевые массовые издания в дореволюционной России – С.У.) картинки. На одной из них «огромный казак со свирепо ухмыляющеюся рожею сек нагайкой маленького, испуганного вопящего японца; на другой картинке живописалось, как русский матрос разбил японцу нос, – по плачущемуся лицу японца текла кровь, зубы дождём сыпались в синие волны. Маленькие «макаки» извивались под сапожищами лохматого чудовища с кровожадною рожею, и это чудовище олицетворяло Россию» [5, с. 5-6].

Как же относятся к переживаемому нами историческому событию туземцы наши? – неслучайно таким вопросом задался А.Букейханов. «Неужели они не сочувствуют общему отечеству, ... неужели они не понимают, как тесно связана судьба их с судьбами великой русской нации? Мы отнюдь не желаем упрекать туземцев Туркестанского края и охотно верим, что за спасения Царя и отечества они не пощадили бы ни имущества, ни жизни. Тем не менее, нельзя не отметить, что большинство туземного населения края имеет о войне крайне смутные и даже нелепые представления. Туземная масса не знает того, где происходит война, ни того, с кем она ведется, – ни того, что послужило к ней ближайшим поводом». Как то проезжая на конке из одного населенного пункта в другой, Букейханов стал невольным слушателем рассказа одного довольно образованного казаха о тех событиях, которые происходили на Дальнем Востоке. Букейханов был поражен абсурдностью повествования местного грамотея о причинах и ходе войны, что решил изложить его рассказ в подлиннике. Мы делаем то же самое, чтобы ещё раз убедить читателей в том, что простой народ российской империи так и не понял, за что и почему идет русско – японская война. (Пересказ изложен без купюр). «Далеко – далеко от сюда, за Китаем и Индией, есть большущий океан; там есть ряд островов под названием Джава* (Ява. прим. ред. Жители этого острова называются у наших образованных туземцев «явои»). Жители этих островов – м у с у л ь м а н е, последователи имама Шафеи. Ежегодно они тысячами ездят в Мекку и Медину, чтобы посетить святые места. О н и и с т и н н ы е м у с у л ь м а н е, живут мирно; народное образование поставлено у них хорошо.

У них имеется великолепное войско, снабженное скорострельными орудиями. Страна их богата золотом, серебром и другим добром. Они имеют сношения с материками посредством кораблей и потому владеют прекрасными судами. Живя недалеко от русской границы, они представляют заманчивую страну; поэтому раньше наш Царь снаряжал флот, чтобы завоевать их владение, но это не удалось по неизвестной причине. В нынешнем году Царь ещё раз задумал отправить войска, и во что бы то ни стало завладеть островами Джава. Жители, узнав об этом, сами напали на русский флот ещё не подготовленный к войне. Такой поступок их сильно возмутил нашего Царя, и он двинул большую армию наказать их совершенным уничтожением их самостоятельности». Слушатели верили и простодушно дивились, что существует, где то на островах мусульманское государство, дерзающее даже на Белого Царя. Вот такое нелепое представление имеют о войне некоторые из наших туземцев, с сожалением заключил, услышанное Букейханов [6, с. 140].

Но война продолжалась и складывалась не в пользу России. «Японцами – макаками» был разбит многочисленный тихоокеанский русский флот, да и на суше русские терпели поражение за поражением. Хотя тогдашние газеты писали, *«что победы японцев в горах неудивительны, – они природные горные жители; но война переходит на равнину, мы можем развернуть нашу кавалерию, и дело теперь пойдет совсем иначе»*

В чем причины столь трагического неуспеха русской армии в войне с Японией? Причин был несколько, но отметим только те, которые выдвинули В.В. Вересаев и А.Н. Букейханов.

Прежде всего, *отсутствовала идея* (курсив наш – С.У.), за которую должны были отдать свои жизни, шедшие на фронт солдаты и офицеры. Вересаев устами одного своего персонажа – штабс-капитана выразил такую удивительно точную мысль о неудачах русской военщины: *«Японские офицеры отказались от своего содержания в пользу казны, а сами перешли на солдатский паёк. Министр народного просвещения, чтобы послужить родине, пошел на войну простым рядовым. Жизнь свою никто не дорожит, каждый готов всё отдать за родину. Почему? Потому что у них есть идея. Потому что они знают, за что сражаются* (выделено нами – С.У.). *И все они образованные, все солдаты грамотные. У каждого солдата компас, план, каждый даёт себе отчет в заданной задаче. И от маршала до последнего рядового, все думают только о победе над врагом. И интендантство думает об этом же»* [5, с. 27].

Во-вторых, шло откровенное моральное разложение русского солдата, который не хотел и не желал отдавать свою драгоценную жизнь за ни за что.

Империалистическая по своему характеру война развращала русского солдата. Поощряемые командирами, они превращались в мародеров, грабителей, насильников. Как писал Викентий Викентьевич: *«буйные толпы призванных солдат шатались по городу, грабили прохожих и разносили казённые винные лавки. Они говорили: «Пускай под суд отдадут, – всё равно помирать!»*. *Вечером за лагерями солдаты напали на пятьдесят возвращавшихся с кирпичного завода баб и изнасиловали их. На базаре шли глухие слухи, что готовится большой бунт запасных»* [5, с. 15]. Продолжая ту же нелюбимую мысль о деградированной части русских солдат, Вересаев с горечью писал: *«В солдатских вагонах шло непрерывное пьянство. Где, как доставали солдаты водку, никто не знал, но водки у них было сколько угодно. Днём и ночью из вагонов неслись песни, пьяный говор, смех. При отходе поезда от станции солдаты нестройно и пьяно, с вялым надсадам, кричали «ура», а привыкшая к проходящим эшелонам публика, молча и равнодушно смотрела на них... Солдаты буйствовали, громили железнодорожные буфеты и поселки. Дисциплины было мало, и поддерживать её было очень нелегко. Она целиком опиралась на устрашение, – но люди знали, что едут умирать, чем же их было устроить? Смерть – так ведь и без того смерть... По великому сибирскому пути, на протяжении тысячи верст, медленно двигался огромный, мутно – пьяный, безначально – бунтовской поток... На возвращавшихся войсках, можно было видеть, что такое подлинная анархия»* [5, с. 19, 21, 262-263].

В – третьих, военное начальство занималось добыванием наград и наживой. Они откровенно грабили материальные ресурсы, предназначенные для фронта и войны. Так, главный врач госпиталя, в котором врачевал Вересаев, крал, по его мнению, всю, но он и зрители заботились как о команде, так и о лошадях. Что же касается главного врача соседнего госпиталя – Султанова, то он открыто воровал, фабриковал документы, и не заботился решительно ни о ком. *«Пища у солдат была отвратительная, жили они в голоде. Обозные лошади казались скелетами, обтянутые кожей. Офицер – смотритель бил солдат беспощадно. Они жаловались Султанову. Султанов накричал на солдат.*

– Не знаете порядка? Вы должны передать мне ваши жалобы и претензии через смотрителя!

По удивительным военным правилам, если кто-то жалуется на своего начальника, то он свою жалобу должен был подавать ему же. В данном случае наиболее смелые солдаты отправились к смотрителю, изложили свои претензии на него и попросили передать эти претензии дальше.

– Вот вам претензии! Вот вам «дальше!» – ответил смотритель и нагайкой избил жалобщиков» [5, с. 19, 21].

В – четвертых, оперативно – тактическая и стратегическая неподготовленность русской армии к ведению боевых действий в сложных условиях, бездарность и продажность царских генералов, непопулярность войны у всех слоев населения.

Алихан Букейханов внимательно следивший за ходом военных действий русской армии в русско – японской войне, со всей присущей ему жесткостью, не мог не отметить следующее: *«Восемнадцать*

месяцев лилась кровь наших братьев на полях **чуждой нам Манчжурии** (выделено нами – С.У.). Россия была вовлечена в несчастную войну кучкой авантюристов, истых детей приказного строя. Они, маскируя личные свои интересы науков отечества, выкинули знамя борьбы будто – бы за честь родины, которую никогда не любили, а всегда эксплуатировали. В настоящую трудную минуту, эти негодяи сбежали за границу и там устроились, благодаря наворованному ими из казны золоту» [7].

В царской России все культурно-просветительные, благотворительные и другие общественные организации возглавляло первое лицо: генерал-губернатор генерал-губернаторства, военный губернатор области, уездный начальник уезда, а их жены были попечителями этих обществ. Супруга генерал-губернатора Западной Сибири Сухотина Н.Н., будучи председателем попечительства о семьях раненых поспешила превратить казахов в поборников русско – японской войны. Казахи, как писали крестьянские и уездные начальники, «не ограничивались пожертвованиями, а составляли «добровольные» приговоры в которых обязывались вносить в кассу попечительства известную сумму по 2 тысячи, сумму, за все время, пока нас будут бить японцы» (курсив наш – С.У.). Никаких официальных бумаг по добровольным приговорам ни один казах не подписывал, это были лживые бумаги лжецов, которые хотели превратить казахов в фальшивых «патриотов», а тем самым и в бунтовщиков. По этому поводу Букейханов жестоким языком публициста резюмировал: «это была ложь, созданная в Казахской степи её палачами».

Русско – японская война тяжелым бременем легла на плечи трудящихся масс империи. Она стоила народам обеих государств больших жертв. Россия потеряла около 270 тысяч человек, в том числе более 50 тыс. убитыми. Потери Японии исчислялись в 270 тыс. человек, включая более 86 тыс. убитыми. Поражение России в этой войне было одной из причин, которое способствовало быстрому нарастанию революционного кризиса. В январе 1905 г. в России началась революция [2, с. 365 – 366].

В октябре в Москве произошла крупнейшая забастовка, которая охватила всю страну и переросла во Всероссийскую октябрьскую политическую стачку. 12-18 октября в различных отраслях промышленности бастовало свыше 2 млн. человек. Царский трон зашатался. Революция заставила Николая II пойти на уступки и подписать 17 октября Манифест: «Об усовершенствовании государственного порядка», первый пункт которого провозглашал: *Даровать населению незыблемые основы гражданской свободы на началах действительной неприкосновенности личности, свободы совести, слова, собраний и союзов.*

Букейханов был свидетелем тех событий, которые происходили в Омске после принятия царского Манифеста. Жители города вышли на мирную демонстрацию, чтобы выразить свою радость по поводу дарованных свобод. 19 октября генерал – губернатор Н.Н. Сухотин, по требованию манифестантов спустил свой флаг, но буквально через десять минут напустил на них же два отряда казаков, которые с жесткостью рубили гимназистов и гимназисток. «Храбрыми казаками были ранены два солдата, рабочий, учитель и ещё несколько лиц». Наблюдая за злобными деяниями казаков Букейханов с горечью произнес: «Казаки, казаки, что вы скажете своим детям, когда они вас спросят, почему вы осквернили ваше доброе имя, исполняя роль палачей?» [7, с. 363] Сам же Сухотин охранял собственную особу, которой никто не угрожал, восьмью ротами солдат и несколькими сотнями казаков, – писал Букейханов, испытывая чувство ненависти к правящей элите. [8]. Русско – японская война завершилась полным поражением России. Война обнаружила полную непригодность флота, его материальной части и личного состава, а в сухопутной армии целый ряд глубоких изъянов: отсутствие знаний, произвол и бюрократический формализм высших чинов, а вместе с тем подавленность рядового офицерства, лишённого подготовки, инициативы. Василий Осипович Ключевский, – крупнейший русский историк, – внимательно следивший за ходом военных действий и неудачами русской армии и флота в русско – японской войне, 7 апреля 1904 г. не без иронии, записал в свой дневник: «После Крымской войны русское правительство поняло, что оно никуда не годится; после болгарской войны и русская интеллигенция поняла, что ее правительство никуда не годится; теперь в японскую войну русский народ начинает понимать, что и его правительство, и его интеллигенция равно никуда не годятся. Остается заключить такой мир с Японией, чтобы и правительство, и интеллигенция, и народ поняли, что все они одинаково никуда не годятся, и тогда прогрессивный паралич русского национального самосознания завершит последнюю фазу своей эволюции» [9]. Таков плачевный исход русско – японской войны (1904-1905) для России.

1 Ленин В.И. Первый шаг. Полн. собр. соч., т. 27 (август 1915 – июнь 1916). – М.: Издательство политическая литература, 1969. – С. 38. 644 с.

2 История русско – японской войны (1904 – 1905 гг.) – М.: Издательство «Наука», 1977. – С. 3-4, 35. 383 с.

3 Бабушкин Ю. В. Вересаев (1867-1945). В кн.: В. Вересаев. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. – М.: Библиотека «Огонёк» издательство «Правда», 1961. – С. 3 – 43. 479 с.

4 Базарбаев М., Аккулыулы С. Алихан Нурмухамедулы Букейхан. В кн.: Алихан Букейхан. Избранное. Научные исследования, труды на казахском и русском языках: монографии, статьи, речи, доклады, стихи, переводы, письма. – Алматы: Главная редакция «Казах энциклопедиясы», 1995. – С. 30 – 43. 478 с.

5 Вересаев В.В. На японской войне. Записки. Собр. соч. в пяти томах. Т. 3. – М.: Библиотека «Огонёк». Издательство «Правда», 1961. – С. 3. 495 с.

6 Букейханов А.Н. Что думает о войне туземное простонародье? Туркестанские ведомости. 1904. №30 (2266). 9 марта. – С. 140.

7 Букейханов А.Н. Всё тайное станет явным. Алихан Букейхан. Полн. Собр. соч. Т. II. На казахском и русском языках монографии, исследования, статьи, литературные переводы. 1904 – 1906. (Омск – Каркаралы – Санкт – Петербург – Омск). – Астана: Издательский дом «Сары – Арка», 2009. – С. 362. 565 с.

8 Букейханов А.Н. К истории октябрьских дней в Омске. Алихан Букейхан. Полн. Собр. соч. Т. II. На казахском и русском языках монографии, исследования, статьи, литературные переводы. 1904 – 1906. (Омск – Каркаралы – Санкт – Петербург – Омск). – Астана: Издательский дом «Сары – Арка», 2009. – С. 344 – 345. 565 с.

9 В. О. Ключевский Дневник 1901-1910 гг. Ключевский В. О. Сочинения. В 9 тт. Т. IX. Материалы разных лет. – М.: "Мысль", 1990.

Түйіндеме

1904-1905 жылғы орыс-жапон соғысы әр түрлі сала ғалымдарының негізгі зерттеу объектісі болды: әскерилер, тарихшылар, саясаттанушылар, публицистер, журналистер, төңкеріске дейінгі, кеңестік, кеңестік кезеңнен кейінгі әдебиетшілер. Аталмыш мақалада орыс жазушысы В.В. Вересаев пен қазақ публицисті Ә.Бөкейхановтың осы соғысқа қатысты зерттеулері қысқаша қарастырылған.

Тірек сөздер: орыс-жапон соғысы (1904-1905), Вересаев В.В. Ә.Бөкейханов, себептері.

Summary

Russian-Japanese War of 1904 - 1905 was the object of study and research for scientists from different fields: military, historians, politicians, political scientists, writers, journalists, writers of the pre-revolutionary, Soviet and post-Soviet periods. This article briefly traced the attitude of the Russian writer V.V. Veresaev and the Kazakh journalist A.N. Bukeikhanov to this war.

Keywords: Russian - Japanese War (1904-1905), Bukeikhanov A.N., Veresaev V.V., reasons.

ӘОЖ 9(584)

ШОҚАН МЕН АБАЙ ХАҚЫНДА СӨЗ

Қайсар Құсайынұлы - *Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры*

Мақалада қазақтың ғалымы және ойшылдары Шоқан және Абай шығармалары негізінде өскелең ұрпаққа, соның ішінде жас жауынгерлер мен әскери кадрлар бойында қазақстандық патриот сезімін ояту жайында сөз болады. Сондай-ақ Абай шығармаларындағы отаншылдық жөнінде де кеңінен талданады.

Тірек сөздер: Шоқан, Абай, рухани мұра, патриот.

Шоқан мен Абай тану мәселесі ұлтымыздың рухани өміріндегі толастамайтын мәдени саясаттың мүдделі және күре тамырлы бағыты; алдағы уақытта да осылайша қала бермек. Бұл мәселе, қазақстандық өскелең ұрпаққа алдымен тәрбиелік, танымдық және тағылымдық тұрғыдан маңызды.

Абай, шығармаларын түсініп оқу және тоқу арқылы өзін жастай таныған ұрпақ, алдағы биік – мұратқа жетеді. Қазақ жазушысы Мұхтар Әуезов туралы: «Мұхтар Әуезов – бүкіл түркі халқының әлемдік мәдениетке қосқан ұлы үлесі» - деген Шыңғыс Айтматов білдірген пікірі өміршең десек, оны сәл өзгертіп: «Абай – мұқым көшпелілер мәдениетінің әлемдік рухани қазынаға қосқан ұлы үлесі» - деп айтуға әбден болады.

Өйткені, Абайдың өмірі мен шығармасы – көшпелі өмір мен отырықшы өмірдің арасында тіршіліктің, танымның, мәдениеттің, салт-сананың, рухани өмірдің, заң мен дәстүрдің, билік пен қоғамдық қайшылықтың, тұрмыстың, көзқарастың алмағайып арбасқан тұсының шынайы көрінісін айқындайды.

Абайдың шығармаларындағы ұлы тоғыс пен толғаныстары өз алдына жеке әңгіме, оның жеке өмірінің өзі ірі-ірі рухани және дүниеауи қасіретке толы болды. Абай көшпенді өмір мен капиталистік қоғамдық қатынастардың қақтығысып «бір заманды екінші заман илемек болып»

жатқан тұста өмір сүргендіктен де – бүкіл болмыс-бітімі мен ойлау жүйесі «дәстүрлі қазақ пен дәстүрлі ақындардан» мүлдем бөлекше тұрды.

Абай өзінің тіршіліктегі характері арқылы еркін елінің ең жайлаудан айырылып, патшалы Ресейлік отарлық бұғауға түсіп, көшпелі өмірдің бодандықта булығытынына көзі анық жетті. Әсіресе, ұлтының «Жан бостандығының тұншыққаны» оған қатты батты.

Абай көшпелі заманның соңғы, жаңа низамның алғашқы ойшыл тұлғасы болды. Сондықтан да оның шығармаларындағы жан күйзелісі қазақ халқының қасіреті мен рухани дүниесінің айнасына айналды.

Абай өзінің «заманды заман билеп» жатқан тұстағы арпалысты сезімін ақылына суарып, өткен мен жаңаның арасындағы құбылыстарды тең байқап, оны шығармаларына өзек етті. Оның еңбектеріндегі жан күйзелісінің, «жүрегінің басына у мен дерттің толуының» және:

«...Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың» –

деуінің запыранды қыжылы осында. Абай – екі өмірдің де Уы мен Балын қанып ішті. «Ішім толған у мен дерт, сыртым дүрдей» - деуінің өзі сондықтан. Ұлылардың құлыптасының қасиеттілігі сонда, олар халықтың ұлттық санасына үнемі жан бітіріп отырады. Ойшыл Абай өзінің туындылары арқылы қазақ ұлтының «бас-басыңа би болған... өңкей қиқым» мүдделерінің басын қосып, ұлттық тұтас мақсатқа айналдырды. Сол арқылы жол көрсетті. Әрқайсымыздың «жүрегімізге үңіліп», «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп, «біріңді қазақ – бірің дос, көрмесен істің бәрі бос» - деп рухымызды тұтастырып, мүддемізді біріктіріп кетті. Абайдың қазақ халқының алдындағы ұлы қайраткерлігінің бір сарасы осы.

Дәстүрлі Қазақ көші құрдымға кеп тірелді. Енді бір аттаса – тарихтың шыңырауына құлап, діні де, тілі де, салт-дәстүрі де, ойлау жүйесі де, күнкөріс қам- қаракеті де, түрі мен киімі де, билік пен заң жүйесі де, тәлім-тәрбие ғұрпы да құрып, Басыбайлылық пен кіріптарлық жылымы жұтып қоюға әзір тұр еді. Өйткені, Жаһангер Жаһил Империя – патшалы Ресейдің саясаты, ұлттық идеологияны алға тартып: «Егер мемлекеттің мүддесі қажет ететін болса – онда қазақтарды құрбандыққа шалуға ешкім қарсы болмайды» деген қомағайлық пен қорқау пиғылға негізделген болатын. Яғни, Өзінің қандастарын – «басыбайлы шаруаларды еркіндікке шығара отырып, оның есесіне «Азияның қақпасы» (Петр I сөзі) – қазақ даласын толықтай Басыбайлы бейшараға айналдырып, қазақтарды шоқындыру еді, егер оған көнбесе – «үлгі үшін әскери серуен жасап», оларды жер бетінен бүтіндей жойып жіберу еді. Жаһил Жаһангерге – ел емес, жер керек болатын. Міне, Абай алға тартқан патшалық ұлттық идеология ресми құжатталып, заң күшіндегі тарихи дереккөз құжатқа айналды. Ресей мемлекеттік мұрағат (СПб, Москва, Қазан, Орынбор, Омбы – Қ.Қ.) қорларында сарғайып сақталған империялық орыс үкіметінің документ материалын көтеріп, ашып оқысаңыз, біздің Абай айтқан ой-тұжырымдар бастауы мен тарихи болмысына күмәнсіз ой тұшыммен көз жеткізетін боласыз. Тек зерделеп, сараптай пайдалансақ.

Осы тұста бір дерек келтірейік. Қазақ даласын жаугершілік әскери қазақтар отрядтары арқылы басып алған Ресей үкіметі қазақ көшпелілерінің жайылымдық жерін отарлаудың жоспарын жасады. XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы жоғарғы биліктегі сұрқия саясаткер граф Нессельрод Николай I патшаға: «Өкіметтің шекарадан тыс жерге көз тігудегі басты мақсаты – егін егетін жерді игеру... Ол үшін: қазақтардан көшіп жүрген мекендерінен кетіп, жерді тазартуын талап ету керек» - деп жазды.

Сөйтіп, ырық, жігер, қайрат, билік, заң, мұқым ел – жатқа, жаттың ырқына тәуелді күй кешті. Себебі, қанша ұмтылсаң да сенің еңбегің еш болмақ. Қазақтың рулық тұтастығы жойылды. Ырду, дырдуы күшейіп, Берекесі кетті. Қазақ халқын айламен, аярлықпен алдарқата отырып, орыс дінімен шоқындыру, оған көнбесе қызыл қырғынға батырып, «крест жорығын» жасау туралы 1891 жылғы және 1902 жылғы Архирей басқармасының хаты жарияланды. Осынау ресми құжаттық материалмен Абай таныс еді. Абай рухани сәйкессіздікті өлеңдерінде де, кара сөздерінде де ашына айтты. Ұрысса орыс, Елге болыс, Үйден үрген ит құсап – шыға келетінін Абай өзінің «етекбасты» өмірінде күнде көрді. Ол отаршылдық биліктің ғұнсырлығына барынша жеккөрініштілікпен қарады. Жатқа да, жақынға да ескерте кететін жай: біздің пікіріміз ешқашанда орыс ұлтына қарсы бағытталмаған. Отаршыл империялық жүйеге деген қарсылық. Ол жүйе ең алдымен орыс ұлтының дамуын тежеп, орыс тарихын сергелдеңге салып, орыс ұлтының тағдырына кесірін тигізді. Сондықтан да шам көріп, шамкөстік таныту – өз тарихын сыйламау болып табылады. Ал, отаршыл саясатты ешкім де ақтай алмайды. Абайдың тағдыры мен тауқыметті толғаныстарының тамырын өзі өмір сүрген заманынан,

отаршылдық езгіден бөліп алып қарау мүмкін емес. Осы уақытқа дейін Абайдың зарға толы өлеңдерін бай мен болысқа ғана қаратыла айтылған, орыстың шенеуніктерін ғана әшкерелеген деп бағалап келдік. Шындығына сайғанда, Абай өзінің тарихи мәні мен маңызы зор туындылары арқылы патшалы Ресейдің отаршылдық пиғылын, құлдыққа айналдырмақ болған құлқын қолқасымен суыра әшкереледі. Әйтпесе, Орыс айтты: «... Өзіңе ерік берем деп,

Кімді сүйіп сыйласаң бек көрем деп.
Бұзылмаса оған жұрт түзелген жоқ –

деп еріккеннен айтты дейсіз бе? Ол толғана жүріп түнілді, түңіле жүріп толғанды, ақыры – торықты. Абайды торықтырған «барымта мен партияның» «мастығы», «апиыншысы» (құмар) болған «сыпыра елірме» («белая горячка»), сұрқия («провакатор») болған елі және... елін солай мәңгірттендірген Жаһангер Жаһил – Империяның басыбайлы отарлау пиғылы! Сол пиғылдан арылу нысанасын ұстана алмаған, барымта мен партияшылдық пен мастығы, құмарлығы басым болған халхқына қарата: «Қалың елім қазағым, қайран жұртым... деп, ой кешкен Абайдың туғанына биыл 170 жыл толды, ал жарық дүниеден Абай өткеніне биыл – 111 жыл болды. Осы уақыт ішінде қанша ұрпақ өсіп өркен жайды...

Абай – кемел ойдың кемеңгері. Сонымен айтпақ ойлы сөзімді мынадай сұрақтармен түйіндесем деймін. Абайдың рухани мұраларына деген тәнтілігіміз арттыма, жаңаша ойлауға, жаңаша көзқараста қазақи танымды, түйсігімізді кеңейтті деп айта аламыз ба?!...

Жалпы қазақтың дерті бір дерт болған ғой, бүгін абайлап қарасақ, елдегі қазақтың дерті оқыған азаматтарынан да арылмаған секілді. Қазақ азаматтарының әлденеше тобында болдым, талас шықсақ табымен бөлінеді. Ол баяғы елдегі біздің науқасымыз, қастықпен бөлінсе аралас болып, ата жігі көрінбес еді.

Осы жерден Шоқан іліміне аздап тоқталсақ.

«Қазақтың ұлы қозғаушы күші атаққұмарлық, барлық бостандықты құрбандыққа шалды» (Шоқан Уәлиханов). Шоқан Омбыда кадет корпусына түскен, оқыған кезеңде Ол қазақ, қырғыз және басқа халықтар тарихы мен әдебиетін оқып, білу арқылы танымды кеңейтуде мақсатты, саналы түрде дайындалады, ойға беріледі. Алғаш рет, 1855 ж., ол генерал. Гасфорт экспедициясының құрамында Орталық Қазақстан, Жетісуды аралайды, кейін сол сапарды өзі жалғастырады. Жас Шоқан Жоңғар қақпасы, Алакөлді, Тарбағатайды тамашалап көреді. Алған әсерін күнделікке жазып, кездескен кәриә, ақсақал адамдардан аймақтың тарихын, шаруашылық, кәсіптерін, табиғи жаратылыс өзгешеліктерін, елдің наным-сенімдерін, салт-санасын сұрап біледі. Қажет мағұлматтар жинап, оларды ғылыми ұстанымдармен салыстырады. Сол ғылым тілінде Орография – физикалық географияның жер бетінің ой-қырын, тау-тасын зерттейтін бөліміне өзіндік мән береді. Бұл жерде сол өзі аралап таныған қазақ жерінің ойлы-қырлы, тау-тасты өзгешеліктерін сипаттап зерттеу мақаласын және кейінде өзі екі ай бойына қырғыз елін аралаған сәттен кейін, Ыстық көлдің картасын сызады, жариялайды. Қазақ, Қырғыз даласында тамаша ғимарат, мұнара және басқадай отырықшы халық тұрмысынан ескерткіш, мекендері болғанына көзін жеткізеді. Тарихи мәндегі материалдық ескерткіштер ерте заманнан сақталып жеткен шындыққа қарсы тұра алмайсың.

Шоқан еңбегінде аса қызықты көне заман жазба ескерткіштері мен сирек деректер молынан беріледі. Мәселен, Шоқан мына: « қазақ рубасылары-батырлар, сұлтаннан кейінгі, ең маңызды және әйгілі танымал тұлға. Ол ең ықпалды адам» - деп жазды. Оның ең құнды, мағыналы жазбалары қатарында: «Сот реформасы туралы», «Қоқан хандығы туралы жазбасы», «Қазақтың көші-қонысы» еңбектерін атасақ болады. Шоқан өзі көне тарихи зерттеу, еңбектерін көтеріп, зерделеп оқыған. Мәселен, Иакинф (Н.Я.Бичурин) зерттеулеріне айрықша мән береді. Автордың: « Ерте кезде Орта Азияда мекендеген халықтар жөніндегі мәліметтер жинағы. СПб., 1851; Шыңғыс әулетінен шыққан алғашқы төрт ханның тарихы. Қытай тілінен аударылған СПб., 1829». Шоқан қаламынан туындаған еңбектерінің көрнектісі – «Абылай туралы жыр». «ХУ111 ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз-әңгімелер» тағы басқалары.

Мұнда сол дәуірдің белгілі қайраткерлері жайында он төрт әңгіме берілген. Сол әңгімелерде Абылайға, Бөгенбайға, Жанатайға, Сырымбетке, Жәнібекке, Байғозыға, Оразымбетке, Елшібекке, Малайсарыға, Баянға қатысты ерлік, батырлық сөз болады. Шоқанның ауыз әдебиеті үлгілерін жинай бастаған кезеңі оның бұл саладағы зерттеушілік ісінің де ілкі шағы деуге болады. Шоқан қазақ арасында Едіге, Ер Көкше, Ер Қосай, Орақ мырза жөніндегі жырлардың кең тарағанын баян етеді. Шоқан Абылғазының шежіресінен, «Шайбанинамеден», Қадырғали Жалаиридың «Жамиғ ат-

тауарихынан», қазақ шежіресінен, моғол, Алтын Орда тарихынан хабар беретін сирек мағлұматтар келтіреді.

«Бабырнаманың» қазақ тарихына қатысты тұстарына көңіл бөледі. Шоқан тарихи жырлардың болған оқиғалармен байланысы, өз елінің ертедегі өмірі күрестерінің ізі ауыз әдебиеті шығармаларында қаншалық сақталған деген сауалға жауап іздеген. Алтын Орда, Ноғай ордасы дәуірінің көптеген белгілі батырлары қазақ аңыз, жырларының қаһарманы болып жүруі Шоқанды сол құбылыстың түбірін тексеруге ұмтылдырған.

«Жамиғ ат – тауарихтан» жасалған мазмұндама, түсініктеме де Шоқанның тарихи еңбектерге деген үлкен ілтипатын таныта алатын мысалдардың бірі. Қадырғали Жалаиридің бұл қымбатты туындысын ол түркі-монғол халықтары туралы жазылған басқа да шежірелермен салыстырады. Олардың бәрін екшеп, қазақ тарихына қатыстыларына толығырақ тоқталады. Қадырғали Жалаири кітабы турасында еңбектің тілі «қазіргі қазақ тіліне өте жақын» деп тұжырымдайды Шоқан.

Ол жазып қалдырған миф, аңыз, әпсана, өлең, жыр, мақал-мәтел, жұмбақ, шежіре ғалымның қазақ, қырғыз, монғол, алтай, ноғай, татар, ұйғыр, башқұрт, түрікмен, өзбек, қарақалпақ халықтарының рухани мәдениетін білуге, бұл елдердің бастан кешкен шырғалаң тарихын тануға, бұлардың арасындағы этик, туыстықты да, түрлі жағдайлар нәтижесінде туған алалықтарды да, сәтсіздікті де түсінуге көмектеседі. Әсіресе, қазақ пен қырғыз халқының ауыз әдебиеті бойынша жүргізген зерттеулері ешқашан мәнін жоймайтын ғылыми ерлік болып саналады.

Қазақтың ұлы ойшыл-ағартушылары Шоқан мен Абайдың дүниетанымы мен шығармашылық бағытында, тарих пен заман мәселелерін түсінуі мен талдауында, әсіресе, мәдени мұраны меңгеру, дамыту, оны елдің рухани қажетіне жарату әрекетінде мол үндестік байқалады.

Абай мен Шоқанның ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін жас кезінен санаға сіңіріп, өшпес тағлым алуынан да, небір шешендер мен ақындардың тапқыр сөздерін естіп өсуінен де, арғы түбі шығыс елдерінен таралған, араб, папрсы, түркі тілдеріндегі қисса, дастан, аңыз, әпсана, ғазел мүлкін өздігінше ізденіп оқып, білімін байытуынан да, орыс және Еуропа кітаптары, соның ішінде олардағы фольклорлық нұсқалармен терең таныстығынан да көрінеді.

Шоқан халық әдебиетін тарихты танудың аса бағалы ескерткіштері деп қараса, Абай көкемсөз байлығын жамағатты кәміл адамдық жолдарға баулап, тәрбиелеудің, жақсылықтарды өнеге етіп көрсетіп, зұлымдық, надандық атаулыны әшкерелеудің құралы санады.

Абай осы мақсатты көздеп, өзінің шығармаларында ауыз әдебиетінде қалыптасқан неше алуан нашкыл сөздерді, мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді жаңғырта пайдаланады. Абайдың халық өлеңдеріндегі дәстүрлі ұйқастар мен буындық өлшемдерді, арнау, толғау, жоқтау, жұбату секілді фольклорлық жанрларды қолдануы осыны көрсетеді. Шығыс фольклорындағы фабулаларға сүйеніп, «Ескендір», «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі» тәрізді көлемді туындылар жаратуы да ақынның жаһан халықтарының рухани қазынасын кең игергендігін дәлелдейді.

Шоқан мен Абайдың қазақ тарихы туралы толғамдары өткеннің тәжірибесін қорыту, халықтың сенімді болашағы үшін жол іздеу талабынан туған. Шоқан секілді Абай да шығыс пен батыстың тарихи шежірелерімен жақсы таныс болған. Өткендегі тарихи құбылыстарды бірі ғалым сипатында, екіншісі суреткер көзімен бағалап отырғанымен, бұрынғы замандардың қалдырған сабақтарын ел мүддесіне тарату мұраттары жақын еді. Халықты ғасырлар бойында тұмшалап келген қараңғылық тұманынан арылтып, өркениеттің даңғыл жолына түсіру қажеттіктері мәселелерінде екеуінің ойлары өте орайлас шығады.

Шоқан өзінің тарихи-этнографиялық, фольклорлық еңбектерінде қазақ халқын көркейтудің амалы оқу-білім жүйесін жақсартуда деп көрсетсе, бұл аңбар Абай шығармаларының өзекті жемісіне айналған.

Түрік-монғол халықтарының генетикалық, мәдени бірлігін, тарихи тағдырластығын айтқанда ұлы ойшылдар үні бірдей шығады. Мұның бәрін Шоқан мен Абай өмір кешкен дәуірдің тарихи-әлеуметтік мұқтаждары мен сауалдарының сабақтастығынан туындаған құбылыстар деп те қарауға болады. Қазақ хандығының іштей, сырттай ыдырауы жағдайында, халқының тәуелсіздіктен айрылып, Ресейге бағынышты, кіріптар күн кешкен заманында қоғам көкжиегінде жарқырап шыққан қайраткерлердің қалдырған мұрасы өзінің тақырып кеңдігі, талдау тереңдігі, ойларының биіктігі жағынан XIX ғасырдағы әлемдік озық ескерткіштер қатарына қосылады.

С. Аспендияров айтқанындай «даланы отарлауға» қызмет ететін кәсіп екенін Абай өте терең түсінген. Бұл пиғылын орыс шоқындырушылары мен ғалымдары жасырмаған. Мұны Н.И. Ильминский мен Ыбырай Алтынсарин өзара жазысқан хаттарынан оқып, Ыбырай өзі «біте қайнасқан орыс

ымыраластарынан өлерінде безгеніне», көз жеткізуге әбден болады. Шоқан Уәлиханов патша үкіметінің соғыс министрлігіне дерек жинау үшін Шығыс Түкістанға (Қашқарияға) құпия сапар шеккен, дүниеден өтеріндегі мінезіне қарасақ, оның да ақыры Ыбырай сияқты аяқталғанын көреміз. Шоқан да өмірінің соңында барлық орыс достарынан безген. Орыс әскери оқу орнын тамамдаған, осынау бір сымбатты офицері кең қолтық қазақ шапаны мен қырдың саптама етігін киіп, сақараның шалғайындағы бір ауылда бұл пәниден өткен. Шоқан мен Ыбырайдың рухани азабы жөнінде Смағұл Садуақасұлы – 1926 жылы қазанның 29 жұлдызында Ташкент қаласында қазақтың тұңғыш жоғары оқу орнының бір жылдығына орай сөйлеген сөзінде орыс миссионерлік ағартушылықтың зардабы турасында, дәл тауып айтқаны бар. Нақтыласақ: « осынау сырты – жақсылықпен, іші – қара ниетпен сырланған жымысқы ағартушылықтан жас өспірім ұрпақты сақтандырған ол, өзінің жастарға арнаған сөзінде мұның астарын қазбалап тұрып жеткізеді». Бұл ойшыл Абайдың: «Интернатта оқып жүр

Талай қазақ баласы -
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойнда жоқ олардың
Шаріғатқа шаласы...
Ынсапсызға не керек
Істің ақ пен қарасы.
Нан таппаймыз демейді,
Бүлінсе елдің арасы...

дегенін еске оралтып, кейінгіге кеңестік заман мінбесінен айтылған сабақтастық сөз болатын.

Шоқан сияқты жас кезінде есін жиып, қазақтар арасынан шыққан ресейлік әскери қызметте жүріп, « оқалы киімнен» бас тартқандар санаулы ғана. Ол военный қызмет іздемей, Оқалы киім киюге, Бос мақтанға салынып, Бекер көкірек керуге бармаған. Шоқанның жасынан зерек, әрі істі ақылмен ойлап шешетін адам ретінде қалыптасуы отбасынан бастау алады, ерте есейді. Шоқан өз ортасында турашыл, батыл болған. Шоқанды қабірге жетелеген дерт оның айналасындағы әскери жоғары шенді биліктегілердің астамшылдық, өктемшілдік, қысымы. Батыс Сібір генерал-губернаторы «камқоршы-сымағы» ретінде танылған Дюгамель кеңсесінен теріс қаратуының мәнінен және Черняевтердің қазақ жеріне басқыншылық жорығынан, Петербор орыс ғалымдарының миссионерлік пиғылдарынан көңілі қатты қалып, ақыры орыстық идеяны ұстанған қандастарына да ренжіген ол дүниеден баз кешіп кетті. Более подробнее в статьях Г.Н.Потанина [2] читаем что: «...прежде всего произвол и бесчинство чиновников западносибирской администрации, изображены колоритные фигуры главных властителей П. Горчакова, генералов Гасфорта, Дюгамеля, Черняева и других. Вот о Черняеве: « Мы не станем здесь говорить о подвигах Сибирского воинства под начальством Черняева..., но мы позволим себе спросить почтенного покорителя, зачем штурмовал он Аулие*Ата, когда жители его сами изъявили готовность покориться? Неужели кровь лилась для реляции?»[3] О Дюгамеле: «Что это за личность Дюгамель? Он имеет 60 лет от роду, большого роста, с оловянными глазами, с физиономией, выражающей отсутствие всякой мысли»[4] Бұл ойлар мен сипаттамалар Шоқанның «Сот реформасы» және « Даладағы Мүсілмандық» атты мақалаларында кеңінен ашылып нақтылы жазылды.

Шоқан Петерборда болған 60-шы жылдарда өзін қоршаған, метрополи кеңсесіндегі әскери шендегілердің астыртын ұстанған және жүргізген сұрқия саясаттың мәнін түсінді. Бас штаб комитетінде жұмысқа тартылған Шоқан Уәлиханов нелербір жазбалар дайындады осы мекеменің басшысы генерал-адъютант Ф.Л.Гейден бұйрығын орындауға сәйкес [5]

Сондықтанда, Шоқан өзінің әрбір ақыл-ой жетістігі арқылы ұлтын рухани тәуелділікке, патшалық билік алдағы іс-шаралар арқылы баулитынын сезді. Шоқан өз халқының рухы мен мінезін білді. Халқының тарихын зерттеп, өзінің жан дүниесі мен жүрегін, махаббат жылуын жеткенінше берді. Өз ұлтының рухын қорлауға қарсы тұрды. Ол: «... мен қазақты қорғаймын"деп, дүниеге жар салды емес пе. Ең бірінші боп оны ұғынған және сол рухани тәуелділікке шыдамай булығып өлген иман иесі – Шоқан болды. Ол жайлы сөз, осынау озат ой иесі мен тұғыш қазақ ғалымының туғанына биыл 180 жыл толғанына орай жадымызды жаңарту арқылы оның биік ойына тағы бір тағзым ету міндетінен туындаған болатын.

- 1 *Абай энциклопедиясы, 431 беті. «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 бет.*
- 2 *Г.Н.Потанин «Русское богатство» 1898*
- 3 *«Колокол» 1 августа 1867г., с.6.*
- 4 *«Колокол», 1863, № 169.*
- 5 *РГВИА, ВУА, оп.1, д. 26.*

Аннотация

В статье речь идёт о творчестве двух великих людей мыслителях-патриотах, о главных событиях научной, общественной и военной жизни исследователя Шоқана и просветителя Абая. Поднимаемые ими темы актуальны всегда, а духовное наследие бесценно.

Ключевые слова: Шоқан, Абай, духовное наследие, патриоты, свобода.

Summary

In this article we are talking about the work of two great men: patriots, thinkers about the major events of scientific and social, military life Shokan and enlightener Abay. The subjects lifted by them are actual always, and the spiritual heritage is invaluable.

Key words: Shokan, Abay, spiritual heritage, patriots, freedom.

ӘОЖ 94 (574)

ЖӘНГІР ХАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАСЫ

Жанжігіт Орамах - Ақтөбе қ. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Қазақстан тарихы және тарихи пәндер кафедрасының профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

Мақалада Жәңгірханның қазақ әдет құқығы нормаларын дайындауы және оны Ішкі Қазақ ордасында қолдануы қарастырылады.

Тірек сөздері: әдет, құқық, Ішкі Қазақ орда, Жәңгір

Жәңгір хан билікке келгеннен кейін Ішкі Қазақ Ордасында Құран ізімен, шариғат жолымен, Ресей заңдарына бүтіндей қайшы келмейтін, кейбір сәттерін оған ыңғайлап қолданатындай заңдар жинағының қажет екендігін ел билеу барысында толықтай түсінген болатын. Ханның ойын айтпай тапқандай 1830 жылдың жазында Орынбор генерал-губернаторы болып тағайындалып келген граф Павел Сухтелен 1831 жылдың 29 қарашасында № 1847 хатында Жәңгірге қазақтың әдет-ғұрып ережелеріне сәйкестендіріп құқықтық заңдар жинағын дайындау туралы ұсыныс жасайды [1.1-п.]. Бұл ұсынысты Жәңгір хан құп алды. Өйткені Орда қазақтарына қатысты қылмыстық істерді жүргізу кезінде Ресей заңдарын басшылыққа алуға байланысты қазақ халқының дәстүріне кейбір қылмыстардың сай келмеуі және бұрмалануы айтарлықтай қиындықтар туғызды.

Губернатор П.Сухтелен ханға құқықтық заңдар жинағын жасағанда көпсөздік, екі ұштылық болмауын ерекше талап етті. Заң ережелерін дайындап болғаннан кейін жоғары жаққа жіберіп, пайдалануға рұқсат алу үшін өзіне жіберуді сұрады. Хан қылмыстың түрлері мен оған қолданатын жазалардың, кешірім жасаудың амалдары жан-жақты қамтылуына айырықша көңіл бөлді. Оған ханның білім деңгейі мен өмірлік тәжірибесі жетерлік еді.

Жәңгір губернатордың құптау келісіміне ие болысымын қазақтар арасында әдет-ғұрып заңы бойынша қылмысты істер мен даулы мәселелерді бір жүйеге келтіріп, зерттеп, кейбір баптарына өзі қолданатын үкімді енгізіп, аяқтауға жақындап қалғанда П.П.Сухтелен 1833 ж. 20 наурызда кенеттен қайтыс болды [2.956-б.]. Ол қайтыс болғаннан кейінде Жәңгір бастаған ісін тоқтатпай аяқтап, 1835 жылдың 1 сәуірінде жаңадан келген әскери губернатор В.А.Перовскийге жазған хатында бұрынғы губернатор тапсырған заң ережелерінің қысқаша нұсқасын тиянақты орындап, Сізге ұсынып отырмын деп мәлімдеген. Губернатор: «хан дайындаған заңдар жинағы Ресей заңдарына оңтайластырып жазылып, қазақтардың қылмыстық істеріне бейімдік мүмкіндігі болып кәдеге жарарына күмәнім жоқ. Ол жазған заңдар жинағы орыс тіліне аударылсын» деп бұрыштама жазған [1.3-п.].

Қазақтың заңдар жинағын дайындауға патша үкіметінің 1822 жылғы. «Сібір қырғыздары (қазақтары) туралы жарлықта» көшпелі халыққа арнап дала заңдарының жинағын жасау қажеттігінің де себебі болуы керек. Жәңгір хан билікке келген сәтінен бастап әділеттік пен жеке тәжірибесін ұштастырып, өзіне дейінгі заңдар мен би-ақсақалдардың тәжірибесі туралы бай мәліметтер жинады.

Тіпті, олардың ішіндегі жазалаудың кейбір тұстарын жұмсартып, кейбірін қатандатып, қайшылықтарын жойып, Ресей заңдарына жақындатып, икемдеп Сенатқа ұсынуды ойлады.

Хан қылмыстың түрін екіге бөлді. Бірінші қылмыстық істерге: бүлікшілік, кісі өлімі, тонаушылық, зорлық, қазына және қоғамдық мүлікті ұрлауды (бүлдіруді) жатқызса, қалған әрекеттер, екінші азаматтық қылмысқа жатқызды.

Орда ішіндегі заңдылықты сақтауды ханның өзі тұрақты түрде қадағалап, бұзылған жағдайда қайта қарауға әмір берді. Сот процесі халықтың әдет-ғұрыптары мен дін қағидаларына, яғни шариғат жүйелеріне сүйеніп ауызша жүргізілді. Үкімнің қорытындысымен немесе сот шешімімен келіспеген талапкер одан әрі қарай Шекара комиссиясының сотына шағымдануға құқылы болған бірақ Ордада ондай жағдай болған емес» - дейді жазушы Т.Боранғалиұлы хан кеңесінің басқарушысы С.Раевскийдің естелігіне сүйеніп [3.195 б.].

Дегенмен, кейін орыстармен араластық орнаған кезде Ордада үкімнің қорытындысымен келіспеушілік, дауласулар болып тұрған. Олар көбіне сауда, қарыз, мүлік салықтары төңірегінде болған [4.50. қарсы п.].

Ішкі Ордада қылмыстық немесе азаматтық істерді қарау үшін хан талапкер мен жауапкерді және куәгерлерді ру басшысы не старшын арқылы белгіленген мерзімге жеткізуді талап етті. Куәгер келмей қалған жағдайда сот процесі басқа күнге ауыстырылып кейінге қалдырылды. Сот процесіне қатысушылардың барлығы орнында болса іс белгіленген уақытында басталатын. Одан сот ісіне қатысушылардың орналасу реті былайша болды: сәл биіктеу орында молдас құрып хан жайғасса, онан төмендей оң жағы мен сол жағында үкім шығаруға қатысатын дін адамдары мен лауазымы жоғары адамдар, олардан төмен оң жағы мен сол жағында талапкер мен айыпкер өздерінің куәгерлерімен орналаса ханға қарсы процесске қатысушылар отырған.

Сот ісіне қатысушылардың барлығы жайғасып отырғаннан кейін хан сот отырысының мән-жайын еш құпиясыз, баяндап бергеннен соң, әуелі талапкерге, сосын жауапкер мен куәгерлерге рет-ретімен сөз беріп, қылмыстың ақиқаты ашылады. Сот ісі тындалып жатқанда қатысушылардың бір-бірімен сыбырласуға, күбірлесуге, әңгімелесуге тиым салынған. Бірақ сотқа қатысушылардың сот ісі жөнінде өз ойлары мен қостау, қарсылық, пікірлерін айтуға еркіндік берілген. Олардың пікірлері, ойлары сот шешімінің әділ болуына үлкен себебі болған.

Хан аса ауыр емес қылмыстарды қарауға, әсіресе ел ішіндегі ұрлық-қарлықтарды қарауды старшындар мен рубасыларына жүктеп, қарсы жақтар бір мәмлеге келе алмай шиленіс туған жағдайда үкім шығаруды ханға жолдаған.

Жәңгір хан сотқа ұсынылған істерден басқа кейбір жеңіл-желпілерін билер сотына жіберіп, даудамай болмаса шешімді мақұлдаған. Шомбал Ниязов, Ағытай Шолтыр, Балқы билердің төрелігіне сенген, халық қолдаған. Дегенмен, халық арасында Балқы Құдайбергенов бидің кей кезде Орда билеушілерінің ыңғайына жығылып әділ шешім қабылдамайтын бетіне басқан жағдайлар болып тұрған.

Орда көлемінде адамның жеке басына зардап тигізбейтін жеңіл қылмыстар мен көлемі 30 күміс рубльге дейінгі ұрлық ханның құзіретімен жазаланса, қылмысқа қазақтармен қатар орыстар қатысса, ондай істі Орал войкосы тексеріп, үкім шығару үшін Шекара комиссиясына жіберілді. Соңғы істер Жәңгір билікке келгенге дейін дұрыс тергелмей, шешілмей жиналып қалған болатын. Оның ең басты себебі Ордалықтар орыс тергеуінен қорқып қашақтауна еді. Осыған байланысты хан тергеу орыс жерінде емес, қылмыс жасалған Орда территориясында тергелуін сұрады. Бірақ, бұл ұсынысты губернатор қабылдамай, орыс жерінің тұрғынын Орда жерінде тергеу қолайсыз, үйлеспейтін шара деп, орыс шебіндегі тергеуге қазақтарға негізсіз айып тағудан қорғау үшін депутат (адвокаттың рөлін атқарған - Ж.О.) алып жүруге рұқсат берді. Біздің пікірімізше ондай депутат орыс заңдары мен қазақтың шариғат және әдет-ғұрып заңдарын жетік білуге тиіс болған.

Жәңгір хан қылмыскерлерді, бұзақылар қандай жаза алсада ар-ожданы мен жеке басын қорлайтындай, абыройын кетіретіндей іс-әрекеттерден аулақ болуды ескертті. Сұлтаннар мен старшындарға ел ішінде тыныштық сақтау үшін біршама құқық бергенмен, ешкімді ел-жұрт алдында ашық жазалуға тыйым салды. Мысалы, жазасы бес күміс рубль көлемінде ұрлық, бұзақылық, алдау, ұрыс-керіс сияқты қылықтары үшін, айыпкерді түзету үшін кінәсінің ауыр-жеңіл болуына қарай аз уақыт қамауда ұстап немесе талапкердің қатысуымен елдің көзінше емес, оңаша жабық жерде он бестен аспайтын, тіпті одан да аз, жанға батпайтын қамшымен дүре соғуда жеткілікті болатынын ескертті. Айыпкердің аты-жөні, кінәсі, қандай жаза алғандығы айып журналына міндетті түрде жазылған. Бұл бір жағынан ол адамның сот ісіне тартылғандығын әр кезде ойында ұстауға көмектесе, екіншіден ханда хабардар болу үшін өте қажет болған.

Жәңгір ханның заңдар жинағында бөтен жерден келген саудагерлер, купецтер, мешандар қылмыс жасаса, оларды қамауға алудың, жазалаудың тәртібін Ресей заңдарына сүйеніп нақтылады және сотқа тартуды қатаң қадағалады.

Ханның жәрмеңке кезінде тыйым салған ісі-маскунемдік пен төбелеске жол бермеу болатын. Мұндай жағдай жәрмеңке кезінде сауда жасаушылардың арасында алауыздық тудырмай, жүгенсіздікке жол бермей, сауда жұмысын рухани заңымызға сай өткізуге мүмкіндік беретін.

Сонымен қатар Жәңгірдің заңдар жинағында старшындар билігін пайдаланып, заң бұзған адамға қылмысына байланысты сот тағайындаған жазаны бұрмаламауды қатаң ескертті. Мысалы, 1828 жылы тамыздың 16-да Жәңгір ханның старшын Исатай Таймановқа бөкейлік қазақтарды жазалаудың жаңа ережелерінің енгізілгендігі туралы хатында төмендегідей талаптар қойған: біріншіден, бір рет ұрлықпен ұсталған адамға 100 рет дүре соғып, түзелгенге дейін отбасы мал-мүлкімен ру басының немесе бидің қадағалауында болған. Екінші рет ұсталса жәбірленушінің шығынын өтеп басқа аймаққа жер аударылуға жазаланған. Екіншіден, тиесілі айыбын жалтарып төлемеген қылыскерге айып салынып, қой орнына жылқы, жылқы орнына түйе төлеген. Үшіншіден, біреудің атын ұрлап мініп не сойып жеген адам құнына сондай ат және айыппұл ретінде бір құлын қосып береді, ал біреудің жылқысын 30 күнен артық меншіктеніп таңба салған адам жылқы ұрлағаны үшін жәбірленушінің жылқысына тағы екі жылқы қосып беруге міндетті болған. Осындай қылмысын мойындаған адамға айыппұл салынбай жылқысының орнына жылқы беруге болатын [5.213-214 қарсы п.].

Жәңгір халық жарлығымен қатар Ресейдің заңнамаларында еске алды. 1839 жылғы қабылданған Сенат жарлығындағы 30 күміс рубльден жоғары шығын келтірген қылмыс Ресей сот орындарында қаралсын деген ережемен келіспей, Мемлекеттік мүлік министрінен хан құзіретін кеңейтіп, шығыны 30 күміс рубльден асатын істерді де хан құзырына беруді сұрады. Қылмыс қандай шығынмен есептелседе, ұрлық-қарлық қазақ дәстүрімен ел ішінде шешілетінін алға қойды.

Ондай істерді Ресей сот орындарында қарау Жәңгірдің пікірінше: біріншіден, құны 30 күміс рубль тұратын ұрлық жиі болатын болғандықтан көп тергеу болады, тергеушілердің барып келуі қиындық туғызып, істің ізін суытпай тексеруге кеселдік келтіреді және жинаған мәлімет уақыттың созылуына байланысты толық ақиқат бола алмайтын жағдай туындайды; екіншіден, талапкер осындай қиындықтардан қашып, өтініш жазбай жоғалған шығынын садақа дей салады және орыс тілін білмегендіктен іс-қағаздарға түсінбей талабын дәлелдей алмайды; үшіншіден, іске қатысушы талапкер, жауапкер және куәгерлердің ұзақ сапарға шығуы шығынды көбейтеді, әсіресе куәгере қиын соғатыны өзінен-өзі белгілі, үйткені куәгер жауапкер есебінен баруға тиіс болсада, ұры кедейліктен ұрлық жасағандықтан оның талапкерді жарылқай алмасы айдан анық; төртіншіден, жоғарыдағы талаптардың орындалмауынан әділ талапкердің өзі кек алу мақсатымен жәбірленушіден қылмыскерге айналу әбден мүмкін; бесіншіден, ұрланған мал тергеу ісі бітіп, үкім шыққанша жергілікті полицияның қарауында болады. Күтімі болмай, жем-шөп жетіспей малдың арықтап қалуы былай тұрсын, өліп қалуы да мүмкін; алтыншыдан, хан көп жағдайда ұрлық-қарлықты екі жақты ымыраластыру арқылы қолхат алып, ұрланған малдың орнына малын төлеттіріп, жоғары жаққа жеткізбей бітістірді. Кейде хан жәбірленушіге өз малынан беріп, кейін айыпкер оның малының орнын толтырған жағдай да болған; жетіншіден, ханға 30 күміс рубльден асатын қылмыстарды тергеу және үкім шығару құқын беру үкіметтің жұмысын жеңілдететінін Жәңгір дәлелдеді.

Кез-келген заңгермен білімін салыстыра және таластыра алатын Жәңгірдің бұл ұсыныстарын билік қабыл алып, 1842 жылы шыққан Заңдар жинағына енгізілді. Әрине, Жәңгір ханның қазақтың Заңдар жинағын жасауда Шыңғыс Уәлиханов төренің, ханның аталас кіші бауыры Тілеу Сейдалиннің үлесі болғанын оқырмандардың есіне салғаны дұрыс болар.

Сонымен, Жәңгір хан жинақтаған Заңдар Орда жерінде қылмыстық істерді азайтып, ел бірлігін, тыныштығын сақтауға, қазақтардың орынсыз қылмыскерге айналуына жол бермеуіне, саяси ахуалдың тұрақтануына өз себебін тигізгені анық.

1 *Ресей Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағат (бұдан әрі РФ ООММ), 6-қор, 10 – тізбе, 3736-іс.*

2 *История Букеевского ханства. 1801-1852 гг. Сборник документов и материалов. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2002.*

3 *Боранғалиұлы Т. Жәңгір хан. – Алматы: «Абзал-ай», 2014.*

4 *Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағат (бұдан әрі ҚР ОММ), 78-қор, 1-тізбе, 63-іс.*

5 *ҚР ОММ, 4 –қор, 1-тізбе, 1974-іс.*

Резюме

В научной статье рассматривается подготовка ханом Джангиром свода норм казахского обычного права и применение ее во Внутренней Казахской Орде.

Ключевые слова: обычай, право, Внутренняя орда, Жангир

Summary

In this article the author explains the preparation of ZhangirKhan's rules and use of them in the Inner Kazakh horde.

Keywords: custom, law, Internal horde (Vnutrenia Orda), Zhangir

ӘОЖ 930.221

АЙТЫЛҒАН ТАРИХ ӘДІСІ: ТҰЛҒАТАНУ ЖӘНЕ ОТАНСҮЙГІШТІК ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕ

Нұрман Ш.Т. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Мақала тұлғатануда айтылған тарих әдістерін қолдану арқылы жеке адамның тарихи уақыттағы өмір тәжірибесін зерттеудің мүмкіндіктеріне арналған. Тұлғаның айтылған өмір деректері арқылы оның қазіргі өмірлік қатынастары мен әрекеттерін туғызған шешімдері басқа жағдайда және басқа тарихи уақытта қабылданған болуы ықтимал деген сұраққа зерттеушінің ізденуіне түрткі болады. Сонымен қатар автор қазіргі шетелдік және отандық айтылған тарих пен тұлғатанудың зерттеу тәжірибесін талдау арқылы айтылған тарихтың зерттеу аясын, оның әр елдегі ерекшелігін анықтайды. Автор айтылған тарихтың субъективті сана арқылы тарихты зерттеудің жаңа әдістерін ұсынатынын көрсетеді. Айтылған тарих пен оның деректерін ғылыми жұмыста пайдалану әдістеріне және оның тәрбиелік, әсіресе, отансүйгіштік тәрбиеде қолдану әдістеріне тоқталады. Айтылған тарихтың тарих ғылымының болашағына, дамуына серпін берерлігіне сенім білдіреді.

Тірек сөздер: айтылған тарих, тұлғатану, отансүйгіштік тәрбие, зерттеу әдістері

Гуманитарлық зерттеулердегі кеңтараған және қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі - айтылған тарих бағыты. Айтылған тарихтың негізгі пәні жеке адамның өзіндік субъективті өмір тәжірибесінен құралады десек, негізгі зерттеу әдісін сұқбат деп білеміз. Сұқбатты, яғни айтылған тарих әдісін, өзге де әлеуметтік ғылымдар, мәселен, социология, этнография, этнология, антропология белсенді түрде қолданатынын ескерсек, айтылған тарих пәнаралық сипатқа ие.

Бүгінде айтылған тарих әдісін қолданыпшылыми өмірбаян жазу зерттеушілерге таныс дүние. Айтылған тарих әдісін өмір фактілері мен құбылыстарына негізделген деректі журналистикада (репортаж, очерк), беллетристикада, мемуаристикада пайдаланатыны белгілі.

Қазірде айтылған тарихтың ғылыми орта мойындаған ортақ бір дефинициясы жоқ деуімізге болады. Дегенмен, көпшілік оның пәнаралық бағыт екенін мойындайды. Мәселен, АҚШ ауызша тарих қауымдастығы мынадай анықтама береді: «Ауызша тарих – бұл болған оқиғаға куәгер адамдардың және топтардың естеліктері мен дауыстарын жинаудың, сақтаудың және талдаудың әдісі және зерттеу саласы. Тарихи зерттеудің ең ертедегі тәсілі ретінде ауызша тарих жазудың пайда болуына дейін қолданылып келді және қазіргі күндері де ең жаңа әдістердің бірі ретінде 1940-шы жылдардағы аудио-таспаларға жазудан бастап, ХХІ ғасырдың сандық технологияларымен қатар қолданылуда» [1].

«Ауызша тарих термині зерттеудің жаңа сапалық процесін білдіреді. Ол жеке сұқбатқа негізделеді және жеке адамның өмір тәжірибесін, оның мазмұнын және байланысын қалай түсінетінін ашып көрсетеді. Ауызша тарих жаңа түпнұсқалық деректер қатарына жататын тарихи құжаттар аудио-және/немесе видеожазбалар жасайды және олар зерттеулерді жалғастыруға мұрындық болады» [2].

Шетелдік зерттеушілер айтылған тарихтың мұнан да өзге анықтамаларын береді. Солардың арасында, біздің ойымызша, неғұрлым кең тарағаны айтылған тарихты бес категориялардан тұрады деп жіктеу: зерттеу теориясы және методологиясы (құрылымы); әлеуметтік ғылымдарда қолданыстағы сұқбат түрі; зерттеу тақырыбы немесе әдісі (мысалы, тіл материалдарын жинау мақсатында); өмір тәжірибесіне сүйенетін педагогикалық тәсіл; өзгермелі көрсеткішті өлшеудің арнайы түрі (мысалы, білім алу мерзім ұзақтылығы, әлеуметтік-экономикалық статусы, туылған жері, белгілі бір елде өмір сүрген жылдарының ұзақтығы) [3, 33-41].

Қарастырылған анықтамалар айтылған тарих туралы қазіргі түсінік оның берілу жолы мен естеліктерді жазу процесін ғана емес, жаңа құрылымдық тарихи құжаттардың жасалу тәсілін және оны түсіндіріп талдау барысын да қамтиды.

Айтылған тарихтың зерттеудің жеке бағыты ретінде қалыптасуы барысы бірнеше кезеңдерден өтті және әр елде өзіндік ерекшелігі қалыптасты. Бүгінгі зерттеушілердің айтуынша, айтылған тарих АҚШ-та алғаш рет академиялық ортада қабылданды. 1948 ж. Колумбия университетінде айтылған тарихтың зерттеу орталығы құрылды. Оны қазір көпшілікке кең таныс Алан Невинс басқарды. 1958 ж. Калифорния университеті жанында ауызша деректердің мұрағат орталығы ашылды. АҚШ-та кең тараған айтылған тарихтың биографиялық бағыты болды. Алғашқы ауызша тарих деректері белгілі тұлғалардың, олардың қатарында бизнесмендер, саясаткерлер, соғыс ардагерлері және т.б., өмірбаяны түрінде жазылып алынды. Бұл жазбалар қайраткерлер туралы бар деректерді, яғни жазбаша түрдегі құжаттарды толықтыру мақсатында жинақталды.

Осы жерде биографиялық әдіс пен айтылған тарих әдісінің арақатынасын анықтап алған жөн болар. Айтылған тарих әдісі мен биографиялық әдіс бір-біріне жақын. Себебі әлеуметтану мен антропологияда биографиялық әдісті сұқбаттың түріне жатқызады. Дегенмен ол өмірбаянның ерекше оқиғаларына назар аударады делінеді. Жеке адамның өмірі туралы дерек жинау әдісін ағылшын тілді ғылымда life history (өмір тарихы), кейде Individual case history (жеке уақиға тарихы) деп те атайды.

Белгілі ғалым Х. Әбжановтың тұжырымдауынша: «тұлға дегеніміз – өзіне тәуелді емес объективті әлемдегі (ортадағы) қажеттілікті (экономикалық, ғылыми, саяси, өндірістік, т.с.с.) практикалық-қолданбалық, теориялық-шығармашылық жаңашылдықпен шешкен (жүзеге асырған) немесе шешу (жүзеге асыру) жолын дұрыс нұсқаған әлеуметтік субъект». [4] Тарихты тұлға (адам, халық) жасайды дер болсақ, аты белгілілері және белгісіздері бар. Солардың қатарында көшбасшылары және қарапайымдары болады. Невинс негіздеген биографиялық тарих айтылған тарих әдісін ұлы тұлғаларды, «жоғарыдағылар тарихын» зерттеуге қолданды. Олар саясат және экономика элитасымен сұқбаттар жүргізді. Айтылған тарихтың бұл тырнақ алды сұқбаттарының методологиясы фактографиялық естеліктер топтамасын жинақтауда басшылыққа алынды.

Тұлғатануда айтылған тарих әдісін қолданудың американдық бағыты екі тәсілді: бірі, зерттелетін тұлғаны жақын танитын адамдардан сұқбат алды. Бұл, әсіресе өмірден озған қайраткерлер тарихын жазуға қолайлы. Тәсілдің тағы бір артықшылығы, тұлға туралы жан-жақты және әр түрлі адамдардың (замандастары, әрістептері, достары, туыстары) аузынан дерек жинауға болады. Зерттеуші неғұрлым көп сұқбат жүргізсе, соғұрлым сапалы, толымды еңбек жазады [5, p.43-44].

Келесісі, сұқбат тікелей тұлғаның өзінен алынады. Тәсілдің айтулы және алғашқы бағдарламасы ғылымның айтылған тарихына арналды. «Кванттық физика тарихының мұрағаты» деп аталды. Ғалымдардың өз аузынан өмірінің кезеңдері туралы, ірі ашулардың дүниеге келу барысы жайлы, ғылыми ортадағы қарым-қатынастары т.с.с. айтылған құнды мәліметтер кітапқа енді. Әсіресе, А.Эйнштейн сияқты аты аңызға айналған физиктер, ешқандай өздерінің өмірі туралы деректер қалдырмай дүниеден өтті. Жеке өмірлерінің құпиялары ашылмай қалғаны өкініш тудырған шақта, мұндай кітаптың жарық көруі орынды болғаны даусыз [6].

АҚШ-та тұлғатанудың нағыз дүмпуі осы кезден басталды. Бірінен соң бірі жаңа журналдар пайда болды: «Qualitative Sociology» («Сапалы социология», 1978), «International Journal of Oral History» («Айтылған тарихтың халықаралық журналы», 1980) ж.б.

Еуропада дәл осы мезгілдерде айтылған тарих әдісін «төмендегілер тарихын», жұмысшы, шаруа әлеуметтік тарихын зерттеуге алу процесі жүріп жатты. 1971 жылы жарыққа шыға бастаған «Oral History» журналы жаңа әдістің британ тарихнамасында орныққанын дәлелдейді.

Кеңестік тарихнамада 1960-шы жылдардың аяғы мен 1970-ші жылдардың басында айтылған тарих әдісіне қызығушылық артты. Сұқбаттың тарихи дерек ретіндегі маңызы туралы еңбектер жазыла бастады. «Еңбек озаттарынан», үздік жұмысшы, комбайнер, соғыс ардагерлерінен сұқбат алу жүрді. Мұндай материалдар (сұқбат жазбасы, фотосуреттер, марапаттау қағаздары) негізінен өлкелік мұражайларға барып тұрақталды.

Отандық тарихнамаға келетін болсақ, айтылған тарих американдық және еуропалық тәжірибелерді қорытып қолданысқа алған. Сонымен қатар, ұлттық тарих айтудың ертеден келе жатқан ауызша формалары да есепте. Ұлттық тәжірибе сұқбат жүргізу ерекшеліктерін ескеруге қолданылды. Қуанарлығы, соңғы жылдары Абай атындағы ҚазҰПУ жанында ашылған «Айтылған тарих» орталығының бастамасымен «Менің ғылымдағы жолым. Ғалымдармен 21 сұқбат», Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен сұқбат секілді іргелі әрі қомақты еңбектер жарық көрді. Орталықтың айтылған тарихқа да, тұлғатануға да аса зор үлес қосып отырғаны шындық.

Айтылған тарих әдістерін тұлғатануда қолданудың әлі де игерілмеген мүмкіндіктері, алынбаған қамалдары баршылық. Шетелдік және отандық тарихнамада жоғары және орта буынды зиялылар туралы өмірбаяндық материалдар қорланған. Дегенмен, кәсіпкерлер мен іскерлік әлем өкілдерін, менеджерлер мен ұсақ өндірушілерді зерттеу кемшін. Орта буын бизнес өкілдерін танымай тұрып отбасылық кәсіпорындар, кәсіпкерлердің әлеуметтенуі, қоғамдық ұстанымдары туралы келелі жұмыстар жазылмайды. Мәселен, британ айтылған тарих зерттеушілері Лондон Сити финсистері іскерлік мәдениетіндегі «батылдықтың», мәртебеге ие болу жора салтының, жұмыстағы балалық ойындардың маңызын ашып көрсетті. Және де оның кәсіби жүгенсіздікке де жол беретінін анықтады. Құқық бұзушылық жағдайлары, ұрланған тауарлар мен идеялар, әділетсіз өзара меншік бөлістері туралы сияқты жасырын деректердің қомақты бөлігін сұқбаттасу арқылы қолға түскенін еске салу артық болар.

Айтылған тарихты қолданудың тағы бір ұтымды да қызықты мысалы дінтанушыларды зерттеуге нұсқайды. Бұл жерде дінбасылары мен қарапайым дінге сенушілердің дүниетанымы, рухани өмір тәжірибесі туралы жақсы материалдар жинауға болады. Атеистік кезеңнен, түрлі діни нанымдарға кеңшілік берілген уақытқа көшу, экономикалық дағдарыс жылдары мен рухани тәлкекке түсу мен іздену барысын әңгіме ету ғылыми-қоғамдық сұранысқа ие тақырыптар.

Ауызша тарихи деректерді талдағанда әрбір сұқбат беруші өзінің субъективті шындық картинасын ұсынатынын ұмытпаған жөн. Зерттеудің сапалы әдістерін қолдану, әсіресе тарихи сұқбат, көп факторлы, көпбейнелі әлеуметтік өмірді суреттеуге мүмкіндік береді.

Ауызша тарихи деректерді талдаудың әдістерін пайдалана отырып зерттеу нәтижелерін қорытындылай білу өте маңызды. Қайсыбір отандық әдебиеттерде айтылған деректерді типологизациялауға, жүйелеуге келмейтіндігі, сонымен қатар өңдеу мен сараптау жұмыстарының қиындықтары алға тартылады. Әйтсе де, бұл жөнінде жақсы шетелдік тәжірибелер баршылық. Тіпті, сұқбаттар бойынша сапалық сараптамаға құрылған тәп-тәуір кесте үлгілерін де кездестіруге болады. Дәстүрлі отандық тарихнамада тұлғатану бойынша қорытынды пікірлер ауызша деректер негізінде жасалмайды. Не болмаса белгілі шарттар орындалғаны талап етіледі. Олардың қатарында деректердің репрезентивтілігі (көрнекілігі), респонденттердің іріктеліп алынуы, деректердің басқа түрлерін тарту және сыни сараптауға алу қажеттігі.

Ауызша деректерді қолданғанда тағы да бір есте сақтайтын мәселе -алдын-ала кешіп-пісілген бір пікірлерді дәлелдеу мақсатында мәтінді талдауға ұмтылмау. Бұл - мүлдем қате жол. Зерттеуші өз ортасында қалыптасқан түсініктер мен көзқарастардан кетіп респондент ұғымындағы мазмұнды ашуы тиіс. Ол үшін сұқбатты толық оқып шығу қажет. Содан кейін талдау жұмыстарының кезегі келеді. Контекстен жұлып алынған үзінділер арқылы өзінің ұстанған гипотезасын дәлелдеуге ұмтылу дұрыс емес. Қазір зерттеушілер сұқбаттан үзінділер беру бір мәселеге қатысты әңгіменің басталған жерінен бастап біткен жеріне дейін толық берілуі тиіс деп есептейді. Яғни сұқбаттың жалпы мағынасын бұрмаламау, оның негізгі ой жүйесі аясының сақталуын қадағалау фрагменттер мен үзінділерді пайдаланғанда басты назарда болуы қажет.

Қазақстанның бірқатароқу орындарында айтылған тарих деректерінің диссертациялық жұмыстарда пайдаланыла бастауы тарих білімінің бұл саласының жаңа мазмұндық деңгейге көтерілгенін растайды. Әйтсе де, отандық тарихнамада ауызша тарих деректерін пайдалану мен түсіндіру мәселесі әлі де өткір.

Тұлғалардың материалдық және рухани құндылықтарды игеруге серпін берген қайраткерлігі, ғасырлардан ғасырларға қалың көпшілік игілігіне айналғанына қоса, талапты жастардың жасампаздық қабілет-қарымын арттыруға да қызмет етеді екен. Білім берудің заманауи тұлғалық бағдарлы оқыту технологиялары сұқбаттасуды білім беру субъектілерінің өмір сүру тәсілі ретінде таныды. Сонымен қатар, ол технологияға ынтымақтастық, баланың жеке дамуын қолдау, дербес шешімдер қабылдауына қажетті еркіндік беру сипаты тән. Тұлғалардың өмір тәжірибесі негізінде оқыту мен отансүйгіштікке тәрбиелеу осы қатардағы білім мазмұнын құрайтынын және аса зор тәрбие ресурсы екеніне сенімдіміз.

Қазіргі тарих ғылымында айтылған тарих тұлғаның қоғамдағы ролін зерттеуге сөзсіз үлес қосып келеді. Бір жағынан, ол тұлғалардың көпшіліктен жасырын болып келген өмірі туралы құнды және жалғыз деректерді қолға ұстатады. Екінші жағынан, тұлға өміріне куәгерлердің, замандастарының көзімен қарауға теңдессіз мүмкіндіктер ашады. Айтылған тарих тарихшыға жазып алынған сұқбатты дұрыс интерпретациялай және мұқият талдай білсе, айшықты және жарқын тұлғалар портретін жасауға құрал береді. Мұндай портреттерді тек мұрағаттық құжаттармен жасау мүмкін болмайды.

Айтылған тарих әдісін қолданған зерттеулердің қорытынды нәтижесі болатын монографиялар тек қана мамандарға ғана емес, қарапайым оқырманға да қызықты. Жеке адамның өмірі, оның эмоционалдық жағдайы мұндай жұмыстарды көпшілік үшін түсінікті және тартымды етеді. Ұрпақ өмір тәжірибесін үйренеді.

1 Oral History Association (ОНА). – Қол жетімдік режімі: <http://omega.dickinson.edu/organizations/oha/>. Көрген уақыты: 17.03.2014.

2 Institute for Oral History, Baylor University, Texas. – Қол жетімдік режімі: http://www.baylor.edu/oral_history/. Көрген уақыты: 20.03.2014.

3. Kouritzin, S. *Bringing Life to Research: Life History Research and ESL // TESL Canada Journal \ Revue TESL DU Canada Vol. 17, No.2, Spring 2000. – P.3.*

4 Әбжанов Х. Шоқан және тұлғатану. // Егемен Қазақстан. 2010, 22 қазан.

5 Perlis, V. *Oral History as Biography. / V. Perlis. // The Past meets the Present: Essay on Oral History / ed. by David Stricklin, Rebecca Sharpless. – New York: University Press of America, 1988. – P. 119 – 128.*

6 Бутько, В.Н. «Устная история» в контексте изучения личности / В.Н. Бутько // Роль личности в истории: реальность и проблемы изучения: науч. сб. (по материалам 1-й Международной научно-практической Интернет-конференции) / редкол. В. Н. Сидорцов (отв. ред.) [идр.]. – Минск : БГУ, 2011. – С. 162–166.

Резюме

Статья посвящена методам устной истории, которая позволяет исследователю изучить индивидуальный опыт человека в историческое время. Информация о жизненном опыте бросает вызов исследователю понять текущие отношения и поведения личности и как он, возможно, был под влиянием начальных решений, принятых в другое время и в другом месте.

Рассмотрены также вопросы об особенностях устной истории как научного направления за рубежом и в отечественной историографии. Автор согласен с тем, что устная история предлагает новые подходы в исследовании прошлого - через изучение субъективного начала в истории, массового и индивидуального исторического сознания.

Рассматривается значение метода устной истории в изучении личности и воспитании патриотизма у учащихся. Соотношение биографического метода как разновидности метода интервью и метода устной истории.

Обозначена и проблема интерпретации устных источников как субъективных свидетельств о прошлом.

Ключевые слова: устная история, изучение личности, патриотическое воспитание, методы исследования.

Summary

The article is devoted to the methods of life history, which allows the researcher to explore the individual's personal experiences within a certain historical timeframe. The information about one's life experiences challenges the researcher to understand the subject's current attitudes and behaviors, and therefore how these factors may have been influenced by past decisions. The method does also consider the peculiarities of oral history as a foreign scientific subject as well as within the domestic historiography.

The author agrees that oral history offers novel approaches in the study of the past by studying the subjective beginning of history, both collective and individual historical consciousness.

The course looks into the impacts of the oral history method in the study of the personality and the effects on nurturing patriotism among students. Moreover, the correlation of the biographical technique as a variety of an interview and oral history methods.

The issue of interpreting oral sources has also been denoted as subjective evidences about the past.

Key words: oral history, life history, patriotic education, methods of research.

ӘОЖ 94(574)

**ҚАРСЫЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНДАҒЫ БИЛЕР
Ә. МҰҢАЙТПАСҰЛЫ, Д. АСАУҰЛЫ, СҰЛТАН Х. АРЫСЛАҢҰЛЫ СИЯҚТЫ
ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР ТАҒДЫРЫ**

Калиева Е.Т. - т.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ

Отандық тарихнамада «Орал және Торғай облыстарындағы көтеріліс» ретінде қысқа ғана баяндалып өтетін бұл қарсылық қозғалыстары көп зерттелмеген маңызды оқиғалардың біріне жатады. Бұл көтеріліс Ұлы Қобда, Елек бойларындағы Табын ауылдарында басталып, көп ұзамай Жем, Сағыз, Үстірт өңірлеріне дейін таралып үлкен аумақты қамтыды. Солтүстігінде Ресей шекарасынан басталған толқу оңтүстікте Хиуа иелігіне дейін жетті. 1870 ж. Маңқыстау көтерілісіне ұласты. Толқулар кезінде мыңдаған шаңырақтан тұратын қалың ел Ресей билігін мойындамау үшін, өз жерлерінен ауа көшіп, Хиуа жеріне қоныс аударды. Мақалада би Ә.Мұнайтпасұлы, Дәуіт Асауұлы, сұлтан Ханғали Арысланұлы сияқты жетекшілердің қатысуымен Үстірт өңірлерінде болған көтерілістің маңызды деген оқиғалар сипатталады.

Тірек сөздер: көтеріліс, қарсылық қозғалыстары, әкімшілік-сот реформасы, қазақтар, отаршылдық, патша үкіметі, жазалау күштері.

Кейінгі жылдары қазақ тарихында ерекше орын алатын тарихи тұлғалар тарихы мен тағдырына, олардың әртүрлі қызметін зерттеуге ерекше назар аударылуда. Осыдан туындайтын қажеттілік XIX ғасырдың 60-70 жылдары аралығындағы қазақ-хиуа қатынастары тарихын зерттеу арқылы осы кезеңде әрекет еткен жеке тұлғалардың орны мен ролін саралау біздің мақсатымыз болып отыр. Төменде айтылатын жайттар XIX ғасырлардағы белгілі хан, сұлтан, би, батыр, старшындардың тарихын толықтыра түсіп, қазақ халқының Ресей отаршылдығына қарсы болған азаттық көтерілістерінің өзара байланыстары болғандығын дәлелдей түседі.

Жалпы XIX ғасырда Кіші жүзде дәстүрлі хандық басқару жүйесінің жойылып, орыс отаршылдығының кең қанат жая бастауы қазақ билеушілерінің бір бөлігінің Хиуаны пайдалану арқылы Ресей саясатына қарсы шығуына әкелді. Олардың қатарында көптеген Кіші жүздің беделді сұлтан, би, батырлары болды.

XIX ғ. 60-70 жылдарында қазақ-хиуа қатынастары жандана түсті. Оған Ресей отаршылдық экспанциясының Орта Азия территориясына жақындап келуі әсер етті. Қазақтар өз тарапынан әлі Ресей бағындырып үлгермеген хиуалықтардан қолдау іздеді. Ал Хиуа ханы қазақтарды қолдау арқылы Ресейдің басқыншылық саясатына қарсы тұруды ойлады. Себебі қазақтардың басына туған жағдай ертең хиуалықтардың да басына түсетіндігін айдан айқын.

Сондықтан 1869 жылғы Кіші жүз қазақтарының көтерілісіне Хиуа ханы араласуға тырысты. Негізінен алғанда, хиуалықтармен жақындасып, олармен байланыс орнатқан, Хиуаға жақын орналасқан Жем өзенінің бойы, Ойыл, Мұғалжар, Борсыққұм, Ырғыз өңірін мекендеген шөмішті - табын, шекті руларының кейбір бөліктері, алаша, байбақты сияқты рулар еді. Қазақтар 1868-1869 жылдың қысында-ақ, Хиуа ханымен көтеріліске көмек туралы келіскен көрінеді[1]. Жалпы қазақтардың күресіне Хиуа хандығы араласуы осы кезеңдегі азаттық қозғалыстарға тән ерекшелік деуге болады.

1869 жылы ерте көктемде «Ережені» қабылдамаған қазақтардың атынан Әзберген Мұнайтпасұлы би, Ханғали Арысланұлы сұлтан және тағы да басқа 20 адамнан тұратын делегация Хиуаға келеді[2]. Олар қазақтардың жаңа ережені қабылдаудан бас тартып, орыс үкіметіне қарсы көтеріліске шыққандығын хабарлайды. Бірнеше мың әскермен Хиуа ханын дала бекіністерін басып алута шақырады. Үш жылға зекет салығынан босатылған жағдайда, Хиуаның қол астына қарайтындықтарын да білдіреді. Делегация ханды өз жағына тарту үшін 20 түйе, 20 ақ киізді сыйға тартады. Хан өз кезегінде қазақтарға шапан, арғымақтар, қылыштарды сыйлайды[3].

Бұл жерде тағы да айта кететін жәйт, Орынбор өлкесіне қарағанда, Сырдария облысында сәл ертерек. 1867 жылы енгізілген «Жаңа Ережеден» қашқан 10 мыңдай түтіндей Сырдария қазақтары да өз еріктерімен Хиуа ханы билігін мойындаған болатын. Осындай табыстарға қанағаттанған Хиуа ханы Сеид-Мұхамед қазақ жеріне әскер жіберуге келісімін береді. Нәтижесінде, 1869 жылы наурыз айының бірінші жартысында 3 мың адамнан тұратын (түркімен, қарақалпақ, өзбектер енген) төрт зенбірек пен екі айға жететін азығы бар отряд Хиуа иеліктерінен Орынбор өлкесіне аттанып кетті[1].

1869 жылдың сәуір айының ортасында отряд Ембі постынан 170-180 шақырымдай жердегі Шошқакөл маңына тоқтайды. «Современные известия: «8 мамырда Борсық құмдарына жиналған

жақсы қаруланған хиуалықтар мен түрікмендердің әскерінің кейбір топтарының қазақтармен бірігіп алып, Орск-Казалы трактісінің почта бекеттерін тонауда деген хабар алынды», - деп жазды [5].

Хиуа әскерін басқару шөміш-табын руынан шыққан - Алдаш Байғанинге тапсырылды. Оған орыс бекіністерінің көзін жою, Жем қазақтарын Хиуа азаматтығына қабылдау, зекет жинау сияқты болашақтағы басқарудың негізін құрайтын бұйрықтар берілді.

Сондай-ақ Хан Дәуіт Асауұлы мен Әзберген Мұңайтпасұлына төмендегідей мазмұндағы хат жолдады:

«Сіздер және барлық қазақ тайпалары қазіргі күнде бірауыздан кәпірлерден бөлінуді ұйғарып, оларға Исламның қылышымен соққы беріп, ерлікпен күресудесіздер. Бұдан кейін де, осылай жалғастыра беріңіздер, сіздерге жаңа әскерлер жіберіп отырмыз. Көмек көрсетуге қатысты қам жеменіздер, ешқашан да біз сіздерді қару-жарақсыз, арсеналсыз, әскери басшыларсыз қалдырмаймыз» [6].

Алайда, Хиуа әскеріне көмекке қазақтардан 200-дей шөмішті-табын руының адамдарымен Жәнібек Барақұлы пен Дәуіт Асауұлы ғана келеді. Жалпы Дәуіт Асауұлы бидің ауылы Ресейге қарсы әрекеттерімен бұрыннан белгілі болатын.

Хиуаға келген қазақ делегациясының құрамында Е.Көтібарұлытың баласы Назар да болған көрінеді. Осыған байланысты деректерде 1855-1858 жылдардағы Е.Көтібарұлы бастаған көтерілістен белгілі, оның көмекшісі әрі туысы Ә.Мұңайтпасұлының есімі жиі айтылады. Ал Е.Көтібарұлының ұстанған позициясы туралы анық айту қиын. Н.А.Середа[4]: «Е.Көтібарұлы көтеріліс басында біраз солқылдақтық танытқанымен, кейіннен шекті руы қазақтарының арасында жаңа ережені енгізу барысында көрсеткен қызметі үшін 1869 жылы Ырғыз үйезі бастығының көмекшісі болып тағайындалды», - дейді./3/ Ал кейбір мәліметтерге қарағанда, Е.Көтібарұлы Хиуа отрядына жан - жақты қолдау көрсеткен, тіпті кейбір жергілікті шенеуніктердің пайымдауынша Е.Көтібарұлы «хиуалықтардың бірінші жорығының, егер бола қалар болса, екінші жорығының да басты және негізгі айыпкері көрінеді» (1869 жылы 2 тамыз айындағы Орал әскери губернаторының қатынас қағазынан) [7].

Тамыз-қыркүйек айларында қазақтар Ырғыз бекінісінен 20 шақырым жерде жайылып жүрген бекіністің 300 жылқысын түп-түгелімен айдап әкеткен[6]. Бұл әлі де патша үкіметі қазақ даласында енгізген заңын қабылдамаған шөмішті - табын руынан *Дәуіт Асауұлының* балалары, *Х.Арысланұлы*, *Ә.Мұңайтпасұлы* бастаған бір топтың ісі еді. Сонымен қатар, осы кезде 70 түйеден тұратын сауда керуені тоналды[8].

Б.Қаратаевтың «Қолжазбасында» Х.Арысланұлының өз ауызынан жазып алған естелік берілген. Онда Х.Арысланұлы, Ә.Мұңайтпасұлы, А.Дәуітұлы, А.Сейілұлы (соңғы екеуі - көтеріліс басшыларының балалары - К.Е.) және т.б. 12 адам Үстірттегі Шың жазығынан келіп, даладағы бекіністердің 570-тей жылқысын айдап әкеткендері айтылған. Көліксіз қалған кавалеристердің топ-топқа бөлініп, жаяу-жалпылап Орынборға қашқаны, аман қалған кейбір бөлігінің әупірімдеп қырдағы жазалаушы отрядтарға қосылғандығы баяндалған [9]. Ал патша шенеуніктерінің қаламынан туған ресми құжаттар да Х.Арысланұлының айтқандарын растай түседі: жоғарыда айтылған топтың «Ырғыз бекінісі тұрғындарының 300 жылқысы, Ембі постының 200 жылқысы, Ойыл бекінісіне қарасты 21-дей жайылып жүрген жылқылардың тоналуына қатысы бары» тіркелген [10].

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытындылақ, жергілікті орыс шенеуніктерінің қаламынан шыққан ресми құжаттардан гөрі басқа дерек көздері шынайы әрі жандылығымен ерекшеленеді. Өкінішке орай ондай деректер жұтаң, көп емес.

Үстірт бағытына қоныс аударғандарды табын руынан Ханғали Арысланұлы, Алданазар Дәуітов (Дәуіт Асауұлының баласы - Қ.Е.) Штемпель отрядына қарасты зауряд-хорунжи Бородин дегенді өлтірген алаша руынан Амандық Сейілұлы, Хиуа отрядының келуіне мұрындық болған шекті руының қабақ тармағы биі Әзберген Мұңайтпасұлы, Ықылас Досов сияқты тағы да басқалар бастап кетті. Олар ерекше әрекет етіп, көтеріліске ұйтқы бола жүріп, маңайына өз жақтастарын жинай білді. Көтеріліс аяқталғаннан кейін, патша үкіметінің жариялаған амнистиялық шараларына қарамастан, олар бұрынғы орындарына қайтып оралған жоқ.

Үстірттегі қазақтарды өз жағына тарту үшін Хиуа ханы қыркүйекте тек 200-дей адамнан тұратын отряд жіберді. Бала Ерназар (ұлты – қарақалпақ), Әзберген Мұңайтпасұлы, Жәнібек Барақұлы бастаған бұл отрядқа ауыл-ауылға барып, зекет жинау тапсырылды [11].

Хиуа иеліктеріне 1869 жылдан бұрын өтіп кеткен Әзбергенді Хиуа ханы өз әдегінше хан деп жариялайды және есесіне орыс билігіне өткен қазақтармен күресуді ұсынады. Әзберген өз кезінде,

Ресей мен Хиуаның қол астына екіге бөлініп кеткен қазақ халқының бір-бірімен байланысып тұруына еркіндік берілген жағдайда ғана келісетіндігін, бірақ әр ханның қазақ халқымен ойына келгенін істегісі келетін ниетін қолдамайтындығын, қай жерде жүрсе де халқының мүшкіл жағдайына қарамастан, мұндай тапсырманы орындай алмайтындығын білдіреді [6].

Ауа көшіп барған қазақтарға Хиуа ханы жер бөліп беріп, қоныстандырды. Онда да, әрине, ханның түпкі есебі болды. Оған орыс әскері келе қалса, қарсы тұрар қол керек еді. Ал, орыс билігінен қашып келген қазақтар хандықтың солтүстігін, орыс отрядтарынан қорғау үшін таптырмас күш еді. Осылайша әйгілі Дәуіт Асауұлы бастаған шөмішті-табын руының 3.000 түтіні Хиуа билігін мойындады.

Қазақтардың басым көпшілігі өздерінің жеңілгендігін мойындады. Шілденің аяғына таман таз, кете руының 6580 түтінінің кейбір өкілдері, Веревкинге келіп «Ережені» «қабылдауға дайын» екендіктерін білдірді.

Ал «Ережеге» бойұсынбағандарға байланысты патша үкіметінің саясаты өте қатал болды. Осындай 15 мыңдай түтін Жемді асып, Үстіртке қашты. Оларға мынандай қатыгез шара қолданылды. Жазалау күштеріне малдарын тартып алып, өздерін шөл далаға қуып жіберу бұйырылды [12]. Ал Үстірттегі қазақтардың қолдарында қалған азын-аулақ мал азығының жетіспеуінен өзінен-өзі қырылды. Сондықтан бас кезінде Жемнің арғы жағына өткендердің көпшілік бөлігі бұрынғы орындарында қайтып оралуға мәжбүр болды. Тек көтеріліс басшылары, онын жақтаушылары мен туған-туыстары, сонымен қатар, шөмішті-табын, шекті, алаша руының қарабура тармағының, кейбір байбақты руының бөліктері жазалау отрядтарының құрығы жете қоймайтын оңтүстікке ішкерілеп еніп, Үстірт арқылы Хиуамен шекаралас жерлерде қалып қойды.

Тамыз айындағы әскери отрядтар қызметі кете руы қазақтарын жазалау мен шөмішті - табын руының ақсақалы *Дәуіт Асауұлымен* «Ережені» қабылдау туралы келіссөз жүргізумен айналысты.

Жалпы, көтерілісшілерге қарсы бағытталған отрядтардың ішінде Рукин мен Веревкин қолдары Ойыл мен Сағыз бойындағы, граф Комаровский қолы Ембі посты маңайында бой көрсеткен кейбір топтарды талқандады.

Бұл отрядтардың біраз бөлігі шепке қайтарылды. Қалған бөлігі Ембі посты, Ойыл, Ырғыз бекіністерінің гарнизондарын күшейтуге қалдырылды.

Сонымен қатар, енді «Уақытша Ереже» Орал облысында кейінге қалдырылған Жем үйезінде енгізу қолға алынды. 8 тамыз айында осы жерді мекендейтін шөмішті - табын руының беделді ақсақалдарына шақыру хаты жіберілді солардың бірі, Д.Асауұлының оған жауап хатының мазмұны төмендегідей болды: «Хиуа ханының 5 мың әскері келіп, бізден орыстарға қарсы күресуімізді талап етті. Еркін көшіп - қонуға тосқауыл қойылғанына наразылар Жемге қарай қоныс аударды. Ал бұл жерде оларды орыс отрядтары күтіп алып талқандады, көп адамдар қырылды, мал-түліктер тоналды. Енді қазақтардың арасында бірлік жоқ. Олардың бір бөлігі кейін қайтып үлгерді. Ал екінші бөлігінің кейін қайтуына тағы да Ақбұлақ, Қосбұлақ маңына келген Хиуа әскері кедергі болуда. Одан сескенген біз Қоңырат жаққа кеттік», - дейді [13]. Бұл хаттан басында жазалау күштерінен үркіп, Жем бойына келгендердің ауыр жағдайда қалғандағы байқалды. Екі жақты қысымға түсіп, басы әуре-сарсаңға түскен қазақтардың басындағы трагедияны аңғартады. Олардың тіпті бұрынғы орындарына қайта оралуы үшін де, қолда бар азын-аулақ бүкіл жаз бойғы қуғын-сүргіннен қаралмаған малдары күш-көліктік жүріске жарамайтын еді. Сондықтан жақын арада тез орала қоятындай мүмкіндік де жоқ болатын.

Д.Асауұлы хатының соңында табындықтар атынан, өздерін Жем үйезіне емес, Торғай облысына жатқызуды сұрайды, сонымен қатар, «Ережені» енгізуді, салық төлеуді көктемге дейін қалдыра тұруға өтініш білдіреді. Оның екінші кезекте тартып алынған малдарды қайтаруды сұрайды. Бірақ, Д.Асауұлының бұл өтініштері орындалмады. Ал, сонау ерте көктемде Қобда, Елек бойындағы қыстауларынан көтерілген басқа *Саттық Тайұлы* және т.б. табын руы Шың, Сам, Матай құмдарында қалып қойды. Олардың арасында Торғай облысындағы көтеріліс басшыларының бірі Ханғали Арысланұлы та бар еді [14].

Қолда бер деректерге қарағанда, Ханғали Арысланұлы, Әзберген Мұңайтпасұлытар бастаған бір топтың қарсылық әрекеттері 1870-1871 жылдарға дейін созылғандығы байқалады. Тек, 1873 жылы ғана Орынбор әскери округының экспедициялық отряды Хиуа хандығының шекарасына таянған кезде, олар өз еріктерімен отрядқа келіп қосылды. Кейіннен Ханғали Арысланұлына, Әзберген Мұңайтпасұлына 1873 жылғы Хиуа жорығында қызметтері ескеріліп кешірім жасалынды.

- 1 Орынбор ОММ-ы, 6-қ., 10-т., 8239-іс.
- 2 «Русский инвалид» // 1869, № 119.
- 3 ООММ-ы, 6-қ., 10-т., 8239-іс, 464-465 пп.
- 4 Серета Н.А. Из истории волнений в Оренбургском крае // Русская мысль. 1891, № 10, с. 82-86.
- 5 ҚРОММ-ы, 25-қ., 2-т., 774-іс, 8-20 пп. Н.А. Серета 1840 жылы туған. Тегі - Полтава губерниясының дворяндарынан шыққан. 1859 ж. Орынбордағы Неплюев кадет корпусын бітірген. Орынбор генерал-губернаторлығында әртүрлі шенеунік қызметін атқарған. 1875-1887 жж. Орынбор қалабасшысы, коллеж асессоры. Кейбір кезегар теориялық тұжырымдарының болуына қарамастан, оның еңбектері деректік материалдарымен құнды.
- 6 Современные известия. 1869, № 176.
- 7 ООММ-ы, 6-қ., 10-т., 8239-іс, 406 п.
- 8 Шахматов В.Ф. К вопросу о характере восстания 1869 года в Тургайской и Уральской областях // Вестник АН КазССР, 1953. - №1. - 97 с.
- 9 Юр-ко. Взгляд на степную войну // Военный сборник. 1873. №11. - С.55-56.
- 10 Вогак С. Киргизская лошадь. // Военный сборник. 1873. - №9.
- 11 Потто В. О степных походах // Военный сборник. 1873. - № 4. - 259 с.
- 12 ҚР ОММ-Ы, 25-қ., 1-т., 2588-іс, 1-п. Общій обзор состояния деятельности всех частей Военного министерства 1869 год. // Военный сборник. 1871. - № 7. - 119 с.
- 13 Голос. - 1869. - №278.
- 14 ООММ-ы, 6-қ., 10-т., 8320-іс, 21п.

Резюме

В отечественной историографии данные протестные движения освещаются как незначительное, краткосрочное восстание казахов в Тургайской и Уральской областях, тем временем при углубленном изучении раскрываются не известные страницы этого одного из самых важных событий конца XIX века. В данной статье рассматриваются эпизоды, связанные с борьбой против царизма в Западном Казахстане (1869-1873 гг.). Показана расстановка военно-политических сил после восстания, откочевка казахов в пределы Хивинского ханства и участие хивинского отряда в нем, политическая ориентация его руководителей. На основе документов, хранящихся в Оренбургском областном государственном архиве Российской Федерации и других достоверных источников освещается проблема казахско-хивинских отношений. Предпринята попытка анализа действия повстанцев и мотивы руководителей би А. Муңайтпасулы, Д. Асауулы, султан Хангали Арысланулы.

Ключевые слова: восстание, протестные движения, руководители восстаний, казахи, административно-судебные реформы, колониализм, царизм, карательные, экспедиции.

Abstract

In national historiography these protest movements covered as a minor, short-term Kazakhs uprising in Turgay and Ural regions, meanwhile, in-depth study reveals the unknown pages of one of the most important events of the late nineteenth century. This article discusses the episodes associated with the struggle against the tsarist regime in Western Kazakhstan (1869-1873gg.). It is shown the balance of military and political forces after the uprising, carting away of kazakhs within the Khiva Khanate and participation of Khiva squad in it, the political orientation of its leaders. Issues of Kazakh-Khiva relations covered on the basis of the documents stored in Orenburgkom Regional State Archive of the Russian Federation and other reliable sources. An attempt is made analyze the action of the rebels and the motives of the leaders of bi Munaytpasuly A., D. Asauly Sultan Han Aryslanuly.

Key words: the rebellion, protest movements, leaders of the uprising, the Kazakhs, administrative and judicial reforms, colonialism, the tsarist government, punitive expedition

ӘОЖ 94 + 32] (574)

1916 ж. ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫ

Отарбаева Г.К. – т.ғ.к., доцент,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының көпғасырлық ұлт-азаттық қозғалысы тарихында ерекше орын алады. Мақалада Ресей империясының бірінші дүниежүзілік соғыстан соң Түркістандағы отарлау саясаты, Сырдария және Жетісу облыстарында құнарлы жерлерді жаппай тартып алуы, қазақтарды күштеп көшіргені сипатталады.

Түркістандағы патша әкімшілігінің саясаты, Қазақстан және Орта Азияның түгелге жуық аймақтарын қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, көрнекті мемлекет қайраткерлері Т. Рыскулов, С.Асфендияров, М.Тынышпаев және басқа да ұлт зиялылары өкілдері (У. Асадуллаходжаев, М. Бехбуди т.б.). бағалауы мн көзқарасы ашылады.

Мақалада патша жарлығына және дала әкімшілігі әрқилы таптары көтерілісі, қазақ зиялыларының радикалды өкілдері (Т. Бокин, Ж. Ниязбеков, Ә.Жүнісов) либералды-демократиялық зиялылар жетекшілері (А.Байтұрсынов, А. Бөкейханов, М. Дулатов) көзқарастары мазмұндалады. Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы халықтың ұлттық санасын оятып, отарлау саясатына қарсы күрес тәжірибесін байытты.

Тірек сөздер: Ресей империясы, отарлық саясат, ұлт-азаттық көтеріліс, мемлекеттік қайраткерлері, қазақ зиялылары.

Бірінші дүниежүзілік соғыс Түркістандағы және Ресейдің басқа да ұлттық шет аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайды бұрынғыдан гөрі барынша ушықтыра түсті. Жергілікті орындарда шенеуніктік озбырлық күшейді. Сырдария және Жетісу облыстарында қазақтардан жерді жаппай тартып алу жалғаса берді. Бір ғана Жетісу облысында соғыстың алғашқы үш жылында 1800 мың десятина ең жақсы құнарлы жайылымдар мен егістіктер тартып алынды. Бұл жерлердің нағыз қожайындары қазақтар шаруашылық жүргізуге жарамдылығы аз немесе мүлдем жарамсыз жерлерге, шөл және жартылай шөлейт аудандарға күштеп көшірілді.

Бірнеше жылдардан соң осы жылдары қалыптасқан жағдайға баға бере отырып, көрнекті мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов былай деп атап өтті: Түркістан мен Қазақстанда патша әкімшілігі үстемдік құрған дәуір ішінде «қоныс аударған орыс шаруалары мен орыс казачествосы өз шаруашылығын көбіне жыртқыштықпен жүргізуді, олардың байлықтары негізінен қазақ батрақтары мен тұрғындарын қанаудан жиналды» [1, 84 б.].

Т.Рысқұловтың пікірінше, Ресей империясының отарлық саясаты түптің түбінде қазақ халқының кедейленуіне әкеліп, қазақтар мен түркістандықтардың 1916 жылғы жалпыхалықтық көтерілісіне негізгі себеп болды.

1916 жылғы көтеріліс аймақтағы жергілікті халықтардың отаршыл зомбылыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің айқын көрінісі болды. Қазақтар мен қырғыздар көп тұратын аудандардағы көтеріліс себептеріне талдау жасай отырып ресейлік авторлардың бірі былай деп атап өтеді: «...көтеріліс жоғарыдан бастап бүкіл әкімшіліктің (Ташкент және Жетісу) қырғыз(қазақ – О.Г.) халқын бұрып тастап, жерді үкіметтің әрмен қарай отарлауы үшін тазалауға бағытталған арандатушылық жұмысының нәтижесі болды. Жөнсіз және арандатушы бұйрықтар, әкімшілік шенеуніктерінің жалған түсіндірмелері, орыс қоныс аударушыларын айдап салуы, олардан жасақтар ұйымдастыруы, жаппай адам өлтіру мен тәртіпсіздіктердің жазаланбауы - мұның барлығы көтерілісті арандатуға бағытталды. Бұл көтеріліс қырғыздарды (қазақтарды - О.Г.) жаппай «жойып жіберуге» негіз болар еді. Әскери отрядтар мен шаруа жасақтарының қарулы және ұйымдастырылған полицейлердің әрекеті арқылы өлкенің әкімшілігі толқу аудандарын шебер кеңейте білді, қырғыз (қазақ - О.Г.) халқын келіп жатқан әскерлер көзіне барынша дұшпан етіп көрсете білді» [2, 334 б.].

Келесі бір орыс зерттеушісі көтеріліс жергілікті тұрғындарды «жаппай жойып жіберу» үшін әдейі арандатылды деген пікірмен келіспестен былай деп мойындады: «Бұл отарланған халықтың империалистерге қарсы күресі болды. Бұратана халық оған (көтеріліске) өлкенің бүкіл қанаушы жүйесі арқылы дайын болды» [3, 87-88 бб.].

Өлкенің жергілікті халықтарының әлеуметтік-экономикалық, саяси және азаматтық құқықтарын таптау, олардың ұлттық мүдделерін бұрмалау Ташкент әкімшілігінің түрлі нұсқау және директиваларымен көтермеленіп отырылды. Мәселен, 1911 жылы 31 қазанда таратылған Түркістан генерал-губернаторының директивасында облыстардың әскери губернаторлары мен уездердің бастықтарына

мынадай тапсырма берілген: «жергілікті ұлт өкілдеріне қаттылық таныту қажет, ал өмірдің барлық саласында негізгі орынды орыстар мен орыс мүддесі иеленуге тиіс» [4, 22 б.].

«Орыс мүддесін» қорғау, жоғарыда атап өткеніміздей, Түркістан өлкесі мұсылмандарының тағдырларына қайғылы әсер етті. Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғысқа араласуымен Түркістанда өнеркәсіп пен армия үшін шикізат, азық-түлік және отын дайындау бойынша көптеген өкілетті адамдар өз қызметін бастап кетті. 1914-1916 жылдар аралығында Түркістаннан 41 млн. пұт мақта, 3 млн. пұттан аса мақта майы, 200 мың пұт күнжара, кептірілген жемістер, миллиондаған қой және басқа да мал әкетілді [5, 150-151 pp.].

Көрнекті қазақ қайраткері С. Асфендияров соғыс жылдарында әскери ведомство жергілікті халықтан (көбіне, қазақтардан) арзандатылған және әділетсіз бағамен көп мөлшерде мөлшерде жылқы, түйе, ірі қара мал мен қой сатып алып, жергілікті халықты мейлінше тонағанын дәлелдеп жазған болатын. Бағасы 150-200 рубльдік жылқы үшін қазына 30-50 рубль, 10-12 рубльдік қойға 4 рубль төледі [6, 75 б.].

Табиғат пен адам ресурстарын жыртықшылықпен қанаудың күшейіп, салық салу және баға саясаты арқылы халықты жасырын тонау ұлғая түсті. Инфляция шарықтай берді. 1916 жылы 1915 жылға қарағанда бүкіл Түркістан бойынша дән бағасы 300 %-ға, күріш пен қант - 250%-ға дейін, нан – 4 есе, киім мен аяқ-киім - 200-350%-ға дейін көтерілді [7, 30 б.].

Империялық салық стратегиясын іске асыру салдарынан түрлі міндеткерліктер мен салықтар саны күрт ұлғайды. Мәселен, ауыл тұрғындарынан алынатын көптеген салық түрлерінен талап етілуші салық көлемі 66%-ға дейін көтерілді. Мақтаға арнайы әскери салық енгізілді. Малшылардан алынатын салық екі есеге ұлғайтылды. Түркістан халқы сондай-ақ жолдар мен ирригациялық құрылыстарды дұрыс жағдайда ұстауға арнайы салық төледі. Салықтардан басқа «ерікті жинақтар» енгізілді, оның есебінен майдан қажеттілігі үшін қосымша ақша жиналды.

Халықтан азық-түлік, киім, еңбек құралдары, мал, жылқы және т.б. бұйымдар алынды.

Осы кезеңде Ташкент отарлау әкімшілігінің Түркістан мұсылмандарын өкіметке қарсы идеологиялық күреске бастап шыға алатын әлеуметтік күш ретінде ислам дінбасыларына деген қатынасы едәуір қатая түсті. Дінбасы өкілдері отарлау әкімшілігінің тұрақты қадағалауында болды. Вақфтық жерлердің қысқаруы мұсылман дінбасыларының ашық наразылығын тудырды.

Император Николай II-нің 1916 жылғы 25 маусымдағы «Империяның бұратана халықтарның ер адамдарын соғысушы армия жеріндегі қорғаныс құрылыстарын мен әскери байланыстарды орнату, сондай-ақ мемлекеттік қорғаныс жұмысына қажетті кез-келген өзге де жұмыстар үшін реквизициялау туралы» жарлығы түркістандықтардың төзімін тауысты. Бұл жарлық көтеріліске себеп болды. Осы жарлық бойынша тыл жұмыстарына 19-43 жас аралығындағы «бұратана» халықтың ер адамдарын тарту қажет болды. 1916 жылғы 29 маусымда Ташкентте үкімет телеграммасы қабылданады. Мұнда Ташкент әкімшілігі қара жұмысқа 250 мың адам жөнелту керектігі нақты көрсетілді. 1916 жылы 2-3 шілдеде Ташкентте генерал-майор М.Ерофеевтің басшылығымен (осы кезеңде Түркістан генерал-губернаторы міндетін атқарушы) облыстық губернаторлар және отарлық әкімшіліктің шенеуніктерінің қатысуымен жиналыс өткізілді. Мұнда облыстар бойынша жұмысшылардың наряды белгіленді, халықты тыл жұмыстарына жөнелту шаралары әзірленді. Астық өсіретін және мал шаруашылығымен айналысатын аудандардан гөрі мақталы аудандардан жұмысшыларды аз алу қарастырылды, өйткені Ташкент пен Орталық өкімет майдан қажеттілігі үшін мақта өндірісін дамытуға аса мүдделі болды.

1916 жылғы 25 маусымдағы жарлықтың көптеген ережелерін жергілікті халыққа қосымша ретте түсіндіру қажет болды, өйткені олар ұлттық баспасөзден «тыл» немесе «қара жұмыста» немен айналысатындығы туралы толық мәлімет ала алмады. Біршама кейін осыған байланысты М.Тынышбаев былай деп атап өтті: «тәжірибелі солдаттар қазақтарға «окоп» дегеннің не екендігін түсіндірген кезде мобилизация (реквизиция) қаруланбаған адамдарды қырып-жоюға әкеледі деген ой халықты алаңдатты. Бұл жағдай өз кезегінде қазақтардың патша жарлығына деген дұшпандық ниетін тудырды..., ешкім де халыққа мезгілінде жұмысшыларды қара жұмысқа алу себебін түсіндіріп бере алмады. Оның орнына жергілікті өкімет осы жарлықты асығыс әрі кейбір жерлерде қатаң шаралар арқылы орындай бастады. Бір мезгілдегі асығыс мобилизация... халықты есеңгіретіп... жіберді, сонымен қатар шақыру барысында зұлымдықтар да орын алды. Орыс әкімшілігіндегі кейбір адамдардың аяусыз шаралары мен қателіктері, болыстардың жемқорлығы шегінен шықты. Осындай әдіс-тәсілдердің халыққа тікелей әсер етуінен толқу күшейе бастады» [8, 41-42 бб.].

Қарапайым адамдардың наразылығы мен қарсылығы жергілікті билікті мұсылман қауымын әлеуметтік-мүліктік белгісі бойынша бөлуге итермеледі. Жарлыққа арналған толықтырулар мен

түсініктемелерге сәйкес болыстар мен олардың жігіттері (қарулы күзет), жергілікті тұрғындардан алынған төмен шенді полицейлер, имамдар, молдалар мен мударистер, үкімет мекемелерінің шенеуніктері, «құрметті азамат» құқығын пайдаланушы адамдар және халықтың кейбір дәулетті санаттары қара жұмысқа алынбады. Сондай-ақ, Ташкент отарлау әкімшілігі кез келген «бұратана» өзінің орнына жұмысқа басқа адамды жалдай алады деген нұсқау берді, мұны көптеген ауқатты адамдар пайдаланып қалды [9, 9-10 пп.].

Атап өтерлік жайт, Түркістан және қазақ зиялыларының көптеген өкілдері (У. Асадуллаходжаев, М. Бехбуди, М. Тынышбаев, Т. Рысқұлов және т.б.) патша жарлығына бірден қарсы шықты. Өз кезегінде, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сияқты басқа да қазақ либерал-демократтары және «Қазақ» газетінің маңына топтасқан адамдар патша әкімшілігін мобилизациямен асықпау қажеттігіне көздерін жеткізгісі келді, жергілікті орындарда дайындық жұмыстарын жүргізу қажеттігін атап өтті. Алайда, мұның барлығы күтілген нәтиже берген жоқ.

1916 жылы маусымның басында Түркістан мен Қазақстанның көптеген елді мекендерінде қарулы көтеріліс басталды, оған аймақтағы жергілікті халықтың барлық әлеуметтік топтарының өкілдері қатысты. Түркістан жадидтері мен қазақ прогресшілдерінің белгілі бір бөлігі көтерілісшілерге қолдау көрсетіп, өздері оған қатысты. Мәселен, көтерілістің бастапқы кезеңінде (тамыздың алғашқы күндерінде) Әулиеата уезінде Ташкент мұғалімдер институтындағы оқуын тастап келген Т.Рысқұлов көтерілісшілердің жетекшілерінің біріне айналады. Т.Рысқұловтың көтерілісшілердің қызметін алдын-ала ұйымдастыру мен үйлестіру туралы ұсыныстары көтеріліс басшылары тарапынан қолдау тапты.

Көтерілістің басталуы мен барысы Ресейдің мазасын алды, мұның өзі Санкт-Петербургте осы тақырыпта арнайы мәжілістер мен жиналыстар өткізуге себеп болды. Едәуір шамада мұның өзі Ресей фабриканттары мен өнеркәсіпшілерінің осы аймақта өз мүдделері болуымен байланысты еді. Ресей капиталының өкілдері өлке экономикасына салған қаржы салымдарынан қауіптен отырып, «бүлікшілдермен келісудің қажеті жоқ, кез келген құралмен қысқа мерзімде көтерілісті басу қажет» деп ұсыныс айтты. Осы күндері Ресей үшін Мәскеу қоғамынан Түркістан генерал-губернаторы Куропаткинге келесі мазмұнда хат жөнелтілді: «Түркістанда көтеріліс кезінде жергілікті халық қолынан орыс әкімшілігінің өкілдері қаза болды. Қоғамның бас кеңесі ол жақта әрмен қарай ресейліктердің жағдайын сақтау мен нығайтудың маңыздылығы мен қажеттілігін атап өтеді. Сондықтан көтеріліске қатысушылар мен олардың жанашырларына біздер өте қатаң шаралар қолдануды сұраймыз. Олардың жерін тартып алып, ал өздерін Сібірдің әлдеқайда қиыр тұсына айдап жіберу қажет. Жерді ерлік танытқан солдаттарға және көбіне казактарға тарату керек» [10, 200 п.].

Мұндай ұсыныстарды іске асыру мәселесі ұзақ күттірген жоқ. Жетісу казактары қазақ халқына қарсы жазалау шараларымен ерекше көзге түсті, «қырғыздарды (казактарды) ұрып-соғып, жерлері мен мүлкін тартып алды» [11, 3 б.].

Наразылық пен бағынбау белгісінде көптеген қазақ рулары Қытай шекарасына қарай көшуін жеделдетті. Қытайға қарай үдере көшу патша жарлығы шыққан алғашқы күндерден-ақ басталған болатын.

Ұлттық зиялы қауым қарапайым адамдардың мүддесін қорғау үшін мүмкін болған нәрсенің барлығын істеді. Мәселен, бірқатар зиялылар тарапынан «бұратана комитеттер» құрылды, олардың қызметін жергілікті полициялық жасауыл қадағалады. Бұл комитеттер мобилизацияланғандардың тізімінің дұрыс құрылуына жауап берді, олардың өз туыс-жақындарына пошта жөнелтілімдерін қадағалады.

Ұлт зиялылары мобилизацияланғандардың және тағдыр тәлкегінде қалған олардың отбасыларының жағдайын жеңілдетуге тырысып, оларға материалды көмек пен моральдық қолдау көрсетті.

Атап өтерлік жайт, Түркістан және қазақ зиялыларының көптеген өкілдері (У. Асадуллаходжаев, М. Бехбуди, М. Тынышбаев, Т. Рысқұлов және т.б.) патша жарлығына бірден қарсы шықты. Өз кезегінде, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сияқты басқа да қазақ либерал-демократтары және «Қазақ» газетінің маңына топтасқан адамдар патша әкімшілігін мобилизациямен асықпау қажеттігіне көздерін жеткізгісі келді, жергілікті орындарда дайындық жұмыстарын жүргізу қажеттігін атап өтті. Алайда, мұның барлығы күтілген нәтиже берген жоқ.

1 *Казахи о русских до 1917 г. - Оксфорд, 1985. - 92 с.*

2 *Бройдо Г. Материалы к истории восстания киргиз в 1916 году // Новый Восток. - М., 1924. - Кн. 6. - 434 с.*

3 *Шестаков А.В. Восстание в Средней Азии в 1916 году (К десятилетию событий) // Историк-марксист. - М.: Изд. коммунистической академии, 1926. - Т. 2. - 291 с.*

4 Исмаилова Ж.Х. *Национально-освободительное движение в Туркестане в начале XX века (на примере восстания 1916 года в Ферганской долине): Автореф. ... канд. ист. наук. - Ташкент, 2002. - 22 с.*

5 *ӨРОММ. - 1-қ., 31-т., 1149-іс, 150-151-пп.*

6 Асфендияров С.Д. *Национально-освободительное восстание 1916 г. в Казахстане. - М. - Алма-Ата, 1936. - 75 с.*

7 Чариев З.У. *Усиление колониальной политики и национального гнета и их последствия в Туркестане в начале XX века (На примере мобилизации на тыловые работы): Автореф. ... докт. ист. наук. - Ташкент, 1999. - 33 с.*

8 Тынышпаев М. *История казахского народа. - Алматы, 1999. - 279 с.*

9 *ӨРОММ. - 18-қ., 2-т., 660-іс, 9-10-пп.*

10 *ӨРОММ. - 1-қ., 31-т., 1128-іс, 200-п*

11 Алтыев А. *Национальная политика и практика на местах//Жизнь национальностей. - М., 1922. - № 6-7. - 14 апреля. - 3 с.*

Резюме

Восстание 1916 г. занимает особое место в истории многовекового национально-освободительного движения казахского народа. В статье характеризуется колониальная политика Российской империи после Первой мировой войны в Туркестане, массовое изъятие самых плодородных земель в Сырдарьинской и Семиреченской областях, насильственная эвакуация казахов.

Раскрываются взгляды и оценка политики царской администрации Туркестана и национально-освободительного восстания 1916 года, охватившее почти все регионы Казахстана и Средней Азии видных государственных деятелей Т. Рыскулова, С.Асфендиярова, М.Тынышбаева и многих представителей казахской интеллигенции (У. Асадуллаходжаев, М. Бехбуди и др.).

В статье излагается отношение к указу царя и восстанию различных слоев общества - туземной администрации, радикальных представителей казахской интеллигенции (Т. Бокин, Ж. Ниязбеков, А.Жунисов), лидеров либерально-демократической интеллигенции (А. Байтурсынов, А. Букейханов, М. Дулатов). Национально-освободительное движение казахского народа 1916 г. пробудило национальное сознание народа, обогатило опыт борьбы против колониализма.

Ключевые слова: Российская империя, колониальная политика, национально-освободительное восстание, государственные деятели, казахская интеллигенция

Summary

Revolt of 1916 holds a special place in the history of the centuries old national liberation movement of the Kazakh people. This article characterized the colonial policy of the Russian empire after the first world war in Turkestan, the mass seizure of the most fertile lands in the Syr-darya and Semirechensk areas, forced the evacuation of the Kazakhs.

Deals with the views and assessment of the policy of the imperial administration of Turkestan and the national liberation uprising of 1916, covering almost all regions of Kazakhstan and central Asia eminent statesmen of T.Ryskulov, S.Aspendiarov, M.Tynyshbaev and many representatives of the Kazakh intellectuals (W.Asadullahodjaeva, M. Behbudy, etc.).

This article describes the attitude to the imperial and the uprising of various sectors of society the native administration, the radical representatives of the Kazakh intellectuals (Bokin, Niyazbekov, Zhunisov), the leaders of the liberal-democratic intellectuals (A. Baitursynov, A. Bukeikhanov, M. Dulatov). The national liberation movement of the Kazakh people in 1916 awakened national consciousness of the people, enriched the experience of struggle against colonialism.

Key words: Russian Empire, colonialism, national liberation uprising, government officials, Kazakh intellectuals.

ӘӨЖ 94(5):069

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ДАЙЫНДАҒАН «ҚАЗАҚТЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР, ҰҒЫМДАР МЕН АТАУЛАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖҮЙЕСІ» АТТЫ 5-ТОМДЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯДА ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ХАҚЫНДА

Қыдыр Нұрғожа – ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің Қазақстан тарихын зерттеу орталығының ғылыми қызметкері

Мақалада ҚР Мемлекеттік Орталық музей қызметкерлері дайындаған «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5-томдық ғылыми энциклопедияда Шоқан Уәлиханов еңбектерінің қолданылуы туралы сөз болады. Аталмыш басылымға дәстүрлі қазақы ортадағы белгілі бір жосын-жоралғылар, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың беймәлім қырларын ашуда Ш. Уәлиханов еңбектеріндегі құнды этнографиялық мәліметтер мольнан қолданылды. Әсіресе, энциклопедиядағы әдеттік құқыққа қатысты негізгі мақалаларды жазуда Шоқан еңбектеріндегі билік, сот, реформа туралы жазған құнды мәліметтері келтірілді. Сонымен қатар, Шоқанның салған этнографиялық суреттері мен нақты, әрі дәлдігімен ерекшеленетін сызбалары да пайдаланғандығы айтылды.

Тірек сөздер: құқық, әдет-ғұрыптық құқық, әдеттік құқық, би, билер соты, халық соты, билік, билік айту, билік жүргізу, төрелік айту, төрелік жүргізу, би кесімі, іс кесу, қақы, құқы, реформа, шаман, шаманизм, бақысы, бақысылық, ислам.

2014 жылы ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің (әрі қарай – ҚР МОМ) этнология бөлімінде белгілі этнолог ғалым Нұрсан Әлімбайдың жетекшілік етуімен «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық іргелі еңбек, энциклопедия жарық көрген болатын. Мәдени мұра бағдарламасы бойынша қолға алынған аталмыш еңбектің жариялануы соңғы жылдардағы (2011-2014жж.) қазақ мәдениетіндегі үлкен ғылыми жаңалық болғандығы белгілі. Нұрсан Әлімбайдың идеясы бойынша қолға алынып, этнология бөлімінде дайындалған ғылыми-зерттеу жұмысы жалпы 10 мың атаулар мен ұғымдарды қамтыған бірегей еңбек болып табылады. Еңбекті жасауда Нұрсан Әлімбаймен бірге Нұргелді Уәли, Бабақұмар Хинаят, Досымбек Қатран, Рүстембек Шойбеков, Бейбітқали Қақабаев, Қалиолла Ахметжан сияқты энциклопедия авторларынан бөлек бір топ жас ғалымдар да қатысты. Аталмыш энциклопедияда төмендегідей жүйеленген, бірізді ғылыми міндеттер басты назарға алынды:

– Қазақтың дәстүрлі тіршілікқамы мәдениетімен ұмытылып бара жатқан көшпелі тұрмыстағы материалды мәдениет құралдары, оларды дайындау механизмі жасалды;

– Қазіргі кезде ғылымда көмескіленіп бара жатқан сан алуан салт-дәстүрлер мен жосын-жоралғылардың айқын көрінісі, сондай-ақ, тарихи құжаттар, ауыз әдебиеті мәтіндері, мақал-мәтел, фразеологизмдер арқылы бір тұтастыққа келтірілді.

Энциклопедияда біз жоғарыда айтқан көмескі тартып, сұлбасы ғана қалған, тіпті ұмыт болған кейбір мәліметтерді табу, толықтыру мақсатында жинақталу уақыты қазан төңкерісіне дейінгі және ХХ ғасырдың 20-30-жылдарына жататын алуан түрлі деректік материалдар мольнан пайдаланылды. Бұл ретте ең алдымен қолға алынғаны аталған кезеңдерде қазақ даласына ұйымдастырылған әртүрлі экспедициялардың материалдары, қазақ және орыс зерттеушілерінің еңбектері мен архивтік және мерзімдік баспасөз мәліметтері болды. Сонымен қатар, тарихи-этнографиялық деректердің ішінде патшалық режимнің қазақ өлкесіндегі жергілікті мемлекеттік органдары, әсіресе әскери құрылымдарында қызмет істеген орыс офицерлері мен статистикалық комитеттердің есептері пайдаланылды. Атап айтқанда Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, В.Н.Плотников сынды зерттеушілердің еңбектеріндегі мәліметтердің энциклопедияға қажетті материалдарды толықтырудағы маңызы ерекше болды.


Сонымен қатар, энциклопедияға қазақтың дәстүрлі тіршілігін әр қырынан бейнелеген қазан төңкерісіне дейінгі Еуропа және орыс суретшілерінің туындылары қолданылды. Осы ретте, Ш.Уәлихановтың сан алуан тақырыптарға салған өзінің дәлдігімен ерекшеленетін этнографиялық суреттері мол пайдаланылды. Бұл – энциклопедияның көрнекілігін қамтамасыз етуге септігін тигізді. Әсіресе, Ш.Уәлихановтың сызбалары энциклопедиядағы астрономиялық және жағрафиялық мәліметтердің дәйектілігін арттыра түсті.

Энциклопедиядағы жыр, өлең, киіз үйге қатысты, ондағы заттардың орналасу реті, түрлі ауруларға қарсы қолданылған қазақы ем-домдар мен емшілер, қазақ мифологиясындағы әрбір кейіпкер мен

олардың образын ашу, аңыздар, ауыз әдебиеті, мифтер, өлімге қатысты атқарылатын жосындар, қазақтың түрлі салт-дәстүрлері мен жосын-жоралғылары, төрт-түлікке қатысты атқарылатын жоралғылар, бақсылық, қазақтың қару жарақтары (Шоқан салған қару-жарақ суреттері), сонымен қатар, бақсылық сарындағы рух, ие, жынға қатысты мақалаларда Ш.Уәлихановтың айтқан іргелі ойлары үнемі басшылыққа алынып, аталмыш еңбекке енгізіліп, оларға сілтеме беріліп отырды.

Ш.Уәлихановтың салған суреттері мен сызбалары өз алдына, оның қазақтың түрлі салт-дәстүрлері мен жосын-жоралғыларын нақты деректермен дәлелдейтін этнографиялық құнды ойлары ғылыми жұмыстың құндылығын арттыра түсті деуге болады. Атап айтқанда, тарих, этнография, жағрафия салаларындағы құнды пікірлерінен бөлек, шаруашылық, көшпелі тұрмыс, табиғат құбылыстарына байланысты қалыптасқан халықтық білімдер жүйесі де басшылыққа алынды. Мысалы, қазақы ортада тіршілік цикліне байланысты атқарылған салттар, ғұрыптар мен наным-сенімдер жүйесінде ерекше орны мен мәні бар аспан денелерінің бірі – айға сәлем беру жайлы Ш.Уәлихановтың төмендегідей құнды мәліметі Ай деген мақалада берілді: «Ертеде қазақтар жаңа туған Айға тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп мінәжат етеді. Жаздыгүні болса, сол тізе бүккен жерінің шөбін жұлып, отқа тастайды». Шоқанның берген бұл дерегі аталмыш мақалада қазіргі кезде де маңызын жоймаған ғұрып екендігімен толықтырыла түсті [1, 74-79бб].

Ал, жұлдызға деген халық санасындағы пайымдауларды Шоқан төмендегідей түсіндіреді: «Қазақтар жұлдыздардың жер бетіндегі бақытқа әсер ететініне сенеді. Енді біреулердің пікірінше, әрбір жұлдыз жердегі әрбір адамның жанымен байланысты, адам өлгенде оның аспандағы жұлдызы да ағып түседі. Аспаннан ағып түскен жұлдызды көрген қазақтар «менің жұлдызым жоғары» немесе болып-толған бақытты адамды «жұлдызы жанған» [1, 124б]. Шоқанның бұл құнды деректері энциклопедиядағы Ай, Ай есебі / Ай санау, Ақпа жұлдыз, Жұлдыз, Күн, Күн күркіреу, Күн райын болжау сияқты қазақтың тіршілікке қаракетін тиімді, ұтымды ұйымдастыру мақсатында болашақтағы күннің райын, табиғаттың жай-күйін анықтау, болжамдар жасауға байланысты жазылған мақалалардың ғылыми негізін, дәйегін аша түсті. Осы ретте, Жұлдыз деген мақалада дәстүрлі түсінік бойынша Шоқан салған аспанның төмендегідей сызбасы берілді:



Қазақтың дәстүрлі түсінігіндегі жұлдызды аспанның сызбасы (фрагмент). Ш.Уәлихановтың қолжазбасынан. РҒА-ның СПб.-дегі мұрағат қорынан. 23-қ., 01-т., 13-іс, 12-парақ.

Энциклопедияның 1-томында байырғы этномәдени түсінікте «аруақ қону» арқылы адамдар әлемін рухтар мен жындар әлемімен байланыстырушы, әрі қобыз тартып, «ойын салып», сәуегейлік жасап, науқастарды емдейтін тұлға бақсы туралы Бақсы / Бақсылық деген мақалада бақсылыққа Шоқан берген анықтама келтірілді: «Дәуіперім бақсылар барлық ауруларды жаза алады, қарынды тіліп, операция жасайды, әйелдердің аман-есен босануына болысып, албастыларды рухымен сескендіреді, қуалайды, керемет ойындарымен өзінің рухын шақырып, бал ашады. Үлкен бақсылардың белгілері мынандай істерімен көрінеді: ойыны кезінде қылышты қарнына салып қояды, қылышты сабына дейін жұтады, қып-қызыл қыздырылған темірді жалайды, балтамен кеудесін шапқылайды. Осының бәрі ертедегі Қорқыт әулиеден мұра болып қалған сарын мен қобыз күйінің сүйемелдеуінде өтеді». Шоқанның бақсылықта кез келген бақсы Қорқыт сарынына сүйенетіндігін айтқан бұл ойы бақсылықтың мәнін ашудағы бірегей құнды пікір болды [1, 366-371бб].

Ал, Ислам жайында Қазақы ортаның дәстүрін жетік білген Шоқан Уәлиханов дәстүрлі қазақы наным-сенімдер мен ислам канондары, сан алуан ғұрыптық институттар, нормалар, принциптердің өзара үйлесім тапқандығын былайша сипаттады: «...Шаман діні қазақтарда мұсылман нанымдарымен араласып кеткен. Сөйтіп әбден араласып алып, мұсылман діні деп аталатын бір дін болып шыққан. Сонымен қатар аруақтарға сиынып, мұсылман әулиелерінің моласының басында мал соятын болған. Бақсыға сеніп, Мұхаммед қожаларын құрметтеген, олар отқа табынған, ал бақсылар аруақ, жынмен қатар мұсылман періштелерін де шақырып, Алланы дәріптеген. Міне, бұл сияқты қайшылықтар бір-біріне еш кедергілік жасамаған, ал қазақтар осылардың бәріне бірдей сенген» [2, 654-656бб].

Халықтық ұғымдағы жанды және жансыз заттарда болатын ерекше тылсым күш, қасиет – кие туралы энциклопедиядағы Кие деген мақалада Ш.Уәлихановтың қазақы ортада не себепті киеге үлкен мән берілгені туралы айтқан төмендегідей құнды пікірі берілді: «Қазақтар киеге үлкен мән береді. ... құдіретті күші бар жан-жануарлардың киесі бар дейді, ал олардың өзін киелі деп атайды. Жан-жануарлардың киесін қадірлемеу – киенің қағарын туғызады. Киенің ашуы, қағары – кесір деп аталады». Одан әрі аталмыш мақалада Шоқан ойынан шыға отырып, дәстүрлі наным-сенімде қасиетті адамдарды (пайғамбар, әулие, көріпкел), аң мен құсты (қасқыр, марал, аққу), жер-суды (киелі орындар, кесенелер, өзен-көлдер), ғарыштық денелерді (көк, ай, күн, жұлдыз) киелі деп санағандығы және оларға сиыну үрдістері болғандығы ашылып жазылды [3, 90-92бб].

5-томдық энциклопедиядағы негізгі мақалалардың бірегейі – Құқық / Әдет-ғұрыптық құқық / Әдеттік құқық / Билер соты / Халық соты / Билік / Билік айту / Билік жүргізу / Төрелік айту / Төрелік жүргізу / Би кесімі / Іс кесу / Қақы / Құқы деп аталатын дәстүрлі қазақы ортадағы әдеттік құқық заңдарын ғылыми тұрғыда жан-жақты талдап, зерттеген мақалада Ш.Уәлихановтың әйгілі «Сот реформасы жайында хат» атты еңбегіндегі сот пен құқық жайлы пайымдаулары өз үйлесімін тауып қолданылды. Аталмыш мақалада әдеттік құқық заңдарының кейбіреулерінің қолданыс мәні мен қолданыс аясы нақты ажыратылып, терминологиялық мәселелерден бастап жүйелеп, сатылап ашылды. Одан әрі көшпелілердің институционалдық қатынасы жүйесіне отаршылардың жасаған реформаларының әсері мен Ш.Уәлиханов және Абай сынды қазақ зиялыларының бірегей өкілдері аталмыш реформалардың қазақ социумінің табиғатына мүлдем кереғар екендігін айтып, бұл реформаларға қарсылық көрсеткені туралы да айтылды.

Осы ретте, Ш. Уәлихановтың қазақ өлкесінде патшалық режим тарапынан жүргізілген сот реформасының отаршылдық идеологиясы мен нәтижесін терең сипаттаған Ресей әкімшілігіне жолдаған әйгілі жазбасында дәстүрлі қазақы ортада билік жүргізуге қатысатын билердің санына шектеу болмағандығын ерекше атап көрсеткен пікірлерімен түйінделді [4, 20-50бб].

Мысалы, энциклопедиядағы Би¹ деген ірі мақалада билер сотының реформадан кейінгі құрылымын ашып көрсету үшін, билер сотындағы өзгерістерді жүйелі түрде саралған Ш.Уәлихановтың төмендегідей дәйекті мәліметі берілді:

1. Бидің санына шек қойылмайды. Әрбір округтың (дуанның) мировой судьясы (биі) бірнешеу болуы керек.

2. Биді ресми түрде ешкім сайламайды да, ресми түрде ешкім бекітпейді де... билердің маңызы жеке беделге негізделген. Мировой судьяның сайлауында арнаулы тәртіп, нарық бар.

3. Халық қалағанда ғана би билік жүргізе алады. Оның бедел, лауазымы жүріп тұрғанда ғана оған жүгінеді, бедел жойылғанда билік те дәрежеден айырылады. Ал, мировой судья үш жылға сайланады да, қызмет атқарған мерзімінде тұрақты правосы (құқығы), міндеті болады. 4. Би қазынадан да, халықтан да ешқандай пұл алмайды, бірақ, «биден би ақы» алды, ал мировой судьяға земствоның алым-салығынан белгілі мөлшерде оның тірлігіне, кеңсе шығынына қаражат бөлінеді.

5. Билердің съезі (құрылтай), мезгілсіз кездейсоқ шақырылады, ал мировой судьялардың съезіне белгілі мерзім тағайындалады. Мировой судья істі жалғыз шеше береді, ал билер соты шағым иесі бір рудың адамы болса, әрі өздері бір үйдің билігін қаласа ғана жалғыз жүргізеді.

Дәстүрлі қазақы ортадағы сот процесінде кінәліні анықтау, күдікті адам немесе куәгер сөзінің растығын тексеру үшін жасалатын серт беру ғұрпындағы жан беру туралы: «қазақтарда кісі өліміне қатысты сот билігі кезінде кінәліні анықтау үшін жасалатын «жан беру» ырымы болған» деп келетін Шоқанның пікірі – Жан беру / Жанға салу / Ант беру, Серт / Серт беру деген дәстүрлі мәдениетте белгілі бір әлеуметтік, тұрмыстық, туыстық қатынастарды бекіту үшін орындалатын ғұрыптар туралы мақалаларда шынайы дерек ретінде берілді. Осы ретте, серт берудің мәні Шоқанның төмендегідей құнды пікірімен ашылды: «күдікті ретінде сотқа тартылғандар, өздерінің

адалдығын дәлелдеу үшін, кісі өлтірілген мылтықтың оқпанын сүйіп ант беруге тиісті болған. Қырғыздарда күдікті адамға пышақтың жүзін немесе мылтықтың аузын жалатып ант бергізсе, хакастарда күдіктіні таң атарда семсердің жүзін немесе мылтықтың оқпанын сүйгізген, тувалықтарда садақтың оғын немесе пышақтың ұшыын жалатқан» [5, 207-208бб].

Қорыта келгенде, 5-томдық энциклопедиядағы қолданылған Шоқан Уәлихановтың еңбектеріндегі қазақ этнографиясына қатысты жазған пікірлері мен құнды ойларын бұл мақалада толықтай қамтыдық деп айта алмаймыз. Өйткені, біз жоғарыда айтқандай, аталмыш энциклопедияда Шоқанның бірегей еңбектері және нақты, әрі дәлдігімен ерекшеленетін этнографиялық сызбалары мен суреттерін барынша кең молынан беруге тырыстық.

1. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. - Алматы: DPS, 2011. – 736 б;*

2. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том. Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. - Алматы: РПК Слон, 2012. – 736 б;*

3. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі». Энциклопедия. 3-том. Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. - Алматы: РПК Слон, 2012. – 736 б;*

4. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі». Энциклопедия. 4-том. Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. - Алматы: РПК Слон, 2013. – 736 б;*

5. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5-том. Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. - Алматы: Азия Арна, 2014. – 840 б;*

Использование трудов Чокана Валиханова при подготовке к печати пятитомной энциклопедии «Традиционная система этнографических категорий, понятий и названий у казахов» сотрудниками Центрального государственного музея РК

Кыдыр Нургожа – научный сотрудник Центра изучения истории Казахстана Центрального государственного музея РК

Резюме


В статье показано как и в каком объеме использовалось богатое научно-этнографическое наследие Чокана Валиханова при написании и подготовке научными сотрудниками Центрального государственного музея РК к изданию пятитомной фундаментальной научной энциклопедии «Традиционная система этнографических категорий, понятий и названий у казахов». На многочисленных материалах ученого продемонстрировано, что его историко-этнографические труды представляют не только непреходящее источниковедческое, но и исключительное историографическое значение.

Ключевые слова: право, обычное право, судья, суд биев, народный суд, власть, выносить решение по спорным вопросам, властвовать, разрешение спора, приговор биев, право, реформа, шаман, шаманизм, знахарь, знахарство, ислам.

Summary

In the five-volume encyclopedia "The traditional system of ethnographic categories, concepts and designations of the Kazakhs" prepared by the staff of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, the works of Shokan Ualikhanov was used. We have been used most valuable ethnographic data from the writings of Sh. Ualikhanov for disclosure of previously unknown facets of customs and rituals in the traditional Kazakh environment. In particular, in the preparation and writing of the fundamental articles on customary law, we relied on the valuable information from studies of Shokan, concerning power, court and reforms. Along with this, we used Shokan's ethnographic drawings and sketches.

Key words: law, customary law, judge, court of biis (judge), People's Court, power, to decide on controversial issues, rule, resolution of the dispute, judgment of biis, reform, shaman, shamanism, medicine-man, quackery, Islam.



УДК 069

МЕМОРИАЛЬНЫЙ КОМПЛЕКС К.И. САТПАЕВА В ФОНДАХ ЦГМ РК

Жапакова Г.С. – научный сотрудник Центральный государственный музей РК

В статье рассматривается личность К.И. Сатпаева, как человека разносторонних талантов, которые дали возможность великому ученому успешно развивать науку в Казахстане. На примере исследования мемориального комплекса К.И. Сатпаева рассмотрены его вещевые и письменные музейные предметы из фондов ЦГМ РК, преданные в дар музею его дочерью – М.К. Сатпаевой.

Ключевые слова: музейный предмет, геология, первый Президент Академии наук, мемориальный комплекс.

Имя Каныша Имантаевича Сатпаева известно не только в Казахстане, но и далеко за его пределами. Первый академик АН СССР и президент Академии наук КазССР, доктор геологических наук, лауреат Государственной и Ленинских премий. Каныш Имантаевич внес большой вклад в развитие геологической науки Казахстана. Его заслуги отмечены высокими наградами правительства – четырьмя орденами Ленина (1940 г. – за открытие Джезказганского месторождения, 1945 г. – за быстрые темпы развития казахского филиала АН СССР, 1957 г. – за мобилизацию науки АН КазССР на освоение целинных и залежных земель, 1963 г. – за заслуги в развитии геологической науки).



Сатпаев

(фотография из фонда ЦГМ РК)

Но интересы К.И. Сатпаева не ограничивались только геологией, а общеизвестным фактом является, что им были переданы 25 народных песен А.В. Затаевичу, который опубликовал их в своей книге «1000 песен казахского народа». Впоследствии, Каныш Имантаевич поддерживал добрые отношения как с самим Александром Викторовичем, так и с его семьей.

В подтверждение можно привести телеграмму супруги А.В. Затаевича – *Надежды Затаевич*, отправленную К.И. Сатпаеву из Москвы в дни создания Академии наук и избрания его Первым президентом: «Высокоуважаемый Каныш Имантаевич! Вчера радио принесло мне крайне приятное известие, гласившее, что Вы избраны, как я предполагала и всегда этого желала, Президентом Казахской Академии наук. Поздравляю от всей души, поздравляю и желаю Вам здоровья и плодотворной деятельности на этом высоком посту на многие годы!!! Лучшего выбора и предложить нельзя было: высококультурный, образованный, воспитанный, словом, каким Вы мне показались при первом нашем знакомстве, Вы вполне заслуживаете это звание и, уверена, всесторонне его оправдаете к Вашим обаянием, доброй душой и деликатным подходом к людям». Такова еще одна благодарность человека, которому помог в трудные минуты Каныш Имантаевич.

К.И. Сатпаев отличался своей отзывчивостью и большим чувством ответственности за близких людей. Узнав о бедственном материальном положении дочери А.В. Затаевича, он написал письмо заместителю Председателя Совета Министров Казахской ССР А.З. Закаину об установлении персональной пенсии Ольге Александровне Затаевич – дочери выдающегося советского фольклориста, народного артиста Казахской ССР Александра Викторовича Затаевича. В письме говорилось: «В истории развития казахской советской музыкальной культуры большое положительное значение имеет научная, творческая и общественная деятельность А.В. Затаевича. Являясь последователем трудовых дореволюционных, советских ученых, положивших начало собиранию и исследованию казахской народной музыки, А.В. Затаевич проделал колоссальную работу по сбору казахских народных песен и кюев (инструментальных произведений)» [1, с. 258-259].

Каныш Имантаевич будучи студентом Томского политехнического института, обнаружил в библиотеке, в трудах Русского Географического Общества казахский народный эпос «Ер Едиге» в двух вариантах: первый – Чокана Валиханова, второй – Платона Мелиоранского. Он сличил их, отредактировал и создал свой вариант эпоса, который был опубликован в его книге «Ер Едиге» в 1927 году в Москве, в Центральном издательстве народов СССР. Книга вышла на казахском языке арабской графикой.

К.И. Сатпаев был большим знатоком казахской истории, литературы, культуры, этнографии, музыки и фольклора, а также общеизвестны его археологические изыскания на территории Центрального Казахстана, труды по педагогике и литературе.

В труде «Доисторические памятники в Джезказганском районе», напечатанном в журнале "Народное хозяйство Казахстана" (1941, №1) К.И. Сатпаев писал: «В Джезказганском районе, в низовьях реки Сарысу, в 20 км от нее на восток, у ключа Тасбулак урочища Тангбалынура, возвышается утес, на камне которого высечены родовые знаки (тамги) почти всех родов и племен, входящих в состав казахского народа. Народное предание гласит, что именно здесь, у ключа Тасбулак, происходил первый совет родов об организации новой народности «казах», решение которого будто бы зафиксировано на утесе родовыми знаками всех племен, участвовавших в совете».

«Светлой памяти первого президента Академии наук Казахской ССР, исследователя Центрального Казахстана, академика Каныша Имантаевича Сатпаева посвящается этот труд»,— написано в изданном в 1966 г. в Алма-Ате фундаментальном исследовании «Древняя культура Центрального Казахстана», авторы которого – известные ученые Института истории, археологии и этнографии имени Ч. Ч. Валиханова Академии наук Казахской ССР А.Х.Маргулан, К.А.Акишев, М.К. Кадырбаев, А.М.Оразбаев. Во введении «История археологического исследования Центрального Казахстана» этой книги есть такие слова: «В археологическом изучении Центрального Казахстана принимал большое участие академик К.И.Сатпаев, тогда главный геолог треста «Атбасарцветмет». Занимаясь в основном геолого-разведочными работами, К.И. Сатпаев интересовался вопросами археологии и древней металлургии Улутауского, Джезказганского и Амангельдинского районов, открыл много памятников в окрестностях гор Улутаяу, в горах Арганаты и в верховьях Тургая, исследовал каменные изваяния на р. Джетькызыл, архитектурные памятники на р. Джиланчик (Сырлы-Там), наскальные рисунки на правом берегу р. Буланты [2, с. 110]. Важной находкой К.И. Сатпаева является плита с надписью Тимура, обнаруженная на юго-западном «склоне горы Алтын-Шоқы. Эта гора находится в 30-40 км на северо-запад от главного хребта Улутаяу. Здесь проходила древняя караванная дорога из

Средней Азии на Южный Урал, По просьбе академика И.А. Орбели плита была перевезена в Ленинград и выставлена в одном из залов Эрмитажа. Надпись была высечена в 1391 г. во время первого похода Тимура в Дешты-Кипчак».

Каныш Имантаевич Сатпаев внес свой вклад и в историческую науку, так в 1925 году пишет М.О.Ауэзову длинное письмо на арабском шрифте, где сообщает ряд сведений об обстоятельствах исторических событий, связанных с движением Кенесары Касымова. Рукописное послание, ставшее ценным документом, полностью не дошло до нас, нет первых четырех страниц, сохранились лишь пятые, шестые, которые хранятся в архиве Дома Ауэзова, часть опубликована в «Летописи жизни и творчества М.О. Ауэзова» 1997 года издания [3, с. 30]. Также он был председателем комиссии по подготовке двухтомной. «Истории Казахской ССР с древних времен до наших дней». На заседаниях этой комиссии под председательством академика К.И. Сатпаева с участием крупных ученых-историков как республики, так и страны на протяжении ряда лет обсуждались все наиболее спорные вопросы истории Казахстана, которые были правильно разрешены в научном отношении. Плодотворная работа комиссии и разумные советы К.И. Сатпаева способствовали успешному, третьему по счету, изданию «Истории Казахской ССР» в двух томах в 1957-1959 годах, Это издание получило положительную оценку, как со стороны научной общественности, так и в периодической печати.

В Центральном государственном музее Республики Казахстан традиционным стало проведение мемориальных выставок, посвященных выдающимся деятелям науки и культуры. В ЦГМ РК была проведена выставка «Великий ученый земли казахской», посвященная 115-летию со дня рождения академика К.И. Сатпаева. В подборе материала к выставке приняли участие сотрудники Института геологических наук имени К.И. Сатпаева и архив академика, которые предоставили уникальные вещевые экспонаты: альбомы из семейного архива, шахматы, книги К.И. Сатпаева.

Особое место следует уделить экспонатам, переданным в дар в сентябре 1985 г. в ЦГМ РК дочерью ученого – Меиз Канышевной. Одними из самых ценных вещевых экспонатов являются – личные вещи (трость, кресло, домбра, ручные часы). У посетителей музея вызывают большой интерес данные экспонаты. К примеру, часы наручные, золотые с наборным браслетом из золота и платины марки «Москва» №70551 были подарены К.И. Сатпаеву.



КП 20391/59

Данные о дарителе этих часов отсутствуют, но можно предположить, что они были подарены Канышу Имантаевичу на его 50-летний юбилей. Корпус часов из золота 583-й пробы, диаметром 33 мм. Циферблат черный с полной оцифровкой 1-12. Цифры рельефные зеленого цвета. В верхней части контуры стены и башни Кремля. Шкала с шестидесятью делениями, стрелки золоченные. В нижней части часов имеется надпись «Сделано в СССР». В советский период такие ценные подарки дарились только видным деятелям науки и культуры за большие заслуги [4].



КП 20391/55

Не менее интересным экспонатом является трость К.И. Сатпаева, изготовленная из дерева, инкрустирована металлом и покрыта лаком. Трость имеет дугообразную ручку, наконечник тупой формы. Можно предположить, что данная трость ручной работы и использовалась ученым в период болезни. Судя по потерностям в верхней и нижней части трость использовалась длительное время.

Следующий интересный экспонат экспозиции – домбра ручной работы из дерева с деревянными и металлическими заклепками.



КП 16730 -1 [4]

Струны инструмента сделаны из сухожилий животного. Данный экспонат свидетельствует о том, что К.И. Сатпаев увлекался народной музыкой и по воспоминаниям родных в редкие часы отдыха он любил играть на домбре и петь. Эта домбра была подарена ему товарищем по работе, к сожалению, фамилия дарителя неизвестна.



КП 20391/11 [4]

Предметом гордости фонда Центрального музея являются оригиналы личных документов ученого: диплома доктора геолого-минералогических наук, диплом академика Академии наук СССР, удостоверения депутата Верховного Совета СССР.

Таким образом, изучение мемориального комплекса К.И. Сатпаева, включающего оригиналы вещевых, письменных и фотодокументальных музейных предметов дает возможность получить ценную информацию, касающуюся личной, научной и общественной деятельности ученого.

1 Абдулин А.А. *Выдающийся ученый, организатор науки, общественный деятель // Вестник РАН. 1999. № 3. 230 с.*

2 Батырбеков Г.О. *Наследие академика К.И. Сатпаева по общественным наукам. – Алматы: Ғылым, 1997. – 112 с.*

3 Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кыдырбаев М.К., Оразбаев А.М. *Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1966. – 44 с.*

4 Данные из фотодокументального фонда Центрального государственного музея РК.

Түйіндеме

Бұл мақалада Қазақстан ғылымның дамуына өзіндік үлес қосқан, талантты ғалым Қаныш Имантайұлы Сатпаевтың мемориалдық кешені, атап айтқанда ҚР МОМ қорына қызы М.Қ. Сатпаеваның музейлік мәнді жәдігер ретінде сыйға берген заттары сөз болады.

Тірек сөздер: музейлік мәнді жәдігер, геология, Ғылым Академиясының бірінші Президенті, мемориалдық кешен.

Summary

The article deals with the identity of K.I. Satpayev, as a man of versatile talents that enabled the great scientist to successfully develop science in Kazakhstan. For example, studies of the memorial complex of K.I. Satpayev considered his things and written museum objects from the collections of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, denoted to the museum by his daughter – M.K. Satpayeva.

Key words: museum object, geology, the first President of the Academy of Sciences, memorial complex.

ӘОЖ 929(511)

ҚҰНАНБАЙ ҚАЖЫ ҰРПАҚТАРЫ ШЕЖІРЕСІ

Ысқақова Н.А. - *Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі қорды есепке алу тобының маманы*

Мақалада Азат Әрхамұлы құрастырған Құнанбай қажыдан бастау алған шежіре баяндалады. Соның ішінде Құнанбайұлы Ысқақтан тікелей тарайтын аталарым туралы қысқаша мағлұматтар келтіріледі. Мақала көпшілік оқырманға қызықты, жатық тілмен, ақпараттық, танымдық және зерттеушілік сипатта жазылған.

Тірек сөздер: Жеті ата, шежіре, ұрпақ, мұра, мерейтой.

Хакім Абайдың 170 жылдық мерейтойы қарсаңында, осы әулеттің тікелей ұрпағы ретінде өзімнің Азат Әрхамұлы құрастырған Құнанбай қажыдан бастау алатын шежіресін тарқатып, талдауды жөн санадым. Сонымен қатар ол кісіден тараған ұрпақтардың фотосуреттері мен мұраларын өзім қызмет атқаратын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің қорына тапсырдым. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» дейді қазақ. Сондықтан арғысын қозғаманның өзінде, бергі жеті атамды санамалап, саралап, тізуді міндет санаймын. Мен – қазақтың ойшылы, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушысы Абай Құнанбайұлының туған інісі Ысқақтың тікелей ұрпағымын.

Жетінші атам Өскенбай Ырғызбайұлы (1778-1850) – жастайынан зерек, ақылгөй жан болған екен. Әкесі Ырғызбай дүниеден озған соң, ел ағасы Кеңгірбай би өзі қартайған шағында Өскенбайды тәрбиелеп ел билігін қолына беріп, би қояды. Өскенбай би бәйбішесі Зере апамыздан (шын аты – Тоқбала Бектемірқызы) – Құттымұхамбет, Құнанбай, Тайбала есімді екі ұл, бір қыз сүйеді. Құттымұхамбет жастай қайтыс болған. Зереден кейінгі төрт әйелінен Өскенбай би тоғыз ұл көрген. Тобықты елін билеген Өскенбай баба орта жасқа келгенде ел билігін үлкен ұлы Құнанбайға тапсырады [1, 474].

Алтыншы атам аға сұлтан, қоғам қайраткері Құнанбай қажы Өскенбайұлының (1804-1886) төрт әйелі болды. Бәйбішесі Әйбөбектен (Күнке) Құдайберді туады. Ұлжан анадан Тәңірберді, Абай (Ибраһим), Ысқақ, Оспан, ал үшінші әйелі Айғыздан Халиулла, Смағұл, Кәмшат туған, төртінші әйелі Нұрғанымнан ұрпақ болмаған. Өскенбайдан басталған билікті оның ұрпақтары 150 жыл бойы Совет өкіметі билікке келгенге дейін қолдарынан шығармаған [1, 370].

Құнанбай бабамыздың балаларының арасында Абайдың айтқанымен жүріп, тәрбиесін көріп, ағаларын арқа тұтқан інілері Ысқақ пен Оспан өзара тату болған. Бірақ, Оспан жас шағында қайтыс болды.



Құнанбай Өскенбайұлы (1804-1886)

Бесінші атам Ысқақ Құнанбайұлы (1847-1901) – Абайдың өзінен кейінгі туған тете інісі. Ол да Ұлжан анадан туған. Бірақ, Құнанбай әкесінің үлкен әйелі Күнкенің қолында тәрбиеленген [1, 612]. Ірі денелі, алып күштің иесі Ысқақ атам өте шаруақор, ақкөңіл, сөзге шешен, байыпты, мінезді, екі сөйлемейтін, жомарт жан болған екен. Ол кісі Абай ағасының шаруашылығын өз істерімен қоса жүргізіп, оның білім, ғылыммен айналысуына мүмкіндік жасаған. Ысқақ атам Абайдың қолын ұзартқан. Кедей-кепшіктің жағдайын көп ойлайтын, қолы ашық жан болған екен. Ысқақ атам ауыл молдасынан оқып, ескіше хат таныған. Абайдың ұйғарымымен, халқының қалауымен 9 жыл болысқа сайланып, ел басқарған. Ерте дүниеден озған ағасы Құдайбердінің балаларына – Шәкәрім бастаған

інілеріне ерекше қамқорлық көрсеткен. Құнанбай тетелес үш баласы – Тәңірберді, Абай, Ысқақты бір күнде үйлендіріп, еншілерін беріп, бөлек отау етіп шығарған. Сонда Абай мен Ысқаққа Ащысу бойындағы Тесіпшыққан қорығы мен Ақшоқыдан жер берді. Алғашқы жылдары бірге тұрған Абай мен Ысқақ арасындағы тату-тәтті туыстық қарым-қатынас өмір бойына үзілмеген. Араларына 2-3 ай салып Ділдәдан туған Мағауия мен Тектіден туған Кәкітай да бірге тай-құлындай тебісіп, сырлас, мұндас, құрдас туыс болып өсті. Текті жастай қайтыс болғанан соң Кәкітай Абай атаның ауылында Ділдә ананың бауырында өсіп ер жетті. [2, 116]

Төртінші атам Ғабдұлхакім Ысқақұлы (1869-1915) ата-анасы Кәкітай деп еркелетіп атап кеткен. Кәкітай атам 8 жасынан бастап ауыл молдасынан 4 жылдай сауатын ашып, түрікше және арабша хат таныған. Кәкітайдың ерекше зеректігін байқаған Абай оны өзіне бала етіп алып, Мағауиямен бірге тәрбиелеген. Семейге бірге ертіп барып, орыс тілін үйреткен. 1-2 жыл ішінде Кәкітай ата орыс тілін жетік біліп қана қоймай, орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын, Еуропа елдері мәдениет қайраткерлерін оқып, өз заманының білімді азаматына айналды [2, 129]. Кәкітай Абай ағасының мұраларын тұңғыш бастырушы. Ол кісі Абай атаның барлық өлеңдері мен поэмаларын, ғақлия сөздерін жинақтап, тұңғыш рет өмірбаянын жазып, өз қаражатымен 1909 жылы Петербургте алғашқы жинағын бастырып шығарғандығы көпке мәлім [5, 60].




Ғабдұлхакім (Кәкітай) Ысқақұлы (1869-1915)

Үшінші атам Әрхам Кәкітайұлы (1885-1962). Кәкітай атамның тұңғышы болғандықтан, қазақтың қалыптасқан салты бойынша Әрхамды Ысқақ атасы мен Абай атасының тәрбиесіне берген. Абай атамыз қайтыс болғанда, Әрхам атам 19 жаста болған екен [3, 9]. Осы жасқа дейін Абай атасының қасында отырып, сөздерін естіп, өлеңдерін жаттап, оның ақын, өнерлі шәкірттерімен бірге музыка аспаптарын және дойбы, тоғызқұмалақ ойындарын жетік меңгерген. Әрхам атам байдың ұрпағы ретінде көп жылдар бойы қуғында жүрді. Мұхтар Әуезов бастаған қазақ зиялыларының тікелей араласуының арқасында Абай ұрпақтары ақталып еліне қайтқан екен. Әрхам атам елге оралысымен Семейдегі және Жидебайдағы Абай музейінің іргетасын қалап, оны Абай мұраларымен толықтырған. Абай мұраларын жинап, шығармаларына анықтама, түсінік беріп, музей қорын қолжазба, естелік, ғылыми зерттеулермен байытқан. Абай атаның көптеген өлең-жырларын, ол кісінің әйел теңдігін көздеген игі ісін баяндайтын «Зағипа» атты дастанын және «Абайдың өмір жолы» повесін жазып қалдырған.



Әрхам Кәкітайұлы (1885-1962)

Өз атам Азат Әрхамұлы (1928-1996) – Әрхам атамның кенже ұлы. 1951 жылдан Аягөз қаласындағы №2 мектепте қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болған, Ысқақ атасы мен Әрхам әкесінің ісін ілгері дамытып, Ұлы Абай мұрасын насихаттаумен үзбей шұғылданған жан. [4, 6]. Атам мен апам Қарлығаш Құлшыбекқызы да осы аталған мектепте жарты ғасырға жуық қызмет істеп, шәкірт тәрбиелеп, ел құрметіне бөленген жандар. Жұбайы Қарлығаш екеуі бірлесе отырып, Абай ұрпағы ретінде Аягөз қаласындағы №2 мектепте Абай мен М.Әуезовтың әдеби-мемориалдық музейін ұйымдастырған, оны 1987 жылы Мұхтар атамның 90 жасқа толу мерейтойы қарсаңында ашты. Азат атам осы музейді ашу қарсаңында жоғарыда айтылған «Құнанбай қажы ұрпақтары» атты мына белгілі шежірені құрастырған.



Бұл музей Абай мен Мұхтардың және Шәкәрім атамның өмір жолы мен шығармашылық мұрасын оқушыларға тереңдете жеткізіп, насихаттаудың мәдени ошағына айналды. Бұл музей – Азат атам мен Қарлығаш апамның ақынның ұрпағы ретінде Аягөз қаласының халқына, ұрпақтарына қалдырған бағалы ескерткіші.



Азат Әрхамұлы (1928-1996)

Әкем Әлішер Азатұлы (1951-2010) – Аягөз қаласында дүниеге келген. 2 жасынан Жидебай қорығында орналасқан музейде тұратын атасы Әрхам Кәкітайұлының қолында тәрбиеленген. Дана Құнанбай атамның үйінде, жерінде тұрып Ұлы Абай, Кәкітай аталарымыздан нәр алған Әрхам атамның әкем Әлішерді де ата-бабасының тарихын жақсы білетін зерделі етіп тәрбиелеген. Әкем мектепке барар жылы Әрхам ата Қарауылға көшіп келген екен. Әлішер әкемнің келбетінде Абай, Ысқақ, Кәкітай бабаларының бейнесі тұратын, ол кісінің бойында аталарынан бойына сіңірген қасиеттері де аз емес еді. Барлық музыкалық аспаптарда (пианино, домбыра, мандолина, гармонь, гитара т.б) ойнап, ән салып, пьесаларда түрлі рөлдерді сомдап, жақындарының тойларында асаба болып та жүретін. Қазақстанға әйгілі «Қаламқас» ансамблінің құрамында оркестрде мандолинде ойнаған, өнерге таласы бар жан еді. Әкем барлық саналы өмірін жас ұрпақты білім нәрімен сусында-тумен, адамгершілікке тәрбиелеумен, ұстаздықпен өткізді. 1981-1998 жылдары Аягөз қаласындағы № 44 теміржол орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі, кейіннен меңгеруші болып қызмет атқарды. Сол жылы Алматы қаласына қоныс аударып, ұстаздық қызметін жалғастырып, меңгеруші, кейінгі бір жылдары мектеп директоры да болып қызмет атқарды.

Байқап қарасам, Абай сынды ұлы бабамыздың іліміне інісі Ысқақтан бастап, одан тараған ұрпақтарының еңбектері де жалғасын тапқандай.

Шыңғыста Абай сынды дана туған,
Шәкәрім, Мұхтарлар дара туған.
Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Әрхам-
Ақындықпен әкенің жолын қуған, –

деп жырлайды Азат атам. Ақындық ұлы қасиет атадан балаға дарыған Азат Әрхамұлы да, әкем Әлішер де өлең шығаратын [4, 4]. Әкем Азат атамның өлеңдерін жинақтап «Сырлы жүрек» атты кітабын жарыққа шығарып, әке алдындағы бір парызын өтеген еді.



Әлішер Азатұлы (1951-2010)

Асқар тау әкем 2010 жылы мамыр айында сырқаттанып дүниеден өтті. Өмір бойы текті ұрпақтан тарағанымызды мақтан етіп айтып, бойымызға сіңіріп, аталарымыздың мұраларын жинаудан жалықпайтын, аса құрметпен өткізілген құнды фотосуреттер Абай Құнанбайұлының торқалы мерейтойының аясында киелі шаңырақ – еліміздің бас музейі ҚР Мемлекеттік Орталық музейінде ұйымдастырылған «Абай әлемі» атты көрмеге қойылды. Енді осы мұралар музей қорындағы Абай Құнанбайұлы кешенін толықтыра түсіп, ғылыми айналысқа еніп, өскелең ұрпақты барынша жауһар қазынасымен тәрбиелеуде зор үлесін қосады деген сенімдемін.

- 1 *Абай энциклопедия. – Алматы, 1995. – 720 б.*
- 2 *Жанболатұлы М. Тобықты – Шыңғыстау шежіресі, II том, 2004. – 424 б.*
- 3 *Ысқақова М. Ә. Ұлы Абайға адалдық. – Семей, 2002. – 251 б.*
- 4 *Ысқақов Ә. А, Бидалинова Қ. Сырлы жүрек. – Алматы, 2006. – 144 б.*
- 5 *Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995. – 74 б.*
- 6 *Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, 1995. – 101 б.*
- 7 *Әдібаев Х. Абай патшалығы. – Алматы, 2009. – 228 б.*

В статье повествуется о родословной летописи, берущей свое начало от Кунанбая хаджи, составленной Азатом Архамулы. В том числе приводится краткий обзор родословной моих предков от Искака Кунанбайулы. Статья информативна, познавательна и предназначена для широкого круга читателей, написана доступным языком.

Ключевые слова: Семь поколений, родословная, потомок (наследник), наследие.

Summary

The article is written on a basis of a family tree (shezhire), made by Iskakov Azat Arkhamovich, the lineal descendant of Khunanbay.

In the article more detailed genealogy from the Kunanbays son Iskak to today's descendants one of which is the author of this article Iskakova Nurgul is described.

Key words: Seven generations, genealogy, descendants, heritage

9. (584)

К ЮБИЛЕЮ ЧОКАНА ВАЛИХАНОВА

Кусаннов К.К. – *полковник НУО г. Астана*

В статье идет речь о казахском ученом и путешественнике Чокане Валиханове, его патриотических чувствах, свободе казахов и дружеских отношениях с русскими демократами современниками. Открытия, сделанные им, поставили молодого поручика русской армии в ряд с выдающимися географами мира. Валиханову принадлежат труды по географии, истории, этнографии, экономике, социологии Казахстана, он сделал записи казахского фольклора.

Ключевые слова: Чокан, о казахах, мысли, патриотическое чувство, путешествие.

«Он человек будущего – жил в прошлом»

О. Сулейменов.

Первый казахский русскоязычный ученый Чокан Чингисович Валиханов, востоковед, историк, этнограф, просветитель, оставил большое научное и литературное наследие, сыгравшее важную роль в воспитании молодого поколения юных воинов и офицерского состава в духе казахстанского патриотизма на современном этапе становления Вооруженных сил Республики Казахстан. 5 ноября (1835 год) великому сыну казахского народа исполнилось 180 лет.

Настоящая статья, «К юбилею Чокана Валиханова», преследует цель привлечения подрастающего поколения Казахстана, в особенности молодых воинов и офицерских кадров, к тщательному изучению историко-культурной среды, изучению государственного языка, познанию истории Казахского ханства, и в целом казахской культуры, традиции и обрядов.

Чокан Валиханов жаждал для своего народа просвещения, образованности, собирал и изучал мудрые народные творения, сделал их достоянием русских и европейских исследователей. Ему принадлежат научные трактаты по истории, географии и этнографии казахского, киргизского и других народов по литературе и фольклору.

Молодой Чокан рос и воспитывался в Сырымбете – красивейшем месте Северного Казахстана. Одна деталь из жизни Чокана Валиханова: «Особенно же влиятелен был для степи пример Чокан Валиханова. Это был небывалый феномен – киргизский юноша, офицер, принадлежавший к свите генерал-губернатора, принятый в высшем кругу в местной столице Омске, мало того, пользовавшийся в местном русском обществе репутацией человека с блестящими умственными способностями и с благородным направлением мыслей. Чокан придавал такой блеск имени Валихановых, что другие валиханиды, не называвшиеся Валихановыми, получившие свои фамильные прозвища не по имени хана Вали, а по именам его сыновей, стали потом добиваться замены их негромких фамилий славным именем Валихановых. В среде ближайших родственников Чокана память о нем хранится, как о добром семейном гении. И теперь еще чувствуется духовное наследство, оставленное Чоканом в родной семье; он показал им, какого тонкого судью человеческих поступков вырабатывает европейская культура».(См: В юрте последнего киргизского царевича [1]. Из поездки в Кокчетавский уезд Г. Потанина.

Описание усадьбы Чингиса находим в записях А.К. Гейнса: «Зимовка Чингиса лежит от настоящего места кочевий в 10 верстах. Две живописные горы, покрытые бором, закрывают его

усадыбу; пронесшись по каменистому подъему и спуску, мы увидели несколько домиков во вкусе наших помещичьих средней руки, а посредине мечеть. В середине дома, занимаемого Чингисом с женою, убранство подходит к помещичьему. В доме орган, играющий по двенадцати пьес; зеркала в простенках, бронзовые канделябры с хрустальными подвесками, также гарднеровских или корниловских ваз стоят китайские, лампа на столе, диван и прочее. Все полы выложены ташкентскими и персидскими коврами: на мебель накинута тигровые, барсовые и медвежьи шкуры. Общее впечатление приятно» [2].

Передовые люди казахской интеллигенции XIX века являлись очевидцами и участниками изменений в хозяйственной, политической и культурной жизни казахского народа. В их творчестве нашли отражение многие социально-исторические проблемы. Четко сформулировал свой критерий в этом отношении Чокан Валиханов: «*Думать о прошедшем и заботиться о настоящем*» [3]. Собранный и систематизированный фактический материал позволил Чокану Валиханову рассмотреть исторически сложившийся институт единого Казахского ханства в его становлении и развитии на примере правления своего прадеда, хана Аблая [4].

По мнению Чокана, он (Аблай) первый предоставил своему произволу смертную казнь, что производилось прежде не иначе, как по положению народного сейма (собрания биев и аксакалов) [5]. Определяя общий характер внутреннего правления Аблая, Чокан Валиханов назвал политику своего прадеда «тамерлановской». Это короткое и предельно конкретное определение четко характеризует не только сущность ханской власти, но и взгляды казахского ученого-историка.

Служение будущему своему народу было мечтой Чокана. Он говорил, что прежде всего любит свой киргизский (казахский), потом Сибирь, потом Россию, а потом и все человечество. Одна любовь заключена была у него в другую, как у кунгурцев. К примеру вот его смелое заявление: «Когда русские бьют киргизов, я восстаю против русских», - говорил он, - «когда французы бьют русских, сердце мое на стороне русских» [6]. Он не был усидчивым ученым и тружеником, а был кавалерийским офицером в составе казачьих формирований, потому и привык выполнять приказ начальства, преодолевая расстояние от Омска до Чунжа. По части тюркской литературы все ему давалось легко, потому что он владел киргизским языком в совершенстве, с ранних лет изучая тюркские, арабские и киргизские письменности в аульной мектебі (мусульманской школе-медресе) [7].

Статьи Чокана Валиханова о казахах отличаются конкретной постановкой рассматриваемого вопроса, большой целеустремленностью и, главное, критикой царских военных чиновников. В них он освещал вопросы экономики, хозяйства, торговли, просвещения и административного управления казахского общества, настойчиво говорил о необходимости просвещения народа, важности развития науки.

Например еще одно высказывание Чокана Валиханова: «Трудно пока сказать, что хочет правительство, чего должны ждать от него киргизы (казахи). Будут ли заводиться школы или станут хлопотать о мечетах? Станут ли утверждать адат, шариат или же введут нечто вроде Гасфордовской религии, смеси ислама и протестантства?» [8].

Чокан Валиханов с первых шагов военной службы вступил на путь дружеского отношения ко всем сослуживцам, всегда держался братства с русским народом, в особенности передовой интеллигенцией, общался с выдающимися учеными и общественными деятелями России.

1 «Русское богатство» 1896 г. № 8. С. 78-79.

2 А.К.Гейнс Собрание литературных трудов. - СПб., том 1. 1895. - 265 с.

3 Ч.Ч. Валиханов Собрание сочинений. - Алма-Ата, 1961. - том 1. - 230 с.

4 Собр.соч., том 1. 430 с.

5 (Там же. С. 430).

6 Сочинения Ч.Ч. Валиханова Изданное под редакцию Члена корреспондента Н.И. Веселовского. - СПб. 1904. - С. XXXI-XXXII.

7 Там же. С. XXXV.

8 «Колокол» 1 августа 1867. - 6 с.

Түйіндеме

Мақалада Шоқан Шыңғысұлының нағыз қазақ мінезді, ол ең бірінші кезекке ұлтының мүддесін батыл ұстанғаны, қазақ азаттығы жолында күресі, ұрпақ тәрбиесі жайында ой козғалады. Шоқанның әскери өмірі туралы біраз жайттар баяндалады

Тірек сөздер: Шоқан, қазақ азаматы, географ, ғұлама, ойшыл, ұлы тұлға

Summary

In article there is a speech about the Kazakh scientist and the traveler Chokana Valikhanov, his patriotic feelings, freedom of Kazakhs and the friendly relations with the Russian democrats contemporaries. The discoveries made by it put the young lieutenant of the Russian army in a row with outstanding geographers of the world. Valikhanov possesses works on geography, history, ethnography, economy, sociology of Kazakhstan, he made records of the Kazakh folklore.

Key words: Chokana, about Kazakhs, thoughts, patriotic feeling, travel.

УДК – 950.574

Қ.И.СӘТБАЕВ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯСЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ

Сагиндикова С.С. – аға оқытушы, магистр,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қ.И.Сәтбаевтің Орталық Қазақстандағы түсті металлургияның қалыптасуы, жетістіктері мен көлеңкелі тұстары айтылады. Үлкен Жезқазғанды дамытудағы Қ.Сәтбаевтің орны. Түсті металлургияның дамуындағы Ғылым академиясының ерекше рөлі көрсетіледі.

Тірек сөздер: Түсті металлургия, академия, ғұлама ғалым, Қарсақбай, Жезқазған, Жезді, кеншілер, инженер, байыту комбинаты, карьер, металлогенді.

Социалистік индустрияландыру саясаты аясында жүргізілген зерттеу жұмыстары Қазақстанның Жезқазған өңірінде табиғи қазба байлықтары туралы ежелгі заманнан бүгінге дейінгі ғалымдар дәлелдеп келген, Жезқазған өңірінде (мыс, күміс, алтын т.б.) мол екені белгілі болды. Осы өңірдегі байлықты игеру қажеттігін Қ.Сәтбаев әлденеше рет дәлелдеген.

Қаныш Сәтбаев қазақ даласының түсті металл кен орындары, жалпы, шикізат байлығы, олардың орналасқан аудандарының ерекшелігі туралы өзінің әр жылдардағы еңбектерінде жан-жақты талдаулар, толымды тұжырымдар жасап отырған. 1927 жылы Томск институтын енді ғана бітірген жас маман Қ.Сәтбаев «Қарсақбай ауданының күйі», «Қарсақбай ауданының келешегі» атты көлемді мақала жазып, «Жаңа мектеп» журналына жариялайды. Бұл мақалалар да өлкенің кен байлығын «Қарсақбай зауыты 1925 жылдың жазынан бастап, жұмыс, кіре, зауытқа керек тас, ізбес, баялыш, тал сияқты заттарды даярлау үшін 1926 жылдың 1-ші қазанына дейін жұмыскерлер жалақысын былай шығарғанда, кіре және басқа ұсақ жұмыстарына төленген шығындар мынадай: 1) Жосалы мен Қарсақбай арасындағы кіреге 140.000 сом; 2) Қарағанды-Қарсақбай арасындағы кіреге 75647 сом; 3) Атбасар-Қарсақбай арасындағы кіреге 80.000 сом; 4) Зауыт аймағындағы тас ізбес тасу сияқты ұсақ кірелерге 75.000 сом; 5) Баялыш пен тал даярлау жұмысына 2.500 сом; 6) Шөп пен шайыр даярлауға 5.500 сом. Барлығы 378.647 сом. Бұл зауыттың бір жылдың ішінде ғана төлеген шығыны...» [1. 3б.].

Жезқазған өңіріндегі кен байлықты өндіруде ағылшындар жетекші роль атқарды. Кәсіпорынды іске қосу үшін шетелдіктер 10 жылдың ішінде жалпы көлемі 3 млн. 500 мың сом жұмсаған [2.14б.].

Өлкенің өнеркәсіп орындарындағы жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайлары шектен тыс қиын болды, кәсіпорын иелері өндірісті техникалық жағынан жабдықтауға, яғни жұмысшылардың еңбегін жеңілдетуге ешқандай шара қолданбады. Өте қарапайым, әрі арзан қол жұмысына негізделген өндіріс орындары мен тегін деуге боларлық жұмыс күші оларға үлкен табыс өкелді. Мысалы, Спасск заводында 1914 жылы 1 пұт мысты өндірудің өзіндік құны 4 сом 50 тиынға түссе, сату бағасы 13 сом 68 тиын болды. Демек, мұнда өндірілген әрбір пұт мыс қоғамға 9 сом пайда келтіріп отырды.

Өндіріс иелері жұмысшыларды жалға алған кезде берген уәделерінде тұрмай, алдап кетіп отырды. Мысалы, Спасск заводында жұмысшыларды жалға алумен айналысқан ағылшын кәсіпкері Аткинсон 1905 жылы жұмысшыларға жылдық ақыларың 420 сом болады деп шарт жасап алып кетсе, осы кеніштің жұмыскері Т. Низовитин Ақмола уезі полиция уряднигіне жазған арызында келісім бойынша айлық жалақысы 40 сом болғанын, кейіннен зауыт бақылаушысы ешқандай себепсіз оны 5 сомға дейін азайтқанын айтты [3.18п.].

Кеңес үкіметінің орнауымен байланысты монополистік билік келмесе кетті. Шетелдік акционерлік қоғамның меншігінде болған кәсіпорындар мемлекеттік меншікке (национализация) айналды.

Атбасар революциялық комитеті және Қарсақбай, Байқоңыр, Жезқазған кәсіпорындарының жұмысшылары мен Қайдауыл, Қызыл-Жыңғыл болыстары еңбекшілерінің біріккен съезінде

сайланған Қарсақбай атқару комитеті саяси, шаруашылық жұмыстарымен қатар, өндіріс орындарының ғимараттарын, техникалық мүліктерін қорғауды ұйымдастыру шараларын қолға алды. Кеңес өкіметінің әкімшілік-басқару ұйымдарының бұл әрекетіне байырғы жұмысшылар көмек көрсетті. Өндіріс орындарын жұмыс қалпында сақтауға, Байқоңыр көмір кеніштерінің жұмысшылары шахталарды судан тазартуға әрекет жасады.

Өндіріс орындарында алғашқыда стихиялық түрде ұйымдасқан жұмысшы басқарулары 1918 жылдың 3 мамырында Түркістан республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысымен заңдастырылды.

1918 жылдың 11 және 17 мамырындағы қаулысында РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі Қазақстанның көптеген тау-кен кәсіпорындарын, оның ішінде Қарсақбай, Спасск заводтары, Жезқазған, Өспен мыс, Қарағанды, Байқоңыр көмір кеніштерін, ұлттық (мемлекеттік) меншікке айналдыру туралы шешім қабылдады [4.18п.]. Бұл қаулыны бірден жүзеге асыруға бұрынғы Ресей империясына кірген ұлан-байтақ территорияны қамтыған азамат соғысы бөгет жасады.

Соғыс аяқталып, Кеңес өкіметі түпкілікті орныққаннан кейін, кәсіпорындарды мемлекет меншігіне алу туралы алғашқы шаралар атқарыла бастады. 1920 жылдың көктемінде осы жұмыстарды орындау мақсатында Атбасардан Қарсақбай зауытына, кеніштерге арнаулы комиссия келді. Кәсіпорындардың жағдайымен танысқан комиссия оларды әзірге тоқтатып қою туралы шешім қабылдады. Бұл жағдай 1925 жылдың маусым айына дейін созылды. Байырғы жұмысшы А.Комиссаров басқарған 90-ға жуық жұмысшылар мен қызметкерлер ерікті түрде үкімет тарапынан бөлінген шамалы қаржыға қанағат тұтып, кәсіпорындарды күзетті, тұрғын үйлер мен өндіріс ғимараттарына жеңіл жөндеу жұмыстарын жүргізіп отырды [5.42п.].

Осындай шаралар Спасск өндіріс орындарында да жүргізілді. 1919 жылдың 5 желтоқсанында Ақмола уездік революциялық комитетінде өндіріс орындарының бұрынғы басқарушысы А.Рябцовтың есебі тыңдалды. Онда революциядан кейін және азамат соғысы жылдары кәсіпорындардың жұмысшылар комитетінің бақылауында болғаны, солардың күшімен өндіріс орындарының техникалық жабдықтары мен ғимараттарының негізінен сақталғаны туралы айтылды. Төңкеріс жылдары Спасск зауытында - 70, Қарағанды көмір кеніштерінде - 150-ге жуық, Өспенде - 15, Сарысу фабрикасында - 8 адам жұмыс орындарында қалды. Барлық өндіріс орындарын мекендеген халықтың жалпы саны 800-ге жуық болды. Кәсіпорындардың ішінде тек айына 60 мың пұтқа жуықкөмір өндірген Қарағанды кеніштері ғана жұмыс істеп тұрды.

Түсті металлургияны дамытуға, қажетті қаржыны жинауға күшті жұмылдыру мақсатында, Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің (СТО) 1926 жылғы 6 қаңтардағы шешімімен Түстіметалдар қорының арнаулы комиссиясы құрылды. Қорға артық айналыс қаражатынан түскен түсім, түсті металдар сатудан құралған қаржы, қаржыны үнемдеуден түскен басқа түсімдер жиналды. Оның барлығы түсті металдар өнеркәсібін дамытуға бағытталды.

Кеңес өкіметінің экономикалық саясатының басты стратегиялық бағыттарының біріне айналған түсті металлургия өнеркәсібінің басқару ісіне де көптеген өзгерістер енгізілді. 1918 жылдың өзінде-ақ Бүкілресейлік Халық Шаруашылығы Кеңесінің (ВСНХ) металл бөлімінің жанында мыс өңдеу өнеркәсібінің Бюросы құрылған болатын. Түсті металлургия кәсіпорындары ұлттық меншікке айналдырылған соң, мыс өңдеу өнеркәсібінің Орталық басқармасы (Центромедь) құрылды. Бұл ұйымның міндетіне тек мыс кен орындарының қорын есептеу мен бөлу ғана кірген жоқ, сонымен бірге, мыс өндіру, балқыту өнеркәсібін қалпына келтіру міндеті қойылды. Ал, 1920 жылы Центромедь түсті металл өнеркәсібінің Бас басқармасы (Главцветмет) болып қайта құрылды. Жаңадан құрылған ұйым тек мыс қана емес, барлық түсті металдар өнеркәсібін біріктірді [6.10б.].

1925 жылдың 10 маусымында Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің қаулысы бойынша «Атбасартүсті металл» тресі құрылды. Оның негізгі міндеті Жезқазған мыс, Байқоңыр көмір кеніштерін іске қосып Қарсақбай мыс зауытын салып бітіру болды.

Жағдайды анықтау үшін Қарсақбайға ВСНХ-ның арнаулы комиссиясы келді. Комиссия ВСНХ-ның мәжілісіне дайындаған хабарламасында кәсіпорындардың толық сипаттамасын берді. Ағылшын кәсіпкерлерінің кезінде басталған Жезқазған шахталарында өндірілген кеннің жалпы көлемі 2 461 366 пұт болды. Азамат соғысы жылдарында мыс кеніштерінің жұмысы тоқтатылып, шахталарды су алып кетті. Мамандардың пікірінше, кеннің құрамындағы мыстың мөлшері өте көп, яғни жоғарыда көрсетілген барлық кеннен 200 мың пұт таза мыс алуға болады деп есептелінді.

Байқоңыр көмір қазбаларында 1912-1921 жылдар аралығында барлығы 2 189 741 пұт көмір өндірілді. 1921 жылы көктемгі су тасқынынан ескі тіректер құлап, шахталарды су басып кетті. Кеніштерді

күзеткен аздаған жұмыскерлердің оған қарсы тұруға шамасы келмеді. Дегенмен, тексеру кезінде шахталарды судан тазартып, көмір өндіруді қайта жалғастыруға болады деп шешілді. Тіпті, қоймаларда шетелдіктердің кезінен қалған осы жұмысқа қажетті насостар мен басқа техника да бар болып шықты.

Үкімет комиссиясының жан-жақты тексергені – Қарсақбай зауытының жағдайы болды. Зауыт құрылысының барысын анықтай келіп, мамандар құрылыс жұмысын 80%-ға, машиналар мен механизмдердің орнатылуын 40-50% бітті деп бағалады. Зауыттың әлі орнатылмаған 25 тонналық шарпу пешінде жылына 300 мың пұт мыс балқытуға болады деп жоспарланды. Зауыт қоймаларында шарпу пешін және газ генераторын салуға жететін бағасы 400 мың сом болатын күйдірілген кірпіш және байыту фабрикасының құрастырылып үлгірмеген құрал-жабдықтары бар болып шықты. Ағылшындар салып бітуге жақындаған механикалық және ағаш шеберханаларының ғимараттары да кәсіпорынды күзеткен жұмысшылардың арқасында жақсы қалпында сақталды. Осылардың бәрімен толықтай танысқан комиссия Қарсақбай зауытын және кеніштерді қалпына келтіріп, іске қосуға болады деп есептеді [7.156.].

Мыс зауытын, кеніштердің жұмыстарын бастап кетуоңай болмады. Соғыс жылдары бүліншілікке ұшыраған ғимараттарды жөндеу, қалпына келтіру үлкен күшті, көп қаржыны талап етті.

Кәсіпорындарды қалпына келтіру жұмысының жалпы көлемі анықталғаннан кейін, «Атбасартүсті-металл» тресінің басқармасы алғашқы бөлінген 3,5 млн. Сомның жеткіліксіз болатынын ескеріп, қаржы мөлшерін 10,5 млн. Сомға дейін көбейтті. Өнеркәсіп орындарын жөндеп, іске қосу мерзімі үш жылға белгіленіп, қаржы да сол уақытқа сай бөлінді. 1925-1926 жж. – 2,5 млн. Сомды, 1926-27 жж. – 6,2 млн. Сомды, 1927-28 ж.ж.-2,3 млн. Сомды игеру көзделді. Ал, кен базасы азайып, қалпына келтіруге тиімсіз деп табылған Спасск зауытын сақтап тұруға 60 мың сом бөлінді [8.61п.].

«Атбасартүстіметалл» тресінің алдын-ала жасаған болжамы бойынша, Қарсақбай зауытының, кеніштердің және темір жол құрылысына барлығы 610 адам керек болды. Оның 300-і мыс кеніштерінде, 150-і көмір қазбаларында, 150-і зауыт құрылысында жұмыс істейді деп жоспарланды.

Жұмысшылардың тең жартысы жергілікті халықтан болса, қалғандарын сырттан шақыру жоспарланды. Зауыт жұмысы жалғасқан уақытта Қарсақбайда 29 орыс жұмысшылары жасайды деп жоспарланды.

Құрылыс ісін жедел жүргізуде кезек күттірмейтін маңызды мәселелердің бірі – жүк тасымалдау мәселесі болды. Кәсіпорындарды тезірек іске қосу үшін оған қажетті материалдарды: ағаш, кірпіш, цемент, техникалық жабдықтар т.б. – барлығы 35 мың тонна болатын жүкті жеткізу керек болды. Ағылшындардың тәжірибесін пайдаланып, жүкті жылжымалы темір жолмен жеткізу тиімсіз болатын болды. Оған уақыт та, керекті қаржы да жоқ еді. Жосалы мен Атбасар станцияларынан жүк тасуды ұйымдастырған Литвиновтың кеңсесі 315 шақырымдық Жосалыдан жылжымалы темір жол арқылы тасылған жүктің әр пұтынан 3 теңгеден алса, одан әлдеқайда алыс Атбасар станциясынан (520 ш.) кіремен тасыған жүктің әр пұтын 60 тиыннан бағалады.

Темір жол болмаған жағдайда, әрине, уақыт үнемдеу үшін жүкті автомашинамен тасымалдау жылдам болатын еді. Бірақ зауыт құрылысына қажетті 35 мың тонна жүкті тасуға 200 автомашина керек болды. Қарсақбайда тек 25 қана автокөлік болды. Сол себепті жүк тасу үшін негізгі күш ретінде ғасырлар бойы өмірде тексерілген, жәй болса да сенімді кірені пайдалану тиімді деп шешілді. 1921 жылы кеңес өкіметінің өкілдері есебі бойынша Қарсақбайда бар-жоғы 253 қорапты арба, 85 тарантас, 769 түйе, 18 ат қана қалған екен.

«Атбасартүстіметалл» тресінің өтініші бойынша, жергілікті халық көлік жинап беруге көмектесті. Зауыт құрылысының қайта жандануын үлкен қуанышпен қарсы алған қазақтар күш-көліктерін ғана беріп қоймай, өздері кіреші болуға ықыласпен келісті. Қысқа мерзімнің ішінде комбинат құрылысы екі мыңға жуық күш көлік жинап алды. Қарсақбай мен Жосалының арасындағы 16 бекет қалпына келтірілді.

Зауыттың құрылысымен қатар қызу қолға алынған жұмыстардың бірі – оны мыс және көмір кеніштерімен байланыстыратын тар табанды темір жол желісін іске қосу еді. Жалпы ұзындығы 120 шақырым болатын бұл желінің шетел кәсіпкерлері кезінде 6 шақырымы ғана біткен болатын. Қарқынды еңбектің нәтижесінде зауыт құрылысы аяқталар кезде, темір жол құрылысы да аяқталды. Қарсақбайға шақырумен келген маман жұмысшылардың көмегімен мыс пен көмір кендерін тасымалдауға қажетті 2 паровоз, 10 платформа, 12 вагон жөндеуден өтті.

1926 жылдың аяғында Байқоңыр көмір кеніштері өнім беруге дайын болды. Мыс кеніштеріндегі ескі шахталардан басқа жаңа шахталарды да дайындау басталды. Мыс кенінің қорын толықтыру

мақсатында геологиялық барлау жұмыстарын кеңейту көзделді. 1928-29 жылы «Атбасартүстіметалл» тресіне Түстіметалл қорынан және Геологиялық комитеттен (Геолком) бөлінген 470 мың сом қаржының 355 мыңы Жезқазған кенін барлауға бағытталды. Алғашқы жылғы жүргізілген барлаудың өзі-ақ құрамындағы мыс мөлшері 12,9% болатын кеннің көлемі 150 мың тонна, 10,9%-ік мөлшердегі кеннің қоры 385 мың тонна болатынын көрсетті.

Жезқазған өндірісінің толық іске қосылуы Қарсақпай мыс зауыты мен байыту фабрикасы құрылыстарының бітуіне байланысты болды. Сондықтан, негізгі назар осы нысандарға аударылды.

Құрылысшылардың қажырлы еңбегінің арқасында зауыт жоспарланған мерзімде іске қосылды. 1928 жылдың 16 қыркүйегінде балқыту цехының шарпу пеші салтанатты түрде жағылды. Бір айға созылған сынақ уақытынан кейін, зауыт пеші жеткілікті деңгейге дейін қызып, мыс балқытуға дайын болды. 1928 жылдың 19 қазанында, түнгі сағат 23-те алғашқы Қарсақбай мысы балқытылып алынды. Кешегі Кеңестер Одағының атақ-даңқын әлемге көтерген Жезқазған мысының алғашқы ағымы осылай басталды. Сол кездегі Бүкілкеңестік Орталық Атқару Комитетінің (ВЦИК) төрағасы М.И.Калинге жіберілген жедел хатта: «Жұмысшылар мен әкімшілік-техникалық қызметкерлердің қажырлы еңбегінің арқасында, Қарсақпай комбинатының мыс балқыту зауыты үкімет белгілеген уақытта іске қосылды,.. оларға үкімет сеніп тапсырған тапсырма ешқандай қиындыққа қарамастан орындалды» деп жазылды[9.9,10п.п.].

Қарсақбай комбинатының өмірге келуі өлкенің әлеуметтік-экономикалық өміріне де түбегейлі өзгеріс әкелді. Бұл бұрын халық аз қоныстанып, көсіліп жатқан кең даланың, кенді даланың ірі өнеркәсіп аймағына айналуының бастамасы болды.

1 «Үлкен Жезқазған мыс алыбы», «Оңтүстік Қазақстан» газеті, 1936, 3 бет. 26 маусым.

2 Фридман Ц. *Иностранный капитал в дореволюционном Казахстане.* – Алма-ата: Казгосиздат, 1960. - 14 б.

3 ҚР ОМА 14 қ., 1 т., 21-іс, 18 п.

4 Сонда.

5 Сонда 64 қ., 1 т. 3733-іс, 1 п. 38496-іс, 42 п.

6 Фридман Ц. *Көрсетілген шығарма.* 10 б.

7 Пинегина Л., Федюкин С. *Джезказган – город меди.* – Алматы: Наука, 1966. - 15 б.

8 ҚР ОМА, 14 қ., 1 т. 39-іс, 61 п.

9 Сонда, 2057 қ., 1 т., 51-іс, 9,10 п.п.

Аннотация

Рассмотрена трудовая деятельность К.И.Сатбаева в окрестностях Жезказгана, сделана попытка определения его роли в формировании и развитии цветной металлургии в Большом Жезказгане: отмечена особая роль Академии Наук в развитии цветной металлургии.

Ключевые слова: цветная металлургия, академия, великий ученый,

Карсақбай, Жезказған, Жезди, горняки, инженер, карьер, металлогенный, горнообогатительный комбинат.

Summary

Examines the labor activity of Satpayev K. I. in the vicinity of Zhezkazgan, made an attempt to define its role in the formation and development of nonferrous metallurgy in the Great Zhezkazgan; emphasized the role of the Academy of Sciences in the development of ferrous metallurgy.

Key words: non-ferrous metallurgy, the Academy, the great scientist, Karsakbay, Zhezkazgan, Zhezdi, engineer, mine, quarry, metal halide, mining plant.

ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ

УДК94(574)

К ВОПРОСУ ЗАКОНОВ И ЗАКОНОМЕРНОСТЕЙ ИСТОРИИ

Абдуллаев Н.А. - д.и.н., профессор, АРГУ им К.Жубанова

В статье рассмотрены отдельные аспекты научной методологии – законы и закономерности исторической науки. Мнение и выводы автора основаны на публикациях известных исследователей теории истории.

Ключевые слова: история, философия, методология, концепция, закон, закономерности, детерминизм, социальная борьба.

Важнейшей проблемой истории вообще, отечественной истории в частности, является ее **методология**. В любом историческом исследовании, даже в таком, где система фактов преобладает над обобщениями, объединяющим стержнем является ее методология. Идеи, концепции, теории социально-гуманитарного характера явно обнаруживаются или подспудно присутствуют в историческом исследовании, а потому и у историка. Ни один серьезный труд не обходится без ценностных категорий, почерпнутых из политико-идеологических течений.

Задача каждой науки – выяснять ее законы. Однако в отличие от законов природы закономерности общественного развития не все научные школы считали жесткими, неизменными. Отдельные школы теории “объявляют исторические общественные законы лишь простыми тенденциями” объясняя тем, что “общественные условия являются более сложными, вследствие чего в сфере общественных явлений отдельные законы еще в большей степени, чем в природе, проявляются лишь как тенденции” [1].

В социально-гуманитарной науке недавнего прошлого (советского) преобладающим был взгляд на историю как линейный процесс, ведущий только к якобы высшей и неизведанной идеальной форме социальной организации. Не только историческая, но и вся общественно-политическая литература того периода была перенасыщена выражениями вроде “поступательный ритм всемирной истории”, “неумолимый поток событий”, “развитие всемирно-исторических эпох” органически связано с прогрессивными общественными формациями, имеющими одну направленность” [2]. Существование спора между сторонниками и противниками законов и закономерностей истории, в сущности, сводился к тому: “история предсказуема” - заявляли одни, “история не предсказуема” - утверждали другие. Примечательно, однако, что значительная часть исследователей признавали существование “законов истории” как аксиому, но конкретно их не формулировали.

Историческое знание, как и любое иное научное знание, предполагает выявление **причинно-следственных связей**. При этом возникает соблазн установления законов. Однако закон – это фиксация человеком часто повторяющейся связи между фактами. Он помогает, как и гипотеза, человеку ориентироваться в мире бесчисленных фактов. В историю же человечества входят только неповторяющиеся, в своем роде единичные, факты. Если каждый закон в подлинном смысле этого слова предполагает повторение, то история не знает повторений, поэтому говорить о законе истории - значит не понимать закона.

В случае достаточной определенности исторический закон должен служить безупречным прогностическим инструментом. Однако объект истории, как известно, находится не в будущем, а в прошлом. Историк занимается реконструкцией прошлого, но при этом методы этой реконструкции значительно различаются между собой, не говоря уже о том, что субъективность исследователя никто никогда не оспаривал.

Высказывания видных представителей научных исторических школ ставят под сомнение существование “законов истории”, а известные из них относились скептически к “законам истории”, не считая их предметом самой исторической науки. Задача истории не в том, чтобы открывать какие-либо законы, а в том, чтобы изучать конкретное прошлое без какого бы то ни было попользования предсказывать будущее, как бы изучение прошлого ни помогало в иных случаях предвидению того, что может быть или наступит. Если данными и выводами истории воспользуются социолог, политик, публицист тем лучше, но основной мотив интереса к прошлому в истории, понимаемый

исключительно в качестве чистой науки, имеет совершенно самостоятельный характер: его источник в том, что принято называть любознательностью на разных ее ступенях - от простого любопытства до настоящей и очень глубокой жажды знаний.

Известный исследователь Р.Ю.Виппер писал, что "...Термин "закон" появился в исторической науке в качестве заимствования. Взятое из сферы юридической со смыслом принудительного правила, веления высшей силы, примененное затем в математике и механике в качестве обозначения аксиомы, это слово переходит к биологам и социологам. В пестрой массе переплетающихся конкретных органической и общественной жизни, конечно, нет места для безошибочного принудительного действия простых правил, потому что ограничительные условия чрезвычайно велики и разнообразны" [3].

Поиск закономерностей исторического процесса, хотя и не часто находятся в поле зрения отечественных историков, тем не менее, остается среди фундаментальных проблем академической науки. Итак, имеет ли история направленность или какой-либо смысл? По взгляду известного востоковедов "в зависимости от ответа возникают две концепции методологии истории: смысла никакого нет, есть только бесконечное повторение одного и того же; смысл есть, и история есть непрерывное поступательное движение. Наиболее яркое выражение первой концепции – *теория круговорота*, второй – *теория прогресса*. И та, и другая теория подвергались и подвергаются критике" [4].

Представления об историческом прогрессе частью исследователей XX века связывалось с формационной теорией. В основе "экономического (или исторического) детерминизма", связываемого с прогрессом, лежали две концепции: вера в человеческий разум, идущая от эпохи Просвещения, и убеждение в примате экономики, вытекающее из марксизма. Как мотивы и даже факторы исторического процесса они не могут исключаться. Можно подвергнуть сомнению только их абсолютный приоритет и единственность.

При всей значимости государственной власти будет правомерно отдавать должное и другим формам надстройки – праву, религии, философии и т.п. В конце XIX начале XX вв. сторонники формационной теории истории ввели вывод об абсурдности утверждения о том, что "исторический вопрос можно было решать при помощи абстрактных конструкций". Констатируя в истории наличие периодов застоя или даже сдвигов назад, они отметили, что "представлять себе всемирную историю идущей гладко и аккуратно вперед, без гигантских иногда скачков назад ненаучно, теоретически неверно" [5]. На самом же деле мировые войны, бесчисленные локальные конфликты, гражданские катаклизмы, мировые кризисы – лишь некоторые противоречивые явления в историческом процессе, показывающие, что он не только поступательный, прогрессивный, но временами и регрессивный. Обратимость исторического процесса сопряжена и с такими наблюдаемыми явлениями, как революция и контрреволюция, реформы и реакция.

Имела свое место и искусственная теория о "законах истории", совершив подмену понятия "социологическая закономерность" понятием "закон истории". Социологические закономерности предполагают выявление; установление связей и отношений между социальными явлениями и процессами. Они могут касаться только того общего, что наблюдается в развитии общества, но история показывает вместе с тем и нечто уникальное, единичное и неповторимое, что не может обобщаться законами. Социологические закономерности представляют научные гипотезы, которые более или менее правильно отражают действительность на определенном этапе, но могут перестать действовать на другом.

Эти же закономерности, но не "законы истории" объясняют некоторые существенные черты исторического процесса. Научная заслуга сторонников формационной оценки истории состоит, в частности, в показе значения социальной борьбы, а не в ее открытии. Когда же она была возведена в разряд "законов истории", само содержание исторического процесса обеднялось, сужалось. Критически оценив эту точку зрения, ряд исследователей утверждают, что "... необозримая масса иного рода человеческих поступков и стремлений всех веков должна быть лишена всякого смысла" [5].

Прогноз основателей формационного подхода к истории об абсолютном и относительном обнищании трудящихся в промышленно развитых странах не оправдался, однако сама социальная борьба не исчезла: она приняла разнообразные формы (кроме экономической — политическую и теоретическую) и расширила границы в мире. В развитых странах мира социальная борьба к концу XX в. несколько притупилась в связи с большой дифференциацией в положении неимущих групп, повышением его жизненного уровня и демократизацией политической жизни. Социальные конфликты переместились больше на периферию промышленно развитых стран, и в страны с переходной

экономикой, где они нередко приняли форму национально-этнических столкновений. Ярким примером этого являются политические события начала XXI в. арабских странах и Ближнем Востоке, странах Евразии.

В научных школах социально-гуманитарного профиля бытуют иные объяснения исторического процесса кроме как обострения социальных отношений, граничащих открытой борьбой за права. Так, в античную эпоху, в Римской империи борьба за права и власть велась в то время между патрициями и плебеями, тогда как между этими социальными группами населения не было отношений эксплуатации. При феодализме основными антагонистическими слоями были дворяне и крепостные. Хотя крестьянские войны имели место, но главные бои за власть велись между дворянством и буржуазией.

Как известно, в историческом процессе значительную роль играют три фактора: идеи, экономика и социальные конфликты. При этом, ход истории не является “линейно прямым”. К примеру, в истории подавляющего большинства государств социальные конфликты в обществе происходили из-за четырех проблем: отношений к правде, к свободе, к власти и к собственности.

Концепция социального конфликта, которая имела и имеет место во всех регионах Планеты и в разное время, объявляет главным общественным противоречием отношение господства и подчинения вне связи с социальной дифференциацией.

Предсказание истории равносильно научному управлению обществом на уровне правительственных экспертов в качестве прогнозов делаются. Но они не входят в ремесло историка. Есть и большие объективные трудности. Даже в странах с высоким уровнем государственного контроля над экономикой и обществом оказались непредвиденными некоторые важные общественные процессы. К примеру “пытаться управлять общим ходом современных обществ на уровне полного и рационального знания, - значит впасть в иллюзию” [60]. Даже при наличии современной техники воздействия на экономику, социально-политическую жизнь и общественное мнение трудно предусмотреть последствия миллионов “микрорешений” членов и гражданского общества.

В то же время не следует исключать альтернативность выбора в историческом процессе. При этом к “случайностям” относится и характер людей. Действительно, история не может быть в точности предопределена хотя бы потому, что человеку свойственно ошибаться. Жизнь полна примеров, когда временное недомогание или иррациональное поведение человека, занимающего место во властной структуре, имело непредсказуемые и даже разрушительные последствия.

Движущие силы истории – не только экономика, а в ее основе технический прогресс, но и масса других факторов духовной, культурной и политической жизни конкретного общества. При этом человек – далеко не “винтик” и не “капилляр”, подчиняющийся действию одного единственного императива.

Из вышеизложенного смеем утверждать, что универсальных “законов истории” нет и не может быть. Даже когда объявляется законом решающая роль народных масс или отдельной личности, то тут же добавляется, что роль тех и других нельзя сбрасывать со счета. Альтернативность общественного развития всегда ставит перед субъектом возможность выбора варианта поведения. Именно поэтому экономические законы, – а это более или менее устойчивая историческая закономерность, – не обязательно указывают верный вектор человеку, как ему нужно поступать в том или ином случае.

По этому поводу будет правильным утверждение о том, что историческое знание не в состоянии дать единственную версию, обязательную для всех, объясняющую общества, эпохи и культуры, ушедшие в небытие. К тому же они не признавали законов истории. Соглашаясь с распространенным представлением о том, что историю делают люди, они вместе с тем утверждали, что история складывается из индивидуальных действий, но всеобщая (“глобальная”) история не является обязательно результатом намерений ее действующих лиц (“актеров”), а намерения их, за исключением немногих случаев, никогда не являются научным объяснением социальных фактов” [7]. В действительности, данный тезис-вывод заслуживает внимательного отношения к нему и безусловного учета в исследовании.

Картина Тихменева Е.А. «Подняли» датируется 1909 г. (дата проставлена самим автором в нижнем левом углу холста), выполнена художником маслом на холсте, размер 60х95см. Основанием для реставрации послужило ее неудовлетворительное состояние: общее загрязнение, порывы, сильная деформация холста, осыпь красочного слоя. Все эти обстоятельства стали причиной отбора

картины из изобразительного фонда музея в целях ее реставрации и доведения до надлежащего состояния.

Некоторые сведения об авторе картины «Подняли»

Тихменев Е.А. – русский художник 1869 года, автор большого числа работ в смешанном пейзажно-анималистическом жанре. Мастер батальной и анималистической живописи, ученик академика Б.П. Виллевальде.

Художник родился в Украине, г. Сумы, в семье врача. С 1882 учился в Императорской Академии художеств, откуда через пару лет был отчислен за неуплату обучения. С 1891 начал увлекаться ружейной и псовой охотой, ставшей впоследствии основной темой его многочисленных живописных и графических работ. Тихменев славился среди своих коллег великолепным изображением диких животных на фоне природы. Произведения Тихменева чаще всего с изображением осенней или зимней охоты часто воспроизводились в журналах 1890-1900-х гг.: «Родина», «Нива», «Охота», «Искорки» и др.. В 1900-1915 гг. экспонировал работы на выставках в Петербурге и Москве. Начиная с 1931 г. художник пишет картины на темы, связанные с охотой. Работы художника представлены в музеях Иркутска, Оренбурга и многочисленных частных собраниях. К сожалению, выходных данных о поступлении в фонд хранения ЦГМ РК нет.

Описание сохранности картины «Подняли»

До поступления в фонды музея картина находилась в неудовлетворительном состоянии: по всей поверхности картины имелось устойчивое пылевое загрязнение; местами наблюдалась осыпь красочного слоя; по всей поверхности полотна явно выражены вертикальные изломы, потертости, трещины, а также сильная деформация холста. На лицевой стороне картины были видны сильные загрязнения (засиды, плесень), и пятна неизвестного происхождения. Прямо по центру, в нижней части имелся порыв около 2 см. Более того, имелись небольшие порывы (около 1 см) по краю и по всей поверхности холста; осыпь красочного слоя и грунта по краям картины; многочисленные гвоздевые проколы по всем кромкам холста; прерывистый порыв фактуры холста на всех углах картины; ослабленное натяжение холста; фактура холста прямо по центру над перекладиной волнообразно деформирована; оборотная сторона холста сильно загрязнена (пыль, копоть, сажа, плесень). К тому же, сильное загрязнение рамы, утраты и трещины по всей ее поверхности требовали немедленной комплексной реставрации (рис. 1 а, б).

В ходе работы над картиной обнаружено, что подрамник раздвижной с клинками для натяжения и вертикальной перекладиной для фиксации подрамника. Пластина из меди с названием картины была потемневшей от внешних факторов влияния атмосферы, поэтому необходимо было изучить причину повреждений и нарушений, определить способы устранения и приостановить необратимый процесс разрушения.




Рис. 1 Фрагмент картины Тихменева Е.А. «Подняли»

Описание процесса реставрации

Перед началом реставрационных работ, картина была сфотографирована. Тщательно осмотрена, определены область и объем реставрационного вмешательства. В ходе реставрации была проделана следующая работа: снятие холста с подрамника, удаление загрязнений с оборотной стороны, узелков, утолщений, загрязнений, копоты, пятен неизвестного происхождения, которые были очищены и удалены скальпелем. Для восполнения утрат были подготовлены волокна необходимого размера. После чего методом стыкования волокон, взятых с кромок авторского холста было произведено

восполнение утраченных фрагментов холста. Как правило, при большой площади утраты аналогичным методом вплетается фрагмент ткани, подобранный в соответствии с авторским холстом. Для соединения нитей (волокон) использовался специальный клей, после полного высыхания которого, швы проглажены теплым утюгом через фторопластовую пленку и спрессованы в местах порывов. Для устранения деформации (полос, вмятин) на участки холста был поставлен груз на несколько дней. Нужно было периодически наблюдать за состоянием деформированного участка. Через определенное время, под тяжестью (прессом) мраморных плит, была устранена деформация поверхности холста. Кромки холста были проглажены теплым утюгом через фторопластовую пленку. Затем многочисленные гвоздевые порывы на кромках, были застыкованы методом встык также из волокон холста. Очищена поверхность подрамника. Были сделаны внутренние скосы на планках. Восстановленный холст заново натянут на подрамник.

В связи с тем, что лицевая сторона холста была сильно загрязнена, неоднократно проводилась чистка и доведена до удовлетворительного состояния. Изначально очищение производилось дистиллированной водой при помощи ватного тампона. Помимо этого, в целях получения более эффективного результата, использовался также щадящий раствор с применением разбавленного этилового спирта (1:3). После очистки, лицевая сторона холста приобрела экспозиционный вид. Следующий этап заключался в подведении реставрационного грунта в местах утрат. После просыхания, реставрационный грунт отшлифовывался в уровень авторского холста при помощи пробки, скальпеля, влажного ватного тампона. После шлифовки, произведено тонирование утрат, осыпей и потертостей красочного слоя. (Работа была выполнена только в пределах утрат). В процессе реставрации багет был очищен дистиллированной водой и мыльной пеной. Утраты, трещины, сколы были заново восстановлены дублируя форму поверхности багета, скульптурным пластилином. После полного просыхания, поверхность багета, покрыта бронзовой краской. В результате проведенных реставрационных работ, картина приобрела экспозиционный вид, сдана в хранение (Рис.2).



(до реставрации)



(после реставрации)

Рис.2 КП 5608 худ. Тихменева Е.А. «Подняли», х.,м., 60х95см

Увидеть результат своей работы, после приложенных усилий, очень важно для каждого реставратора.

В целом, кроме вышеперечисленных и основных причин разрушения произведений живописи, зачастую они начинаются уже в самом начале создания картины. Начиная с того, когда художником нарушается технология норм грунтовки, в результате чего, возникают повреждения красочного слоя, на поверхности холста появляются кракелюр. Основным требованием при подготовке холста к работе является тщательная просушка каждого слоя грунта. От длительного хранения в неблагоприятных условиях произведения живописи загрязняются, т.е. покрываются наносным слоем, лежащим поверх лаковой или олифной пленки, а иногда и поверх живописи. Особенно опасны для художественных произведений птичий помет и мушиный засид, так как содержащиеся в них щелочи действуют разрушающе на слой олифы, лака, и на красочный слой [2, с.114].

Резюмируя, можно сказать, что проблемы, с которыми реставраторы столкнулись при восстановлении картины Тихменева «Подняли», относятся к наиболее распространенным видам загрязнений, встречающихся на многих других произведениях. Поэтому одной из важных функций работы реставраторов является возвращение к жизни культурных ценностей, а именно: ценных документов, рукописей, экспонатов археологических находок, имеющих историческую ценность и др. От того, как поставлена реставрационная работа в музее, решающим образом зависит состояние и дальнейшая

жизнь экспонируемых и хранящихся в фондах произведений искусства. Поэтому очень важно, чтобы музеи Казахстана были оснащены необходимыми реставрационными лабораториями, соответствующих международным стандартам, а также обеспечены профессиональными реставраторами.

1 *Труды Центрального музея: музейное дело, история, этнология, фольклористика, археология, антропология, историография, источниковедение, нумизматика. Вып. I // Научный ред. Нурсан Алимбай. // На каз., рус., англ. языках. - Алматы: Ғылым, 2004. – 396 с.; 1000 экз.*

2 *Монтаж и сохранность музейных предметов в экспозиции. Методическое пособие. Труды ГИМ. - М., 2007. Вып. 168. - 136 с. с ил.*

3 *Охрана музейных памятников и описание их сохранности. Музейное пособие. Москва. 1964г.*

4 *Хлудов Н.Г. Каталог произведений: живопись и графика. Науч. руководитель и автор предисл. Нурсан Алимбай // Алматы, 2003. – 288 с.; 3000 экз. (на каз., рус., англ. языках).*

Түйіндеме

Мақалада Мемлекеттік Орталық Музейдегі (Алматы) кескіндемені сақтау және қалпына келтірудің кейбір аспектілері, жекелей алғанда, Кескіндемені сақтау және қалпына келтіру Орталығының рөлі туралы мәселелер қарастырылады. Қалпына келтіру Орталығы бөлімінің тарихы, қызметтерінің міндеттері, негізгі бағыттары таныстырылады. Қалпына келтіру жұмыстарын дамытудың проблемалары мен келешектегі міндеттеріне айрықша назар аударылады.

Тірек сөздер: музей, музейлік зат, мәдени құндылық, қалпына келтіру, түр өзгеруі

Summary

Some aspects of preservation and restoration of painting in the Central State Museum (Almaty), in particular, the role of the Restoration Centre in preservation and restoration of painting are considered in the article. The history of the department of the Restoration Centre, the tasks, the main trends of the activity are lighted. The considerable attention is paid to the problems and prospects of the quality development of restoring work.

Keywords: museum, museum object, cultural values, restoration, deformation

ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДЕ ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ОРНЫ (қарақалпақ және қазақ балалар фольклоры мысалында)

Әмирлан С.Е. – *Қарақалпақ гуманитар пәндер ғылыми зерттеу институты, аға ғылыми қызметкер – ізденуші (Нүкіс, Қарақалпақстан, ӨзРФА ҚБ)*

Мақалада автор қазақ және қарақалпақ фольклорларындағы тарихи оқиғалар, әсіресе жоңғар шапқыншылығынан тақсирет тартқан қазақ және қарақалпақ халықтарының ауыр жағдайлары, зарлы заманның шындығының көрініс табуы талданады. Сондай-ақ халық поэзиясы мен балалар фольклорындағы тарих іздерінің деректік маңыздары салыстырмалы түрде ашып көрсетіледі. Осы аталған фактілер бірнеше мың жылдық кезеңдердің фольклорларда орын алғандығын материалдарды саралау арқылы дәйектейді.

Тірек сөздер: қазақ, қарақалпақ, фольклор, балалар поэзиясы.

Тарих көшінде шаң берген әрқилы оқиғалар, замана жаңғырығы өз кезегінде ауыз әдебиетіне де сәулесін түсіріп отырады. Сондықтан да өткен кезеңдерден суыртпақтап сыр тартқан зерттеушілер әркез фольклорлық мұраларға сүйеніп, жұртшылық жадында сақталған деректерді жазба құжаттармен салыстырып үйренеді [16:3]. Тарихи болмыс тек қана үлкендер орындайтын шығармаларда емес, балалар шығармашылығында да өзіндік ізін сақтайды. Бұл – табиғи заңдылық. Түбі бір түркі ұлыстарының көне түбірлерінің бірі қарақалпақ халқының балалар фольклорында да мұны айғақтайтын деректер баршылық.

Қарақалпақ балалар фольклорында осы халықтың кейбір топтарының кезінде «алты алаш» қауымдастығына кіргендігінен, тағы бір бөліктерінің қазақ ордаларымен қанаттас жасағандығынан дерек беретін өлеңдер мен ойын тақпақтары сақталып қалған. Бұл жайында біз бірнеше еңбегімізде тоқталған болатынбыз. Оларда қазақ және қарақалпақ балалар фольклорында кездесетін «алашартақ» ойынының тарихи тіндерін талдай отырып, ойын атауының «алаш ортақ» деген сөзден шыққандығына мән берген едік [2:176; 3:126]. Қарақалпақ халық поэзиясын зерттеушілердің бірі С.Бауатдинованың жұмысында «ғойқаң қазақ» деген ойын жөнінде сөз болған [4:34]. Әзіл-қалжыңдық сипаты басым бұл ойын қарақалпақ балалар фольклорында «жырғаулар» деп аталатын

жанрлық кешен құрамына енеді [3:123-130; 9]. Ойын мәтіндерінде қазақ және қарақалпақ халқының туысқандық, көршілік қарым-қатынасын сипаттайтын деректік маңызға ие мәліметтер бар.

Қарақалпақ балалар фольклорында жоңғар шапқыншылығын еске түсіретін қайғылы кезеңдердің, қасіретті күндердің іздері де үзік-үзік сақталған. Бұл жәйт – туысқан қазақ және қарақалпақ халықтарының тартқан тақсыреті болып қана қалмай, жалпы алты алаш баласының басына түскен зарлы заман еді. Осы сұрапыл қырғыншылықтың, қанды оқиғалардың сәулесі қарақалпақ фольклорында:

Ордамды ойрат алды,
Ортама ойран салды,
Ошақта отым қалды,
Он сан оғым қалды.

Жасаулы үйім қалды,
Жыйыұлы жүгим қалды,
Жасаурап көзим талды,
Жууыспай жағым қалды.

Қаңырап жайым қалды,
Қазықта малым қалды,
Қаңғалап халым талды,
Қарақалпағым қалды..., -

деген жолдарды қалдырған.¹ Бір ескерерлігі, осы мұнды өлең ересектер шығармашылығына тән болса да, ғасырлар аясында айтыла-айтыла жат болып қалып, дәстүрлі балалар фольклорына өтіп қалған. Мұндағы *ойраттар* – хошоуыт, дөрбіт, хойыт, торғауыт, бағауыт (*баяуыт*) сияқты рулық бірлестіктерден құралған жоңғар қалмақтары екені белгілі [10:50]. 1635-жылы Ойрат одағын құрған бұл тайпалардың көршілес елдерге жиі жорыққа шығып тұрғаны, XVIII ғасырдың бірінші жартысында болса, Ұлы Дала халықтарына жойқын шабуыл жасағаны тарих беттерінен мәлім [6:79-80]. Өлеңдегі «он сан оқ» ұғымы – түркі ұлыстары тарихындағы «он оқ», «он оқ созақ», «он сан ноғайлы» аталған этнонимдік атаудың баламасы екендігі, қазіргі кезде оның әр халық шежіресінде әртүрлі тарқатылатыны, талқылатыны да аян [2:175;6:168]. Өлең жолдарында халықтың өте аянышты халінің баяндалуы себепті, бір заманда жұрт басына түскен жағдайды соңғы ұрпақтың ұмытпауы үшін оның кеңінен насихаттала келіп, уақыттың озуымен балалар репертуарына өтуіне де әсер еткен секілді.

Қарақалпақ балалар фольклорында қариялардың немерелерін алдына алып отырғызып алып, жырау жолымен толғайтын қысқа жыр үлгілері бар. Ол «термишлер» деп аталады [4:460-463;19]. Терме-толғаулардан іріктеп алынған мұндай сарындарда:

Айдыұ, айдыұ – айдайды,
Ай балам мениң қандайды,
Арқадан келген жауларды,
Алдына салып хайдайды,
Хәңнай, хәңнай, хәң-ә-най, -

деген жолдар жиі қайталанатын [4:460]. Осы мазмұн балаларға арналған басқа да өлеңдерде кездеседі. Сондай өлеңдердің тағы бірінде сырттан келетін басқыншылардың кім екендігі анық айтылған:

Қарағым мениң айдайды,
Белине садақ байлайды,
Жау қалмақтың жылқысын,
Дүркіретіп айдайды..., -

деп беріледі [14:153]. Ер баланы еркелету ыңғайымен айтылған бұл өлеңде де жаугершілік замандардың лебі сезіліп тұрады. Өлеңнің басты мақсаты, баланы жас басынан жауынгерлікке тәрбиелеу, ерлікке баулу, азаматтық намысын ояту болып табылады. Халық поэзиясының балаларға арналған немесе балғындардың өздері орындайтын өлеңдерде замана көрінісі, дәуір шындығы осылай қылаң берсе де, бұл шығармаларда көпке белгілі жәйттер баяндалған. Соған қарамастан мысал етілген өлеңдерден Орталық Азия халықтарының ортақ жауы саналған «ойраттар» немесе «қалмақтар» деп аталған халық хақындағы деректерді табамыз. Соны да ескерткен орынды, осындағы

¹ Бұл өлең мәтінінің тағы бір варианты тарих зерттеушісі Ә.Байниязов тарапынан жоғарғы қарақалпақтар арасынан жазып алынған. Мәтіндер қарақалпақ тіліндегі жазылу қалпы бойынша берілді (авт.).

«қалмақ» атауы кей-кейде сырттан келген барлық жаулаушыларға жалпылама түрде де қолданылған [6:190]. Сондықтан өлең астарынан XVIII ғасырдың II жартысындағы бүліншіліктердің сұлбасын да аңғарғандай боламыз [11:55].

Қазақ балалар фольклорына байланысты кезінде С.Сейфуллин «қалмақ шапқыншылығынан қалған» деп жариялаған:

Бұрынғыдай жайың бар ма?
Мінетұғын тайың бар ма?
Жылағанда дайын тұрған,
Қарындағы майың бар ма?
Бұрынғыдай елің бар ма?...,-

деген өлең жолдары жайлы К.Ісләмжанұлы: «Бас-аяғы күзеліп жеткен ана жырының бұл үзіндісінен біз XVIII ғасырдағы қазақ-қалмақ халқы арасындағы шапқыншылықтардың ауыр сызын сезінеміз, бірақ дәл қай уақыт, қандай оқиға екендігін тап басу қиын», - дейді [17:42]. Шындығында да фольклорда тарихи шындықтың іздері сақталғанымен де, оларға көбірек жалпылық сипат басым болып келеді. Оны там-тұмдап саумалап тарту, түп-төркінін жете аңғара білу, оған жан беріп, тілге келтіру, зерттеушілердің терең білімі мен біліктілігіне байланысты.

Қарақалпақ және қазақ балалары арасында кең тарқалған кейбір фольклорлық үлгілерде тарих белестерін айқынырақ тануға мүмкіндік беретін деректер кезігеді. Соның бірі «Түлкішек» өлеңі. Бұл өлең қарақалпақ және қазақ фольклорында сұрамақтар түрінде де, қызықтамалар түрінде де айтылады. Қарақалпақ фольклоршылары «Түлкішек» өлеңінің жиырмаға жуық вариантын жазып алған. Алайда осы өлеңнің барлық нұсқаларының басталуы бір-біріне ұқсас:

– *Хә, түлкішек, түлкішек,*

Түнде қайда барасаң?

– *Мамамның үйіне бараман.*

– *Мамаң саған не берер?... [13:112].* Осы өлең үлгісі көп халықтарға тарқалса да, ондағы оқиғалар қарақалпақ және қазақ халқының сыбайлас жасаған кездеріндегі жағдайлардан хабардар етеді.

Біз алдымен «түлкішек» сөзіне көңіл аударайық. Қазіргі қарақалпақ тілінде «түлкішек» («*түлкішек*») – «түлкінің күшігі» дегенді білдіреді [12:364]. Қарапайым таным бойынша бұл сөз ойыны түлкішек пен бала ортасындағы диалогқа құрылған. Зерттеушілердің пікірінше, шығарма XVIII ғасырға тиісті саяси-тарихи оқиғалармен байланысты болып, соңын ала үлкендер шығармашылығынан балалар репертуарына өткен және ондағы «түлкішек» – «түлкі күшігі» емес, ал адамның аты не біреудің сырт көрінісіне қарап қойылған лақап болу ықтималдығы бар.

Қарақалпақ этнографы Х.Есбергенов «Түлкішек» – белгілі бір (XVIII ғ.) адам аты екенін жазса, әдебиетші ғалым Ә.Пахратдинов оны «түлкі ішік» («*түлкітон*») киген жан екенін, алайда бұл атаудың қайталанып айтыла-айтыла «түлкішек» түрінде қалыптасып кеткенін мысалдармен көрсетеді [7:64-66;18:68]. Ә.Пахратдинов өлеңдегі аты аталған адамның тағы бірі қарақалпақтардың XVIII ғасырдағы көсемі, тарихи тұлға Маман би екендігін, соңынан бұл есімнің (сөздің) балалар тіліне сай «мамам» болып өзгергендігін алға тартады. Ә.Пахратдинов, тағдыр қыспағынан қысым көрген халықтың өз көсемі Маман бидің алдына көмек сұрап барғандығын, өлеңнің де сол себепті жүзеге келгендігін баяндайды [18:68-69]. «Түлкішек» өлеңінің қазақша версияларында «мамам» сөзінің «апам», «әжем» болып өзгергендігін көреміз [1:50;6:80,135]. Әрине, мұның соңғы кездегі қоспа болуы, мәтінге түзету енгізілгендігінен кейінгі өзгерістер екендігі шүбәсіз.

Біз бұл өлеңдегі оқиғалардың тарихқа қаншалықты дәрежеде жанасатындығын үйрене келе, ақиқатында да зерттеушілер келтірген пікірлердің шындықтан алыс еместігіне сенім пайда еттік. Бірақ біздің көзқарасымызша, бұл жердегі «Түлкішек» – адамның аты да емес, «түлкі ішік» киген жан да емес тәрізді. Қарақалпақ тілінде «түлкі баласы» түсінігімен байланысты «түлкішек» немесе «түлкішик» (*түлкішек ~ түлкішик*) атауы бар болса да, кейде оны «мыршай» деп те атайды [14:227]. «Мыршай» (*түлкі күшігі*) сөзі әсіресе оқиға жүз берген арқа аймақтарда кеңінен қолданылады. Қарақалпақ тілінің жергілікті сөйленістерінде «түлкішек» сөзінің омонимдік сыңары да бар. Ол «түлкі ішек» сөзімен байланысты болып, «ашқұрсақ» («*қарны қабысып қалған*») деген мағына береді [20:209]. Бұл ұғым зерттеушілер сілтеген кезеңдегі халықтың жалпы жағдайына сәйкес келеді және сондай күйдегі аш-арық жанның келбетін көз алдымызға әкеледі. Сондықтан да ашыққан халық өкілінің Маман биге көмек сұрай баруы кәдуілгі жағдай болатын. Осыған қосымша, қарақалпақ халқының сөйлеу тілінде «түлкіқұрсақ» деген ұғым да бар болып, ол да «түлкішек» сөзінің баламасы түрінде қолданылады.

Осыларды пысықтайтын тағы бір дерек, өлеңнің әртүрлі варианттарында «Маманның үйіне барамын» деген сөз «Биімдікіне барамыз» болып та айтылады. Мұндағы «би» – Маман екендігі артықша түсіндіруді талап етпейді. «Түлкішек» өлеңінде Маманнан басқа бұл тарихи тұлғамен бір заманда жасаған Батыр хан, Тайлақ және т.б. адам аттары да келтіріледі [8:39,128]. Осыған қарағанда, ондағы оқиғалар дұрысында да белгілі бір тарихи кезеңнің халық поэзиясында қалдырған іздері болып, соңынан ол ата-аналардың бөбек тілін ұстартыудағы, оларды сөйлетіп үйретудегі бір әдіс-тәсілі болып қалыптасқан және ол балалардың ойын өлеңдеріне де айналып кеткен секілді.

Сайып келгенде, халық поэзиясы үлгілерінде тарихи болмысты және тарихи таным-түсініктерді, тарих іздерін өз бойында сақтап қалған деректік маңызға ие материалдардың бар екендігі талас тудырмайды. Олардағы фактілер тек соңғы замандардағы оқиғалармен шектелместен, бірнеше мың жылдық кезеңдердің де елестерін бере алады. Халық поэзиясындағы бұл сырлы құбылыстар балалар фольклоры үшін де тиісті болып, ол алдағы күндері жан-жақты зерттелуі қажет.

1 *Ақ сандық, көк сандық (балалар фольклоры).* – Алматы, 1988.

2 *Әмирлан С. Халық жадының фольклордағы жаңғырығы // Проф. С.Әмірдің 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 2-кітап.* – Алматы, 2010.

3 *Әмирлан С.Е. Жырғау жанры және халық этнотанымы // Алтаистика және түркология.* – Астана, 2011. - №2.

4 *Балалар фольклоры / Қарақалпақ фольклоры. 99-том.* – Нөкис, 2015.

5 *Бауатдинова С. Қарақалпақ халық қосықтары. Филол. ғ. ғ. ғ. канд. дисс.* – Нөкис, 2002.

6 *Дәуқараев Н. Қарақалпақ әдебиаты тарихының очерктері. Бірінші бөлім. Ағуызеки халық творчествосы / Шығармаларының толық жыйнағы. 2-том.* – Нөкис: Қарақалпақстан, 1977.

7 *Есбергенов Х., Хошаниязов Ж. Этнографические мотивы в фольклоре каракалпаков.* – Ташкент, 1988.

8 *Жданко Т. Очерки исторической этнографии каракалпаков.* – М.-Л., 1950.

9 *Жырғаулар // ӨзРИА ҚБ Фундаменталь кітапханасының қолжазбалар қоры. Р-1321, Инв.-№184125.*

10 *Златкин Н.Я. История Джунгарского ханства.* – М., 1983.

11 *Камалов С. Каракалпаки в XVIII-XIX вв.* – Ташкент, 1968.

12 *Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі.* – Нөкис, 1992.

13 *Қарақалпақ халық қосықтары.* – Нөкис, 1965.

14 *Мақсетов Қ., Тәжимурастов А. Қарақалпақ фольклоры.* – Нөкис, 1979. 15. *Насыров Д., Доспанов О. Қарақалпақ тилинің диалектологиялық сөзлігі.* – Нөкис, 1983.

15 *Самиев О. Генезис и развитие исторического сознания.* – Душанбе, 1988.

16 *Ісләмжанұлы К. Рухани уыз (қазақ балалар фольклоры).* – Алматы: Ана тілі, 1995.

17 *Пахратдинов Ә. Мәңили гәплер хәм халық әпсаналары.* – Нөкис, 1989.

18 *Пахратдинов К. Аталар айтқан термишлер // Мәденият хәм спорт.* – Нөкис, 2011. -№15-16.

19 *Убайдуллаев Ж. Мурынтау қарақалпақтары тилинен этюдлер // Сб. Цивилизации Средней Азии: прошлое и будущее.* – Нукус. 2012.

Түйіндеме

Мақалада автор қазақ және қарақалпақ фольклорларындағы тарихи оқиғалар, әсіресе жоңғар шапқыншылығынан тәсірет тартқан қазақ және қарақалпақ халықтарының ауыр жағдайлары, зарлы заманның шыңдығының көрініс табуы талданады. Сондай-ақ халық поэзиясы мен балалар фольклорындағы тарих іздерінің деректік маңыздары салыстырмалы түрде ашып көрсетіледі. Осы аталған фактілер бірнеше мың жылдық кезеңдердің фольклорларда орын алғандығын материалдарды саралау арқылы дәйектейді.

Тірек сөздер: қазақ, қарақалпақ, фольклор, балалар поэзиясы

Аннотация

В статье автор рассматривает вопросы фольклора каракалпакского народа в фольклоре сопоставляя с фольклором казахского народа. Также автор обобщает внимание на казахскую народную поэзию и раскрывает ее ссылаясь на материалы этнографических исследований

Ключевые слова: фольклор, қазақ, қарақалпақ, факты, материалы, этнография

ӘӨЖ 1194

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550-ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ АЛМАТЫ-ТАРАЗ БАҒЫТЫ: ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР МЕН ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Е.Н.Ермұқанов – т.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақалада Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Ұлы Дала Елі» республикалық тарихи-мәдени экспедицияның Алматы-Тараз бағытының ғылыми-танымдық міндеттері мен тәрбиелік маңызы қарастырылады. Сапар барысында экспедиция Наурызбай батыр ескерткіші мен Боралдай сақ қорғандарына аялдады. Экспедиция мүшелері-ғалымдар студент жастар мен көпшілік қауым алдында Наурызбай батыр және Боралдай сақ қорғандары жөнінде кеңінен баяндап берді. Сондай-ақ экспедиция қорытындысына бойынша Алматы қаласындағы Достық үйінде ғылыми конференция өткізілгені айтылады.

Тірек сөздер: Ұлы Дала Елі, экспедиция, Қазақ хандығы, жоңғар, батырлар, Жетісу, Алматы аймағы.

Үстіміздегі жыл еліміз үшін айтулы оқиғаларға толы жыл. Атап айтар болсақ, Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл, Қазақстан Республикасының конституциясына 20 жыл, Қазақстан халықтары Ассамблеясына 20 жыл, Ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының туғанына 170 жыл, ұлы ғалымымыз Шоқан Уәлихановтың туғанына 180 жыл, талантты тарихшымыз Е.Бекмахановтың 100 жылдығы меретойлары тұспа-тұс келіп, Қазақстанның түкпір-түкпірінде аталып өтіп жатыр. Біздің «Ұлы Дала Елі» атты экспедициямыз да осындай маңызды шараларға үн қосу үшін Алматы қаласынан жасақталып, Алматы қаласы мен аймағында даталы оқиғаларға қатысты жерлерге саяхаттап, студент жастарға қасиетті орындардың мән-маңызын кеңінен баяндауға күш салды. Соның бірі 2015 жылдың 22 қыркүйегінде, яғни, экспедицияның алғашқы күні ат басын тіреген атақты батыр Шапырашты Наурызбай ескерткіші болатын. Баһадүр бабамыздың ерлікке толы өмірінен сыр шертетін мұрағат деректері мардымсыз болғанымен, ел аузында, халық жадында сақталған аңыз-әңгімелер негізінде жазылған еңбектер жоқ емес. Соның бірін Я.Гавердовский өз жазбаларында былайша келтіреді: «Қазақтардың есінен осы кезге дейін кетпейтін, асқан зор қасіреттер әкелген сол дәуір оларды әбден шегіне жеткенше титықтатқан. Орда аңыздарында (естеліктерінде) сол кездегі ержүрек батырлар мен қайғылы оқиғалар осы уақытқа дейін әлі сақталып келеді. Ақ шашты қариялар көбінесе қаза болғандардың мәйіттері жатқан үлкен үйінділерді көрсетіп, бізге: бұл арада еркіндікті қорғап, ұрыс алаңында қаза тапқан батырларымыз жерленген. Мына жерде қара құрттай қаптаған жауыздар қырған тұтас ауылдар жатыр деді» [1, 125 б.].

Шын мәнінде жерімізді қасық қаны қалғанынша қорғап, шайқасқан батырларымыз қаншама. Осындай ержүрек бабаларымыздың бірі осы Құтпанбетұлы (Құттымбетұлы) Наурызбай болатын. Батыр бабамыздың елді жаудан, яғни Жоңғар басқыншыларынан азат етудегі ерлік істері талай ақындар мен жыраулардың толғауларына арқау болды. Ал әйгілі Бұқар жыраудың мына бір жыр жолдары батыр тұлғасын толық айшықтап тұрғандай:

Ей, Наурызбай, Наурызбай!
Асылы едің Асылдың...
Жауға киер беренім
Миуа ағашта беретім,
Еңкерістен жау келсе,
Бетіме ұстар керегім...
Арандай ашып ауызын,
Серен келсе сестеніп
Аттана шабар керенім,
Өліспей тірі беріспес,
Артықша туған өренім,
Жау қыспаққа алғанда,
Өткел бермес тереңім
Майданның қанды өтінде
Сені ылғи көремін [2].

Батыр бабамыздың еңселі ескерткішінің етегінде жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресінің батырларына арнап қойылған белгі тастың қасында Жетісу жерін, Алматы аймағын жаудан

азат етуде ерен ерлік көрсеткен жүздеген батырларымыздың бірі болса да бірегейі, әрі сол кезең оқиғалары жөнінде студенттерге біршама мол мағлұмат берілді. Өйткені, біз тұрған Жетісу аймағы, яғни Алматы маңы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары толықтай жау қолында қалғанын орыс елшісі И.Унковский, сондай-ақ Г.Потаниндер өз жазбаларында мұрағат деректеріне сілтеме жасай отырып, атап көрсеткенін көпшілікке баяндап бердік. Әсіресе Г.Потаниннің жазбаларындағы: ...кей жерлерде қуаттылау дербес князьдықтар қыстау үшін отырықшы елді-мекендер тұрғыза бастады және қазіргі бұқаралықтардың қолымен олардың маңында егіншілік кәсібі жүргізілді. Осы солтүстік бөлегіндегі ... сияқты елді мекендер болды. Іле өзенінде биіктігі атты адамның бойындай саз балшықтан істелген дуалдармен қоршалған Колау-Хайниак-Бак қаласы салынды; қаланың ішінде Галдан Церен ханның бағы мен қыс мезгілінде ханның өзі, қалған уақыттарда диқаншы бұқаралықтар тұратын саз балшық дуалдар тұрғызылған; хан жаз айларында Хантәңірінің етегіндегі Албан-Шибер және Текес өзендерінің бойындағы таулы далаларда көшіп қонып жүрді. Бәлкім мұндай отырықшы тұрақтар Алматы мен Таласта да болған шығар»[3,243 б.] деген тұжырымы тегіннен-тегін емес.

Сонымен туған өлкемізді жаудан азат етіп, оны бізге аманаттап кеткен Наурызбай батыр секілді бабаларымыз екені баршаға ақиқат. Сондай-ақ студент жастарға басқа да батыр бабаларымыз жөнінде аз-кем баяндап өттік. Әсіресе, жеке қол бастаған даңқты қолбасшылар Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Бәсентин Малайсары, Қанжығалы Бөгенбайлардың жоңғарларға қарсы бүкілхалықтық азаттық күресіне белсене атсалысқанына кеңінен тоқталдық. Халықтың сүйіспеншілігіне бөленген батырлардың қазақ жасақтарын ұйымдастырып, қолбасшылық етудегі ерекшеліктеріне көпшіліктің назарын аударып, жекелеген батырлардың шайқастары, жорық жолдарына қатысты мағлұматтар бердік. Сонымен қатар батырларымыздың жауымен тек жекпе-жектердегі жеңістерінде көзге түсіп қана қоймай, еларалық қатынастарда мәмлелерлік қырларымен де дараланып, дипломатиялық қатынастарды нығайтуға да қосқан үлестерінен де құлағдар еттік. Батырларымыз жөнінде көрнекті фольклоршы, этнограф Ә.Диваевтың жинақтауымен бізге талай аңыздардың да жеткенін баяндай келе, соның біріне тоқталып өттік: «Кіші жүздің үш руы Орта орданың бір бөлегімен бірге Сарыарқаның солтүстік шекарасында жоңғарлармен соғысты. Ұрыстарда атақты мергендер Тайлақ (Кіші Ордадан) пен оның жиені Саңырық мерген (Ұлы жүз, ошақты) көзге түсті. Жоңғар езгісіне қарсы күрестен ешкімде тыс қалмады».

Ел басына күн туған сәттегі қазақ батырларының ерлік істері жөнінде көптеген шайқастарға қатысқан жыршы-жырау Тәтікара батырлар даңқын былай деп мәңгіге қалдырған болатын:

Қамыстың басы майда, түбі қайда,
Жәнібек Шақшақұлы болат найза
Алдынан су, артынан жау қысқанда
Ер жігіттің ерлігі осындайда.
Бөкейді айт Сағырменен Дулаттағы
Деріпсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы
Өзге батыр қайтса да бір қайтпаған
Сары менен Баянды айт Уақтағы.
Ағашты биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгенбайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген
Емәнәлі Керейде ер Жабайды айт [4, 142 б.]

Сондықтан осындай даңқты ұлдарымызды ардақтап, келер ұрпақтарға ерлік істерін насихаттап жеткізу қай-қайсымыздың да қасиетті борышымыз.

«Ұлы Дала Елі» экспедициясы барысында ұлт зиялылары мен студент жастар батыр баба рухына зор құрметпен тағзым етіп, өз сапарларын одан әрі жалғастырды.

Экспедиция 25 қыркүйекте Алматының солтүстік-батыс жақ шетіндегі «Ұлжан» ықшам ауданының жерінде орналасқан «Боралдай» сақ қорғанына ат басын тіреді. 38 обадан тұратын қорымның ең көлемдісіне тоқтап, сол жерде бұл қорым жөнінде белгілі археологтар М.Нұрпейісов, А.Нұржановтар экспедиция мүшелері мен студент жастарға кеңінен әңгімелеп берді. Әсіресе, қорымды арнайы зерттеген М.Нұрпейісов көпшілікке салттық құрылыс ерекшеліктерін, оба құрылыстары, жалпы зерттелген обалар жөнінде жан-жақты баяндады. Қорымдардағы жерлеу ғұрпы, наным-сенімдерге де қатысты мол мәліметтермен құлағдар етті.

2 қазанда экспедиция өзінің сапарын Алматы қаласындағы Достық үйінде қорытындылап, арнайы кітап көрмелерін ұйымдастырып, белгілі қоғамтанушы ғалымдардың басын қосқан ғылыми

конференция өткізді. Конференцияда баяндама жасаған елімізге белгілі ғалымдар С.Мәжитов, С.Урашев және тағы басқалар биылғы жылы Қазақ хандығына қатысты шет ел қорларынан табылған деректердің ғылыми айналымға тартылғанын және Алматы қаласының ежелгі және бүгінгі кезеңдерінің зерттелуіне де тоқталып өтті.

Осы экспедицияның сарапшысы ретінде аталған шараларға қатысты елімізде атқарылып жатқан игі істердің маңызын экспедиция мүшелері мен көпшілік қауымға насихаттап, жеткізуге де өз тарапымыздан шама-шарқымызша үн қостық.

Жалпы алғанда «Ұлы Дала Елі» экспедициясының Қазақстан халықтарының тарихи-мәдени және рухани мұралары негізінде қазақстандық және ұлттық бірегейлікті нығайту мақсаты толықтай орындалды десе де болады.

1 *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. - Алматы, 2002. - 125 б.*

2 *Селеубаев А. Бас батыр // Қазақ батырлары. 2003. - №4.*

3 *Алматы тарихы. 1-том. - Алматы, 2006. - 243 б.*

4 *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. - Алматы, 2002. - 142 б.*

Резюме

В статье рассматриваются научно-познавательные задачи и воспитательное значение республиканской историко-культурной экспедиции «Ұлы Дала Елі» по маршруту Алматы-Тараз, посвященная 550-летию Казахского ханства. В пути следования были сделаны остановки у памятника Наурызбай батыру, около сакских курганов в Боролдае. Ученые - участники экспедиции выступали перед студентами и общественностью с лекциями о Наурызбай батыре и Боролдайских сакских курганах. По итогам экспедиции была проведена научная конференция в г.Алматы в Доме Дружбы.

Ключевые слова: Ұлы Дала Елі (Великая Степная страна), экспедиция, Казахское ханство, джунгары, батыры, Жетысу, окрестности Алматы

Summary

The article examines the scientific and informative tasks and educational significance of the republican historical-cultural expedition "Uly Dala Eli" along the route Almaty-Taraz, dedicated to the 550 anniversary of the Kazakh Khanate. The route had to make a stop at the monument Nauryzbai Batyr and Saki mounds in Boroldai. The scientists - members of the expedition give the lectures to the students and general public of Nauryzbai Batyr and Boroldai Saki mounds. As a result of the expedition was the scientific conference in Almaty in the House of Friendship.

Key words: Uly Dala Eli (Great Steppe country), Expedition, the Kazakh Khanate, djungars, batyrs, Zhetysu, Almaty surroundings

ӘОЖ 930(253)(069)

ОТАНДЫҚ МУЗЕЙ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫН ТОЛЫҚТЫРУДАҒЫ ҚОР САТЫП-АЛУ (ІРІКТЕУ) КОМИССИЯСЫНЫҢ РОЛІ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙ ТӘЖІРИБЕСІ НЕГІЗІНДЕ)

Р.О.Тұрсымбекова – ҚР МОМ қорды есепке алу тобының жетекшісі

Мақалада Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейде қор сатып-алу (іріктеу) комиссиясының қызметтері, жұмыс тәртібі, есептік құжаттарды рәсімдеу, түскен заттарға сараптамалық қорытынды жасау жайлы мәліметтер берілген.

Тірек сөздер: музей, музей қоры, музей заттары мен коллекциясы, музей жиынтығы, қор сатып-алу (іріктеу) комиссиясы, есептік құжаттар.

Музей коллекциясы – ғылыми, тарихи, көркем, мемориалдық немесе басқа мәдени құндылықтарды көрсететін және бір немесе бірнеше белгі ортақтығымен байланысқан бір тұтас ғылыми-ұйымдасқан, жүйеленген музей заттарының жиынтығы [1, 200-201 бб.]. Коллекциядағы заттар шығу тегіне, мазмұнына қарай топталады. Музей коллекцияларына мысалы, нумизматика, бейнелеу өнері, сирек кітаптар коллекциясы және т.б. жатады. Музей заттары мәдени құндылық болып табылады.

Мәдени құндылықтарды қабылдау және сараптау, оны ғылыми тұрғыда негіздеуді қор сатып-алу (іріктеу) комиссиясы (әрі қарай – ҚСК (ҚІК)) жүзеге асырады.

ҚСҚ (ҚІК) музейдің Жарғысында көрсетілген ережеге сәйкес жүргізілетін музей дирекциясы немесе көрме залы (әрі қарай – музей) жанындағы тұрақты әрекет ететін алқалық сараптамалық, кеңесші орган болып табылады.

Музей қорларын жинақтау экспедициялар немесе ғылыми іс-сапарлар, жеке заттарды сатып алумен ғана толықтырылмайды, оған сонымен қатар тарихи оқиғалармен және оған қатысқан тұлғалармен байланысты елдердің сыйға беруі, отбасылық жәдігер немесе күнделікті тұрмыста және ерте кезде пайдаланған заттар, халық ісмерлері мен қолөнершілердің қолданбалы өнер туындылары жатады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі (әрі қарай – ҚР МОМ) – негізгі бөлігін Қазақстанның ерте кезеңнен қазіргі заманға дейінгі тарихын қамтитын материалдық және рухани мәдениет заттарын құрайтын тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азия аймағындағы ең көне және ірі музейлердің бірі.

Алғашқы кезеңде музей жинағы Орынбор музейінің коллекциялары негізінде қалыптасып, 3760 сақтам бірлікті құрады. 1921 жылғы ҚАССР Халық ағарту комиссариатының қаулысына сәйкес Орынбор өлкелік музейі Қырғыз өлкесінің Орталық өлкетану музейі (әрі қарай – ОӨМ) ретінде қайта құрылды.

1927 жылдың наурызында астананың Қызылордадан Алматыға көшуіне байланысты Халық ағарту комиссариатының коллегиясы ОӨМ Алматыға көшіру жайлы шешім қабылдады. 1929 жылдың 4 қаңтарынан бастап Орынбордан көшу жұмыстары басталып кетіп, бұл көштің өзіндік қиындықтары да болды. Ол жайлы ОӨМ-нің күнделігінің жазбаларынан: «6-шы маусым. Күзетші-қоймашы Костюковтың басшылығымен мүліктің үшінші партиясының 13-і жеткізілді. Партия жолдарында өгіздер аусыл ауруына шалдығып, 250 шақырымдық жол 26 күнге созылып, арбакеш пен жегін малдарды қалжыратып тастады» [2],- деген мәліметтерді кездестіруге болады.

1929 жылдың шілде айында ОӨМ Вознесенский кафедралды шіркеуінің ғимаратына орналасып, Қазақстанның Орталық музейі (әрі қарай – ҚОМ) болып өзгертілді. ҚОМ коллекция құрамына 1898ж. Жетісу облыстық статистикалық комитеті негізінде құрылған Жетісу облыстық музейінің қоры да кірді. Қорларды экспонаттармен толықтыру мақсатында 1931 ж. бастап Алматы, Шелек, Асы, Сырдария және Шу өзендерінің жағалауларына және Ақмола облыстарына, Шығыс, Батыс және Орталық Қазақстанға музейден экспедициялар жасақталып іс-сапарлар ұйымдастырылды.

1941 жылы Орталық музейге Дін және атеизм музейі қосылып, сол жылдан бастап ол Қазақ КСР Орталық Мемлекеттік музейі деп аталды. Осы кезеңдерден бастап қазіргі күнге дейін ҚР МОМ жетекшілігімен Қазақстанның түкпір-түкпіріне қазақ халқының мәдениеті мен тарихы, этнографиясы жөнінде материал жинау бойынша бірқатар экспедициялар ұйымдастырылып, музей қоры құнды материалдармен толықтырылу үстінде [3, 20, 28 б.].

Музейлік заттар коллекцияларды, коллекциялар қорды, ал қор біртұтас музей жинағын құрайды. **Музей жинағы** – есеп, қор стандарттарына сәйкес музей заттарының ғылыми ұйымдасқан жиынтығы.

Музей заттары мен музей коллекцияларын жинау мен анықтау, сонымен қоса оларды зерттеу біздің елде музейлерді құрудың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Музейлік заттар мен коллекциялардың музейлік жағдайын (статусын), сатуға ұсынылған заттардың бағасын және т.с.с. анықтауға байланысты сараптамалық жұмыстар ҚСҚ (ҚІК) жүргізіледі.

ҚСҚ (ҚІК) құзіретіне кіретіндер (ҚР МОМ ҚСҚ комиссиясының ережесіне сәйкес):

1. Музей жиналымдарының құрамына мәдени құндылықтарды жинақтауда төмендегідей мәселелерді қарастырады:

- жеке немесе заңды тұлғалардан сатып алу;
- музей қызметкерлері тарапынан музей қорларын жинақтау мақсатындағы ғылыми экспедициялар немесе іссапарлар барысында сатып алынған заттарды қабылдау;
- жеке немесе заңды тұлғалардың музейге тегін беруі;
- соттардың немесе соған уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері негізінде тәркіленген коллекциялар немесе жеке заттарды қабылдау;
- археологиялық қазба экспедициялар немесе басқа жағдайларда табылған заттар мен қазыналарды қабылдау.

2. Сатып алуға ұсынылған мәдени құндылықтарға сараптама жасау және бағалау;

3. Жаңа түсімдерді музей жиналымдарының құрамына қосу үшін сараптама жасау және оларды негізгі немесе ғылыми-қосалқы қорларға алу;

4. Музей коллекцияларын қалыптастыру жөніндегі мәселелерді қарау, соның ішінде: қорлардан музейлік мәні жоқ заттарын бөліп алу; заттарды негізгі қор құрамынан ғылыми-қосалқыға, ғылыми қосалқы қордан негізгі қорға ауыстыру; музейлік мәні жоқ заттарды алмастырудың мақсатын негіздеу; шикізаттық материалдар мен далалық жиналымдарға сараптамалық баға беру; музей заттарын есептік құжаттамалар бойынша есептен шығаруға (жоюға) ұсыныстар дайындау; музей коллекцияларының шифрлерін бекіту; музей коллекцияларын жүйелеу; музей заттарын Қазақстан Республикасы мен шет елдерде көрмеге қоюға уақытша беру, сонымен қатар, берілетін заттардың сақтандыру бағасын белгілеу; есепке алу кітабын ауыстыру (қайта жазу) туралы ұсыныстар дайындау;

5. Қорларды ғылыми өңдеуден өткізу мәселелерін қарастыру:

- музей заттарының атрибуциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- музей заттарының ғылыми өңдеу ісінің күрделілік дәрежесін анықтау және оларды Түсімдер Кітабына тіркеудің мерзімдерін белгілеу.

6. Қорлардың қабылданған классификациясына сәйкес заттардың сақтау орнын анықтау.

7. Қор жұмыстарының ұйымдастыру және әдістемелік мәселелерін қарастыру.

8. Музейлік коллекцияларды түгендеу, тексерудің жоспарлары, кестелері мен актілерін қарау және музей директорына бекітуге ұсыну, сондай-ақ оларды музейдің есепке алу құжаттамасымен салыстырып тексеру.

9. Музейшілік есепке алу және музей заттары мен музей коллекцияларының сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау [4].

Музейге түсетін заттар арнайы рәсімдеу үрдісінен өткізілуі тиіс. Аталған рәсім алғашқы актімен және иесінің жазбаша өтінішімен тіркеледі. Егер заттар ұйымдар мен жеке тұлғалардан түскен болса иесінің және музей қызметкерінің қолдары қойылған уақытша сақтауға (уақытша сақтау актісі 2-данада жасалып, бірі музейде қалады, ал екіншісі иесіне беріледі) алынады. Кейін ғылыми қызметкерлер заттарға жазбаша алғашқы сараптамалық: техникасы, материалы, сақталуын зерттеп, ақпарат жинап, музейлік және ғылыми маңыздылығын анықтап, қорытынды жазады. [5, 391 б.].

Сараптамалық қорытынды міндетті түрде ҚСҚ отырысында қаралуы тиіс және ұсынылып отырған заттардың соңғы бағасы көрсетілмейді, себебі қорытынды коллекцияның тарихи және мәдени құндылығын анықтайды. Жаңа экспонаттарды сатып алу үшін мемлекеттік музейлердің бюджеті шектеулі. Бағасы арзан болған сайын, заттарды көп мөлшерде сатып алуға музейдің мүмкіншілігі арта түседі. Егер сатушы ұсынып отырған заттың нақты бағасы жайлы ақпаратты білмеген жағдайда, бұл тәсіл дұрыс болып саналмайды. Сараптаушы (бағалаушы) затты жан-жақты зерттеп-білгеннен кейін ғана оның нақты бағасын атайды [6, 39 б.].

Затты бағалау әр жағдайда әр түрлі болады, себебі оның шығу тегі мен таралу тарихы, таралу аймағы жайлы түрлі аспектілер жиынтығы ескеріледі, сонымен қатар әр түрлі зерттеу әдісі пайдаланылады.

Өнертанушылар, ғылыми қызметкерлер, сараптаушылар мен бағалаушылар көбіне жиынтығы бойынша жақын мағына, бірақ атаулары бойынша әр алуан болып келетін бағалаудың әр түрлі факторларын (критерийлерін) бөледі. ҚСҚ заттарды бағалау кезінде төмендегі белгілерін есепке алады:

- мемориалдылығы (таңба, белгі, шебердің қолы, жасалған уақыты мен орнының белгісінің болуы, заттың коллекциядағы ролі);

- жұмыстың сапасы мен сақталуы (заттың жағдайы қанағаттандырылғысыз болған жағдайда кәсіби қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі). Кәсіби қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген мәдени құндылық нысандарының бағасы қалпына келтіруді қажет етпейтін түпнұсқа заттың бағасынан әлдеқайда төмен болатындығын назарда ұстау қажет.

- жасалу техникасы; өлшемі; жасалған уақыты мен жері, таралу аймағы; заттың түпнұсқалығы; тарихи-мәдени маңыздылығы; тақырыптық және этникалық қатыстылығы [7, 58-59 бб.].

Затты жүйелі, объективті бағалау үшін сол зат туралы толығырақ мәлімдеме жинау керек. Бағалаудың қорытындысына оның физикалық жағдайы, ішкі және сыртқы органдың әсер ету факторлары, бірегейлігі, шығу ортасы мен таралу аймағы, авторлығы, жасалу технологиясы және т.б. көптеген айқын жағдайлар әсер етеді. Сараптамамен айналысатын музей қызметкерінің ары қарай жұмысын жеңілдету үшін мұндай ақпаратты затты иесінен қабылдап алу кезінде жазып алу керек. Сирек жағдайларда музейге заттар «әпсанасыз» түседі, яғни алдыңғы иесі жайлы немесе олар қалай және қандай мақсатпен алынғандығы жайлы ақпарат болмағанда.

Иесінің өтініші негізінде зат немесе коллекцияны сыйға беру, сату, айырбас, сонымен қатар қабылдау актісі, әпсанасы, қызметкерлердің қорытындылары, яғни заттарды қабылдау немесе қайтару, сонымен қатар олардың нағыз бағасының шешімін тұтастай ҚСК (ҚІК) қабылдайды.

ҚСК (ҚІК) жұмысының негізгі аспектісі құжаттарды рәсімдеу: хаттама, келісім шарт және есеп шоттар, қабылдау актілері. ҚСК (ҚІК) хаттамалары, есепке алу құжаттары музейдің есепке алу бөлімінде (секторында) сақталады. Музейлік мәні бар заттар мен коллекцияларды тегін алу туралы мәселелер қаралған жағдайда, хаттама екі данада, ал егер сатып алу туралы мәселелерде қаралған жағдайда үш данада дайындалады, оның бірі ҚСК хатшысында сақталады, екіншісі музейдің есепке алу бөлімінде (секторында), ал үшіншісі музей бухгалтериясына шартқа сәйкес зат иесімен есеп айырысуды жүргізу үшін беріледі. Заттар мен коллекциялар сатып алынатын болса келісім шарт екі данада жасалады, біріншісі – бухгалтерияға, ал екіншісі – иесіне. Қабылдау актісі үш данада толтырылады, біреуі қорды есепке алу бөлімінде, екіншісі музей бухгалтериясына, ал үшіншісі иесіне беріледі. Музейге түскен заттар есеп бөлімінде тіркеуден өтеді. Жаңа түскен түсімдерді тіркеу коллекцияларды құжаттау процесінің алғашқы кезеңі болып табылады. Түсім кітабында тіркеліп, таңбаланған заттар кейін материалдық-жауапкершілік сақтау актілері бойынша қор сақтаушыларға беріледі.

Музей қорлары толықтырылады, міндеттері мен бағыты өзгереді. Өзгермейтін тұсы оның қызметі: өз коллекцияларын байыту, зерттеу және сақтау, оларды келешекте ғылыми-зерттеу, мәдени-білімдік, ағартушылық жұмыстарда және т.б. пайдалану болып табылады.

Мемлекеттік Эрмитаж директоры М.Б. Пиотровский: «Музей қоры қолжетімсіз болуы қажет. Керек жағдайда ғана болмаса, ол жерден ештеңе шығарылмауы тиіс. Музей – организм, ондағы барлық бөліктер экспозиция, не көрме, не қорда немесе реставрация лабораториясында болмасын бір-бірімен тығыз байланыста болады» - деп айтқан [8, 7 б.].

Жоғарыда айтылып өткендей мәдени мұра – ұлт рухы. Музей қорын толықтыра отырып, өсіп келе жатқан ұрпақ үшін қазақ халқының тарихы мен мәдениетін сақтайық.

1 *Основы музееведение. - М., 2013. – 430 с.;*

2 *Архив ЦГМ РК. Дневник Центрального Музея Казахстана. 4 января 1929 г. – 6 сентября 1933 г.*

3 *Фотоальбом. Центральный Государственный музей Республики Казахстан. – Алматы: Изд-во «Өнер», 2009. - С.20,28;*

4 *Положение о фондово-закупочной комиссии ЦГМ РК.*

5 *Т.Ю. Юренева. Музееведение. - М., 2007. – 558 с.;*

6 *М.С. Клименко, Н.М. Романова. Некоторые аспекты деятельности экспертной фондово-закупочной комиссии музея: реалии и перспективы.*

7 *Н.М. Романова, М.А. Александрова, Е.А. Михайлова, Н.М. Фомичева. Экспертиза, оценка и страхование музейных предметов. Вопросы теории и практики. – СПб., 2011. – 191 с.;*

8 *Новые задачи музейного сообщества. Из программного доклада М.Б.Пиотровского. Музей. №5. - М., 2010. - 7 с.*

Аннотация

В статье рассматриваются функции, процесс оформления учетных документов и экспертное заключение на предметы, поступающие в музей, а также порядок работы фондово-закупочной (отборочной) комиссии в ЦГМ РК.

Ключевые слова: музей, музейный фонд, музейные предметы, музейная коллекция, музейное собрание, фондово-закупочная (отборочная) комиссия, учетные документация.

Summary

The article presents the function, the process of special documentation, expert opinion on the items that arrive to the museum as well as operation of the fund-purchasing commission of CSM RK.

Key words: museum, museum fund, museum object, museum collection, fund-purchasing commission, registration documentations.

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

УДК 930.85:32.01:1

МУЗЕЙ В КОНТЕКСТЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ

Темиртон Г. - (Садыкова), доктор философии (PhD), ЦГМ РК, г. Алматы,
Канафина А. - г. Павлодар

В рамках дихотомии традиция-новация (традиционализация-модернизация) рассмотрена краткая история становления казахстанских музеев. К тому же, в контексте процессов модернизации и трансформации культуры музей рассмотрен как один из ведущих социокультурных институтов, выполняющий ключевую роль в формировании общественных норм и установок, ценностных ориентаций и образа мира. На примере Центрального государственного музея РК показан уровень модернизации современных музеев, позволяющий успешно адаптироваться к современной действительности и вызовам времени, переосмыслением музейных собраний и обоснованием новых миссий с учетом не только сегодняшнего дня, но и научно прогнозируемых требований будущего.

Ключевые слова: музей, общество, культура, традиционализм, модернизация, межкультурный диалог.

Происходящие в век высоких технологий изменения постепенно, но неуклонно меняют условия формирования социокультурной среды, что отражается на ориентирах современной культурной политики, соответственно, на содержании и формах деятельности музеев. Так, музеи в последние годы играют более значительную роль в обществе – теперь они не только сохраняют и популяризуют материальное и нематериальное культурное и природное наследие, но и укрепляют культурную идентичность, поддерживают социальную сплоченность и являются медиатором в сфере межкультурного взаимодействия, а также формируют различные услуги, организуют социальную и культурную деятельность.

В новых социально-экономических условиях вопросы модернизации музеев непосредственно связаны с их трансформацией и формированием особой значимости музеев в развитии современного общества и культуры. В этой связи, необходимо отметить, что место и роль музеев, хранящих в своих фондах огромное количество информационного ресурса в виде историко-культурных артефактов и раритетов существенно возрастает именно в условиях всемирной информатизации [1]. Сегодня, становясь центрами образования, коммуникации, культурной информации и творческих инноваций, музеи «превращаются в гибкую институциональную структуру, способную приспособиваться к постоянно меняющимся проблемам и потребностям» [2].

Формирование и развитие музеев: традиционализация – модернизация (социокультурный подход)

С проникновением ислама на территорию Тюркских каганатов в первые же годы ее существования начинается длительный и тяжелый процесс исламизации Великой степи, который шел рука об руку с развитием торговли и городской культуры: «Многочисленные торговые поездки, странствия ученых в «поисках знаний» расширяли кругозор людей и способствовали переносу достижений ремесла науки и искусства. Средством общения, обеспечившим сближение, служил арабский язык, но уже как фактор культуры науки и религии» [26, с.187-190].

В начале своего распространения ислам пришел в среду оседлых тюрок в города и крупные поселения. Жители городов оказались более восприимчивой к новой вере, нежели постоянно кочующие степняки, ислам в Казахстане поначалу воспринимался как городская религия, конфессия оседлых людей. В своем труде Ибн Хордадбех «Перечень тюркских городов писал, «что в городе Фарабе находятся (одновременно) отряды мусульман и отряды тюрок - карлуков. Всего городов тюрок – 16» [27, с.144].

С начала VIII века на территории Казахстана интенсивно шел процесс распространения и утверждения ислама. Арабские отряды неоднократно вторгались в пределы юга Казахстана и Жетысу. В 751 г арабы дошли до Таласа, на берегах которого разбили китайскую армию [28, с.132 – 136]. Однако ни Сырдарья ни Жетысу не были завоеваны и не вошли в состав Халифата. Интенсивная исламизация региона началась, видимо, после утверждения в Средней Азии династии Саманидов и в связи с их завоевательной политикой на востоке.

Источники повествующие о событиях конца VIII – IX вв свидетельствуют об исламизации населения Южного Казахстана и Жетысу. В 840 г Нух ибн Асад подчинил себя Испиджабу [29, с. 83]. В 859 г его брат Ахмед ибн Асад совершил поход на Шавгар где было произведено истребление нескольких тысяч человек [30, с. 268]. В 893 г Исмаил ибн Ахмед взял Тараз и, обратил главную церковь этого города в мечеть [31, с. 315].

Археолог Д.Г.Зильпер, изучавший городище Минг-Урюк- "Мадина Чача" в арабских источниках, пожар и разгром его связывает с арабским завоеванием: "Гибель нашего городища, совпадающая по времени с серединой VIII в., вероятно, связана с антиарабской борьбой, с опустошениями и пожарами, сопровождавшими все карательные экспедиции арабов" [32, с.29].

Раскопки на одном из крупнейших городищ Туркестанского оазиса -Сидаке показали, что жизнь на поселении прекратилось после сильного пожара в VIII в, который, по мнению исследователей памятника, связан с арабским завоеванием региона [33, с. 178]. На городище Культобе также зафиксирован длительный период запустения, который приходится на VIII в [34, с. 271].

Данные родословных и археологии свидетельствуют, что ранняя исламизация Южно Казахстана началась в VIII в., с вторжения арабских войск и сопровождалось упорным сопротивлением местного населения. В первую очередь христиан-тарса. Для закрепления на новых территориях мусульмане строили крепости и мечети, каналы и длинные стены вокруг городов. О полном утверждении ислама на территории Южного Казахстана говорит отсутствия каменных изваянии кипчакского облика [35, с.101].

В.В. Бартольд очертил в своих трудах хронологию вовлечению тюрков в орбиту новой религии. Согласно ей знакомство тюрков с исламом начинается в VII – VIII вв. в эпоху Саманидов а при новых правителей Караханидов произошло по настоящему успешное обращение тюрков в ислам [36, с.11]. В середине X века городе Таразе ислам принял родоначальник династии караханидов Сатук Карахан (Сатук Бограхан Ибн ал Керим), а его сын Богра хан Харун б Муса в 960 г объявил ислам государственной религией [37, с.316].

Вслед за Испиджабом (Сайрам) ислам распространяется по Жетысу, который стал вторым центром новой веры в средневековом Казахстане. Аль – Макдиси писал «Джикиль – маленький город соборная мечеть на рынке», в Барсхане «соборная мечеть среди рынков», в Атлахе «соборная мечеть в Медине», в Мирки «соборная мечеть была в древности церковью» [38, с.83].

В отличие от христианства, мечеть у мусульман не считается «домом Господа», так как Аллах является предельно абстрактным божеством, лишенным каких либо антропоморфных черт. Это просто место для совершения совместной молитвы. Строго говоря, для совершения молитвы мусульманину и не нужно какое – либо помещение. Достаточно одной стены, обращенной на Мекку, или даже просто соблюдения направления на Каабу (Кибла). Пророк говорил: «Где вы молитесь, там и масджид (мечеть)». Тем не менее уже в первые годы Ислама появляется место для проповеди и совместной молитвы. Первой такой мечетью был дом Пророка Мухаммеда в Медине. Это было простое прямоугольное (53 x 50 м) отгороженное пространство, включавшее комнаты для Пророка, его жен затененное место в южной стороне двора, которое использовалось для проповедей и было обращено в направлении Мекки [39, р. 39 – 42].

Потребовалось около двух столетий со времени первых завоеваний Ферганы в начале VIII в. прежде чем ислам укрепился Жетысу [40, с. 355]. В 60- х годах XI в Махмуд ал Кашгари, как правоверный мусульманин, сокрушался о «неверных» тюрках, которые словом «Тенгри» называют «большие деревья» [41, с.45–53]. Пережитки доисламских культов у народов Средней Азии и Казахстана еще долгое время отмечают мусульманские информаторы, вплоть до этнографической современности. Особенно это касается повседневной обрядовой жизни тюркоязычных мусульман.

Со времени принятия исламской религии тюрками они уже не одно столетие были на практике знакомы с другими мировыми религиями, тюркам – мусульманом пришлось бороться не столько с местными культурами, сколько с манихейством и христианством. А. Мец в книге, посвященной истории культуры халифата III-V вв. хиджры (IX-XI вв. н.э)-периода «мусульманского Ренессанса» отмечает, что именно в это время «ощущается тяга к новым духовным потребностям» а движение, которое преобразило ислам, являлось, в сущности ни чем иным, как вторжением целого потока христианских идей в религию Мухаммеда [42, с.544].

Суфийская доктрина в IX-X в.в. превратилась в целую сложную систему, возникает и своеобразная общественная организация суфиев, устанавливается обычай избирать себе духовного наставника (шейх или пир человек, вступивший под началом шейха назывался мурид).

Муриды, жившие в ханаке, назывались факир (араб, нищий) или дервиш. Обычно ханака строилась в городах на окраинах, а шейхи были почитаемыми и уважаемыми горожанами. Именно такой ислам в эпоху Караханидов характеризуют источники средневековья в городах Средней Азии и Жетысу. Здесь были сильны доисламские традиции - как иранские так и тюркские. И.В. Можейко пишет «ислам смог сохранить внешнюю обрядовую сторону во многих странах, где он укрепился с помощью конных армий арабских завоевателей. Но за безусловным признанием Корана и учения Пророка скрывались доисламские верования к обычаям тех народов, что попали в сферу мусульманской идеологии» [43, с. 524].

В истории города Туркестан, например, где сформировался центр суфиев Средней Азии и Казахстана (вокруг священных останков основателя ордена Ахмеда Ясави), суфии играли огромную роль в деле распространения ислама. Около мавзолея на Гуристане образовалось селение суфиев, называвших себя потомками Ходжи Ахмеда. Затем вокруг мавзолея сложился целый ансамбль различных культовых сооружений. Однако представители суфизма имели здесь больше последователей среди кочевников, чем среди оседлого населения [44, с.66-75].

Одним из важнейшим градообразующих элементов мусульманских городов Востока и Запада являются минареты, встроенные в здания мечетью или стоящие рядом с ними. Именно минареты своим стройными башнями возвышаются над всей остальной застройкой и определяют неповторимый силуэт города. Первый минарет был построен при халифе Муавии в 675 г. в Ираке. О нем известно лишь то, что это была каменная башня в мечети Басре [45, p.129]. Вскоре после этого, в 673 г. правитель Египта Амр построил в мечети Фустата четыре минарета, и с тех пор стали возводить и в других мечетях Египта и других странах Востока.

Исследователи рассматривают также этимологию слов, применяющихся для обозначения этих видов построек. Слово минарет происходит от арабского слова *минар*, или *манара*. Корень этого слова – *нар* – обозначает по – арабски *свет* или *огонь* [46, p.132]. Слово *манара* использовалось в доисламской Аравии для обозначения высоких мест, откуда подавались сигналы с помощью огня и дыма. Поэтому их часто приравнивают к «башням огня», которые использовались в военных целях в Византии, Северной Африке и Сирии как в доисламское время, так и позднее. Одной из таких башен был Фаросский маяк, считавшимся одним из семи чудес и разрушенный арабами в 642 г.

На городище Бурана (Шуйская долина) мечеть не сохранилась, но на ее существование в средневековье указывает минарет, вход в который устроен более чем в 5 м над землей, а также сообщение конца XIX в. о руинах «довольно большого здания, заваленного массой кирпичных обломков» расположенных в 20 м к югу от минарета [47, с. 55].

Расширение культурного пространства, которое инициировалось исламом, способствовало темпам распространения новой религии в регионе. В. В. Бартольд писал: «Главное преимущество ислама заключалось, конечно, в культурном первенстве мусульманского мира, одинаково в области материальной и духовной культуры, среди образованных народов того времени» [48, с.68].

Положительное влияние ислама ощущалось не только в духовной сфере. Приход ислама сыграл позитивную роль и в развитии материальной культуры. Во всех городах Караханидского государства выпускались монеты традиционного «куфического» вида, давно устоявшегося в мусульманском мире. Арабское письмо как «священный символ ислама» оставалось господствующим и в караханидском чекане, но не некоторых монетах конца X и начала XI в. помещались короткие (в одно – три слова) надписи уйгурским письмом. В караханидском чекане почти все зооморфные сюжеты помещены на фелсах – караханиды шли на разрушение установок ислама при выпуске монет, рассчитанных на внутреннее употребление.

С X века арабская письменность все активнее стала проникать в культуру и быт населения Жетысу. Тексты из Корана и мусульманские сентенции стали украшать монументальные постройки; на арабском языке велось богослужение в мечетях и обучение в медресе; арабским письмом исполнялись эпитафии на каменных и кирпичных надгробиях мусульман; согдийскую легенду на монетах сменила арабская. Эпиграфический орнамент стал украшать посуду и интерьер жилищ.

Ислам сыграл положительную роль в приобщении населения древнетюркских государств к духовным ценностям мировой цивилизации, благодаря арабскому языку они смогли познакомиться с литературой, философией, историей других народов. Арабская культура к этому времени стала центром мировой культуры, она явилась той средой, благодаря которой сохранились достижения древних цивилизаций и на основе которой позднее возникли культура Возрождения, Ренессанса и новоевропейский стиль мышления.

Б.Г. Гафуров отмечал, что «мусульманская культура – результат синтеза творческих достижений многих народов, в том числе и среднеазиатских... Итак, с точки зрения исторической перспективы, включение Средней Азии в Халифат способствовало, в конечном счете, широкому развитию контактов между различными народами, на основе которых и произошел всеобъемлющий культурный синтез в Средней Азии и на всем Ближнем Востоке в IX – X вв.» [49, с.322 – 324].

Исследователи средневековой культуры отмечают, что для среднеазиатских народов ислам не исчерпывал их духовно-религиозных представлений. Яркое проявление доисламских культов прослеживается по археологическим материалам из средневековых городов Южного Казахстана и Жетысу.

Со второй половины X в. начался новый этап в истории средневекового Казахстана – города становятся центрами исламской науки, просвещения и культуры и здесь складывается элитарная культура. Тюрки – мусульмане, оседлые горожане и кочевые смогли понять друг друга и в конечном итоге создать самобытную культуру, которая вписалась в многообразие древних культур человечества.

Центральная Азия с древнейших времен до наших дней являлась и является ареной мирного пересечения нескольких мировых религий. Каждая из них имела свою прочную базу, организацию и свои культовые сооружения, которые в определенном промежутке времени мирно сосуществовали. Путем диалога и созидательного сотрудничества они взаимообогащались и внесли достойные вклад в развитии духовной культуры в раннесредневековой цивилизации. По существу народы центральной Азии были толерантны к вере и позитивно воспринимали созидательные стороны каждой религии [50, с.187].

Таким образом, изучение непреходящего опыта великих предков, поиск духовных оснований актуализирует процесс исторического самосознания и создают предпосылки для ответственного отношения к своему духовному бытию и к своей культуре, которые есть гарант сохранения и дальнейшего развития общества.

- 1 Литвинский Б.А. *Еще о буддийских памятниках Семиречья (Киргизия)/ ВДИ. 1996а. №2. - С190-19.*
- 2 Литвинский Б.А. *Монастырская жизнь восточно-туркестанской санххи. Буддийские церемонии. // Буддизм: История и культура. - М.: Наука 1989. - С 169-171.*
- 3 *Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье // Под.ред. Б.А. Литвинского. Т. 2. - М.: Наука, 1992. - 687 с.*
- 4 Орынбеков М.С. *Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы, 2005. – 201 с.*
- 5 Кляшторный С.Г. Лившиц В.А. *Согдийская надпись из Бугута // СНВ. - М., 1971а.- Вып.10. - 132 с.*
- 6 Кляшторный С.Г. Лившиц В.А. *Согдийская надпись из Бугута, СНВ. - М., 1971б. - Вып.10. - 133 с.*
- 7 Ставиский Б.Я. *Буддизм в Средней Азии. / Буддизм. Словарь. – М., 1992а. – 219 с.*
- 8 Ставиский Б.Я. *Буддизм в Средней Азии. / Буддизм. Словарь. - М., 1992б. – 219 с.*
- 9 Кызласов Р.Л. *Археологические исследования на городище Ак-Бешим в 1953-1954 гг. / ТКАЭЭ. Т.2.1959. - 192 с.*
- 10 Ставиский Б.Я. *Некоторые вопросы буддизма в Средней Азии. (из итогов раскопок Кара-теп-буддийского пещерного монастыря в Старом Термезе) Доклады по этнографии. Географическое общество СССР. Отделение этнографии. Вып.1(4). - М., 1965. - С. 28-29.*
- 11 Бартольд В.В. *Сочинение. Т.2.Ч.2. - М., 1964 а. – 806 с.*
- 12 Бартольд В.В. *Сочинение. Т.2.Ч.2. - М., 1964 б. – 806 с.*
- 13 Свеницкая И.С. *Раннее христианство: страницы истории. - М., 1987. – 311 с.*
- 14 Богомолов Г.И. *О христианстве в Чаче / Из истории древних культов Средней Азии. Христианство. – Ташкент, 1994. - 71 с.*
- 15 Джумагулов Ч. *Язык сиро- тюркских (несторнианских) памятников Киргизии. – Фрунзе, 1971. - 159 с.*
- 16 Горячева В.П. Перегудова С.Я. *Памятники христианства на территории Кыргызстана / Из истории древних культов Средней Азии. Христианство. – Ташкент, 1994. - 87 с.*
- 17 Ремпель Л.И. *Некрополь древнего Тараза. КСИИМК. Вып 69. 1957. - 110 с.*
- 18 Борисов А.Я. *Сирийская надпись на сосуде из Тараза. ИАН Каз ССР Вып. 1(46) Серия археологии. 1948. - 107 с.*
- 19 Борисов А.Я. *Сирийская надпись на сосуде из Тараза. ИАН Каз ССР Вып. 1(46) Серия археологии. 1948. - 108 с.*
- 20 *Записки восточного отделения Русского археологического общества. ч 4. 104 с.*
- 21 Байпаков К.М. *Христианство Казахстана в средние века / Из истории древних культов Средней Азии. Христианство. – Ташкент, 1994. 97 с.*
- 22 *После Марко Поло. - М., 1986. – 429 с.*
- 23 *Путешествие в Восточной страны ПIANO Карпини и Гильом де Рубрука. - Алма-Ата, 1993 а. - 423 с.*
- 24 *Путешествие в Восточной страны ПIANO Карпини и Гильом де Рубрука. - Алма-Ата 1993 б. - 423 с.*
- 25 Никитин А.Б. *Христианство в Центральной Азии (древность и средневековье) Восточный Туркестан и Средняя Азия. - М., 1984. - 70 с.*
- 26 Беленицкий А.М. Бентович И.Б. Большаков О.Г. *Средневековый город Средней Азии. Л. 1973. С.187-190.*
- 27 *Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т 1. М. – Л., 1939. – 489 с.*
- 28 Большаков О.Г. *К истории Таласской битвы (751 г.) /Страны и народы Востока. Вып XXII. 1980. - С.132-136.*
- 29 Волин С.Л. *Сведение арабских источников IX – XVI вв долине р. Талас и смежных районах// Труды ИИАЭ АН КазССР Т.18. – Алма-Ата, 1960а. – 267 с.*
- 30 Бартольд В.В. *Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Сочинение. – М., 1963в. - Т. 1. - 818с.*
- 31 Бартольд В.В. *Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Сочинение. – М., 1963г. - Т. 1. - 818с.*
- 32 Зильпер Д.Г. *Ташкент в древности и в средние века // Древний Ташкент. - Ташкент, 1973.*
- 33 Смагулов Е.А. *Городище Культобе // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. - Алматы, 1994а. – 178 с.*

- 34 Смагулов Е. Арабское нашествие на Южный Казахстан: данные письменных и археологических источников // Мобилизованной археологией. - Астана, 2004 б. - 271с.
- 35 Кожя М. Походы арабов в районы Ферганы, Чача и Средней Сырдарьи в VIII веке // Материалы и исследования по археологии Кыргызстана. Вып.4. – Бишкек: "Илим" 2009. С.101.
- 36 Байпаков К.М. Исламская археологическая архитектура и археология Казахстана// Алматы – Самарканд, 2012. С.11.
- 37 Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия Сочинение. – М., 1963д. - Т. 1. -.818 с.
- 38 Волин С.Л. Сведение арабских источников IX – XVI вв долине р. Талас и смежных районах. // Труды ИИАЭ АН КазССР Т.18. – Алма-Ата, 1960б. - 267с.
- 39 Hillenbrand R. Islamic Architectur// Hillenbrand R. – New York, 1994. - P.39-42. (на англ.яз.).
- 40 Бартольд В.В. Баласагун. Соч. Т III. - М.: Наука 1965 ж. – 789 с.
- 41 Кляшторный С.Г. Древнетюркская религия: проблемы реконструкция и генезиса / Инф.бюль. МАИКЦА. Спец. Выпуск 1987. - С.45-53
- 42 Мец А. Мусульманский Ренессанс. - М.: Изд-во «ВиМ», 1996. - 591с.
- 43 Можейко И.В. 1185 год (Восток - Запад). - М.: Наука, 1989. - 668 с.
- 44 Смагулов Е.А. Григорьев Ф.П. Из домонгольской истории г. Туркестана / Изв. МН – АН РК. 1996. - №2. - С.66-75.
- 45 Hillenbrand R. Islamic Architectur // Hillenbrand R. – New York, 1994. - P.129. (на англ.яз.).
- 46 Hillenbrand R. Islamic Architectur // Hillenbrand R. – New York, 1994. - P.132. (на англ.яз.).
- 47 Винник Д.Ф. Башня Бурана. /Памятники Киргизстана. - Фрунзе: Кыргызстан, 1974. - 55 с.
- 48 Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Соч. - М., 1966з. - Т. 5. - 806 с.
- 49 Б.Г. Гафуров Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. – М., 1972. - 409 с.
- 50 Нуржанов А.А. О христианском наследии в культуре Средней Азии и Казахстана/ Религия в истории народов России и Центральной Азии./Материалы Всероссийской с международным участием конференции, посвященной 10-летию кафедры религиоведения и теологии АлтГУ. – Барнаул, 2011. - 187 с.

Түйін

Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы діннің рухани даму генезисін зерттеу мәселесі ең маңызды аспекті болып табылады. Буддизм, христиан, ислам діндері ортағасырларда Қазақстан жерінде дамыды. Ұлттық мәдениет пен руханияттың жаңғыртылуы оның тарихи және діни аспектілері қазақ мәдениеті ерекшелігін көрсетеді. Ұлы Дала тұрғындары өзінің рухани құндылығында барлық діндердің даму жиынтығын өз бойында сіңірген.

Тірек сөздер: мәдениет, ортағасыр, буддизм, ислам, христиандық, дін, көшпенділер дәуірі, өркениет, этнография, миграция.

Summary

For many centuries the territory of Kazakhstan was the place of interaction for many world's religions as: Buddhism, Christians, Islam. Their interaction in one geographic area gave a special features to the cultures development of the Kazakhstan and people who lived here. It is a very important historical feature and it was a result of central location of this region in geopolitical area - continental Eurasia and ancient traditions of nomadism in life of its population. Every of these religions had its own base, organization and cult places, building of temples. Interesting, that religions on this territory existed in peace. The secret is - the dialogue and constructive relations: because of it, they contributed a great benefit to the spiritual culture in middle aged civilization.

Key words: Culture, Middle Ages, Buddhism, Islam, Christianity, religion, era Nomadism, civilization, ethnography, migration.

АҚЫМ ЖӘНЕ О ДҮНИЕ


Досымбек Қатран - т.ғ.к., ҚР МОМ антропология және этнология орталығының жетекші ғылыми қызметкері. Алматы, dosai_kz@mail.ru

Мақала тарих ғылымында катакомба деп аталатын, қазақ арасында оңтүстік, оңтүстік-шығыс өңірлерде кең тараған ақым немесе жанақым, лақыт, лақат, лақатты қабір, жандама, жандатпа деп аталатын жерлеудің ерекше түріне арналып отыр (лаһат, ляхад - арабтан енген атау). Қабірдің бүйірінен қосымша «бөлме» қазудың ежелгі көшпелілердің наным-сенімімен байланысы бар екендігі жөнінде пікір айтылады. Қабір шұңқырының түп жағын ала қабырғалардың бірінен қуыс ойылып, мәйітті сол қуысқа қойып жерлеудің мәнін ашуға деген талпыныс жасалады. Яғни, осы қабір шұңқырының о дүниелік болған адамды періштелердің отырғызып қойып сұрайтыны жөніндегі түсінікпен байланыстырылады. Мақалада жерлеуге байланысты қазақы этнографиялық мәліметтер археологиялық қазба материалдарымен шендестіріле талданады.

Тірек сөздер: ақым, жерлеу, о дүние, катакомба, жан, рух, тән.

Ақым (лақат) қазу дәстүрінің шығу тегі сонау тас ғасырының соңғы кезеңінен (неолит) бастау алады. Мәселен, б.з.б. V мыңжылдық пен IV мыңжылдыққа тән Ақтау қаласы маңындағы Қосқұдық-1 тұрағына жақын жерде орналасқан қабірде бүктістіріле сол жақ бүйірімен жерленген ер адам мәйіті лақатқа қойылған. Сондай-ақ, темір дәуіріне тән ескерткіштерде (б.з.б. VII-V ғғ.), атап айтқанда, Есік обасындағы және Берел қорғанындағы мәйіттер арнайы бөлме – ақымға қойылып, аузы бөренелермен жабылған [1, 171 б.].

Ілкіде жан мен о дүниелік өмір туралы түсінікке сай, бұл құрылым мәйіттің бос кеңістікте жатуына, онда қойылған заттардың жақсы сақталуына әсер ететін. Отырғызылған мәйіттің жан-жағына қойылған ыдыс түрлері, ғұрыптық бұйымдар мен қару түрлері о дүниеде тұтынатын бұйымдары ретінде қойылатын. Генезисі тұрғысынан ғылымда «атқа мінген адам отырысы» (поза всадника) деп аталатын ерте замандардағы отырғызып жерлеу дәстүріне жетелейді. Археология ғылымы жерлеудегі мұндай ерекшелікті негізінен малшы-бақташылар мәдениетіне тән құбылыс деп есептейді. Дәлел-дәйектерді көне заманнан іздер болсақ, Алматы қаласы жанындағы Каменка ауылының шетіндегі темір дәуіріне тән қорған (№9) ішіндегі қабірдегі мәйіт отырғызылып жерленген екен. Бұл қорғанды Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының жаңа құрылыс бөлімінің басшысы Р.Исмағилов бастаған экспедициясы 1991 жылы қазған. Осы қазба жұмысына қатысқан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музей (әрі қарай – ҚР МОМ) қызметкерлерінің бірі О. Мьякишеваның мәліметінше көне моланы аршу кезінде марқұмның алдымен бас сүйегі көрінген. Яғни, марқұм кезінде көр шұңқырының бір қабырғасына сүйей отырғызылып, тік жерленген [2, С. 8].




Отырғызып жерленген мәйіті бар №9 қорған. Көр солтүстік-батыс шетте орналасқан. Алматы қаласы жанындағы Каменка ауылы. 1991 ж. ҚР МОМ-дің 1991 жылғы археологиялық қазба жұмыстарының есебінен.

Осы тектес жерлеулер Еуразия құрлығының әр жерлерінде әрқилы кезеңде орын алып отырған. Мәселен, б.з.д. 2000-1500 жылдармен белгіленген Калмыкияның Кетченеровск ауданы, Алцынхутинск селосы жанындағы жерлеу сияқты артефактілер көптеп саналады.

Енді жерлеудің осы түрінің құрылымы жөнінде. Ұзын бойы солтүстік-батыс пен оңтүстік-шығыс бағыты бойынша қазылған көр табанының (құдық) батыс жағынан, яғни сол қол жақтан адам кіріп-шыға алатындай ойық қазылып, ішінің ұзындығын адам бойынан сәл артықтау етіп, енін шынтақты жазғанда еркін келетіндей, биіктігін жүрелеп отырған адамның төбесі тимейтіндей етіп үңгиді. Төбесі тегіс немесе ортаңғы тұсы ғана биіктетіле ойылып, яғни күмбезделе қазылу түрлері кездеседі. Лақаттың деңгейі көр құдығының табанынан мөлшері бір тізедей төмен етіліп қазылады. Ал, көр шұңқырының ұзындығы кісі бойындай немесе көбіне адам түсіп-шыға алатындай жан-жағы бір метр шамасындай шаршыны құрайды.

Көр шұңқырының тереңдігі түрегеп тұрған адамның белуарынан келеді. Бірақ, одан тайыз болмауы керек. Әйел адамға арналған көр одан да тереңірек, яғни кеуде тұсынан келетіндей қазылуы қажет деген ұстаным бар. Көр құрылысының және лақаттың мұндай ерекшелігі қазақ арасына жаппай тараған деп айтуға келмейді. Ол жер қыртысының ерекшелігіне, атап айтқанда, қатты-жұмсақтығына, тасты немесе құмды, құмдауыт болып келуі сияқты ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Мәселен, жер қыртысы қатты өлкелерде немесе қыста ойық шығару мүмкін болмайтындықтан көр шұңқыры табанының ортасын, кейбір өлкелерде батыс, яғни сол жақ бұрышын сәл тереңдете қазу тәсілі қалыптасқан. Осы алаңқыға мәйітті қояды да бетін тақтаймен, тас тақтамен, кейінгі кезде соқпа, кірпішпен жабады. Егер бір бұрышынан қуыс жасаса тақтай немесе тас тақталармен көлбеулете, көр қабырғасына сүйей мәйіттің бетін жабады.



*Құдығы төртбұрыштала қазылған лақыт және лақыттың көр шұңқыры ішінен бөлінген түрі.
Суретші Ж.Шәйкен*

Мәйітті жатқызар алдында «көр топырақтан» жастықша қойылып, бетін құбылаға қарата бұрып қояды. Мәйітті қойған соң ойылған қуыстың аузын таспен, шыммен, кірпішпен немесе тақтаймен жабады. Көр шұңқыры толтырылып көмілген соң лақыт пен шұңқырдың дәл ортасына топырақты үйеді.

Дүниеден озған адамды бақиға аттандыруға, жерлеуге және марқұмның артын күтуге (конакасы, үші, жетісі, қырқы, жүзі, жылы, асы) байланысты тіршілікқамы циклінде атқарылатын жосын-жоралғы, ғұрыптар кешені халықтық дүниетанымның көп қырларын ашуға мүмкіндік беруімен ерекшеленеді. Жерлеу ғұрпы көшпелілердің өздерін қоршаған орта, әлемдік құрылым, жаратқан ие (тәңірі), адам, табиғат, қоғамдық қатынастар және бұлардың өзара функциялық байланыстары жөніндегі қадым замандар қойнауынан қалыптасқан түсінік-дүниетанымының қоғамдық өмірдегі ерекше оқиғаларға байланысты ғана «пайдаланылатын» қолданбалы моделі [3, 37 б.].

Қазақы дүниетанымда о дүние мен бұ дүниенің қаншалықты маңызды орын алғандығы жөнінде ел аузында айтылып келе жатқан төмендегідей аңыз іспеттес әңгімені мысал ретінде келтіруге болады: «Қазақ даласын аралап жүрген патшалық ресей әкімшілігінің өкілі бірде өзінің бұрыннан танысы қазақтан: Сендердің үйлерің қарапайым, әрі жұпыны, бірақ, молаға тұрғызған күмбездер мен кесенелердің сән-салтанаты тым ерекше зой. Бұның себебі неліктен? – деп сұрайды. Сонда қазақ қысқа гана жауап берген екен дейді: Қазіргі біздің және сенің де тіршілігің өткінші жаңбыр сияқты. Өтеді де кетеді. Яғни бұ дүниеңіз – өткінші, алдамшы, жалған дүние. Нағыз мәңгілік өмір о дүниеде басталады. Қазіргі тіршілігіміз о дүниеге жүруге дайындық қана. Анау тұрған молалар, оның басындағы салтанатты сарайдай күмбездер о дүниеге кірер есік. Қазақтардың молаларға айырықша ден қоятындықтары сондықтан» [4, 366 б.]. Қарама-қайшы байланыстағы бақилық дүние мен бұ дүние концептілері қазақы ортада ата-баба жолын ұстануда айрықша рөл атқарады.

Жоғарыда айтылғандай, өлген адамның тәнін тік отырғызып жерлеу әдісі неолит заманында орын алғанымен, ақымдап жерлеу дәстүрі Қазақстан жерінде сонау қола дәуірінен, атап айтқанда, б.з.д.

XVI-XIII ғғ. бастау алады. Археологиялық қазба жұмыстары барысында алынған артефактілер бойынша, бұған дейінгі дәуірлерде мәйітті өртеп, күлін көміп келген болса, адамдар дүниетанымының дамып жетілуіне байланысты осы аталған кезеңнен бастап о дүние, жан, рух хақында таным-түсініктер мен наным-сенімдері күрделене түседі. Атап айтқанда, көр ішіне мәйітті сол жақ бүйірімен бүктістіре жатқызып қоя бастайды. Ол жер қойнына қайтадан ана құрсағындағыдай қалыпта табыс ету, яғни адам топырақтан жаралған деген түсінікті айғақтай түсетін наным-сенім бойынша атқарылатын. Ал, ерте темір дәуірінен бастап (б.з.д. VIII ғ.) мәйітті қазіргідей тұзу қалпында жатқызып жерлей бастады. Дегенмен, кейінгі дәуірлерде де мәйітті өртеу ішінара бірлі-жарым сақталып келді.

Ежелгі адамдардың көрді айналдыра дөңгелек қорған тұрғызуы олардың жерді дөңгелек болды деп есептегендігімен байланысты деген болжамдар бар. Мәйіттің басын батысқа, жүзін шығысқа қарата ұзынынан қойды. Ол атқан таңды көріп жату деген түсінікке сай бет-жүзін шығысқа қаратып қоюға негізделді. Өйткені, ежелгі түсінік бойынша күншығыс – тіршіліктің, өсіп-өнудің нышаны, батыс – сөнудің, өшудің, түннің, яғни, өлімнің белгісі болып саналды. Жерлеудің осы типі мен аталмыш наным-сенім қазақ арасына ислам діні орныққанға дейін жалғасып, кейін басы солтүстік-батысқа қаратыла, бетін құбылаға (оңтүстік-батыстағы Мекке) қарай бұрып қою қалыптасты. О дүниелік болғандардың рухын қастерлеуге байланысты түсініктерге сай бейіт, мола, зират, қорған, (жергілікті ерекшеліктерде – *там, қауым, қабірстан, мүрде* т.б.) тұсынан өткенде дұға бағыштау қалыптасты (*иманды болыңыздар, сіздер барған жерге біздер де барамыз, қияметтің күні жақын; қараңғы үйіңіз жарық, ауыр топырағыңыз жеңіл болсын т.б.*). Тірілердің айтқан жақсы сөзі, лебізі бақилық болғандардың о дүниедегі өміріне әсер етеді, яғни көр азабын жеңілдетеді деген нанымды айғақтайды.

Көр халық түсінігінде өлім, о дүние ұғымымен байланыстырылып өмір-тіршіліктің қадірін білу, жақсылық пен жамандықты айыра білу сынды тәрбиелік мәнді сөздерде теңеу ретінде жиі қолданылады. Мысалы, «үш жеріңнен буғызып көрге бір салса сол жаман» деп келетін терме жолдары бар. Адам баласының алдында қашан да өлім бар екенін ұдайы ескерту мақсатында *қазулы көр, қайда барсаң да Қорқыттың көрі*, яғни өлімнен қашып құтылған жан болған емес деген түсінікті әрдайым пенденің есіне салып отырды. *Көр азабы* деп аталатын о дүниеде тозаққа түспес үшін тіріде адал болып, жақсылық қана жасауды дәріптеп, *көрдей қараңғы, көр ішіндей* деген теңеулер арқылы қорқытып сақтандырып отырады. Ол жөнінде Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының төмендегідей ойтұжырымын келтіруге болады: *«әлбетте қабір ахиреттегі мекен жайлардың алғашқысы. Егер иесі оның азабынан құтылса, кейінгі сынақтардан жеңілірек болады. Ал құтылмаса одан да қиын болады»*.

Исламдық сенім бойынша жерлеуге келгендер кеткен соң көрдегі марқұмды Мүңкір-Нәңкір (кей өңірлерде Нәңкір-Мүңкір, Мәңкүр-Шүңкір) келіп сұраққа алған кезде отырғызып қойып тергейді-мыс. Осы кезде марқұмға жаны қайтып келетін көрінеді. Яғни, лақат қуысының биіктігі отырған адам бойынан сәл биік болуы керек деген өлшемнің бүгінгі кезде де сақталғандығын осы сұрақ-жауап алу мен о дүниеде тұтынылады деп саналатын бұйымдар қойылатын көне көзқарастың қалдығы ретінде түсіндіруге болады. Ілкі дәуірлерде өліктің жан-жағына тостаған сияқты ыдыс-аяқ, қару-жарақ, әшекей бұйымдар қоятын еді. Құдық деп аталатын көр шұңқырына құрбандық малы (қой, жылқы) көмілетін. Осы тұрғыда, көр (қабір) шұңқырын ұйғырлар «таш өй», лақатты «ич өй» деп атайтыны көп жайттың басын ашады [5, С. 90]. Жерлеудің бұл түрі кейінгі уақытта ислам діні дендеп енгеннен кейін, бұрынғыдай марқұмның тұтынған заттары жанына қойылмай, құрбандық малы немесе «о дүниелік асы» бірге жерленбейтін болып өзгерді. Жоғарыда аталған көне әдеттер мұсылмандық шарттарға сай басқаша атқарыла бастады. Атап айтқанда, құрбандыққа шалынып көмілетін мал ендігі уақытта таратылды немесе қонақасыда желінді. Ал, мәйіт жанына қойылатын заттары *«тәбарік»*, *«садақа»*, *«сыйыт»* және *«жырттыс»* болып жұртшылыққа таратылды.

Отырғызып жерлеу XIX-ғ. дейін бірлі-жарым орын алып келгенге ұқсайды. Ол жөнінде сол кезеңде халық арасынан көптеген этнографиялық мәлімет жинақтап, мақала жариялаған И.Ибрагимовтың «...марқұмды құбылаға қаратып отырғызып жерлеген» [6, С. 151] деп жазғаны жете зерттеуді, анықтай түсуді қажет ететін құнды мәлімет.

Ілкіде адамның тіршілікте иеленген қоғамдық мәртебесі о дүниеде де сақталатын наным-сенім берік орнықты. Яғни, жерлеу құрылымы да айрықшаланды. Мақалаға өзек болып отырған жерлеу түрі жоғары әлеуметтік топ өкілдеріне ғана көрсетілетін құрмет еді. Мысалы, тікбұрышты тар қабірлерге атағы жоқ, кедей рулық қауым мүшелері жерленді. Бұл ұстаным қазіргі кезде түбегейлі жойылып барлық адамға (марқұмға) жаппай қолданылатын болып қалыптасты. Көне дәуірлерде

ерекше бұзықтық жасаған адамды басын төмен қаратып жерлеу де орын алған (археологтар Әлішер Ақышев пен Хамит Айтқұлдың ауызша мәліметтері бойынша). Бұл құбылысқа үндес жерлеуді – «моласындай бақсының» деген тіркеске негіз болған мұсылман зиратынан жеке қойылып келген бақсы қабірімен салыстыра қарауға болады. Бірінші жерлеу түрінде (басын төмен қаратып қоятын) бұдан былай марқұммен қарым-қатынастың үзілгенін, яғни, болашақта оған арнап құрбандық шалудың, аруағын ескеру сынды т.б. салттардың орындалмайтындығын білдірді. Ал, қайтыс болған соң бақсыны зираттан оқшау жерлеу – халық арасына ислам діні әсерін күшейте түсу мақсатында діншілдер тарапынан атқарылған еді. Ол тәңірілік дінді ығыстырудың амал-айласы еді. Осы тұрғыда, жоғарыда аталғандай адамның тірідегі мәртебесі өлгеннен соң да сақталатын болса, онда отырғызып жерленген адам кім болды деген сұрақ туады. Оған жауап болашақ ізденістер еншісінде.

1 Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1966. 435 с.; Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. - Алматы: Атамұра, 2010;

2 ҚР МОМ-дің археологиялық қазба жұмыстарының есебінен. 1992.

3 Әлімбаев Нұрсан. Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. - №4. - 36-48 бб.

4 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Энциклопедия 1-том. А-Д. DPS, 2011. – 736 б.

5 Әжіғали С., Байғабатова Н. Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Әжіғали. - Алматы: Арыс, 2005. - 176-202 бб.

6 Ибрагимов И.И. Этнографические очерки киргизского народа // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. II. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. - М., 1872. - С.120-152.

7 Смагулов Е.А. Наземные склепы Борижарского могильника // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-шығарылым. Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы, 2011. (С. 119-141).

8 Ажигали С. Е. Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей ретроспективе: Жетісу, середина 80-х // Обычаи и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сборник статей. Алматы: Ғылым, 2001. С.35-98.

9 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. . – Павлодар. «ЭКО» ҒӨФ, 2003.

Резюме



В настоящей статье рассматривается особый тип погребальной камеры, издревле практикующейся у казахов южных и южно-восточных регионов Казахстана при захоронении усопшего. Структура данного типа погребальной камеры, именуемого в народе «акым», «лакыт», «лақатты қабір», «жандама», «жанакым» или «жандатпа» состоит из специально подкопанной в юго-западной стене могильной ямы ниши, предназначенной для покойного и, собственно, могильной ямы. Данная погребальная традиция, известная в археологии под названием *катакомба*, восходит к эпохе неолита. Окончательно сложилась в бронзовую эпоху. Данная проблема изучается в контексте ритуально-обрядовой практики традиционного жизненного цикла казахов, в особенности, связанной с похоронно-поминальной обрядностью.

Ключевые слова: катакомба, захоронения, потусторонний мир, дух, тело.

Summary

In this article used among the Kazakhs at the burial structure of the special design of the niche - the catacombs, undermined in the south-west wall of the burial pit and called as "akym", "lakyt", "lakatty kabir", "zhandama", "zhanakym" or "zhandatpa" are discussed. In this regard, given entrenched in the minds of Kazakh-nomads aspects of ancient beliefs and ideas associated with death and the other world, which are reflected in burial rites. For the purpose of the topic proposed the author's interpretation on the basis of archaeological sites and materials related to the funeral rites of oral and written sources on the ethnography of the Kazakhs.

Key words: catacomb, burial, the other world, spirit, body.



УДК 903.2(574) «637»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙДІҢ АРХЕОЛОГИЯ ҚОРЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫН ҒЫЛЫМИ КАТАЛОГТАУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

*Айтқұл Х.А. - ҚР МОМ археология орталығының жетекшісі,
e-mail: khamit.boray@mail.ru*

*Мякишева О.А. - ҚР МОМ археология орталығының ғылыми қызметкері,
e-mail: myakishevao@mail.ru*

Аталмыш мақалада ҚР Мемлекеттік орталық музейдің археология қорындағы Орталық Қазақстанның қола дәуірі қыш коллекциясын ғылыми каталогтаудың кейбір әдістері жөнінде баяндалады. Мақалада қыш ыдыстың жасалу технологиясы мен қатар нақыш түсіру техникасы жөнінде көптеген мәліметтер берілген. Сонымен қатар еуразиялық даланың қола дәуірі мәселелерімен айналысатын археолог ғалымдардың да еңбектері қарастырылды.

Тірек сөздер: коллекция, қола дәуірі, артефакт, қыш ыдыс, нақыш Орталық Қазақстан.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің қорында жинақталған қола дәуірінің археологиялық материалдары сол заманның тарихы мен мәдениетінің басты дерек көзі болып табылады. Өкінішке орай, отандық музейлердің археологиялық коллекцияларын ғылыми өңдеу, жариялау ісі деректерді жинау үдерісіне қарағанда мардымсыз, дәлірек айтсақ, сүйек, қыш сынды заттық деректерді дәл жүйелеу, жіктеу амалдары қарастырылмаған, әрі қола дәуірінің басты мәдени және шаруашылық ерекшеліктерін айқындайтын осы тектес артефактілерге тән нақты белгілер толық анықталмаған. Осының салдарынан Қазақстан тарихнамасында бүгінге дейін музейлердің археологиялық коллекциялары қарастырылмаған, ғылыми айналымға енгізілмеген деуге болады.

Бірқатар объективті факторларды ескерсек еліміздің музейлер қорындағы археологиялық материалдар коллекциясы тарих пен мәдениеттің бірден-бір мәнді де дәйекті дерек көзі екендігі даусыз, сондықтан бұл іске соңғы талаптар тұрғысынан қарау өзекті мәселе. Осы жерде айта кететін бір жайт музей қорындағы коллекцияларды ғылыми каталогтау, деректерді, мәліметтерді сақтау мен қатар жариялауды айтпағанның өзінде археология, тарих, антропология, этнология т.б. гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің дереккөзін толықтырып, тың ізденістерге негіз болады. Аталмыш артефактілерге жоғары оқу орындары мамандары мен студенттерінің қол жеткізуіне жол ашып, отанымыздың көне тарих жайлы білімін тереңдетуге ықпал етерлік көрнекті оқу құралы бола алады, объективті себептермен бүліну, жойылу қатеріндегі артефакт жөнінде мәліметтің сақталуын қамтамасыз етеді және музей коллекциясы – мәдени мұраның оқырман қауым ортасында кеңінен танылуына септігін тигізеді.

Қыш ыдыстар Орталық Қазақстан қола дәуірі коллекциясының ең көп тараған артефактілер түрі. Сондай ақ, аталмыш артефактілер андрон мәдениетінің ескерткіштерін жіктеуге негізгі материал болып табылады. Ал, қыш өндірісі технологиясы белгілі шамада ыдыстың пішінін анықтайды, осыған орай оны маңызды этникалық маркер ретінде қарастыруға да болады.

Орталық Қазақстан қыш коллекциясын жіктеу, жүйелеу барысында А.И. Мартынов, Я.А. Шер және В.Ф. Генингтің [1, 2] заттардың өзара байланыстылығын анықтауға арналған археологиялық зерттеулер әдістері негізге алынды. Жіктеуге сай артефактілер: географиялық (тұрмыстану орны), хронологиялық (жасалған уақыты және тұрмыстануы), тақырыптық, заттық (қолдану-пайдалану орны) топтарға бөлінді. Коллекцияны жүйелеу жұмысын – материалдарды ескерткіштер, кезеңдер және түрге (тип) сай топтастырумен түсіндіреміз.

Қыш коллекциясы артефактілер тобы жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып қолданыс аясына сәйкес бөлінді. Мысалы айтар болсақ: 1 қыш ыдыс пішініне; 2 технологиялық жасалу тәсіліне (қолмен пішінделіп сомдалған, көзе шарығында пішінделіп сомдалған); 3 жасалған материалдың құрамына (құм, қиыршық қоспалы балшық) белгілеріне қарай жіктелді.

Сонымен қатар қола дәуірі қоныстарында барынша жиі ұшырасатын қыш бұйымдарды жіктеуде ыдыстың пішіні мен нақышы, нақыш түсіру техникасы ескеріледі:

1 топ – тікше (банка) ыдыс: жатаған, ернеуі кең; биік, қабырғасы тік, тегіс немесе бүйірі білінбейді деуге болады.


2 топ – куб пішінді ыдыс, бұлар да екі түрге: иықшасы дөңгелектенген; иығы иінделген болып бөлінеді.

3 топ – көзелер: иықшасы дөңгелектенген; иығы иінді;

4 топ – қос конусқа келтіріле бітімделген ыдыс, бұл түр сирек ұшырасады, нақышы жоқ, қарасұр, сұрғылт түсті болып келеді.

5 Ыдыстардың түбі тегіс, орнықты, кейбірінің түбінің шеті сәл шығыңқы. Ыдыстардың сыртқы беті жіңішке, тегіс қалыппен түсірілген нақыштар, жіңішкеке сызба жолақтармен, ішінара тісше қалыппен нақышталған. Бір ерекшелігі нақыш ыдыстың белгілі бір бөлігіне мысалы, мойнына немесе иықшасына түсірілген. Нақыш түрлері мардымсыз, көбінесе ирек сызықтар қатары, үшбұрыштар тізбегі, шырша жолақтары және үзік жолақтар кездеседі. Нақыштар белдеуленген көлденең жолақтармен бөлінген. Көлемі өте кіші ыдыстар жас балалар қабірінен ұшырасады, яғни жас ерекшелігі де ескерілгенін аңғарамыз [3, 78 б.]. Ыдыс жасауға қолданылған балшық өте тығыз, аздап қиыршық қосылған, жақсы күйдірілген. Ыдыс қолмен сомдалған немесе көзе шарығында да жасалған. М.Қ. Қадырбаевтың пікірінше, көзе шарығында жасалған ыдыс Орталық Қазақстан тұрғындарының Оңтүстік Қазақстанның отырықшы-егінші жұртымен байланысын аңғартады [4, 213 б.]. Қыш ыдыстың бұл топтамасы Орталық Қазақстанның нұра мәдениеті ыдысына және Оңтүстік Орал мен Солтүстік Қазақстанның федоров мәдениетінің ыдыс түріне жақын [4, 19 б.].

Заттарды сипаттау барысында ғылыми-методикалық әдебиеттерде берілген жалпыға ортақ арнайы графикалық кестелер басшылыққа алынды [4, 5, 6, 7, 8, 9]. Артефактілерді сипаттау маңызды зерттеу жұмысы әрі ғылыми мәліметтерді көрсету жолы болғандықтан мәтін сипатталушы нысанды барынша толық көруге және түсінуге қажетті қосымша – фотосуреттер, сызбалар, кестелер сынды дәйектермен толықтырылды. Жекелеген заттарды, нысандарды сипаттағанда оның нақты сызба-суретін көрсетудің маңызы зор (1 сурет: а, б) бұның өзі нысанды барынша жақсы «көруге» және түсінуге мүмкіндік береді.



Сурет 1 а, б, – Жасажырық қорымы ыдыстарының суреті мен сызбасы.
КП 27844/6, КП 27844/5, КП 27844/7

Сипаттамада заттың атауы, жасалуы мен қолданыста болған уақыты, материалы, технологиясы, өлшемі, пішіні, музейдің заттарды тіркеу кітабындағы номері (шифрі) және пайдаланылған әдебиеттер көрсетілді. Артефактілерді сипаттау барысында белгілердің атаулары ортақ жүйеге келтіріліп, сонымен қатар құрылымы күрделі артефактілердің қысқаша жалпы сипатын беріп, ерекше тұстарын екшеп көрсеттік.

Артефакт сипаттамасында әр затың оны өзге затпен салыстыруға мүмкіндік беретін ерекше «қасиеттері» белгілері көрсетіледі. Мысалы, ыдыстың «түбі тегіс» болса оны «жайпақ» немесе «жапырылған» деп көрсетуге болмайды. Ежелгі қыш ыдысты зерделеу, сипаттауда балшықтың құрамы, пішінделу тәсілі, нақышы, нақышты түсіру техникасы ескеріледі.

Сонымен қатар артефактілерді атрибуциялау барысында Е.Е. Кузьминаның [10] жетілдірген андрон қыш тұрпатамасына негізделген еңбегін қолдана отырып қыш ыдыстар кешенін жүйелеу жүзеге асырылды.

Қыш ыдыстардағы нақышты сипаттау барысында келесі белгілері ескерілді (сурет 2, 3): нақышты салу қағидаты: 1 тікелей тор бойымен: а) көлбеу штрихтік нақыш жолақтарымен, б) тігінен; 2 қисық тор бойымен: а) көлбеу штрихтік нақыш жолақтарымен, б) тігінен; нақыштың негізгі элементтері; нақыш элементтерін аймақтарға орналастыру; нақышты салу техникасы: 1 тегіс штамп; 2 тісті штамп: а) ірі және орташа сирек тік бұрышты және текше тістерімен; б) ұсақ жиі үшбұрыш және текше тістерімен; 3 адымдайтын тарақ; 4 нақыштаудың басқа тәсілдері.

Сондай-ақ, қыш ыдыстар коллекциясын зерттеудің осы сатысында, нақышты орындау техникасы мен түрлеріне ерекше назар аударылды. Археологияда андрон нақыштарының негізгі түрлерінің топтары қалыптасқан.

ҚР MOM қорындағы Орталық Қазақстан қыш коллекциясының технологиясы және тұрпаттамасы			
тұрпата масы	Ыдысты жасау техникасы мен пішіні	Түрі және нақышы	
Бөгазы-дәндібай мәдениеті			
Алакөл (атасу) мәдениеті			
Федоров (нұра) мәдениеті			

ҚР MOM қорындағы Орталық Қазақстан қыш коллекциясындағы нақыш түрлері			
тұрпатта аймағы	Федоров (нұра) мәдениеті	Алакөл (атасу) мәдениеті	Бөгазы-дәндібай мәдениеті
жілегі			
Мойн бөлігі			
Иықша иіні			
түб жағы			
түбі			

Сурет 2-3 – Е.Е. Кузьмина әдісі бойынша түзілген Орталық Қазақстан қола дәуірінің қыш коллекциясының технологиясы, тұрпаттамасы және нақыш элементтерінің бөліп таратылуы

Бұл дегеніміз – «үшбұрыштар», «меандрлік», «кілемдік», «свастикалық» және тұрақты атауы жоқ бірқатар түрлері. Қыш коллекциясын сипаттау барысында, осы белгілі нақыш түрлерінің ішінен біздің жағдайда жеті негізгі түрі анықталып [11; 1, 4 суреттер] жеке бөліп қарастырдық, ол мынандай түрлер: 1. Меандр; 2. Үшбұрыш; 3. Көлбеу ирек; 4. «Шырша»; 5. Каннелюрлер; 6. Кертіктер мен «штрихжолалар»; 7. Әр-түрлі конфигурациядағы батық.

Бұл мәселе С.В.Зотовтың, Е.Е.Кузьминаның, И.В.Рудковскийдің, А.А.Ткачевтің, А.А.,Здановичтің [12, 10, 13, 14, 15, 16] еңбектерінде кеңінен зерттелген. И.В. Рудковскийдің [13] «Андроновская орнаментика в контексте системообразующих инвариантов» монографиясында нақыштардың морфологиялық ерекшеліктерін талдаудың жаңа әдістері негізінде мәдени және субмәдени андрон топтарын бөлудің, олардың жайғастырылуының, байланыстарының және хронологиясының бірегей негіздемелері ұсынылады. Алғаш рет андрон нақышталы жиектерінің толық тізімдемесінің нұсқасын ұсынады. Артефактілерді сипаттау барысында И.В. Рудковский жүйелеген белгілер есепке алынды: үшбұрыштардың «ұшымен жоғары» немесе «ұшымен төмен» бағытталуы, өйткені осы түсінік тең бүйірлі үшбұрыштың шет топтарын шартты түрде екі дербес таксонға бөлуге мүмкіндік береді; меандрға қатысты - тік бұрышты немесе қиғаш тор сызық кескіндеу маңызды болып есептеледі (атап айтқанда, осы айырмашылықтар меандрларды екі әр түрлі таксондарға бөледі); «свастикалық» және «кілемдік» таксондар меандрлар жағдайында белгілер секілді, бірақ қосымша редуция және күрделендіру сынды механизмдерді айқындайды (негізгі пішінді күрделендіретін немесе жеңілдететін өсінді, жалғастырғыш және иіліс тәрізді қосымша бөлшектер); «ромб тәрізді» жиектерде негізгі таксон түзуші белгілер жатық ромбтың сыртқы нобайы болып табылады (ромбтың ішкі кеңістігі қарапайым диогоналды түр сызықтармен толтырылуы немесе айтарлықтай күрделі құрылымға ие болуы мүмкін) [13, 69-70 бб.].

И.В.Рудковскийдің пайымдауынша, нақышты таксондардың дискретті қатарының түзілуі андрондық нақыштауда оқшауланған пішіндердің және (немесе) таксондардың эклектикалық жиынтығын емес, тектес морфемалардың тұтас жүйесін көруге болады деген негізге арқау болады. Ол бұдан басқа андрондық нақыштардың қандайда бір әмбебап жүйеленген каталогы түзілуі мүмкін емес деп есептейді. Кез келген мәдениетте нақыштау өте көп қырлы құбылыс және мәселені бір ғана емес, көптеген арнайы каталогтарды жасау арқылы шешуге болады деп түйіндейді [13, 71-79 бб.].

Қыш ыдыстағы нақышты талдау барысында келесідей сарындарды ерекше назарға алу керек, мысалы: А өрнектерден тұратын белгілі бір пішін, бірақ басқа нақыштардан құрылымы бойынша

айрықша (мысалы: геометрикалық фигура); **В** құрылымдық бөлінуге келмейтін (соның ішінде қисынды шартталған) үздіксіз нақыштармен (мысалы: сызық, батық қатары, меандрлы нақыш және т.б.); **С** күрделі нақыштағы пішінмен, оның эстетикалық және семантикалық жүктемесін есепке алағанда оны құрылымдық бөлу қолайсыз (мысалы: «жарты күн», свастикалық пішін және т.б.). Мысалы, нақыштардың сарыны ретінде ұштары жоғары немесе төмен орналасқан түрі, сызықтармен белгіленген үшбұрыштармен бөлу, осы өрнектердің жеке жиі кедесуіне байланысты, сондай-ақ, бір композициялық құрылымда осы сарындардың әр түрлі мағыналық мәндерін байқатады. Сол секілді «батық» сарынына да қатысты, бірнеше сарын байқалған жағдайда: сопақша батық, жұмыр батық, үшбұрышты батықтар. И.В. Рудковскийдің пайымдауынша, әрбір батық түрлерін түрлендіруге емес, сарынға жатқызу олардың композициялық құрылымдағы мәнділігімен түсіндіріледі [13, 71-79 бб.], ал Т.В. Сметанинаның пікірінше, пішіннің ішкі бөлігін түр сызықтармен толтыру айырмашылығы, пішін сұлбасы мөлшерін, пішіннің өлшемін және көлемін түрлендіру сынды ерекшеліктер, сондай-ақ, осы сарынға сай келмейтін бейнелеу тәсілдері (мысалы: үшбұрыштар, батықпен берілген және т.б.) бір сарында әр түрлі нұсқаларды бөлуге мүмкіндік беретін нақыш сарындардың екінші дәрежелі сипаттамалары болып табылады [17]. Бұдан басқа, іс жүзінде «в» категориялы барлық сарындар шартты түрде бөлінген. Өйткені, олар бірен-саран жағдайларда ұсынылған, онда «ядро» – сарынын және оның декорациялау нұсқасын анықтау қиынға түседі. Біздер өрнектің айтарлықтай ұсақ құрылымдық элементтерін біріктіру мәселесі емес, ал керісінше дербес өзі сарын болып табылуы мүмкін өрнекті бөлу жағдайында да күрделі құрамды сарындарды ажырата аламыз.

«а» категориялы сарындар: түр сызықтармен сызылған ұштары жоғары және төмен қараған үшбұрыштар, тік бұрышты үшбұрыштар, контурлы үшбұрыштар, түр сызықтармен сызылған ромбтар, контурлы ромбтар, «сатылар», крест, крест тәрізді сатылы пішін, Т-тәрізді пішін, шоғырлас астаушалар, сегіз бұрышты жұлдыз, «бүршіктер», жапсырмалы белдік.

«б» категориялы сарындар: каннелюр, сызықтар, керткітер, бір қатарлы, екі қатарлы, үш қатарлы, көп қатарлы ирек сызықтар, ирек таспа, сопақша, жұмыр, үшбұрышты, сегмент тәрізді батық, қалып бұрышымен батық, қалыптың көлбеу және тік бедерлемелері, меандр нақыш, екі еселік, үш еселік меандрлы нақыш, меандрлы таспа, тік бұрыштардың сатылы сызықтары, «шыршалы», қиғаш тор.

«в» категориялы сарындар: Z-тәрізді пішін, «жарты күн», түр сызықтармен сызылған және контурлы үшбұрыштардан тұратын тік-көлбеу бағаналар, «шашақты» контурлы үшбұрыштар, крест салынған ромб, свастика, крест салынған шеңбер.

Сондай-ақ артефактілерді сипаттау барысында нақыштарды түсіру техникасы көрсетілген. Өйткені, нақыштарды түсірудің қандайда бір тәсілін немесе амалын қолдану мағынасы бойынша екі бірдей сарынның мүлдем әр түрлі болуына әкеліп соқтырады. Нақыш түсірудің айтарлықтай кең тараған техникалары: тісті қалып, оюлы техника, із қалдыру, батық, кертүлер, тегіс қалып, «арқанды» қалып. Осы техникалардың кейбіреулері сонымен бірге нақыш сарынды болса (мысалы, батық және кертүлер), басқаларының түсіру тәсілі әмбебап. Оларды бұдан басқа топшаларға бөлуге болады. Мысалы; тісті қалып - ірі, ұсақ және екі тісті, үш тісті болуы мүмкін. Із қалдыру – жалпақ немесе жіңішке болуы мүмкін. Батық, жоғарыда айтылғандай, алуан түрлі (сопақша, үшбұрышты, сегмент тәрізді), болуымен қатар орналасуына қарай, тік, қиғаш, жиі немесе сирек және әр түрлі калибрлі болуы мүмкін.


Археологиялық ескерткіштердің мәдени тиестілігі ең алдымен қыш кешендердің ерекшеліктерімен анықталады, бұл қола дәуірі үшін ерекше өзекті мәселе. Андрон мәдени-тарихи қауымдастығы үшін – бұл бір сарынды пішінделген және сатылы ыдыстар, қағидалы желі айқын бейнеленген нақыштаудағы қатал геометризм. Андрон нақыштарының егжей-тегжейлі сипаттамалары айтарлықтай мәлім, бірақ зерттеу нысаны сол нақыштар болып табылатын жұмыстар санаулы. Бұл қырынан алғанда, И.А. Кукушкин еңбектерін ерекше атауға болады «Некоторые аспекты семантики андроновского (федоровского) орнамента». Олармен жалпылама дерек көзі болып табылатын қыш материалының семантикалық сипаттағы айтарлықтай терең ақпараттарын алу бойынша да жұмыстар жүргізілді [19]. И.А. Кукушкиннің [18] пікірінше, андрон нақыштары ерекше өзгешелігі үш негізгі мағына беретін: үсті-ортасы-асты [19, 14 б.], нақыш алаңын горизонталды аймақтау болып табылады, бұл андрон нақыш түсірілген қыш ыдысы әлемнің үш ортасын бірлестіретін жер жүзінің үш дербес үлгісі деп салыстыруға мүмкіндік береді. Бірінші – жер бетіндегі өмір кеңістігі, ыдыстың екінші аймағы – ауа кеңістігі, үшінші аймағы – бұл аспан [20, 71 б.]. Осылайша, егер андрон ыдысы әлем құрылысының үлгісі деп қарастырылса, ал қыш ыдысты дайындау әлемді жаратудың ғарыштық әрекетіне теңестірілді [20, 60-70 бб.], онда андрон суреті және қыш ыдысы өзіндік сакралдық мағынасы бойынша бір бірін толықтырып және толықтай сай келуі қажет, өткені олар бір біріннің ажырамас бөлігі болып келеді.

Нақыш андрондықтар ортасына космологиялық жүйені түсіндіретін көрнекті құрал ретінде ролі ерекше болды. Осыған орай, андрон ыдысында ғарыштық әлем реттілік пікірі бейнеленген, қыш ыдыста «мол» нақыштармен айқын және қыш ыдыстың басқа бір түрінде айтарлықтай қарапайым жалпыға мәлім тұтастық үлгісі жеңілдетілген түрінде көрсетілген. И.В. Кукушкиннің пайымдауынша, андрондық сакралды-сәндік өнерінің геометризмі оның семантикалық талдауын айтарлықтай күрделендіреді, бірақ бір жағынан бейнелеу канонын салыстырмалы қатаң түрде ұстану оны түсіндіру барысында мүмкін етеді [18].

Сондай-ақ, И.В. Кукушкин андрон ыдыстарының түбіне салынған суретке назар аударды. Музей қорында түбі нақышталған бес ыдыс бар, тіпті расында да андрондық шығармашылық әдіс екендігін ең алдымен кресттің, соның ішінде үйлестірілген крестпен түбін бейнелеу дәлелдейді [18, 10 б.]. Жалпыға мәлім, крест (свастика) күн бейнесімен қатар әрқашанда ғарыштың семантикалық шыңын таңбалайды. Свастиканы солярлы нышан екендігін түсіндіруде күн доңғалағымен барлық зерттеушілер келіседі. Ыдыстың жұмыр түбі, демек, семантикалық шың болып табылады, бұл крестпен расталады (свастика), одан сәйкесінше әдетте, ыдыстың түпкі бөлігіне түсетін үшбұрышты-сәулелер тарайды. Осы ұстанымда пайдалы төменгі бөлік, қыш құмыраның түбі, семантикалық шыңға айналады, осы аударылған жағдайда ыдыстағы нақыш «басы аяғынан» деп аталады. Нақыштың свастикалық сарындары қыш ыдыстардың орта тұсын сәндеу барысында да кеңінен пайдаланылған, бірақ, свастика саф таза күйінде айтарлықтай сирек кездеседі. Көбінесе андрондық нақыштау дәстүрінде ол жиі әлем-жәлем меандр-свастикалық суретке айналып, біршама күрделенеді, бірақ, свастика сарыны біршама жеңіл байқалады. Андрон тайпасынан шыққан көпшілікке танымал үндіран тұжырымдамасына сүйене отырып, И.В. Кукушкин далалық қола дәуірінде өмір сүрген тұрғындарда үндірандық ғарыштық үлгіге жақын дүниетанымдық ұстаным болған деп пайымдайды [18]. Осы пайымдауға сәйкес, күн көк аспанды өзінің жалынды екі дөңгелекті арбасымен аралап ұшатын және түнде мұхитқа батып кететін, сол арқылы таңертең қайта көкке көтерілуі үшін, ол батыстан шығысқа бағыт алатын зоо немесе антропоморфты тіршілік иесі ретінде көрсетіледі [21, 14 б.]. Ұқсас заттардың бір қатарда жалғасуымен қайталанатын бейнелер арқылы ежелгі заманда қозғалыс бағыты және ырғағы берілген [22, 18-19 бб.]. Белгілі солярлы мифтерді назарға ала отырып, ыдыстағы шеңбермен тұйықталған меандрсвастикалық нақышпен күннің екі аяқты арбасының айналмалы қозғалысы берілген деп болжауға болады. Көбінесе ыдыстың төменгі бөлігінің мойын жағында орналасқан суреттің меандрлық сарыны әдетте, барынша «байсалды». Олар, қағида бойынша, свастикаға шиыршықталмайды, сызықтық жылжуды білдіретін әр түрлі жалғасу нұсқаларымен жартылай свастика түрінде Z-тәрізді пішінде (немесе «арқау») бейнеленеді. Әлбетте, бұл ыдыс мойны су сұрапылы ұқсастығымен байланысты, мұнда күн сырғымайды, суда жүзетін құстармен сүйретіліп немесе өзі осы түрдегі құс бейнесіне айналып, түнде жер асты теңізімен жүзеді. Ыдыс мойнының төменгі бөлігіндегі меандр орнына көбінесе негатив-позитивтік айналулар нәтижесінде алынатын ирек тәрізді таспа орналасады, ол шамасы, суды және қозғалысты білдіреді, бұл өзінің мағынасы бойынша ежелгі дүниежүзілік өркениеттің петроглиф хаттарының таңбаларына және этнографиялық мәліметтерге сай келеді. Ыдыстың осы аймағында негатив-позитивтік айналулар жолымен алынған нақыштардың басқа да элементтері осы мағынаға жақын келеді деген ой салады. Қыш ыдыс мойнының жоғарғы бөлігі әдетте «құламалы» немесе тік бұрышты үшбұрыштармен әсемделді, олар ежелгі халықтың ұғымы бойынша жер бетімен жан жақтан ұласып жататын әлемдік мұхит толқындарын бейнелейді [18].

Ыдыстарда бейнеленген «андрондықтардың» ғарыштық жүйесінің жалпы көрінісін түсіндіру үшін, И.В. Кукушкин Федоров қыш ыдыстары нақыштарының сұлба-жаймасын зерделеді. Қолданыс аясы кең андрондық ыдысы – бұл қоршаған әлемнің біріккен кеңістігі туралы ежелгі тұрғындардың ұғымын білдіретін космогониялық діни-мифтік жүйе графикалық бейнеленген сакралды бұйым. Сакралды (аударылған) жағдайдағы ыдыс – бұл әлем осі, ұшар басында күн орналасқан әлем ағашы. Свастикалық сарынмен көк аспанды шығыстан батысқа қарай жүріп өтетін солярлы теке (қой) кейпінде күндізгі жарықтың айналмалы қозғалысы беріледі. Төменірек – батыстан шығысқа қарай суда жүзетін құстар көмегімен жүріп өтетін жер асты су сұрапылы. Жалпы алғанда, барлық осы көрініс циклдік айналмалы қозғалысты елестетеді, яғни, әлем осімен күн мен түннің ауысуы деп түсіндіреді.

Осы тұжырымдарға сүйене отырып ҚР МОМ қорындағы қола дәуірі коллекциясынан нақыш түсірілген Федоров қыш ыдысының сұлба-жаймасын алғаш рет жасап ұсынып отырмыз (КП 26067/9; 4 сурет) [18]. Жоғарыда көрсетілгендей жалпы Орталық Қазақстанның қола дәуірі коллекцияларының бір ғана түрін атрибуциялаудың (ғылыми каталогтау) әдістері берілді.



Сурет 4 – Федоров қыш ыдысы өрнектерінің сұлба-жаймасы. КП 26067/9

Сонымен қатар артефактілерді атрибуциялау барысында заттың сақталу сапасы, бүлінген – (опырылған, шытынаған, тотыққан т.б.) тұстары ескеріле отырып толық сипаттауды қажет етеді.

1 Мартынов А.И., Шер Я.А. Методы археологического исследования. 2-е изд., испр. и доп. – М.: Высш. шк., 2002. – 240 с.

2 Генинг В.Ф. Программа статистической обработки керамики из археологических раскопок // Советская археология. – 1973. – № 1. – С. 114-136.

3 Карабаспакова К.М. Жетысу и Южный Казахстан в эпоху бронзы. – Алматы, 2011. – 220 с.

4 Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж.К. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. – Алма-Ата, 1992. – 247 с.

5 Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1966. – С. 453.

6 Маргулан А.Х. Горное дело в Центральном Казахстане в древние и средние века // Поиски и раскопки, в Казахстане. – Алма-Ата, 1972. – С. 3-30.

7 Маргулан А.Х. Дзезказган – древний металлургический центр (городище Милыкудук) // Археологические исследования в Казахстане. – Алма-Ата, 1973. – С. 3-42.

8 Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1979. – 364 с.

9 Кадырбаев М.К. Шестилетние работы на Атасу // Бронзовый век степной полосы Урало-Иртышского междуречья. – Челябинск, 1983. – С. 134-142.

10 Кузьмина Е.Е. Откуда пришли индоарии? Материальная культура племен андроновской общности и происхождение индоиранцев. – М., 1994. – 464 с.

11 Ковтун И.В. Основы морфологии андроновского орнамента // Известия Алтайского государственного университета. – 2009. – № 4 (64). – С. 115-124.

12 Зотова С.В. Ковровые орнаменты андроновской керамики // МИА. – 1965. – № 130. – С. 177-181.

13 Рудковский И.В. Андроновская орнаментика в контексте системообразующих инвариантов. – Алматы, 2013. – 189 с.

14 Ткачёв А.А. Центральный Казахстан в эпоху бронзы. – Тюмень, 2002. – Ч. 1. – 289 с.

15 Ткачёв А.А. Центральный Казахстан в эпоху бронзы. – Тюмень, 2002. – Ч. 2. – 243 с.

16 Зданович Г.Б. Бронзовый век урало-казахстанских степей (основы периодизации). – Свердловск, 1988. – 184 с.

17 Сметанина Т.В. Орнамент керамики синташтинско-петровского типа: изобразительный и семантический аспект (по материалам могильника Бестамак) Вопросы археологии Казахстана. Вып. 3. – Алматы, 2011. – С. 530-545.

18 Кукушкин И.А. Некоторые аспекты семантики андроновского (федоровского) орнамента. Исторический опыт хозяйственного и культурного освоения Западной Сибири. Кн. I. – Барнаул, 2003. – 464 с.

Резюме

В статье приводится анализ и классификация керамических сосудов эпохи бронзы Центрального Казахстана из фондов ЦГМ РК по формам и орнаментации, приведены аналогии из коллекций других музеев Казахстана. Также показаны морфологические и орнаментальные традиции изготовления глиняной посуды на территории Центрального Казахстана (на примере керамики из фондов ЦГМ РК). Проведен историографический анализ работ ученых археологов, которые занимались вопросами эпохи бронзы евразийского пояса степей.

Ключевые слова: коллекция, эпоха бронзы, артефакт, керамика, орнамент, Центральный Казахстан.

Summary

The article provides an analysis and classification of ceramic vessels of the Bronze Age of Central Kazakhstan from the funds of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. The analogies in form and ornamentation from the collections of other museums of Kazakhstan are also given. Morphological and ornamental traditions of pottery making in the territory of Central Kazakhstan (on the example of ceramics from the collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan) are also considered. Historiographical analyses of the works of scientists' archaeologists dealing with the Bronze Age of Eurasian steppe zone are given.

Keywords: collection, Bronze Age, vessel, ceramics, ornaments, Central Kazakhstan.

МУЗЕЙ В СИСТЕМЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ (из опыта Центрального государственного музея РК)

Кущенко А.В. - магистр истории, руководитель Центра культурно-образовательной работы
Центрального государственного музея РК

В данной статье предпринята попытка анализа некоторых аспектов социокультурной коммуникации, в связи с возрастающей ролью музея в современном обществе на примере Центрального государственного музея Республики Казахстан. Рассматриваются вопросы межкультурной и межмузейной коммуникации, деятельность и роль ЦГМ РК в диалоге культур, а также вопросы, связанные с использованием различных стратегий развития и технологий, включая информационно-коммуникативную.

Ключевые слова: социокультурный институт, музейная коммуникация, информационные технологии, популяризация музея, социологические исследования, межмузейное взаимодействие.

Сегодня развитие культуры и культурного потенциала входит в число важнейших приоритетов развития многих народов и государств мира. Большая роль в развитии социокультурной коммуникации принадлежит музеям, которые имеют достаточно ресурсов, обладают широким спектром возможностей и значительным научным и образовательным потенциалом, чтобы способствовать диалогу и обогащению различных культур, что особенно важно в процессе образования, развития и воспитания личности и культурного развития общества, в целом. Музей является социокультурным институтом, центром передачи социокультурного опыта и пересечения научного, историко-идеологического и художественного пластов. В последнее время трактовка миссии музея соотносится с коммуникационным подходом, утвердившимся в музееведении и культурологии. Сегодня формируется новый имидж музеев в качестве центров межкультурной коммуникации, поскольку музей способствует культурному взаимодействию различных сообществ, субкультур, этносов, обмену опытом и установлению межкультурного диалога и сотрудничества. Именно музею, как центру диалога времен и культур, принадлежит особая роль в межкультурной коммуникации, в основе которой лежит совокупность специфических процессов взаимодействия людей, народов, принадлежащих к различным культурам и языкам. Музеи стремятся не только к развитию новых форм и способов коммуникации с обществом, но и находятся в поиске нового самоопределения и позиционирования в социальной среде. Роль музея в процессе социокультурной коммуникации видоизменяется, поскольку меняются запросы общества. Приоритетным направлением **в музейном деле на современном этапе** должны стать вопросы дальнейшего развития международного, межкультурного и межмузейного сотрудничества и использования инновационных, информационных, **коммуникативных технологий**. Открытым остается вопрос – разработка усовершенствованных систем музейной коммуникации, наряду с традиционными формами и функциями хранения, систематизации и популяризации музейных собраний.

Концепция развития Центрального государственного музея РК (далее ЦГМ РК), который является старейшим и крупнейшим музеем Казахстана, предусматривает прежде всего, изучение, сохранение и популяризацию историко-культурного наследия нашей страны. В рамках взаимодействия музея с обществом Центральный государственный музей РК активно осуществляет свою деятельность по всем направлениям – научно-исследовательская, культурно-образовательная, научно-фондовая. Кроме того, ЦГМ РК осуществляет экспозиционно-выставочную деятельность, развивает международные научные и культурные связи, проводит рекламно-информационную работу, и тем самым реализовываются такие функции музея, как культурно-образовательная и коммуникативная. Стоит особенно подчеркнуть, что ЦГМ РК впервые в истории музейного дела Казахстана в 2005 г. получил статус научного учреждения, что дало возможность выйти на качественно новый уровень научной, культурно-образовательной и международной деятельности. Центральный музей РК сегодня используют современные технологии, в числе которых проектная технология, технология «фандрайзинга» и «социального партнерства» - развитие и установление научного и культурного сотрудничества с различными общественными, коммерческими и международными структурами, основываясь на общих интересах в сфере музейного дела, культурного, социального и гуманитарного развития, что способствует укреплению культурных связей между странами и народами, развитию межмузейной и межкультурной коммуникации, направленной на обмен идеями, информацией,

ценностями и опытом. Благодаря расширенному взаимодействию с обществом реализуются международные значимые проекты в области развития отечественной науки, культурологии и музееведения.

Рассмотрим некоторые аспекты социокультурной, межкультурной и музейной коммуникаций:

1) Во взаимодействии музея с обществом ведущее место принадлежит сегодня *электронным коммуникациям* (базовая составляющая информационного менеджмента), которые открывают широкие возможности для развития и совершенствования системы управления музеями. В первую очередь, приоритетным и перспективным направлением музейной деятельности является внедрение в музейную работу инновационных информационных технологий, что будет способствовать увеличению посещаемости и поднимет рейтинг музеев республики, а также существенно скажется на развитии музейного дела Казахстана, в целом. Безусловно, сегодня привлекают посетителей современные технологии, такие как аудиотуры, аудиогиды, виртуальные конференции, мультимедийные программы, мобильные экспозиции, интернет-коллекции, световые и звуковые эффекты, 3D-технологии и т.д. Медиа-среда и Интернет стали не просто источником коммуникационного процесса и популяризации историко-культурного наследия, а нормой, жизненной необходимостью почти каждого музея. Важным направлением в деятельности музеев является использование новейших средств и форм коммуникации: создание информационных музейных ресурсов, к примеру, единого музейного веб-сайта, электронного коммуникативного центра по развитию музеев и обмену опытом, учитывая тот фактор, что сегодня общество стало более мобильным и имеет доступ к информационным сетям. И следующее — внедрение и развитие информационных систем в музеях позволит оптимизировать их работу, выйти на качественно новый уровень презентации своих услуг и коллекций, откроет широкие возможности для дальнейшего развития и реализации научного и культурно-образовательного потенциала и доступ к мировому музейному сообществу. Таким образом, активное использование информационных технологий усиливают эффект коммуникационного взаимодействия. Позиционируя себя в культурном пространстве (страны, мира), музей, как важный социокультурный институт должен быть известным и востребованным. Центральный музей РК широко представлен в системе Интернет – социальные блоки, порталы, веб-сайт, что позволяет привлечь дополнительную аудиторию. Рекламно-информационная и PR-деятельность ЦГМ РК направлена на решение коммуникативных задач, среди которых планирование и реализация PR-стратегии музея, призванная улучшить пути взаимодействия музея с обществом. Частью информационного менеджмента является издательская и публикаторская деятельность музея. В этой связи, актуальны сегодня использование в музеях для целей издательской и научной работы электронных каталогов и баз изображений вместо выноса непосредственно предметов из фондохранилища.

2) Повышение профессиональной квалификации сотрудников путем проведения международных и музейных форумов, тренингов, конференций, семинаров способствуют обмену профессиональным опытом между специалистами зарубежных стран в сфере науки, культуры и музейного дела, посредством чего также осуществляется межкультурная коммуникация. *Создание сети межмузейного и межпрофессионального взаимодействия* с международными структурами и учреждениями республики имеет важное значение для включения музея в единое информационное, культурное и научное пространство. Успешным примером развития межмузейного сотрудничества является программа «Музеолог» по электронной каталогизации музейных коллекций, разработанная и внедренная Центральным государственным музеем РК (директор Нурсан Алимбай) под эгидой ЮНЕСКО в 2003 г. ЦГМ РК регулярно вносит обновления по музейным коллекциям в базу данных программы и проводит координационную и методологическую работу по созданию информационных каталогов музейных коллекций в музеях Центральной Азии и Казахстана. Отметим, что ЦГМ РК стал первым музеем в центрально-азиатском регионе, который осуществляет проектную деятельность по международной программе «Museolog», представляющую принципиально новую форму инновационных технологий в музейном пространстве страны.

3) *Совершенствование системы музейного менеджмента качества (СММК)* предполагает внедрение инновационных подходов и методов в музейной работе, в частности в области развития и реализации информационных и PR-программ с использованием современных PR-технологий, которые являются одной из главных составляющих в организации маркетинговой деятельности и осуществлении коммуникативной политики музея. Сегодня важно музеям не только представить свои коллекции широкой публике, а заинтересовать и привлечь посетителя к деятельности музея, как полноправного участника социокультурного процесса коммуникации, используя различные приемы, формы и способы работы с аудиторией. Музеи могут вести полноценный межкультурный диалог и

общаться с разными возрастными и социальными группами, при этом музею необходимо использовать дополнительные ресурсы, насыщенными инновационными технологиями, создавать новый выразительный язык музейной экспозиции и новые продукты культурно-образовательной деятельности, среди которых PR- проекты, выставки, программы, специальные акции и др.

4) Из вышеизложенного вытекает следующее положение – необходимость проведения музеем социологических исследований с целью изучения и определения ценностных ориентаций и духовных потребностей посетителей. Важная роль отводится сегодня *музейной социологии*. Если экспозиция является основной формой музейной коммуникации, то главным субъектом музейного диалога является посетитель, который играет активную роль в пьесе музейной деятельности и задает основной ритм культурно-образовательной работе. С 2003 года ЦГМ РК проводит маркетинговые, социологические исследования методами анкетирования и опроса, позволяющие выбрать наилучшие пути взаимодействия музея с обществом, улучшить качество музейной работы, сделать музей более привлекательным для посетителей. Современные социологические исследования проводятся, традиционно, по трем основным направлениям: изучение потенциальной аудитории в целом, ее культурных установок, изучение мотиваций посещаемости музея, изучение обратной связи. Содержание культурно-образовательной и научной деятельности определяют результаты социологических исследований. В этом смысле социологические исследования в музее являются важным фактором формирования общественного мнения и инструментом оценки и повышения эффективности деятельности музея, решения конкретных социальных задач. За последние годы (2010-2015 гг.). ЦГМ РК, исследуя запросы и интересы посетителей, определил стратегию развития в области культурно-образовательной и выставочной деятельности, создавая разнообразные культурные и научно-образовательные продукты для общества – выставки, фестивали, акции, встречи-диалоги, интерактивные обучающие программы, которые выступают своего рода способом коммуникации с посетителем и выражением научных идей.

5) *Активизация культурно-образовательной деятельности является одной из приоритетных задач работы музея в системе социокультурной коммуникации.* Немаловажным является вовлечение посетителя в музейную коммуникацию с помощью новых методик, способов и технологий, используемых в процессе воспитания и обучения. Это ставит новые задачи перед музеями и непосредственно перед музейной педагогикой, как способом коммуникации с посетителем, его приобщением к музею и духовным ценностям. Реализация музеем культурно-просветительной и образовательно-воспитательной функций приобретают большое значение для социокультурного развития общества. В настоящее время Центральный музей РК осуществляет активную культурно-образовательную и музейно-педагогическую деятельность, которая включает разработку и реализацию выставочных, художественных, культурно-досуговых и образовательных проектов, направленных на привлечение посетителей в музей и их знакомство с историко-культурным наследием. Ежегодно в музее проходят до 150 мероприятий различной направленности. Расширение форм и методов работы с аудиторией является основой для эффективного осуществления социокультурной, коммуникативной политики музея. Создаваемые музеем выставки и экспозиции – это важный ресурс для образования и воспитания, а также понимания традиционной культуры.

6) *Особую роль в процессах социальной коммуникации играют социально-культурные события музея и реализация культурно-образовательных и научно-исследовательских проектов, посвященных истории и культуре Казахстана.* Важным направлением международной деятельности отечественных музеев является организация историко-этнографических, археологических, художественных и др. выставок из музейных фондов в различных регионах республики и зарубежных странах. Примером международного сотрудничества является реализация десятков проектов ЦГМ РК (с 2003 года, под руководством директора Нурсан Алимбай) в сотрудничестве с ведущими музеями мира и научными учреждениями. За последние годы, в рамках международного сотрудничества ЦГМ РК, с большим успехом проведены *выставки казахских коллекций* – в ОАЭ, Иордании, Египте, США, Италии, России, Германии, Японии, Корею, Франции. Археологические и этнографические коллекции, представленные ЦГМ РК за рубежом, в рамках международных проектов, во – первых, отражают многообразие и палитру казахской истории и культуры, во-вторых, способствуют развитию диалога и взаимодействию культур, распространению знаний и пониманию ценностей своего и других народов, что укрепляет и расширяет границы межкультурного общения и сотрудничества. Научный потенциал и богатые фондовые коллекции позволяют музею не только представить свои раритеты за рубежом, но и проводить на высоком научном уровне исследования. Отметим, что ЦГМ РК с 2005 г. реализовано 19 научно-прикладных проектов по истории и культуре Казахстана, которые получили

высокую оценку и международное признание. В настоящее время ЦГМ РК тесно сотрудничает с крупнейшими ведущими российскими музеями – Музеем антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) и Российским Этнографическим музеем (РЭМ) по реализации совместных историко-этнографических проектов.

7) Изучение и развитие музейного дела через призму теории коммуникации помогает увидеть музей, как в его внутренних связях, так и внешних – с учреждениями культуры, науки, образования, что находит воплощение в музейных концепциях и практической работе. Именно социальное партнерство, на которое ориентируется сегодня ЦГМ РК, обеспечивает эффективность культурно-образовательной и научной деятельности. Важнейшими задачами музея при этом являются – постоянное взаимодействие с общественностью и выстраивание партнерских отношений, расширение посетительской аудитории и использование новых технологий и методов работы. За последнее годы, музей привлек к себе внимание достаточно партнеров. Именно выставки, мероприятия музея – своего рода площадка для наведения тематических мостов с различными группами, соединения разноуровневых, заинтересованных, разноплановых субъектов. Музей сотрудничает с представителями разных по своему тематическому и социальному содержанию культурных движений (это – национально-культурные и образовательные центры г. Алматы, деятели науки, культуры искусства, творческие студии, общественные фонды), которые стали потенциальными партнерами музея. Сотрудничество музея с педагогами, художниками, фотографами, коллекционерами, писателями, музыкантами и другими людьми творческих профессий в области популяризации национальной истории и культуры уже давно стало общим делом. Творческие организации, коллективы художественной самодеятельности, театры, галереи, учебные заведения, международные и коммерческие структуры активно участвуют в культурно-образовательной деятельности музея посредством организации совместных выставок, фестивалей, презентаций, творческих встреч, концертов, благотворительных мероприятий и т.д. Единая цель, которая всех объединяет – популяризация истории, культуры и искусства Казахстана, сохранение историко-культурных ценностей.

Выделенные факторы взаимодействия музея с обществом и его направления деятельности определяют, по нашему мнению, *многоуровневый характер социокультурной, межкультурной и музейной коммуникации.*

Резюмируя отметим, что в последнее время функции музеев видоизменяются, поскольку меняются общественные запросы. Особенностью современного музея является передача информации через различные формы научной и культурно-образовательной деятельности. В этом отношении, Музей является важнейшим элементом инфраструктуры социокультурной коммуникации, центром научной обработки, систематизации информации и знаний. Сегодня Центральный государственный музей РК зарекомендовал себя как авторитетный научно-исследовательский, культурно-образовательный и коммуникативный центр, который продолжает успешно функционировать, сохранять и экспонировать широкой публике уникальные коллекции по культурно-историческому наследию страны.

1 *Музейное дело России.* - М., 2010. – 489 с.

2 *Музейная коммуникация: модели, технологии, практики.* – М., 2010. – 199 с.

3 *Архив ЦГМ РК: отчеты (2005-2015 гг.).*

Түйіндеме

Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музей мысалында, замануи қоғамда әлеуметтік мәдени коммуникацияның кейбір аспектілерін сараптауға әрекет жасалды. Мәдениетаралық және музейаралық коммуникация мәселесі, мәдениет диалогындағы ҚР МОМ қызметі мен маңызы қарастырылды, сонымен қатар ақпараттық-коммуникацияны қоса алғанда, даму және технологиялық түрлі стратегияны пайдаланумен байланысты.

Түйін сөздер: әлеуметтік мәдени институт, музейлік коммуникация, ақпараттық технологиялар, музейді дәріптеу, әлеуметтік зерттеулер, музей аралық әрекет.

Summary

In this article is undertaken the analyses of some aspects of social-cultural communication in connect with increasing role of museum in modern society by the example of Central state museum of Republic of Kazakhstan. Now it is considering the questions of intercultural and intermuseum communications activity and role of CSM RK on a cultural dialogue, also questions connected with the usage of different strategies of developing and including informational-communicational technology.

Key words: sociocultural institution, museum communication, informational technology, popularization of museum, social research, intermuseum interaction.

ҚАЗАҚ РУ-ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ҰРАНДАРЫ

Досымбетов Н.А. - Алматы қаласы, гуманитарлық ғылымдар магистрі
ҚР Мемлекеттік орталық музейінің кіші ғылыми қызметкері

Мақалада қазақ халқының ұлт болып ұйысуында өзіндік символикалық мәні жоғары болған ру-тайпалардың ұрандары қарастырылған. Автор ұран сөзінің мағынасын, қалыптасу тарихын, түрлерін көптеген зерттеушілердің еңбектерін негізге ала отырып талдау жасайды. Қазақ ру-тайпаларының ұрандары рудың шежіресімен тығыз байланысты болғандықтан, шежірелік аңыздар да зерттеу нысанынан тыс қалмайды. Себебі, батырлардың есімдері ру ұранына қалай айналғандығы туралы ел ішінде көптеген аңыздар сақталған.

Тірек сөздер: Алаш, аттан, жеті жарғы, жүз, ру, тайпа, төре, қожа, ұран.

Қазақ халқының ұлт болып қалыптасу тарихында ұран, таңба сынды рәміздік мәнге ие ұғымдар жоғары рөл атқарған. Халықты, ру-тайпаны аса маңызды іске, мақсатқа жұмылдыру үшін жігерлендіре, рухын көтеру мақсатында жар сала айтылатын дабыл сөзді ұран деп атайды. Өйткені, ұран тұтас қауымды біртұтас етіп, ортақ мақсатқа жұмылдырып, күш-жігер қосатын, патриоттық сезімін оятатын, рух беретін ерекшеліктерге ие қасиетті ұғым. Бұл жөнінде Орынбор Шекара Комиссиясының чиновнигі Л.Баллюзек қырғыздар (қазақтар) үшін әдет-ғұрыптардың бірде-бірі дәл ұран сияқты қасиетті бола алмайтындығын айрықша атап өтеді [1, с. 245]. Л.Баллюзектің айтуынша, ұран бүкіл руластарды, тіпті олардың дос-жарандарына да, басқа рудағы құда-жекжаттарына да қарсы шапшаң түрде жұмылдыра алатын күшке ие. Өйткені, қазақ өзіне таныс ұранды естіген бойда-ақ өзге дүниені ұмытады.

Дәстүрлі қазақы ортада, негізінен, ел басына қиын-қыстау заман туғанда ақылымен, ерлігімен көзге түскен тұлғалардың есімдері мен атамекен атаулары ұранға айналған. Әсіресе, қазақ халқы үшін ауыр қасірет әкелген жоңғар шапқыншылығы тұсында атқа мінген көптеген қазақ батырларының есімдері бір ғана емес бірнеше рулардың да ұрандарына айналып отырды. Мысалы, сол тұста Жетісу өлкесінде қол бастаған Райымбек батыр есімі өзінің шыққан руы Албан руларынан өзге осы өлкені мекен еткен Суандардың да ұран салу дәстүрінде кездеседі.

Ұран ұғымының тарихи бастауларын түрік халықтарының шежірелік дәстүрінде Шыңғыс ханмен байланыстыратын аңыздар көп. Бұл жөнінде татар оқымыстысы Ибрагим Хальфиннің 1822 жылы қазанда жарық көрген «Ахуал Шыңғыс хан уа Ақсақ Темір» атты еңбегінде Шыңғыс хан династиялық әулеттің негізін салушы ретінде қарамағындағы бағынышты ру-тайпалардың билерін тағайындап, руларға рәміздік белгілерді – таңбалар, ұрандар, ерекше құстар мен ағаштарды белгілеп бергендігі туралы баяндалады [2]. Мәселен, Қоңырат би оғлы Сеңлеге «Қоңырат», Үйсін Майқы биге «Салауат», Қыпшақ биге «Тоқсаба» ұран ретінде берілген. Осы тектес аңызды Ш.Құдайбердіұлы да өз шежіресінде келтіріп, қазақ халқындағы ұран ұғымының түп қазығын Шыңғыс ханмен байланыстырады [3, 16 б.].

Дәстүрлі қазақы ортада ұранның әрбір ру-тайпаның, халықтың функционалдық мәні үлкен атрибуты болғандығын эз Тәуке ханның (1680 – 1715-18 жж.) әйгілі «Жеті Жарғы» заңдар жинағынан да байқауға болады. «Жеті жарғының» Саққұлақ би нұсқасында «*Әр рудың ұраны, таңбасы болсын*», – деген арнайы бап (113-бап) кездеседі [4, 313-389 б.]. Бұл ұранның мемлекеттік идеологиялық күш ретінде жұмыс атқарғандығын көрсетеді.

Қазақ қоғамында әр ру-тайпаларының өзіне тән ұраны болғаны секілді (**караныз кесте**), төрелердің де, қожалардың да және өзге де жүзге кірмейтін рулардың өз ұрандары болған. Оны қазақ халқында кездесетін «*Арқар ұранды төре*», «*Алла ұранды қожса*», «*Алаш ұранды қазақ*» деген сөз тіркестерінен көре аламыз.

Қазақ ру-тайпаларының ұрандары халықтық, жүздік, рулық болып жіктеліске түседі. Ең алдымен жалпы қазақ халқына ортақ Алаш ұранына тоқталсақ. Бұл туралы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы келтірген «*Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған?»* атты аңызда: «*Бұрынғы заманда қазақтың «Жүз» деген аталарының аты болса керек. «Алаш» деген де аталарының аты болса керек. «Жүз» деген атты руға, «Алаш» деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда, «Алаш, Алаш» – деп шабыңдар!. «Алаш, Алаш!» – дегенді әкең де болса, ұрып жық!» – деп бата қылысыпты» [5, 131-135 б.], – деген жолдар кездеседі.*

Ұлы жүз ұрандары – Бақтияр, Қабылан, Орта жүз ұраны – Ақ жол, Кіші жүз ұрандары – Алшын, Алдияр, Тұлпар тәрізді ұрандар қазақтың жүздік құрылымдарына тән. Бұл жүздерге тиесілі ұрандар

кейбір ру-тайпалардың да жекелеген ұрандары болып табылады. Сондай-ақ, шежіреде түп атасы бір болғандықтан кейбір ру-тайпалардың ұрандары да бірдей болып келеді. Мысалы, Дулат, Жалайыр, Ошақты руларының ұраны – Бақтияр болса, Қаңлының ұраны – Бәйтерек. Бұл қазақ ұрандарының шежіремен шендесіп жатқандығының айғағы. Шежіреде Қаңлы мен Шанышқылы Бәйтеректен тараса, өзге Ұлы жүздің руларын Бақтиярдан таратылады [6, 111-120 б.].

Жалпы қазақ халқында ұрандардың қолданысқа шығу негізі рулардан бастау алады. Белгілі рудың батыры ең алдымен, ерлігімен көзге түсіп өз руының ұранына айналса, кейіннен даңқы үш жүзге тараған тұлғаға айналғанда есімі жүздік немесе халықтық ұрандарға айналып жатады. Мәселен, жоңғар шапқыншылығына қарсы шайқастар барысында қол бастаған хандардың, батырлардың есімдерін бүкіл қосын ұрандатып, атой салған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Үйсін Төле бидің түйесін баққан Сабалақтың қалай Абылай атанғандығы туралы аңызда елеусіз жүрген Сабалақ жоңғарға қарсы жорықта «Абылай, Абылайлап» ұрандатып шапқан. Осы шайқаста ерлік көрсеткендіктен, Абылай атанып, есімі ұранға айналған [7, 17-20 б.].

Ел аузындағы аңыздардың бірінде шайқаста хан Абылай өзін құтқарып қалған Тоғанас батырды шақыртып: «Сенің есімің – елде жоқ есім екен, елде жоқ есімді иеленген адам бір тайпаға көсем болуға лайық. Лайықтығыңды ісіңнен көрдім. Атың бір рулы елге ұран болатындай-ақ ер екенсің. Көп жаса, шырағым», – депті. Аузы дуалы Абылайдың сөзінен соң, кейін Тоғанастың аты күллі Сіргеліге ұран болып қалыптасыпты [8, 155-158 б.].

Кесте

Ұлы жүз ру-тайпаларының ұрандары					
№	Ру атауы	Ұраны	№	Ру атауы	Ұраны
1.	Албан	Райымбек	7.	Сарыүйсін	Байтоқ
2.	Суан	Байсуан, Райымбек	8.	Шапырашты	Қарасай, Бақтияр
3.	Жалайыр	Бақтияр, Қабылан	9.	Қаңлы	Айырылмас, Бәйтерек
4.	Дулат	Бақтияр	10.	Ысты	Жауатар
5.	Ошақты	Бақтияр	11.	Шанышқылы	Айырылмас, Бәйтерек
6.	Сіргелі	Тоғанас			
Орта жүз ру-тайпаларының ұрандары					
№	Ру атауы	Ұраны	№	Ру атауы	Ұраны
1.	Арғын	Ақжол, Қарақожа	5.	Қыпшақ	Ойбас
2.	Найман	Қаптағай, Қабанбай	6.	Қоңырат	Алатау, Мүкәмал
3.	Уақ	Бармақ, Жаубасар	7.	Тарақты	Жаубасар, Жауқашар
4.	Керей	Ақжол, Жаубасар, Ошыбай			
Кіші жүз ру-тайпаларының ұрандары (Он екі ата Байұлы)					
№	Ру атауы	Ұраны	№	Ру атауы	Ұраны
1.	Шеркеш	Шағырай	7.	Тана	Тана
2.	Ысық	Бәйтерек	8.	Жаппас	Баймұрат, Бақтыбай
3.	Байбақты	Дәуқара	9.	Беріш	Ағатай
4.	Масқар	Қаратай	10.	Адай	Бекет, Тегелен
5.	Алаша	Алтыбас, Байбарақ	11.	Есентемір	Алдоңғар
6.	Қызылқұрт	Жиенбай	12.	Таз	Бақай, Төремұрат
Кіші жүз ру-тайпаларының ұрандары (Алты ата Әлімұлы)					
№	Ру атауы	Ұраны	№	Ру атауы	Ұраны
1.	Кете	Майлыбай	4.	Төртқара	Айыртау
2.	Шекті	Айыртау, Бақтыбай, Жанқожа	5.	Қарасақал	Алдажар
3.	Қаракесек	Ақпан	6.	Шөмекей	Дөйт
Кіші жүз ру-тайпаларының ұрандары (Жетіру)					
№	Ру атауы	Ұраны	№	Ру атауы	Ұраны
1.	Телеу	Арғымақ, Тұлпар, Ханзада	5.	Керейт	Ақсақал, Үнтүм
2.	Рамадан	Дулат, Қайғұлым	6.	Табын	Алаш, Серке, Гостиған
3.	Тама	Қарабура	7.	Жағалбайлы	Манатау
4.	Кердері	Қожахмет			

Шежірелік аңыздарда батырлардың шайқаста көрсеткен ерлігі үшін өз руының ұранын сұрап алған оқиғалар да кездеседі. Сондай аңыздардың бірінде жас батыр Ағатайдың өзі руға ұран болуын қалап сұрап алғандығы баяндалады: *«Ағатайдың жасы он алтыға толғанда, елді жау шауып кетіп, ауыл адамдары жауды қумақшы болады. Ағатай бірге барғысы келсе де, әкесі жібермейді. Жұрт кетіп қалғасын қолына бір қылыш алып, Ағатай тай мініп қуып жетеді. Жұрт оған: «қал» дейді. «Орталарыңа бір есер керек, мені қумаңдар» – дейді. Сонымен жауды қуып жетіп соғыс болғанда, Беріш жағы жеңіліп қалады. Жау арасында қалып қойған Ағатай жаудың артында шауып отырып бір-бірлеп құлата береді. Жаудың саны азайып кейін шапқанда, Ағатай «Ағатай, Ағатайлап» айқай салып, қуа жөнеледі. Беріштің адамдары да қуып, жаудың қалғанын тұтқынға алады. Осы жолы Ағатай олжа алмайды. Енді не керек дегенде: «Беріштің ұранын берсеңдер болады» – деген екен [8, 293-294 б.]. Сонымен Беріштің ұраны жас батыр Ағатайдың атымен аталатын болады.*

Жауынгерлік ерліктен өзге дін жолында рухани ұстаз болған әулиелердің де есімдері ұранға айналған. Мысалы, қожаның ұраны – Қожа Ахмет, таманың ұраны – Қарабура. Қожа Ахмет Ясауи туралы аңыздардың бірінде, ол өлерінің алдында өзін қара бура мініп келген кісі алып кетіп, жерлейтіндігі жөнінде айтады. Сол айтқандай, Сұлтанның денесін алып кетуге келген Тама өзін диуана, шейх етіп көрсетіп, Сұлтанның мүрдесін Қара бураға өңгеріп алып кетіп, Қожа Ахмет Ясауидің аманатын орындаған. Кейіннен халық Таманы «Қара Бура Әзі» атап кетіп, есімі бүкіл тама руына болған [8, 323-324 б.].

Қазақ халқында есімі ұранға айналған әйел адамдар да кездеседі. Бәйдібектің Нұриладан туған қызы Қызайым он жеті жасында найман еліне ұзатылады. Барған жерінде тәрбиелі мінезі, тәлімгерлік ісімен елге танылып, ел ішіндегі даулы істерге араласып, әділ шешімдерімен халықтың анасына айналады. Ұрпақтары есімін ұранға алып, Найманның ішіндегі Қызай руы атанады [9, 17 б.].

Көшпелі ортада жер-су атаулары да ұран ретінде қолданылған. Мәселен, қоңыраттардың Алатау ұранын атап өтуге болады. Бұл жөнінде ел аузында аңызда сақталған. Аңыз желісі бойынша, *қоңыраттар Шыңғыс ханның жорығына қатты қарсылық білдіргендіктен, «қоңырат» дегенді өлтіре беріпті. Солай бола тұрса да, қоңыраттың бір қызын алады. Ол кісі 7 жасар Мейрамды (інісі) сандыққа салып жасырып жүреді. Шыңғыс ханның бір көңілді кезін пайдаланып: «Сіз үлкен қателестіңіз, өзіңіз қайынсыз, балаңыз нағашысыз, әйеліңіз, мен төркінсіз қалдық», деген екен. Сонда Шыңғыс хан «Қоңыраттан ұрпақ болса, Алатаудан асыра көтерер едім» деген сөзі деген екен. Сонда сандықтағы Мейрамды шығарып көрсеткен екен. Қоңыраттың «Алатаулап» ұран шақыратыны содан қалған екен [8, 248-249 б.]. Бірақ, Алатау ұранын тек қана жер-су атауынан шыққан десек, Қаратаудың етегін мекен еткен қоңыраттардың Алатау деп ұрандатуы қисынға келіңкіремейді. Демек, аталмыш ұран адамның есімінен шыққандығы даусыз. Өйткені, қоңыратта Тәуекел хан тұсында ерлігімен көзге түскен, Есім хан тұсында бас қолбасы болған Алатау (шын есімі Өз-Ғараб) батыр Бесайдарұлы атты батыр данқы Үш жүзге тараған. Демек, қоңыраттардың Алатау ұранын жер-су атауына да, кісі есіміне де жатқызуға болады.*

Жер атауына байланысты қалыптасқан келесі бір ұран Кіші жүздің Төртқара руына тиесілі. Бұл жөнінде, шежірелік аңызда Әлімнің балалары Қаратаудың солтүстігіндегі, Ұлытауға жақын «Айыртау» жайлауында мекендеген екен. Сол тұста Қарамашақ 21 жасында қалмақтармен соғыста шейіт болып, Айыртауға жерленіпті. Қарамашақтан қалған төрт қара бала Жаманақтың қамқорлығында, тәрбиесінде өсіпті. Ал Жаманақ болса осы төртеуіне: *«Сен, төрт балам, Қарамашақтың баласысыңдар, әкең – Қарамашақ, әкең осы жерде соғыста қайтыс болды, әкең Қарамашақ екенін ұмытпаңдар, өскен соң «Айыртаудағы» әкеңнің бейітіне келіп зиярат етіп, дұға оқып тұрыңдар, мен сендерді – «төрт қарамды» ер жеткізіп, ел қатарына қосып жіберсем, арманда жастай марқұм болып кеткен інім Қарамашақтың рухы риза болып, оған деген туыстық, ағалық борышымыңды ақтаған болар едім»* – деп күніне бір рет айтып, санасына сіңіре берген екен дейді. Ел қатарына қосылған төрт бала Қарамашақтың баласымыз деп өсіпті. Жауға шапқанда әкесі Қарамашақтың бейітіне барып дұға оқып шыққан соң, «Қарамашақ», «Қарамашақ», «Айыртау», «Айыртау», деп ұрандап, атой салады екен. Осыдан тараған ұрпақтар Төртқара атанып, Қарамашақтың жерленген жері «Айыртау» олардың ұранына айналыпты [8, 313-314 б.]. Айыртау деген кісінің аты Төртқара руының шежіресінде кездеспейді.

Жоғарыда көрсетілген аңыздарды қорыта келе, қазақ ру-тайпаларының ұрандарын кісі есімдеріне, жер-су атауларына және жер-су атауына да, кісі есіміне де жататын ұрандар деп үш топқа жіктеуге болады. Кісі есімдеріне Бақтияр, Райымбек, Қарасай, Бекет т.б., ал жер атауларына Айыртау, Алтай ұрандары жатады. Қоңыраттың Алатау ұранын кісі есіміне де, жер атауына да жатқызуға болады.

Бұдан өзге «Аруақ», «Аттан» сынды ұран салу үлгілері қалыптасқан. Атап айтқанда, қазақ халқы ел ішіне жау шапқанда «Аттан» салып ұрандатса, шайқастар мен жекпе-жек ұрыстарда «Аруақ» деп ұран шақырған.

Қазақ халқын «туған жер», «ата-баба» сынды қасиетті ұғымдар біріктіре түседі. Демек, ру-тайпалардың ұрандары қазақ халқының ұлт болып ұйысуында өзіндік символикалық жоғары мәнге ие болғандығы даусыз. Өйткені, қазақ ру-тайпаларының ұрандарын әйгілі тұлғалардың есімдері мен жер-су атаулары құрайды.

1 Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой киргизской орде силу закона // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 6-том. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – С. 205-246.

2 Хальфин И. Жизнь Джингизь-хана и Аксакъ-Тимура. – Казань: Университетская типография, 1822.

3 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хам хандар шежіресі. – Алматы: Сана баспасы, 1991. – 80 б.

4 Саққұлақұлы Е. Есім ханның ескі жолы // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 4-том. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. –145-152 б.

5 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. Т.8. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 312 б.

6 Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне келіп түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). – Алматы: Атамұра, 1994. – 160 б.

7 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. Т.9. – Алматы: Ел-шежіре, 2009. – 352 б.

8 Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.83: Шежірелік аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012. – 448 б.

9 Суан шежіре: Ұраны – Байсуан, Таңбасы – Абақ / Құрастырушы: С.Есімұхамбетов. – Алматы: Жалын, 1993. – 144 б.

Резюме

В статье рассмотрен родо-племенной боевой клич союза казахских племен – собственно национальная символика казахского народа, сыгравшая значительную роль в период формирования казахской нации. Автор, акцентируя внимание на смысловом значении боевого клича, историю формирования различных его типов, основываясь на трудах исследователей, дает полный его анализ. В связи с тем, что казахский родо-племенной боевой клич тесно увязан с родо-племенной летописью, не остались вне поля зрения исследователей и летописи и легенды. Ибо, в устах народа сохранилось множество легенд о том, как имена батыров превращались в родовой боевой клич.

Ключевые слова: Алаш, аттан, жети жарғы, жуз, род, племя, торе (чингизид), ходжа, клич.

Summary

The article reviewed the battle cry of Kazakh tribal alliance – their own national symbols of the Kazakh people, who played a significant role during the formation of the Kazakh nation. The author, focusing on the semantic meaning of a rallying battle cries, the story of the formation of its various types, based on the work of researchers, provides a complete analysis of it. Due to the fact that the Kazakh tribal battle cries closely linked to tribal chronicle, did not remain outside the purview of researchers and chronicles and legends. In the memory of the people survived many legends about how the names of the warriors turned into a generic battle cries.

Key words: Alash, attan, seven establishment, juz, race, tribe, tore (shingizid), kodja, battle cry.

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ КОСТИҮМІНДЕ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН МАТЕРИАЛДАР (ҚР Мемлекеттік Орталық музей коллекциялары негізінде)

Қоғабасева Г. - *ҚР Мемлекеттік Орталық музейі, этнология және антропология орталығының жоғары категориялы жоғары дәрежелі қор сақтаушы маманы*

Мақалада ҚР МОМ қорындағы киім-кешек коллекциясы негізінде дәстүрлі киім-кешек тігуде пайдаланылатын негізгі материалдар туралы сөз болады. Коллекциядағы ұлттық киім-кешек негізінде төрт түліктен алынатын тері, жүн өңдеуді іске жарату әдіс-тәсілдері, сапасы этнографиялық тұрғыдан талданылады. Сондай-ақ көршілес елдермен сауда-саттықтың дамуы нәтижесінде сырттан әкелінген маталар да қарастырылады.

Тірек сөздер: тері, былғары, пұшпақ, күдері, жүн, сақтиян, тарамыс, шегірен, шыт, миткаль, барқыт, атлас, парша, камқа.

Киім-кешек – мәдениеттің үлкен бір компоненті және өнеркәсіптің даму көрсеткіші болып табылады. Оның сәнделуі мен эстетикасындағы өзіндік ерекшеліктер белгілі бір мәдениеттің төлтумалығынан, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік құрылымынан хабар береді.

Дәстүрлі мәдениетте қазақтың ұлттық киім-кешегінің сәні мен эстетикалық құндылығы оның дайындалатын материалына және сәнделіп әшекейленуіне байланысты болғанымен, бұл тақырыпта жазылған ғылыми зерттеулер саны мардымсыз. Алайда дәстүрлі қазақ киім-кешегінде пайдаланылған материалдар туралы деректерді орыс және шет ел саяхатшыларының экспедиция барысында жинақтаған музейлік коллекциялар қорынан табуға болады. Ғасырлық тарихы бар дәстүрлі киім-кешектер туралы құнды ақпарат беретін музейлік коллекцияларға толы ҚР Мемлекеттік Орталық музейі (әрі қарай ҚР МОМ) солардың бірегейі болып табылады. Сондықтан да ҚР МОМ қорындағы баскиім, бойкиім, сырткиім және аяқкиім тігуде пайдаланылатын материалдардың типтік түрлері, олардың сапасы, пішілуі, тігу техникасы, сәнделуі сияқты мәселелерге этнографиялық тұрғыдан талдау жасаудың ғылыми-практикалық мәні зор.

Қазақтың ұлттық киім-кешегі жылдың төрт мезгіліне сай көшіп-қонуға ыңғайлы етіліп тігілді. Дәстүрлі ортадағы киім-кешектер негізінен төрт түліктен алынатын жүн, түбіт, қыл, тері сияқты шикізаттың алуан түрлерін әртүрлі технологиялық тәсілдермен өңдеу арқылы алынған жіп, киіз, қырым, былғары, өңделген тері, елтірі түрлері өнімдерінен жасалды. Сондай-ақ шаруашылықтың қосалқы түріне жататын аңшылық кәсіптен түскен аң, құс терілері, қауырсын, пұшпақ сияқты өнімдері киім-кешекті сәндеуге кеңінен қолданылды [1, 566-568; 2, 345; 3, 93-144].

Қазақ жеріне саяхат жасаған жиһанкездердің жолжазбалары мен қытай жылнамаларында Орта Азияны мекендеген көшпелілер тері, жүн және бағалы аң терілерінен дайындалған киім-кешекті кең қолданғандығы туралы жиі айтылады. Солардың арасында Сейфидің 1582 жылы жазылған шығармасында қазақтардың киімі туралы қызықты мағлұмат бар. Ол былай деп жазады: «...олардың күртелері қойдың терісінен жасалған, әртүрлі түске боялады да, атласқа ұқсайды, оларды Бұқараға әкеліп, атлас шекпеннің құнымен бірдей бағаға сатады» [4, 56-62]. Яғни бұдан, киім-кешек тігуде кең пайдаланылған малдың иленген терісі, былғары, жұқа киіз, түйе, қой, ешкі жүні, түбітінің жоғары бағаланғандығын, құндылығын байқауға болады.

Қазақтың көшпелі шаруашылығынан алынатын малдың терісі мен жүні негізгі тұрмыстық қажеттіліктерді толық өтеп отырған. Қолдану аумағы жағынан шикізат ретінде теріден тігілген киім-кешек түрлері басты орында тұрды. Әсіресе, төрт түлік малдың терісі өте қымбат шикізат болып табылады. Соның ішінде ірі қараның терісін сиыр терісі, өгіз терісі, тайынша терісі, бұзау терісі деп топтастырылады. Ал жылқы терісін – *бие* терісі, *жабағы* және *құлын* терісі деп, түйе терілерін *атан* және *бота* терісі, ешкі терілерін *жүндес* тері, *тақыр* тері, *түбітті* тері, *серке* терісі, *лақ*, *мари* терісі деп бөледі.

Дәстүрлі мәдениетте жылу сақтайтын сапалы материал ретінде теріні қолданудың алуан түрлі техникалық әдіс-тәсілдері қалыптасқан. Терінің түгін алмай илеуден өткізіп, оны көбіне сырткиім тігуде қолданған, сонымен қатар, түгі алынған (*былғары*, *қырым*, *жарғақ*, *күдері*) терілер де пайдаланылған. Теріден баскиім түрлері, ішік, тон, дақы, қыстық шалбарлар тігілген. Ал аяқкиім тігуде сиыр терісі таптырмас материал болып саналған екен. Қойдың, ешкінің, тайлақтың пұшпақтарынан құрап ішіктер тігілген. Сондай-ақ С.Паллас XVIII ғ. кедей қазақтар киіктің терісінен

киім тіккен деген деректерді айтады [5, 567]. Расында да қазақы ортада киік, бөкен, құлан, тауешкі сияқты қазақтар «қоңыр аң» деп атаған аңдар терілерін өңдеу мал терісіне қарағанда қиындық тудырмаған. Яғни, әлеуметтік деңгейге байланысты киім тігуде қолданылатын материалдар мен мата түрлері де сан алуан болғандығын көруге болады.

Малдың терісі жалпы үш қабаттан тұрады: сыртқы жүні, негізгі тері бөлігі, ішкі майлы көк ет пен шелді бөліктері. Терінің жүнін пайдаланылатын өніміне байланысты кейде жүнін сылып қырып алады немесе жидітіп түсіріп илейді. Ел арасында мал терісін илеудің *екі* әдісі бар: біріншісі – теріні толық малмаға малып батырып илеу, екіншісі – иді терінің шел жағынан бетіне әлденеше рет жағып «иі жағып илеу». Теріні сырт киімдерді тігуге қолдану үшін терінің жүнін алмай өңдеуден өткізген. Сондай-ақ терінің қай малдан алынғандығына байланысты оның түр-түсі де жүні мен қылшығының жуан-жіңішкелігіне қарай әр түрлі болып келеді. Ал терінің сапасы малдың жасы ұлғайған сайын қалындап, төмендейді, ұрғашы малдың терісі еркек малға қарағанда биязы әрі сапасы жоғары болып келеді.

Сондай-ақ қазақ киім-кешегінің ішінде аң терілерінен тігілген киім үлгілері ерекше бағаланған. Әсіресе, түлкі, сусар, құндыз, күзен, қарсақ, қоян терілері көбінесе жағалы киім мен баскиім түрлерін тігуге және сәндеуге қолданылған. Тіпті аң терілерінен дайындалған киім үлгілері қыз жасауының құрамында, сондай-ақ құдандалық салтта, сый-сияпат тартуда (киіт, тарту-таралғы) құнды тарту-таралғы болып саналған.

Жалпы, мал терілері *пұшпақ, мойын, жондық, бауыр, сауыр, үйектік* деп бөлінеді. Әсіресе, малдың немесе аңның сирақ терісі – пұшпақ жұмсақ, жеңіл әрі жылууды жақсы сақтайтын қасиетіне байланысты балалардың киіміне және ауақаттылар арасында кең қолданылған. Сондай-ақ жабайы аңдардың пұшпақтарынан тігілген *пұшпақ ішік* пен *пұшпақ бөріктер* үлкен сұранысқа ие болған. Мұндай пұшпақ ішіктер мен бөріктер ҚР МОМ қорында сақталған.



Сурет 1. Пұшпақ ішік. ҚР МОМ қорынан (КП 12785)

Солардың бірі – түлкі пұшпағынан құрап тігілген пұшпақ ішік (КП 12785). Ол сұр түсті жай матамен тысталған. Жон жағына 20 x 50 см көлемді тауешкінің терісі күсілген. Тері мен тыс арасына жұқалап *бидайы* салынған. Астар мен тысы біріктіріле алшақ тігілген. Жаға, етек, жеңі айналдыра құндыз терісімен жұрындаған. Ерекше бағаланатын мұндай ішік біркиер киімдердің, яғни сәнді, салтанатты киім қатарына жатқызылады [6, 90]. Сондай-ақ Жетісу мен Алтай өңірлерінде сусар терісінен тігілген *сусар ішік, сусар бөрік, сусар жағалы* тондар құдалықта киітке, қыздың жасауына берілетін қымбат бұйымдар қатарына жатқызылған. Көшпелі ортада аса жоғары бағаланатын сусар терісімен жұрындалған бөрік кию бекзадалар мен бектердің қоғамдық мәртебесін білдіретін көрсеткіш іспетті болған.



Сурет 2. Сусар терісінен тігілген пұшпақ ішік. ҚР МОМ қорынан (КП 9247)

ҚР MOM қорында КП 9247 нөмірлі сусардың пұшпағынан тігілген *пұшпақ ішік* сақтаулы. Оның жағасы, жені, өңірі мен етегі құндыз терісімен жұрындалған. Ішік өрнек бедерлі, күрең қызыл қытай жібегімен тысталған. Сусар терісінен тігілген ішік жағаларына қырау тұрмайтындықтан жоғары бағаланған [6, 246-247].

Сонымен қатар дәстүрлі қазақ мәдениетінде бас киім мен сырт киім тігумен қатар аяқ киім тігуде пайдаланылатын материалдар да жануарлар мен аңдардың түрлеріне, шикізаттың илену тәсіліне байланысты түрлері мен атаулары бірнеше топқа бөлінеді. Етікшілер қолданатын өңделген материал атаулары мынандай: тайынша терісінен жасалғаны опайке, жылқы, ешкі терісін – көзел, қой терісін – шегірен, сиыр терісінен былғары, боялғанын құрым, өңделген жұқа теріні – сактиян деп атаған екен [7,57]. *Шегірен, сактиян, күдері* деп аталатын былғарының түрлері өндірістік негізде алынып, қолданылады. Қазақ арасында етік тігуді кәсіп еткен шеберлер аталмыш материалдардан өкшелі және өкшесіз аяқкиім үлгілерін тіккен. ҚР MOM қорында аталмыш материалдардан тігілген кебіс, етіктер сақталған. Әсіресе былғарыдан тігілген кебістер саны басымырақ. Сондай-ақ қазақ қолөнерінде әсіресе аяқкиім тігуде «*тарамыс*» деп аталатын ірі қараның сіңірінен алынатын берік жіп – таспа кең қолданылған. Тарамысты әзірлеу үшін ірі қараның желке, жіліншек сіңірлерін сылып алып, көлеңкеге іліп қойып кептіріп дайындайды. Кепкен тарамысты ағаш балғамен жаныштаса, ол тарамдалып, шашақтана жұмсарады. Кейін оны тарақпен тарап, оны біркелкі жіңішке талшықтарға айналдырады [8, 56]. Тарамыс жіп басқа жіптерге қарағанда берік болып келеді және шірімейді.

Келесі материал киім-кешек, әсіресе шалбар тігуде кең қолданылатын бұғы, ешкі, елік терілерінен май сіндіре өңделген былғары қанықпасы – *күдері*. Оның сәндік үшін оның сыртқы жүн жағын емес, астыңғы жұмсақ барқыт тәріздес түкті жағын пайдаланады. Пайдаланар алдында оны әбден ысқылап уқалап алу керек (9, 56-62). Маймен илеп өңдеу жолымен алынған күдеріні, сәнді шалбарлармен қатар, жылы уақытта киетін бағалы сырткиім тігуге жиі пайдаланған. ҚР MOM қорында сақталған ашыққоңыр (КП 7199) және сары түсті күдеріден (КП 627) тігілген, ала шытпен астарланған ер адамның күдері жарғақ шалбарларының балақтары төртбұрыш пішінді күдері қиықтарынан құралып, беттестіріліп тігілген. Күдерінің өте жоғары сапалысын *мақпал күдері* немесе *күдері мақпал* деп атаған. Күдерінің жай түрін лақ және тоқтының, сонымен қатар сүт емген бұзаудың терісінен, ал мақпал күдеріні киік, елік, қарақұйрық сияқты қоңыр аңның терісінен дайындаған.



ҚР MOM қорынан. КП 7199 жарғақ шалбарлар ҚР MOM қорынан. КП 627.

Күдері илеудің негізгі ерекшелігі – майы, шелі кетіріліп, ақ жем болған шикі теріге май сіндіру арқылы жасалуында. Күдеріге тән ерекше қасиет – оның барқыт сияқты мақпал түктілігі, сонымен қатар өте жұмсақ болса да жыртыла қоймайтын мықтылығы. Тіпті, сабынды сумен жууға да жарамды болып келеді. Күдеріге су тисе құрысып қалмайды, жұмсақ және түсі қошқыл сарыдан қоңырға дейінгі аралықта болады [10, 245-247].

Сонымен қатар ертеден бері ата-бабаларымыз төрт түлік малдың жүнін кәдеге жаратып отырған. Жүннен киім-кешек дайындап қана қоймай, бау-шу ескен. Әсіресе, қойдың «жабағы», «күзем жүні», «қозы жүні» және «өлі жүн» мен түйенің «шуда», «жабағы», «боздақ» жүні кең қолданыста болған. Жүннен бұйым дайындау үшін алдымен жүнді тазалап, түтіп, ұршықпен иіреді. Иірілген жіпті домалақтап орап, майын кетіру үшін ыстық суға салып алады. Кейін осы дайын жіпті өрмекке салып бұйым тоқиды.

Қазақ қолөнерінде түйенің шуда жүнінен иірілген жіптен тоқыма өрмегінде *шекпен* деп аталатын мата түрі өте мол мөлшерде тоқылып қана қоймай Ресейге көп мөлшерде экспортталып отырды [11, 694-695]. XIX ғ. аяғында Торғай өңірінің түйе шаруашылығын зерттеген А.И. Добромисловтың деректері бойынша бір түйеден шамамен 8-10 фунд, яғни 4-5 кг шуда жүн алынады екен [12, 26-29].

Түйенің жүнінен тығыз тоқылған матадан құрастырылып тігілген шекпенді Маңғыстау, Атырау өңіріндегі және Түркіменстандағы қазақтар *ағима*, *има* шекпен деп те атайды. ҚР MOM қорында

сақтаулы ер адамның *ағима* шекпені (КП 21062-а) ашық қоңыр түсті түйе жүнінен жұқа етіп тоқылған матадан құрастырылып тігілген. Іші қызыл және сарғыш түсті жолақ матамен астарланған. Бұндай шекпен жаңбыр және қар суын өткізбейтіндіктен және аңызак желден жақсы қорғайтындықтан малшылар мен жолаушылар қыстың суық, аязды күндері тон сыртынан қабаттап та киген. [12, 694-695 бб.]



Сурет 5. Ағима шекпен. ҚР MOM қорынан (КП 21062-а)

Көршілес елдермен сауданың қарқынды дамуына байланысты дәстүрлі мәдениетте киім-кешек тігуде пайдаланылатын материалдардың түрлері де өзгере бастады. Осы кезде ауқаттылар мен кедейлер арасындағы әлеуметтік бөлініс айқын көрініс алды. XVIII ғ. дейін қазақ даласын Шығыс Түркістаннан әкелінген маталар жаулап алды, ал XVIII ғ. ортасында шығыстан әкелінген мата түрлері көбейе бастады. Қазақстанның шығыс аймақтарында осы елден әкелінген жібек, мақта мата, жүн маталар кең тарала бастады. Ал XVII ғ. Ресейден орыс көпестері қазақ хандарына сыйлық ретінде қымбат, бағалы мата түрлерін әкеліп отырған. 1740 жылы Кіші және Орта жүз өкілдерімен келіссөз жасауға Орынбордан келген орыс князі Урусов қазақ ақсүйектеріне матаның ең сапалысы – шұға, қамқа, паршаны – тарту еткен. XIX ғ. алғашқы он жылдығында Ресейден әкелінетін мақта мата түрлері қазақ даласына мол импортталды. Сөйтіп қазақ ауылдарына Ресейден келетін мата түрлері ортаазиялық және қашғар маталарымен бәсекеге түсе бастады. Тіпті орыс саудагерлерінің қазақ ауылдары тұрғындарының талғамына сай мата түрлерін жеткізіп отыруға көше бастауы осының дәлелі болып отыр.

Осындай себептерге байланысты тұрғындар ендігі кезекте жүн мен теріден жасалған өнімдерді тұтынуды азайтып, киім-кешекке дайын фабрикалық мата түрлерін пайдалануды дағдыға айналдыра бастады. Сөйтіп, мал шаруашылығынан алынатын өнімдерді матаға айырбастай бастады. Осыған байланысты күнделікті тұрмыста жүн, тері, киізден жасаған бұйымдар бірте-бірте қолданыстан шыға бастады. А.Левшиннің XIX ғ. 20-ж. мәліметтері бойынша киізден және түйе жүнінен тоқылған бұйымдарды кедейлер кең қолданған [13, 344], себебі олардың орыс саудагерлерімен айырбас жасауға мүмкіншіліктері бола бермеген.

XIX ғ. соңы – XX ғ. басында қазақтар арасында көбінесе фабрикалық мақта матадан, яғни шыт, биязы, миткальдан тігілген киім-кешектерді кию кең өріс ала бастады. Ауқатты адамдар барқыт, атлас, парша және шұғадан киім-кешек тігу үрдісін қалыптастырса, сырттан келетін импорт тауарларына қол жеткізе алмаған қарапайым тұрғындар тері, жүн материалдарын кең пайдаланды. Мақалаға негіз болып отырған ҚР MOM музейлік коллекциясында барқыт, атлас, шұға, паршадан тігілген көйлектер, шапан, бешпенттердің түпнұсқалары сақтаулы.

Қорыта айтқанда, ұлттық киім-кешек – мәдениетіміздің, өнеркәсібіміздің даму көрсеткішінің айнасы, заттық – тұрмыстық мәдениеттің бір көрінісі. Сондықтан да көне жазба деректер мен ғалымдар мен саяхатшылардың белгілеулері мен сызбалары, ауыз әдебиет үлгілері мен тілдік деректердегі мәліметтер, көркем шығармаларда аталмыш тақырыпта сақталған жазба деректер аз болғанымен, бүгінгі таңда музей қорында сақталған киім-кешектердің түпнұсқалары арқылы ерекше құнды дерек алудың маңызы өте зор.

1 Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. Ч.2. Кн.2. – СПб.: Тип. Импер. АН, 1786. – 571 с.

2 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть этнографическая. – СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. – 940 с.

3 Барданес Х. Киргизская или казацкая хорография // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век. Т. IV. Сост. И.В. Ерофеева. – Алматы, Дайк-Пресс, 2007. – С. 93-194.

4 Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. - А., 1992. - 192 б.

5 Захарова И.В. Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда: XIX – начала XX вв. – Алматы: Наука, 1964. – 178 с., 26-27; Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. Ч.2. Кн.2. – СПб.: Тип. Импер. АН, 1786. – 571 с.,

6 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Ө-Я. 5-том. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. – Алматы: Азия арна, 2014. – 840 б.

7 Р.Н. Шойбеков. Етікішілік өнеріне байланысты кейбір атаулар // Тілтаным. 2006, №3. – 57 б

8 Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері. – Алматы: Дайк Пресс, 2004. – 287 б.

9 Қайыртаев Ә. Қазақ қолөнері. - А.: Дайк Пресс, 2004. - 55-62 бб.

10 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының

11 дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. К-Қ. 3-том. Ғылыми редактор және жоба

12 жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. – Алматы: Слон, 2012. – 736 б.

13 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Ө-Я. 5-том. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. – Алматы: Азия арна, 2014. – 840 б.

14 Добросмыслов А.И. Верблюдоводство в Тургайской области. – Оренбург: Типография П. Жаринова, 1895. – 45 с.

15 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть этнографическая. – СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. – 940 с

Резюме

В статье на основе фондовых материалов коллекции одежды Центрального Государственного музея РК рассматриваются виды материалов, используемых в изготовлении одежды из кожи, шерсти, пушнины и др. Особое значение придается этнографическому анализу технологии обработки кожи, а также привезенных тканей начиная со II половины XIX в для пошива одежды – ситца, сатина, шелка.

Ключевые слова: шкура, выделанная кожа, мех с лапок пушнины, замша, сафьян, нить из сухожилий, шагреновая кожа, ситец, миткаль, бархат, атлас, парча.

Summary

In the article on the base of clothes collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan types of materials used in the manufacture of clothes made of leather, wool, fur, and others is considered. Ethnographic analysis of technology of leather processing as well as imported from the second half of the 19th century fabrics for clothing - calico, satin, silk are of particular importance.

Key words: leather, fur of paws, suede, morocco, thread of the tendon, shagreen leather, cotton, calico, velvet, satin, brocade.

ӘОЖ (УДК) 7: 39

ҚАЗАҚ ТҰРМЫСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ШИ ТОҚУ ӨНЕРІ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Тимур Болсынбек - ҚР МОМ-ның антропология және этнология орталығының ғылыми қызметкері. Алматы. tbolsynbek77@mail.ru

Мақалаға қазақ тұрмысындағы дәстүрлі ши тоқу өнерін арнайы зерттеген қазақ ғалымдары мен XIX ғ. соңы – XX ғ. басында қазақ жерінде болған орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі деректер арқау болды. Аталмыш еңбектердегі сан алуан мәліметтерді өзара шендестіре зерттеу шидің дәстүрлі қазақы ортадағы шаруашылық және тұрмыстық маңызын зерделеуге мүмкіндік берді.

Тірек сөздер: дала, ши, шиен, өзен, шибәу, түйебел, қазық, белағаш.

Қазақтың ши тоқу өнері – тоқымашылық кәсіптегі кілем, алаша тоқу тәрізді ерте кезден келе жатқан дәстүрлі өнердің бірі. Ши тоқуға қамыс тәрізді өсімдікті пайдаланған.

Ши – дала, шөлейтті өңірлерде және тау беткейлерінде өсетін, биіктігі бір жарым-екі құлаш көлеміндегі, сабағы жіңішке келген, қияғы бар қамыс тектес өсімдік. Жылдың маусым-шілде айларында гүлдейді. Ел ішінде ши түп-түп болып тығыз өскен жерлер – *шиен* деп аталады. Шиі аралас бозотты *шиләуіт* жерлер қыста малға жақсы жайылым оты саналады. Құмдауыт, шөлейт өңірлердің тұрғындары ерте кездері ши жерасты суларына жақын жерлерде өсетіндіктен, құдықты сол мандардан қазған. Сондай-ақ, шиі көп өсетін өзен бойындағы жерлер *шилөзен* деп аталған. Осы өсімдіктен тоқылған дәстүрлі бұйым да *ши* деп аталады.

Мал азықтық және тұрмыстық бұйым ретіндегі *шидің* маңызы туралы XIX ғ. соңғы ширегінде қазақ даласында болған орыс зерттеушілері өз еңбектерінде атап өтеді. Мысалы, Торғай даласын зерттеген А.И. Добросмыслов: «*Ши өсіп тұрған кезінде малға азық болса, ал тоқылған ши жазда киіз үйдің туырлығы мен керегесінің аралығына тұтылады, ол үйге сырттан жел өткізіп жанға жайлы әсер береді*», – деп шидің қасиетіне тоқталып өтсе [1, 336 б.], ғалым А.П. Федченко: «...қазақ тұрмысында шиден тоқылған бұйымдар кең қолданылады, ...оның тығыз тоқылғаны соншалық, киіз үйді сыртқы шаң-тозаңнан, күшті желден қалқалайды, әрі үйге өкпек жел, таза ауа, жарық береді», – деп өз таңданысын білдіреді [2, 44 б.]. Ал, XX ғ. 30 жж. зерттеуші П.Ф. Домрачев Балқаш өңіріне жасаған экспедициясы негізінде жүргізген зертханалық зерттеулерінде шидің қағаз өндірісінде таптырмайтын шикізат көздерінің бірі екеніне баса назар аударған [3, 62 б.].

Бұнымен қатар, дәстүрлі қазақы ортада шиді тоқу тәсілі туралы мәліметтер қазақ ғалымдары М.С.Мұқанов, Ә.Тәжімұратов, Р.Шойбеков және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде жазылған. Сондай-ақ, этнолог-ғалым Нұрсан Әлімбаидың жетекшілігімен жарыққа шыққан «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық көлемді энциклопедиялық еңбектің 5-ші томында мақала авторының жазуымен мол иллюстрациялық фотоматериалдармен кеңінен қамтылды [4, 706-708 бб., 738-739 бб.].

Тоқылған ши сырт көрінісіне қарай *ақ ши, шым ши, ораулы ши* деп үшке бөлінеді. Халық арасында оларды жалпылама түрде *қанат шилер* деп атайды [5, 111 б.]. Себебі, киіз үйдің керегесі *қанат* деп те айтылады, соған орай, кереге сыртына ұсталатын шиді *қанат ши* деп атаған. Ел ішінде оны *кереге ши* деп те атайды. Бұл атау да шидің қызметіне (кереге сыртына ұсталатындығына) байланысты қалыптасқан. Киіз үйдің бір босағасынан екінші босағасына дейін керегені айналдыра тартып байланған шиді *ши тұту* немесе *ши ұстау* дейді. Сонымен бірге іргеден жел соқпауы үшін кереге сыртынан тұтылған шиді айналдыра көлемі шағын *ірге ши* де ұсталады. Мұнымен қатар, ертеректе дәулетті адамдардың шеберлерге тапсырыс беріп арнайы жез орап тоқытқан әсем шилері де болған дейді. Жалпы шиден дайындалған бұйымдар көшпелі өмір салтына үйлескен, тасымалдауға қолайлы болған.



Ақ ши. ҚР MOM қорынан (КП 20734-35)

Тоқыған шиді басқа да түрлі шаруашылық үшін қолданған. Күнделікті шаруашылықта көлемі шағын, арасы селдір тоқылған *шыпта шиді* ошақтағы қазанның бетіне ұстауға, ондағы тағамға жел өтіп тұруына, таза тұруына пайдаланған. Сонымен бірге шиді құрт-ірімшікті кептіру үшін өреге қойған (оны *өре ши, құрт ши* деп те атайды). Кей жерлерде кесе салатын *кесеқапты* да шиден жасаған. Киіз басу кезінде оған жүн шабақтауға, жүн түтуге, тары сүзуге, сойған мал етінің астына салуға, үйдің төбесін жабуға, сондай-ақ үйдегі сырмақ, киіз сияқты төсеніштердің ылғал тартып кетпеуі әрі қысты күні еденнен суық өтпес үшін астына төсеуге, тіпті үйге көгенделген төл, әсіресе ботаны қалқалап қою сияқты күнделікті шаруашылықтағы жұмыстарға кеңінен пайдаланылады. Тұрмыста, сонымен бірге алабота өсімдігінен *сақар қайнату* үшін көлемі шағын арнайы *сақар ши* де тоқыған. Шиден тоқып мал тұруға қолайлы ашық қора да салынады. Ұй, аула тазалайтын сыпыртқы да әзірленеді. Тіпті ертеде жаугершілік заманда қазақ батырларының садақ жебесін салатын қорамсағы да шиден тоқылған.

Ши тоқу *ши тарту, ши ариу, ши орау, ши тоқу* деп аталатын үрдістерден тұрады.

Ши тарту. Шиді пісіп-жетілген кезде жинай бастайды. Ол үшін шиді мал аяғы баспаған, бойы биік, түп-түп болып тығыз өскен жерлерден таңдап алынады. Өсіп тұрған шиді таңертеңгі немесе кешкі уақытта, сондай-ақ жаңбырдан кейінгі шық кезінде тартса, оның түбі жібіп, суырылғыш келеді. Бір ерекшелігі, суырылған ши тамырымен жұлынбайды. Көп күшті қажет ететіндіктен дайындау

жұмыстарына әйелдермен бірге ерлер де қатысқан. Олар қолдарына жеңсе киіп, шиді білекке орап, мықынға немесе иығына салып үзіп жинаған. Ол әдісті *ши тарту* деп атайды.

Ши аршу. Түбімен қопарылып алынған шиді түйеге, жылқыға немесе өгізге артып ауылға жеткізген. Әкелген шидің бәрі бірдей тоқуға жарай бермейтіндіктен ішінен жуан-жіңішкелігіне қарай іріктеліп алынады да, сыртқы қабығының түпкі бөлігі жоғары бөлігінің ең беткі қабатында болғандықтан, оны түп жағынан жоғары қарай бойлай мұқият аршиды. Аршылғанын көлеңке жерге қойып әбден кептіреді. Кепкен соң бойын тұтастай бір тазалап шығады.

Ши орау. Өн бойы тұтастай емес, жүнді әр жерінен аралатып ораған шиді *орама ши* немесе *ораулы ши* дейді. Онымен үйдің сол жақ босағасындағы ас-су тұрған тұсты оңашалап қоршауға пайдаланған. Күннің суық кезінде жүнмен оралған ши үй ішіндегі жылуды сақтауға өзіндік септігін тигізеді. Ораулы шиді тоқитын кезде, алдымен *ақ, сары, қызыл, жасыл* т.б. түстерде боялған жүнді түтіп, жіңішкелеп тарқатып созады да, шидің әрбір талын түрлі-түсті жүнмен алдын ала сызылып, белгіленген өрнекке көбіне *табақ ою, қошқармүйіз, қарғатұяқ, құрманбау, сыңармүйіз, тұмарша, итқұйрық, иттабан* сияқты өрнектерге сай түсуін қадағалап, кезекпен орап шығады [6, 151-153 бб.].

Ши ораудың екі түрлі әдісі бар. Біріншісі, *тоқулы тұрған шидің өрнегіне сала отырып орау*, келесісі, *жаңа өрнек үлгісімен орау*. Аталған түрлердің қайсысымен тоқыса да ши шебердің талғампаздығына, ой ұшқырлығына, тәжірибелігіне байланысты шығады. Мұндай көркем тоқылған шилерді үйдің сәнді жиһаздарының біріне жатқызады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі (әрі қарай – ҚР MOM) қорында Қазақстанның әр өңірінен әр жылдары жиналған ұзын саны 40-қа жуық шиден тоқылған бұйымдар сақтаулы. Олардың басым бөлігі *Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл және Маңғыстау, Атырау* сияқты Қазақстанның оңтүстік пен батыс облыстарынан жинақталған. Бұйымдарды Қазақстанның әр түкпірінен *Зәуре Шалдуарова, Қаламтыр Шымырбаева, Фатима Сахинова, Нағима Сейітова, Сәби Килібаева, Қыналы Ержанова, Сәлима Әзірбаева, Хадисша Рзалиева* және басқа да ісмерлер нақышына салып тоқыған.

Музей қорындағы бұйымдардың ішінде көшпелі тұрмыс пен шаруашылықта кең таралған түрлі түске боялған жүнмен көркемдеп шаршы (ромбы) өрнектері оралған *шым шиді* киіз үйдің ажарын аша түсетін жабдықтарының бірі ретінде қарауға болады. Мысалы, ҚР MOM қорындағы (НВФ 4851/116) *шым шиді* орағанда оның түп жағы мен шашақ жағын алмастырып салған. Ши түрлі (қызыл, сары, көк, қоңыр, ақ) түске боялған жіптермен ұластырмалы текемет өрнегі салынып оралып тоқылған. Ортаңғы бөлігі мен қызыл түсті фонға үлкен төрт шаршы орналасып, оны айналдыра қызыл, сары, көк түсті жіптермен *сыңармүйіз* өрнегі қатарланып салынған.



Шым ши. ҚР MOM қорынан (НВФ 4851/116)

Шаршылардың ортасына *мүйіз* өрнегі бейнеленген. Қолтықшасына *қосмүйіз* өрнегі үшкілдене салынған, онда таулы жердің бейнесі кескінделген. Шиге түсірілген ою-өрнектің қоңыр түстегі астыңғы-үстіңгі жиектері ақ-қара түсте *тарақ* оюымен аяқталған. Шидің ұзына бойының екі шеті алаша тәрізді термеленіп тоқылған. Екі шетінде иірілген жүннен көлденеңінен үш-үш бау тағылған.

Ши тоқу. Шеберлер шиді қарапайым жасалған құрылғымен тоқыған. Оны жергілікті жерлерде *түйебел, ши құрғыш* деп те атаған. Құрылғыны бастырма астына немесе шаруашылық заттар қоюға арналған қосалқы киіз үй, сондай-ақ қыстық үй ішіне де құрған [4, 534-535 бб.].

Ши тоқитын құрылғы жасау үшін, биіктігі 1 метр шамасындағы аша басты екі ағашты тоқылатын шидің көлеміне қарай 1-1,5 құлаш аралығында жерге қағады. Екі ашаға көлбеулете жуандығы үш елідей болатын жұмыр сырық салынады. Сырықты халық тілінде *белағаш, арқалық* деп те атайды. Сырықтың өн бойының әр тұсынан тоқылатын жіп ары-бері сырғымай, бір ізбен жүгіріп отыру үшін

кертiп шығады. Бұдан соң шидi тоқитын иiрiлген жiптi қос қабаттап ширатып, оны салмақты қылу үшiн тас сияқты бiрнеше затқа домалақтап төгедi. Тасқа домалақталған жiптi салма деп те атайды. Осы салманы ары-берi алма-кезек айқастыру арқылы шалу үшiн, сырыққа арасын бiр қарыстай етiп тең орта тұсынан көлденеңiнен iледi. Осы сырықты бойлай iлiнген жiптiң ортасына әкелiп бiрiншi шидi салып, жiптердi алма-кезек ары-берi айқастырып түсiредi. Бұл ши осы желiспен бастан-аяқ тоқылғаннан соң келесiсi салынады, сөйтiп ол осылайша ши тоқылып болғанша ретiмен жүргiзiлiп отырады.

Ши тоқу тәсiлiн арнайы зерттеген Ә.Тәжiмұратов, сырықта тоқылған жiптiң арасы 10-15 см болып, саны шамамен жиырма-отыз болуы мүмкiн дейдi. Тоқылған шидiң бас-аяғы бiрдей тең түсiп әрi жылжып кетпес үшiн орайтын шидiң қарақұс (түп) жағы мен бас (шашақ) жағы алма-кезектесiп салынады. Шидiң шеттерi сөгiлмес үшiн, екi шетiне қатарынан төрт шидi қабаттап, иiрiлген жүн жiппен айқастыра байланыстырған жердi «алақаны», ал үш шимен қабатталғанын шыбын қанат десе, оның екi шетiндегi байланған жiптi шибау дейдi [7, 57 б.]. Дайын болған шидiң бас-аяғын бiркелкi тегiстеп қырқып шығады.

Тоқылған шидi сапасына, әсемдiгiне және ұзындығына қарай, оның бағасын шебердiң өзi белгiлеген және оның құны көбiне малмен есептелген. Ел iшiндегi мәлiметтерде көлемi үлкен, ұзындығы шамамен бiр қанаттай болатын тоқылған ши тұрқы iрiлеу келген екi немесе үш қойға бағаланған дейдi. Алайда тоқыған ши тапсырыс берушiнiң ойынан асып түсiп жатса, оның ризашылығына қарай бұйым бағасы өскен.

Сонымен қатар, ши атауына байланысты халық тiлiнiң паремиологиялық қорында «Шыққан қыз шиден тысқары»; «Әйелiң жақсы болса, ат үстiнен дабыр ет, жаман болса, ши түбiнен сыбыр ет» деген де мақал бар.

Қазақтың ши тоқу өнерi күнi бүгiнге дейiн өзiнiң маңызын жоймаған ұлттық құндылықтарымыздың бiрi болып саналады.

1 Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. – Оренбург: Типография П.Н. Жаринова, 1895. – С. 336.

2 Федченко А.П. Путешествие в Туркестан. - СПб., 1897. Т. I, Вып. II. – С. 44.

3 Домрачев П.Ф. Балхаш и Прибалхашье. - Алма-Ата: Казахское краеведческое издательство, 1935. –62 с.

4 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлi жүйесi. Энциклопедия. 5-том. Ә-Я. Ғылыми редактор және жоба жетекшiсi Нұрсан Әлiмбай. - Алматы: Азия Арна, 2014. [1, 706-708 бб., 738-739 бб.; 2, 534-535 бб.]

5 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнерi. - Алматы: Қазақстан, 1995. – 111 б.

6 Шойбеков Р.Н. Тоқымашылық өнерiнiң лексикасы жайында // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №6, 2006. – 151-153 бб.

7 Тәжiмұратов Ә. Шебердiң қолы ортақ. - Алматы: Қазақстан, 1977. – 57 б.

Резюме

Источниковой базой для данной статьи послужили материалы казахских ученых конца XIX – начала XX вв., а также труды русских исследователей, побывавших в казахской степи. В статье показаны основные «технологические циклы» изготовления данного вида традиционных промыслов казахского народа.

Ключевые слова: степь, чий (ши), всходы травы (шиен), река, чиевая нить (шибау), туйебел (устройство для плетения чий), столб, горизонтальная балка.

Summary

As the basis for these article materials of the kazakh scientists of the late 19th - early 20th centuries, as well as the works of Russian researchers who visited the Kazakh steppe are used. Mutually comparing multiple sources, given in the above studies appeared the opportunity to review and examine the economic and consumer relevance of reed in traditional kazakh environment.

Keywords: steppe, reed, shien (shoots of grass), river, tuiebel (device for reed weaving), qazyq (pile), belagash (horizontal pole).

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ КИІЗ БАСУ ӨНЕРІ (ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Орынбасар Әлім - ҚР Мемлекеттік Орталық музейі,
Қазақстан тархын зерттеу орталығының ғылыми қызметкері.

Мақалада қазақ халқының текемет басу өнері, технологиясы мен үрдістері және оның бетіне салынатын ою-өрнектері, композициясы, текемет басудың таралу аймағы, сондай-ақ, оның жергілікті аймақтық ерекшеліктері зерттелді.

Тірек сөздер: күзем жүн, қой тоғыту, жүн сабау, жүн шабақтау, шүйкеленген жүн, түр салу, бет тарту, текеметтің төсегі, текеметтің көлі, текеметтің қорғаны, отау өрнегі, киіз тебу, киіз булау, киіз білектеу, киіз ұзындау, киіз кірлеу.

Қазақ халқының ерте замандардан келе жатқан қолөнер кәсіпшілігінің бір саласы – киіз басу өнері. Алтай даласындағы Пазырық қорғандарына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде (б.з.д. V ғ.) табылған заттардың ішінде киіз қалдықтары да кездеседі. Қазақ даласының климаттық ерекшелігіне қарай жылдың төрт мезгілінде көшіп қонып, дәстүрлі көшпелі өмір кешкен халқымыздың киім-кешегі, баспанасының жабын киіздері, тұрмыстық және шаруашылық бұйымдарының барлығы қол жетімділігіне қарай, қолындағы төрт түлік малының терісінен, жүнінен жасалғандығы белгілі. Қойдың жүнінен киіз басып, одан, *текемет, сырмақ, тұскиіз, откиіз* сияқты үй бұйымдарын, сонымен қатар, *аяққап, кесеқап, сандыққап, шайкиіз, атжабу, асмалдық (түйежабу), ботажабу, жайнамаз* сияқты тұрмыстық және шаруашылық заттарын жасаған.

Қазақтардың киіз басу өнері және одан жасалатын бұйымдары жайында көптеген Отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми зерттеу еңбектері мен мақалалары жарық көрген. Мәселен, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тұрмыс тіршілігін зерттеген А.И. Добросмысловтың [1], Р.Карутцтың [2], А.Н. Глуховтың [3], И.С. Руденконың [4] еңбектерінен қазақтардың әр үйінде киіз және киізден жасалған үй жиһаздарын көруге болатындығын жазады. XX ғасырдың 50-жылдардың аяғынан бастап, 1990 жж. дейінгі Отандық этнограф және тілші ғалымдар Э.Масановтың [5], С.Қасимановтың [6], Ә.Тәжімұратовтың [7], М.Мұқановтың [8], Ә.Марғұланның [9], және Д. Мұхамедованың [10] зерттеу еңбектерінде киіз басу өнерінің технологиясы және киізден жасалатын сырмақ, текемет, тұскиіз сияқты бұйымдардың таралу аймағы, оның бетіне салынатын ою-өрнегінің түрлері жайында айтылады. Еліміз Тәуелсіздігін алған жылдары ұлттық мәдени құндылықтарымызды зерттеу және оны көпшілік қауымға насихаттау ісі арта түсті. Осыған байланысты көптеген ғылыми еңбектер мен мақалалар жарияланды. Мәселен, Ө.Жәнібековтің [11], өнертанушы Ш.Тоқтабаеваның [12] зерттеу еңбектері жарық көрді. Сонымен қатар, 2012 жылы ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің директоры, этнолог-ғалым Нұрсан Әлімбаидың жетекшілігімен және ғылыми редакторлығымен жарық көрген «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияның 3-томындағы «Киіз басу» [13] сондай-ақ, аталмыш энциклопедияның 5-томындағы «Текемет» [14] атты мақалада текемет басу өнері және оның бетіне салынатын ою-өрнектері жайында кең көлемде сипатталған.

Біз бұл мақаламызда бет санының шектігіне байланысты киіз бұйымдарының ішінен тек – текеметке ғана тоқталуды жөн көрдік. Себебі, текемет Қазақстанның барлық аймағында кең қолданыста болған.

ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің (әрі қарай ҚР MOM) «кілем-киіз» бұйымдары коллекциясы қорында 91 сақтам бірлік текемет сақтаулы. Олардың көпшілігі жекеленген адамдардың тапсыруымен түскен. Сондай-ақ, ҚР MOM қызметкерлерінің Қазақстанның әр аймағына және Түркіменстанның, Қарақалпақстанның қазақтар тұратын елді мекендеріне жасаған этнографиялық экспедициясы барысында жинақталған.

Текемет – киіздің бетіне көркемдеп түрлі ою-өрнек салып басылған үй бұйымы. Ол тек төсеніш ретінде қолданылған. Ертеде киіз үйдің еденінен сыз өтпеу үшін жерге шыпта ши төсеп, оның үстінен бетіне көркемдеп түрлі өрнек салып басылған текемет төселетін. Мұндай жүннен басылған текеметтер жерден сыз өткізбейтін, жылу сақтағыш қызмет атқарумен қатар, үйдің ішіне көрік беріп те тұрады. Текемет, көбінесе, ақ немесе қара түсті болып келеді. Яғни, оның *төсегі* (фоны) қара түсті болса, бетіне тартылған ою-өрнегі ақ түсті, немесе керісінше, *төсегі* ақ түстен таңдалса, оюы қара

түсті болады. Сонымен қатар, текеметтің өңін аша түсу үшін, оның қара немесе ақ түсті төсегіне *түрді* яғни, ою-өрнекті қызыл, сары, жасыл, күлгін түске боялған жүннен салған. Әдетте, текеметтің композициясы кілем тәрізді ортасы *көл*, оны кейде *табақ* деп те атайды, жиегіндегі жалпақ жолағы *қорған* және текеметтің *көлі* мен *қорғанының* арасын айырықшалап тұратын *су* деп аталатын жіңішке жолақтардан тұрады. Текеметтің көліне *отау* өрнегі ретінде екі немесе одан да көп *шаршы* (ромб) салынып, ішіне мүйіз өрнегінен түрленген *төртқұлақ* өрнектері басылады. Жиегіне айналдырыла *төсегінен* (фонынан) өзге түсті *су* жүргізіліп, арасындағы қорғанына *итқұйрық* немесе *тұлғамүйіз*, *тұмарша*, *сыңармүйіз* өрнектері салынады. Кейбірінің жиегі айналдырыла ешкі немесе жылқы қылынан шашақталып жасалады. Жиегінің шашақталуы жайында XIX ғ. аяғындағы Торғай өңірінің мал шаруашылығын зерттеген А.И. Добросмыслов былай деген болатын: «... ешкінің әдемі ұзын жүнді терісін таспалап тіліп алып, қыз жасауына кілеммен бірге қоса берілетін текеметтің жиегін айналдыра көмкереді» [1. 278 с].

Текемет басу өнері Қазақстанның барлық аймағында кеңінен тараған. Әйтсе де, әр аймақтың шеберлерінің басқан текеметтерінде жергілікті ерекшеліктері байқалады. Мәселен, Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының арасында, екі жағына да түр салып басылған екі бетті текеметтер кездеседі. Бұндай, текеметті басу өнері, көбінесе, көршілес түркімен халықтары арасында да кең тараған. Қазақстанның батысын мекендеген қазақтар арасында аталмыш екі бетті текеметті басу өнері көшпелі тұрмыс кешіп түркімендермен тығыз этноконтактлік байланысқа түсуінің әсерімен ауысқан деп айтуға болады. Батыс Қазақстан (Орал) облысында жасалған осындай екі бетті текеметтің бір үлгісі ҚР MOM қорында сақтаулы (КП 21653).



Екі бетті текемет. Батыс Қазақстан (Орал) облысы. ҚР MOM қорынан (КП 21653).

Сондай-ақ, Қазақстанның батысы мен Қызылорда өңірі тұрғындары арасында, ақ түсті *төсегінің* көліне (ортасына) түрлі-түске боялған *талдырма* киізден *сыңармүйіз* немесе *сыңарөкіше* сияқты өрнектерді қиып алып, *көліне* отау өрнегі ретінде екі немесе үш *шаршы* (ромб) салып, ішіне *төртқұлақ* өрнегі басылады. Бұндай, текеметтердің бетіндегі ою-өрнегі айқын көрініп тұратындығымен ерекшеленеді. ҚР MOM қорында осындай текеметтің көптеген түрі сақтаулы. Соның бірі КП 17730 нөмерлі текемет.



Текемет. Ақтөбе обл. ҚР MOM қорынан (КП 17730).

Жетісу өңірі шеберлерінің басқан текеметтерінің ою-өрнегі ірі, айшықты болып келетіндігімен ерекшеленеді. ҚР MOM қорында Жетісу өңірі текеметінің бір үлгісі КП 16922 нөмерімен сақтаулы.



Жетісу текеметі. ҚР MOM қорынан (КП 16922).

Қазақстанның оңтүстік өңірі шеберлерінің қолынан шыққан текеметтер өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, текеметтің «*төсегі*» деп аталатын қоңыр немесе ақ түсті *төсегіне* ашық сары немесе қызыл түсті жүннен жұқалап «*бет*» тартып алып, ою-өрнегін түрлі-түске боялған шүйкеленген жүннен созып отырып салады. Кейде, текеметтің жиегі түрлі-түске боялған жылқы қылынан немесе ешкінің ұзын жүнді терісін таспалап тіліп алып, бірге басып шашақтап жасаған. ҚР MOM қорында осындай шашақты текеметтің келесі бір түрі КП 16857 нөмерімен сақтаулы.



Шашақты текемет. Оңтүстік Қазақстан (Шымкент) обл. ҚР MOM қорынан (КП 16857).

ҚР MOM-ның «кілем-киіз» бұйымдары коллекциясы қорында сақтаулы өзге де аймақтардың, яғни, Шығыс Қазақстан, Орталық Қазақстан және Солтүстік Қазақстан өңірлерінің текеметтеріне зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында айтарлықтай айырмашылықтар байқала бермеді. Ондағы текеметтердің ақ немесе қара түсті төсегінің (фонының) *көліне* отау өрнегі ретінде екі немесе бірнеше шаршы (ромб) салынып, ішіне *төртқұлақ* өрнектеріне толтырылған. Жиегіндегі қорғанына *итқұйрық* немесе *тұлғамүйіз*, *тұмарша*, *сыңармүйіз* сияқты өрнектерге толы болып келеді.

Текемет басу. Текеметті қойдың күзде қырқылған күзем жүніне қозы жүнін қосып басқан. Себебі, күзем жүннің талшықтары қысқа, тез ұйысқыш болып келеді. Әдетте, текемет басу ісі, туған-туыстың, көрші-қолаңның қатысуымен атқарылатын ұжымдық іс-әрекет болып табылады және ол бірнеше сатылардан тұрады. Алғашқы дайындық қойды *тоғытудан* басталды. Ол қойдың күзем жүнін қырқатын күннен, бір-екі күн бұрын жасалады. Яғни, қой жүніне жабысқан шаң-тозаңнан арылту үшін өзенге апарып *тоғытады*. Қой жүні кепкен соң, қырқым басталады. Қой қырқым жұмысы да ауыл-аймақтың бірлесіп атқаратын науқандық жұмыстардың бірінен саналады. Қырқылған жүндердің ақ және қара түстілері бөлек-бөлек іріктеліп, су тимейтіндей бастырма астына жиналады. Дайындық жұмыстарының келесі сатыларының бірі – *жүн сабау*. Әдетте, киіз немесе текемет басуға арналған жүнді сабау ісі 8-10 әйелдің қатысуымен атқарылады. Жүн сабау үшін, ашық алаңқайға екі-үш тулақты қатарластыра төсеп, үстіне сабалатын жүнді шақтап, жаймалап салады. Жиналған әйелдер тулақты айнала қаумалап отырып, қолдарына *сабау* алып, жүнді қос қолдап, сермей тартып сабайды. Әдетте, жүн сабаудың өзіндік ырғағы бар. Жүн сабаушылардың қимылы бір ырғақпен, бір адамның қимылындай орындалуы керек. Ол ырғақты сақтамаса, сабау бір-біріне соқтығысып сабаушыларға зияны тиюі мүмкін. Сабалған жүннің іртігі жазылып көпсіп, жабысқан шөп-шалаңнан және ошаған сияқты тікендерден арылады. Осылайша, қой жүні қырқылып, өңделіп болған соң, текемет басу ісіне жалғасады.

Текемет басу ісі – шымта шидің *жүн шабақтау*, *түр салу*, *ыстық су себу*, *киіз тебу*, *булау*, *білектену*, *ұзындау*, *кірлеу* сияқты бірнеше үрдістерден тұрады.

Жүн шабақтау – шидің бетіне сабаудың көмегімен жүнді бір тегіс етіп жаймалап шығу. Текемет басу үшін ұзындығы 5-6 құлаш, ені 2,5 құлаш көлемінде тоқылған ақ шидің бетіне сабалған жүнді тегістеп *сабаумен* 4-5 см. қалыңдықта біртегіс етіп жаймалап салып шығады. Әдетте, *жүн шабақтауды* тәжірибелі әйел атқарған. Себебі, *шабақталған жүннің* бір жері қалың, бір жері жұқа болып шығуы мүмкін.

Түр салу – шабақталған жүннің немесе шала басылған киіздің бетіне *ою-өрнек салу*. **Текеметтің бетіне түр салу яғни, ою-өрнек салу** екі түрлі тәсілмен орындалады. Оның бірінші тәсілінде – шабақтаған жүннің бетіне *түрге* арналған *шүйкеленген* жүнді созып отырып салады. Бұндай әдіс ісмерден асқан шеберлікті, ептілікті және ой ұшқырлығын талап етеді. Себебі, салынған *түрдің* қисаймай дұрыс түсуін және оның симметриялық дәлдігін сақтай білу керек. Шүйкеленген жүннен *түр салу* барысында *төсегінің* бетіне оң қолмен созып отырып, сол қолдың сыртымен бастырып салып шығады.

Текеметке түр салудың екінші тәсілі – толық басылмаған *төсегінің* бетіне *түрге* арнап алдын-ала дайындалған әр түске боялған *талдырма* киізден (жұқа киізден) түрлі өрнекті қайшымен қиып алып салады. Бұндай әдіспен салынған *түр* текемет бетінде айқын көрініп, айшықты болып шығады.

Текемет басудың бірінші тәсілі барысында яғни, *шабақталған* жүннің бетіне *шүйкеленген* жүннен *түр* салынғаннан кейін, оның үстінен бір шетінен бастап ожаумен қайнап тұрған ыстық суды біртегіс етіп, шашыратып себелеп шығады. Ыстық су құйылған соң, шабақталған жүн мен оның бетіне тартылған *түр* бір-біріне кірігіп, қабыса түседі. Жүннің шетінен бастап ыстық су құйып жатқанда 3-4 әйел қатар отырып, тартылған жүнді шиімен қоса шиыршықтап орап отырады. Осылайша, шабақталған жүн аяғына дейін ыстық су себеленіп, шиыршықталып оралады. Содан соң, оралған шидің басы мен аяғын есілген жіппен мықтылап байлап қояды. Орта тұсынан бір жіпті бостау байлап, оған шиді әрі-бері домалатып сүйрету үшін *тізгін жіп* өткізеді. Текемет басудың келесі сатыларының бірі – *киіз тебу*.

Киіз тебу – шидің бетіне жаймалап салынған жүннің үстінен «ыстық су» құя отырып, шиді жүнмен қоса шиыршықтап орап, төрт-бес адамның (басылатын киіздің көлеміне қарай одан да көп адам болуы мүмкін) қатарласа тұрып, арлы-берлі домалатып тебу үрдісі. Шиыршықталып оралған шидің орта тұсынан тұйықталып бос байланған жіпке *тізгін жіп* өткізіп алып, бір адам алға қарай сүйретіп, қалғандары артынан домалата теуіп отырады. Киіз тебушілер үйден ұзаққырап, кеткенде шиді бұрып алып, кері қарай домалатып екі аяқтарымен алма-кезек тебе түседі. Текемет басуға арналған киіз бір сағат көлемінде тебіледі. Осыдан соң, байлауы шешіліп, Текемет бетіне салынған *түрді* қарап көреді. Егер, қисайған жерлері болса, түзетіп қайтадан орап, екі үш сағатқа дейін *киіз тебу* жұмыстарын жалғастырады. Киіз тебу үрдісі ұзаққа созылған сайын киіздің пісуі мықты болып, жүн талшықтары түтеленбей, шымыр болып шығады. Киіз тебу үрдісінен кейінгі атқарылатын іс-шаралардың бірі *булау* деп аталады.

Булау – басылған киізді шиден шығарып алып, ыстық су құйып, үстіне қалың тон немесе киіз сияқты заттармен жылылап жауып қою үрдісі. Ол үшін шиыршықталып оралған киізді шиден шығарып алып, оң-терісін ауыстырып отырып үш, төрт қайта шиыршықтап орап, үстінен ыстық су құйып жауып тастайды. Бұл үрдіс бір жарым сағат көлемінде созылады. Осылайша, жылылап жабылып қойылған Текеметтің жүн талшықтары бір-біріне кірігіп, жұмсарып бөге түседі. Текемет басудың келесі сатыларының бірі – *білектеу*.

Білектеу – киіз басушылардың қатарласа отырып текеметті ары-бері домалатып, білекпен басу үрдісі. *Буланған* киізді орауынан жазып алып, қайтадан тығыздап шиыршықтап орап, бір екі жерінен буып байлайды. Содан соң, оны текемет басушылар жайылған шидің бетіне ары-бері домалатып білекпен басады. Осы үрдісті *білектеу* деп атайды. Арасында орауын жазып алып, қарсы жағынан бастап шиыршықтап орап, *білектейді*. Әдетте, бұл үрдіс шамамен бір жарым сағатқа дейін созылады. Содан соң, келесі атқарылатын жұмыстардың бірі – *ұзындау* деп аталады.

Ұзындау – шиыршықталып оралған текеметті бір басынан екінші басына және екінші басынан бірінші басына қарай созғылап *білектеу*. Бұл үрдіс 15-20 минутқа созылады. *Білектеуден* кейін текеметтің көлемі ұлғайып, созыла түседі. Содан соң, шеттері тегістеліп, қайшымен қырқылады. Осылайша, текемет басу үрдісі аяқталады. Енді оның шуашынан және кір-қоңынан арылту үшін *кірлеу* жұмысы жасалады.

Кірлеу – дайын болған киізді арықтың, өзеннің немесе бұлақтың маңына әкеліп, тақтайдың болмаса үйілген тастардың үстіне жайып, әбден тазарғанша су құяды. *Кірленген* киіз шуашынан арылып, тазарып шығады. Содан соң, текеметті бірер күн көзіне жайып кептіреді. Осылайша, текемет төсеніш ретінде қолдануға дайын болады.

Қазіргі таңда киіз басу ісі кенжелеп қалды. Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген дәстүрлі сабақтастық үзіліп барады. Оның бір себебі, нарық заманында алыс-жақын шетелдерден келген төсеніш бұйымдардың көбеюі, екіншісі – киіз басу өнері көптеген жұмыс күшін қажет ететін ұжымдық, машақаты көп іс-әрекет болып табылады.

1 *Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. - Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895. - 360 с.*

2 *Карутиц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. - СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911. - 189 с.*

3 *Глухов А.Н. Зимнее жилище актюбинских и адаевских казахов // Казаки. Антропологические очерки. Издание особого комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. - Л.: АН СССР, 1927. - С. 108-134;*

4 *Руденко И.С. Очерки быта северо-восточных казахов // Казаки. Сборник статей антропологического отряда Казахстанской экспедиции АН СССР. Исследование 1927 г. - Л.: АН СССР, 1930. С.1-72;*

5 *Масанов Э.А. Казахское войлочное производство во второй половине XIX нач. XX вв. // ТИИАЭ АН КазССР. Т. VI. - Алма-Ата, 1959. - С. 104-126;*

- 6 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Қазақстан, 1969;
- 7 Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. - Алматы: Қазақстан, 1977. - 96б.
- 8 Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. - Алма-Ата: Казахстан, 1979. - 120 с.
- 9 Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т. 2. - Алма-Ата: Өнер, 1987. - 288 с.
- 10 Мұхамедова Д. Киіз басу // Жүннен жасалатын бұйымдар. Құраст. К.Мұқанов. - Алматы: Қайнар, 1990. - 16-23 бб.
- 11 Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. - Алматы: Жазушы, 1992. - 192 б.
- 12 Тохтабаева Ш.Ж. Шедевры Великой степи. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 240 с.
- 13 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. - Алматы: РПК "Слон", 2012. - 736 б.
- 14 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5-том. Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. - Алматы: «Азия Арна», 2014. - 839 б.
- 15 Автордың 2013 ж. Оңтүстік Қазақстан облысына жасаған этнографиялық экспедиция материалдарынан.

Резюме

В статье повествуется процесс традиционного валяния текемета у казахов. При это исследованы тонкости данного процесса, технология нанесения узоров, композиция, регионы его распространения, а также местные особенности процесса изготовления текеметов.

Ключевые слова: осенняя стрижка, купание овец в реке, тербление шерсти, тонкими палочками для распушивания шерсти при валянии кошмы, приготавливать расчесанную шерсть для прядения, наносить узор, фон, центральное поле, бордюры, вид узора, нить для кошмоваляния, кошмоваляние, обдавать кипятком войлок, катать руками (между локтем и кистью) в процессе производства кошмы, удлинять кошму в процессе валяния войлока, валять войлок с орнаментом.

Summary

In the article traditional process of felt-making of tekemet (carpet) among the Kazakhs are considered. Alongside with this studied the methonss of the process, technology of application patterns, the composition, regions of its distribution, as well as local peculiarities of the process of manufacturing of tekemets are also mentioned.

Key words: autumn shearing, bathing of sheep in the river, wool pulling, thin sticks for wool fluffing when felting of felt mats, prepare combed wool for spinning, apply the pattern, background, central field, border, type of pattern, string to felt-making, felt-making, pour boiling water of felts, roll with hands (between the elbow and hand) during the production of felt, lengthened felt during felting, felting with ornament.

ӘОЖ 316.811

НЕКЕДЕГІ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ САҚТАЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ БАҒЫТТА ҚАРАСТЫРУ

В.Қ. Сарсенбекова - магистрант, С.Т.Мусаева - п.ғ.к., доцент
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Бұл мақалада қазақ жанұясы мен күнделіктегі өмірге әсер ететін неке қатынастарының тарихы этнография бағытында қарастырылады. Жеке айтқанда сонғы жиырма жылдағы қазақ жанұясының қарым-қатнастары некедегі азаматтардың бір-біріне әсер ететіндігі талданады. Жаңа отбасының негізі қалыптасқан дәстүр мен әдет-ғұрыпқа да байланысты. Сонымен қатар, жанұя философиясы психологиялық фактормен де тығыз сабақтасады. Күнделіктегі этика, мәдениет және қалыптасқан тәртіппен де ерекшеленеді. Өйткені, жаңа жанұяда, яғни екі жастың арасында қалыптасатын қатынастар аталған себептерге тіреледі. Сонғы жылдары байқап көрсек, өткен ғасырдың және қазіргі кезеңдегі жанұяның ерекшеліктері бар ма, жоқ па бізді осы қызықтырады. Осы мәселелерге жауап беру үшін мақала авторы зерттеушілердің ой-пікірлеріне сүйенеді. Болашақта жанұяны сақтап қалу және неке проблемалары туындамауы үшін ғалымдардың көзқарастарына сүйене отырып мәселені шешіп көрейік.

Тірек сөздер: этнография, әдет-ғұрып, неке қатынастары, қазақ жанұясы

Қазақ отбасы мен некелік қатынастарын этнографиялық тұрғыда зерттеудің ғылым үшін де, күнделікті өмір мүддесі үшін де зор маңызы бар. Ғылымның қазіргі табыстары қоғам дамуы мен этнография тарихын зерттеушілерге аса құнды, жаңа деректер беріп отыр. Тәуелсіздік алған Қазақстанда өтпелі нарықтық қатынастардың ауыр кезеңін бастан кешірген неке және отбасы

жағдайы тарихи-этнографиялық және этносоциологиялық зерттеулерді қажет етеді. Қазақстанның болашақта тұрақты дамуы үшін неке және отбасы жағдайы тұрақты болуы қажет.

Неке тұрақтылығын зерттеу мақсатында Оңтүстік Қазақстан өңірі алынып отыр. Біріншіден, бұл аймақ қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпы сақталынған жер. Екіншіден, қазақтармен қоса басқа да ұлт өкілдері (өзбек, тәжік, орыс) тұрады. Отбасы және некеге байланысты қызығушылықтың тууы отбасының өміршеңдігіне байланысты. Бала туылуына, яғни демографияға қатысты неке тұрақтылығы және неке құрылымының жақсару мәселесі мемлекеттік маңызға ие болып отыр. Оған дәлел, Президент Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен отбасы және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссияның үкіметпен бірлесе отырып жасаған қазіргі гендерлік саясат жөніндегі стратегияның жобасы бола алады [1].

Оңтүстік Қазақстанға – Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары кіреді. Оңтүстік Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты Орталық Азия мемлекеттерімен шектеседі. Бұл осы мемлекеттерде дәстүрлі мәдени-тұрмыстық параметрлардың сақталуымен ерекшеленеді. Оңтүстік Қазақстан өңірінде республикамыздың басқа аймақтарына қарағанда халқымыздың әдет-ғұрпы, мәдениеті, отбасылық дәстүрі жақсы сақталған. Бұған әсер еткен жағдай - осы аймақта қазақ халқының көп шоғырлануы. Оңтүстік Қазақстан халық саны жағынан да республикадағы ең ірі аймақ.

Тәуелсіздік алғаннан кейін неке-отбасылық қатынастар өзгеріске түсе бастады. Неке және отбасы мәселесін анықтауда ғалымдар мынадай негізгі сұрақтарды: неке отбасылық қатынастардағы отбасы қызметі, неке сапасы, отбасындағы билік құрылымына байланысты пікірлер қай бағытқа өзгергендігін білуге тырысты. Социолог-ғалым З.Ж. Жаназарова өз монографиясында некеге тұруға байланысты мынадай төрт көзқарасты атап көрсетеді: 1) некеге деген жаман көзқарас, оның қажетсіздігі, 2) болашақ жарын таңдаудағы жоғарғы талап, яғни адам өз ойындағы адамды таппаса өмір бойы жалғыз өтуге дайын, 3) таңдаудың орташа түрі, адам ұнатқан жарын кездестірсе неке құруға даяр, 4) таңдаудың төменгі түрі, адамға некеден басқа ешнәрсе керегі жоқ, некені өзіндік бағалаудан жоғары қояды [2].

Некеге отыру мақсаттарын есепке ала отырып, Оңтүстік Қазақстан өңірі бойынша некедегілер санын анықтаймыз. 1999 жылғы санақ қорытындылары бойынша 1989 жылмен салыстырғанда некеге тұрушылардың санының азайғандығын көреміз. Некедегілер бойынша ең жоғарғы көрсеткішке Оңтүстік Қазақстан облысы ие – 58,9 %, Қызылорда облысы – 57,2 %, Алматы облысы – 56,6 %, Жамбыл облысы – 55,8 %. Келесі кезекте некедегі ер адамдардың көрсеткішін анықтасақ, бұл жерде жоғарғы орында Оңтүстік Қазақстан облысы – 62,9 %, одан кейін Алматы облысы – 61,5 %, Жамбыл облысы – 61,3 %, Қызылорда облысы – 58,8 % орын алады [3].

Егер бұрын жастар көбіне 20-24 жаста неке құрса, қазіргі жастардың арасында 18-22 жас аралығында үйлену үрдіске айналып келеді. Оған қоса неке құру жасының біршама өскендігі байқалады. Ауылдық жерде тұратын жергілікті ұлт өкілдері қалаға қарағанда некеге ерте отырады. Қаладағы жастар отбасын құруға асықпайды.

Келесі кезекте некедегілердің жас алшақтығын анықтаймыз. Жоғарғы буын өкілдерінің жас айырмашылығы 5 жастан 6-10 жасқа, кейде 11 жастан жоғарыға көтеріледі. Қазақтарда 60 және одан жоғары жастағыларда жұбайлардың жас айырмашылығы 6-10 жас шамасында. Кейбір жағдайларда қазақтарда ерлерінен 6-10 жасқа үлкен болуы, екінші рет некеге отыруына байланысты. Жас және орта буында жұбайлардың жас айырмашылығы 1-5 жастан аспайды. Келесі кезек әйелдерінің ерлерден жасының үлкен болуы, жоғарғы буында сирек болса да орын алған.

Оңтүстік Қазақстанда қазақтардың шоғырлануына байланысты ең көп таралғаны бірұлтты неке. Зерттеп отырған қазақтардың үйлену әдет-ғұрыптарының барлығын төрт кезекке бөлуге болады: 1) құда түсу; 2) қыз ұзату; 3) үйлену тойы; 4) үйлену тойынан кейінгі рәсімдер. Қазақтар АХАЖ арқылы неке қиюмен қатар мешітте мұсылмандық жолмен неке қияды. Оңтүстік Қазақстан өңірінде бұл ғұрып Кеңес үкіметі тұсында да орын алған. Оңтүстік Қазақстан өңірінде бірұлтты некелермен қатар, ұлтаралас некелер де орын алған. Бірақ бірұлтты некемен салыстырғанда оның көрсеткіші 3-5% дан аспайды. Себебі, біріншіден, Оңтүстік Қазақстан қазақтардың көп шоғырланған аймағы болғандықтан олар көбіне өз ұлттарының өкілдерін қалайды. Екіншіден, салт-дәстүр факторының әсер етуіне байланысты қазақ қыздарының өз ұлтымен некеге тұруы қатаң қадағаланады. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ұлтаралас некеге қазақтар орыстармен, өзбектермен, татарлармен, қырғыздармен тұратындықтары анықталды.

Ұлт саясаты негізінде ұлттар арасындағы тұрақты қарым-қатынас нығаяуда. Мұндай достық нәтижесінде ұлтаралас отбасын құру қазіргі таңда кең қанат жайып отыр. Себебі, қазіргі жастар

арасында неке құру үшін олардың ұлты, нәсілі, қай дінде екені бөгет бола алмайды. Отбасын құрудағы шешуші жағдай – жастардың бірі-бірін ұнатып, араларында шынайы махаббат сезімінің болуы. Ұлтаралас некеге этностардың біразы көбінесе орыстармен отырады. Қазақтар көбінесе орыстармен, сосын татар, ұйғыр, туысқан түркітөктес этностардың өкілдерімен некеге отырады. Біріншіден, орыстардың үлес салмағының басқа этностарға қарағанда көп болуы. Екіншіден, тәуелсіздік алғаннан бері қазақтардың титулды этносқа айналуы.

Әр буын өкілдерінің ұлтаралас отбасына деген көзқарасы әрқалай. Мысалы жоғарғы буын өкілдерінің көзқарастары төмендегідей: этномәдени параметрлері жағынан (қазақ қожа мен өзбек қожа және керісінше) жақын болса бейтараптық қатынас; түркі тілдес этностарына (өзбек, ұйғыр, татар, қырғыз және т.б.) онша білдірмейді; ислам дініндегі этностарға (тәжік, күрд, шешен және т.б.) онша қарсылық білдірмейді; басқа діндегі европалық этностармен некеге тұруға қарсы; Африка, Америка, Европандан шыққан негроидтық расаға мүлдем қарсы.

Келесі туындайтын мәселе ұлтаралас некені қандай себептерге байланысты қаламайтындығын анықтау. Қазақтардың, оның ішінде ауылдағылардың 32,1%, қаладағылардың 25,4% өздерін сыйламауға байланысты ұлтаралас некені қаламайды. Ауылдағы өзбектердің көрсеткіші – 11,8%. Қаладағы қазақтардың 25%, қаладағы өзбектердің 23,9% басқа ұлттың арасында тұру қиынға соғатындықтан ұлтаралас некені құптамайды. Біз зерттеп отырған мәселеге тікелей қатысты келесі сұрақ «Қандай неке тұрақты: бірұлтты немесе ұлтаралас па?». Тек орыс этносынан басқасының барлығы бірауыздан бірұлтты некені қолдады. Қала қазақтарының 67,6 %, ауыл қазақтарының 74,8 %, қаладағы өзбектердің 58,4 %, ауыл өзбектерінің 63,3 % бірұлтты неке ұлтаралас некеге қарағанда тұрақты деп жауап берді. Орыс ұлты өкілдерінің 51,8 % некенің тұрақты болуы ұлтына байланысты емес, жұбайлардың тікелей өздеріне байланыстылығын көрсетті.

Неке тұрақтылығына әсер етуші факторлар деп аталатын неке тұрақтылығына әсер ететін отбасы құрамы, ішкі отбасылық қатынас, жұбайлардың білім дәрежесі, әлеуметтік-экономикалық жағдай, бос уақытты тиімді пайдалану, рухани жағдайлардың ықпал етуі қарастырылады. Қазіргі таңда шаңырақ құрудың мазмұны, мақсаты, саны кез келген адамды ойландырады.

Отбасының 1989 жылмен салыстырғанда және зерттеп отырған аймақтағы облыстардың ішінде ең жоғарғы көрсеткіші Оңтүстік Қазақстан облысында -370473. Оңтүстік облыста некеге ерте отырады. Келесі кезек Алматы облысы – 347877, Жамбыл облысы - 211885, Қызылорда облысы - 109896. Әр облыс бойынша отбасының орташа саны да түрліше. 1989 жылмен салыстырғанда 1999 жылғы санақ көрсеткендей отбасы мүшелерінің саны көбейген. Республика бойынша орташа отбасындағы адам саны - 4,0. Отбасы саны аз болса да, отбасы мүшелері саны жөнінен Қызылорда облысы ең жоғарғы көрсеткішке ие. Онда отбасындағы адамдардың орташа саны - 5,3. Келесі кезек Оңтүстік Қазақстан облысында - 5,2; Жамбыл облысында - 4,5; Алматы облысында - 4,3. Отбасы құрамын талдау нәтижесінде, қалаға жақын орталықтарда, әсіресе қаладағы отбасыларда жұмыс істеуге, оқуға, баспанаға байланысты отбасы мүшелері саны аз. Бұл бағыт басқа да этностарға тән. Тек Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша отбасы мүшелері саны көбірек, олар 4,3 және 5 адамды құрайды [4]. Ауылдық жердегі отбасындағы адам саны барлық облыстар, тіпті республика бойынша қалаға қарағанда көбірек. Әсіресе бұл моноэтникалық аудандарда басымырақ екенін аңғарамыз. Отбасы құрылымының орта саны Алматы облысында - 4,6; Жамбыл облысында - 5; Қызылорда облысында - 5,9; Оңтүстік Қазақстан облысында – 5,8.

Оңтүстік Қазақстанда, тіпті республикамыздың басқа да аймақтарында ең көп тарағаны әр түрлі нұсқалардағы нуклеарлы отбасы. Көбіне ол екі ұрпақтан тұрады: ата-ана немесе екеуінің біреуі және үйленбеген балалары. Нуклеарлы отбасы тек қазақ отбасылары емес, орыс, татар, неміс, украин және т.б. этностар арасында да кең тараған. Ұрпақ буынына қарай отбасындағы мүшелердің саны да түрліше болады. Этникалық аспектіде үлкен ерекшелік байқалады.

Толық отбасылардың, яғни ата-аналары мен балалардан тұратын отбасылардың көрсеткіші 75,9-81,9%. Жалғыз басты ер адам не жесір әйел балаларымен бірге тұратын жағдайлар да кездеседі. Осындай толық емес отбасының үлесі - 20,1-11,7 %. Орыс, неміс ұлтында бір ұрпақты отбасы кең тараған. Негізінен оған жоғары ұрпақ өкілі, балалары өз беттерінше басқа жаққа көшіп кеткен, ата-ана ғана тұратын отбасы жатады. Зейнеткерлерден тұратын бір ұрпақты отбасы европалық этностарда, оның ішінде орыстарда жиі болғанымен, қазақтар мен өзбектерде сирек кездеседі. Отбасының бұл түріне баласы жоқ жас және орта буынды жатқызуға болады. Біз зерттеген аймақта бұндай отбасының үлес салмағы 4,7-8,9 %.

Қазақ отбасында екінші орында үш ұрпақты отбасы тұрады. Оңтүстік Қазақстанда ол 16,8-25,2% үлес салмағын алады. Бұл отбасыларда жас буын мен орта буын толық, ал жоғары буын толық емес,

ата немесе әженің ғана болуы. Үш ұрпақты отбасы полиэтникалық аудандарға қарағанда моноэтникалық аудандарда басымырақ. Бұндай отбасылар 20,4 % көлемінде. Кей жағдайда ата-ана үйленген екі ұлымен де тұратын отбасылар кездеседі. Төртұрпақты отбасы салыстырмалы түрде 0,3-1,5 % ғана алады. Төртұрпақты отбасы түркі тілдес этностарда, әсіресе ауылдық жерлердегі қазақтар мен өзбектерде кең тараған. Отбасы құрамына этникалық, әлеуметтік факторлармен қатар отбасындағы балалардың саны әсер етеді. Көп балалы отбасы қазақтарда кең тараған. Оңтүстік Қазақстан өңірінің барлық облыстары бойынша ауылдық жердегі отбасыларда бала саны басым. Этнографиялық мәліметтер көрсеткендей, көп баланың болуы жоғарғы буыны бар отбасыларда және жұмысшылардың отбасында көбірек кездеседі. Бұндай көп балалы отбасынан шыққан жасөспірім еңбекқор, үлкенді сыйлайтын, құрметтейтін болады. Ал, қызметкерлердің, әсіресе интеллигенция отбасыларында 2-4 баламен шектеледі.

Ұлтаралас некенің ерекшелігі отбасындағы бала санының аз болуы. Түркі халықтарынан құралған ұлтаралас отбасыларда (қазақ пен өзбек, өзбек пен ұйғыр, түрік пен әзірбайжан) бала саны басым. Аталған этностар европалық этностармен ұлтаралас неке құрып, өз этникалық орталарында немесе ауылдық жерде тұрған жағдайда баланың көп болғанын қалайды. Бұл шығыс халықтарына тән менталитет, яғни орташа көрсеткіш 2,8 бала. Керісінше ұлтаралас отбасыларда әйелдері европалық этнос болса, түркі этностарына қарағанда балалардың саны аз болып келеді. Сонымен қатар полиэтникалы аудандар мен қалалардағы отбасыларда да осындай бағыт кең өріс алған.

Зерттеу барысында отбасындағы баланың тууын жоспарлауға мүмкіндік бермейтін негізгі себептер анықталды: а) материалдық жағдайдың мүмкіндік бермеуі - 26,4%; ә) некеде тұрмайтынға - 15,6%; б) денсаулығының көтермейтіндігі - 15,4%; в) тұрғын үйдің жоқтығы - 42,6%. 1990 жылдардан бастап орын алған туудың төмен көрсеткіші Қазақстанның барлық аймағында қалыптасты. Осы жағдайдың орын алуына факторлар: әйелдердің әр түрлі жұмыстармен айналысуы, ауылдағы өмірге урбанизация әсері, бала тәрбиесіндегі сапаның артуы, нарықтық қатынасқа көшуі, материалдық жағдайдың төмендеуі, тұрғын үй мәселесінің қиындауы, көп балалы отбасыларға көмектің аз көрсетілуі [5].

Авторитарлы отбасы моноэтникалық қазақтар немесе өзбектер басты тұратын аудандарда кеңінен орын алған. Ерлі-зайыптылардың білім дәрежесі өскен сайын теңдік қатынас та көтеріледі. Бұл көрсеткіш төмендеген сайын ерлердің әлеуметтік мәртебесі жоғарылайды. Қазіргі жағдайда авторитарлы отбасында да қаржы мәселесін шешуде бұрынғыға қарағанда өзгерістер бар.

Неке тұрақтылығына келесі әсер ететін фактор – жұбайлардың білімі және мәдени дәрежесінің әр түрлі болуы. Соған байланысты ішкі отбасылық қатынас та өзгеріп отырады. Отбасы мүшелерінің рухани дәрежесі көптеген жағдайда отбасында қалыптасқан әдет-ғұрыптарға, салт-дәстүрлерге де байланысты болып келетіні ақиқат. Неке тұрақтылығына әлеуметтік, экономикалық-материалдық, шаруашылық-тұрмыстық, білімдік және мәдени, көршілік, достық, кәсіпкерлік байланыстар әсер етеді. Оңтүстік Қазақстан өңірінде тұрақты жұмыспен ер адам айналысып, әйел адам үй шаруашылығы, бала бағумен үйде отырды. Президент Н.Ә. Назарбаев: «Жаңа жалпы қазақстандық патриотизмнің іргетасын қалап, біздің Отанымыздың көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне сенімдімін. Біз бірлесіп ойға алғанды орындап шығамыз», - дейді [6]. Егеменді еліміздің азаматтарына ұлттық рух, Отан сүйгіштік тілейміз.

1 Байсақал Н. Отбасының бүтіндігі -бүгіннің өзекті мәселесі: Алматы қаласы Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі комиссиясы жүргізген әлеуметтік зерттеулер қорытындысы // Алматы ақшамы. - 2006. - 7 қаңтар.

2 Жаназарова З.Ж. Современная семья в Казахстане и ее проблемы.- Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 257 с.

3 Краткие итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан: Статистический сб. - Алматы: Гос РК по статистике, 1999. - 211 с.

4 Неке тұрақтылығына ішкі отбасылық фактордың әсері//Қазақстан жалпы адамзаттық тарихи ойлау аясында: Халықаралық Бекмаханов-оқуларының материалдары, 25-26 мамыр 2005 жыл. - Алматы, 2005. - 480-484-бб.

5 Неке тұрақтылығын анықтау тәсілдері//ҚазҰУ Хабаршысы. - Тарих сериясы. - 2005. - № 1 (36). -129-132-бб.

6 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына жолдауы»//Егеменді Қазақстан. - 2007. - 1 наурыз.

Резюме

В статье рассматривается история исследования казахской семьи и брачных отношений с точки зрения этнографии, которое имеет важное значение как для науки, так и для повседневной жизни. Особенностью содержания статьи является семейно-брачные отношения за последние десятилетия в казахском обществе, где реалии повседневной жизни влияют и на формирование полноценной семьи. Конечно, жизнь молодой семьи - это и сохранение обычаев и традиции в лучшем понимании этих слов. Кроме того, сама философия семьи - это психологический фактор, который зависит от личных взаимопониманий всего окружающего, взгляд на ежедневные порядки и устои современной семьи в сочетании и сохранении культуры и этикета между двумя молодыми людьми. Есть ли различия и отличия вчерашней семьи и в чем их отличие на сегодняшний день? Как к этим вопросам подходят исследователи, что является приоритетным в сохранении ячейки общества и для полноценного его функционирования, что является главным решили узнать авторы данной статьи.

Ключевые слова: этнография, обычаи, традиции, семейные отношения, казахская семья.

Summary

The study of a Kazakh family and marital relations, from the ethnographic point of view, is of great importance to both the science and to the daily life. This article reviews the history of investigation of Kazakh family and marital relationships from the ethnographical perspective which has the important significance as for the science and sofor daily life. The peculiarity of the article is marital relationships for the last decades in the Kazakh society where the reality of daily life influences on the formation of the whole family. Of course, the life of a young family is the keeping of customs and traditions in a good understanding of these words. Thehefore, the family's phylosophie is a psychological factor, which depends on personal relationships of all environment, viem on a daily orders of a modern family in a combination and conservation of a culture and etiquette between two young people. Are there a difference between old-fashioned and modern families? What scientists think about it? What are the main prinsiples to save the family as a part of a society? These are the questioned to be considered in this article.

Key words: ethnography, customs, traditions, family relationships, Kazakh family.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

94(574) "18/19": 325. 54

О.А. ШКАПСКИЙ: О «ГАРМОНИИ ЭКОНОМИЧЕСКОГО УСТРОЙСТВА» ЧЕРЕЗ РЕАЛИЗАЦИЮ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ В СЕМИРЕЧЬЕ (КОНЕЦ XIX - НАЧАЛО XX ВВ.)

**Белоус С.Г. – докторант 2 курса специальности «6D011400 - История»
(Казахский национальный педагогический университет им. Абая**

В статье анализируется позиция государственного деятеля конца XIX-начала XX вв. О. А. Шкапского, его взгляд на аграрный вопрос, в целом, и на переселенческую политику, в частности.

Эпистолярное наследие О.А. Шкапского отразило колонизаторскую политику, однако ее продуктивное проведение он видел в более рациональных подходах по отношению к коренному населению края и его хозяйственной деятельности. Так будучи чиновником колониальной системы, он открыто выступал с критикой политики колониального правительства в отношении экономического устройства степи.

Ключевые слова: О. А. Шкапский, переселенческая политика, аграрный вопрос.

Особое место в воззрениях русской демократической интеллигенции в Казахстане конца XIX начала XX вв., занимали вопросы достижения национального равенства и социальной справедливости при обустройстве казахского общества. В условиях господства колониальной идеологии в отношении окраин империи, выражение демократизма в воззрениях современников того периода вызывает большое уважение. Среди интеллигенции, отдельные представители которой состояли чиновниками администрации, исследователями, были личности, негативно относившиеся к проводимой аграрной политике в отношении коренного населения и осуждавшие методы ее реализации.

Под аграрной политикой понимают систему государственных мероприятий, имеющих целью регулировать экономические отношения сельского хозяйства. Она складывается под влиянием государственных потребностей [1, с.5]. Однако насколько соответствовала провидимая политика потребностям всех слоев населения этого государства – на этот вопрос и пытались ответить в своих работах представители русской демократической интеллигенции. Отношение к ней было далеко неоднозначным и весьма противоречивым. Многие моменты в их позициях в предшествующий период сознательно умалчивались или оценивались как проявление «буржуазной» сущности.

Одним из представителей таковой являлся О.А. Шкапский (1865 – 1918 гг.). В его трудах нашло отражение содержание колониальной политики в аграрном вопросе. Во многом, благодаря его работам, предоставляется возможность проследить, как на местах проводилась политика самодержавия, представить картину аграрной политики страны. Они проникнуты стремлением описать положение казахского населения, насильственно лишённого земли, вынужденного уходить с обжитых земель, разоряющегося под давлением казачьей и крестьянской колонизации. Работы поднимали вопрос о справедливом решении земельной проблемы, а в это, в свою очередь, и являлось одним из ключевых элементов «гармонии экономического устройства» [2].

Как известно, один из вариантов разрешения аграрного кризиса видели в переселении крестьян из центральных районов на окраины. Хотя, безусловно, единства во мнениях не было. Примером может служить совещание в Москве по аграрному вопросу, проходившее 29 апреля 1906 г. Участие в нем принимали землевладельцы, общественные деятели, по роду деятельности близко стоящие к вопросам землевладения и землепользования, а также представители науки. Основным вопросом было малоземелье. В череде принятых постановлений было следующее: «возможность широкого развития переселения на государственные земли исключается недостатком свободных земель, годных для выходцев из местностей, наиболее нуждающихся в разрежении населения... переселение, поэтому не может не устранить, не отсрочить необходимость, в более, коренных мерах к улучшению условий крестьянского землевладения и хозяйства» [3, с. 9].

В правительственных же кругах того времени оформилась довольно четкая позиция в отношении переселения: признание его важнейшим делом, от которого зависело разрешение земельной

проблемы в Европейской России, возникшей вследствие отмены крепостного права [4, с.11]. И конечно, немаловажную роль отводили казачьей колонизации, призванной обеспечить непоколебимость власти и границ империи, а также оседанию коренного населения степи.

В своем очерке по аграрному вопросу на Аму-Дарье, О.А.Шкапский затрагивает проблему земледелия и землевладения [5]. Вопросы, рассматриваемые в труде, дают понять, что автор широко осведомлен о проблемах аграрного характера в степи. Кроме того, он делает акцент на то, что решение о навязывании того или иного вида хозяйственной деятельности повсеместно не есть выход из сложившейся ситуации. Историческое прошлое Средней Азии, при господстве мусульманской религии и физико-географических особенностей, выработало систему землевладения, сильно различающуюся с системами Западной Европы. Кроме того, понятия населения о землевладении сложилось под влиянием этого до такой степени прочно, что «коренное изменение их, без внимания к установившимся обычаям, хотя бы самое изменение сделано было под влиянием новейших законов науки, невольно вызовет ломку его экономической жизни» [5, с. 146]. Лидер партии Алаш А. Букейханов, критикуя колониальную политику царизма, в статье «Кризис канцелярского переселения» писал: «Такие вопросы, как переселение и колонизация, не решаются чисто канцелярским путем, передвигая пальцем по карте Сибири тысячи живых людей. С одной стороны, чуть ли не массовое бегство переселенцев обратно в разоренные старые гнезда, а с другой – разорение туземного населения» [6]. Полемика подобного характера представляла собой разнообразную палитру мнений, среди них выделялся и О. А. Шкапский, тем более, что он воочию наблюдал за сложившейся ситуацией.

Осенью 1904 г. О.А. Шкапский, как чиновник по сельскохозяйственной и оброчной частям при Сыр-Дарьинском областном правлении, был командирован Департаментом Государственных Земельных Имуществ в Семиреченскую область для ознакомления с положением крестьянских переселенцев, называемых самовольцами, а также с теми местными условиями, которые необходимо было принять во внимание при разрешении вопроса о земельном устройстве этих крестьян [7, с. 3]. Наличие всех собранных им фактов привела его к заключению, что жизнью поставлено на очередь разрешение не переселенческого вопроса, а вообще аграрного. Переселенческий вопрос в Семиречье лишь часть общего аграрного вопроса, разрешение которого, по мнению О.А. Шкапского, заключалось в создании таких условий, при которых наличное, тяготеющее к земле население могло бы не только свободно разместиться на всей территории пригодных для земледелия земель, но и в будущем, по мере прилива новых переселенцев и по мере интенсификации хозяйств, давать на той же территории место для новых засельщиков. Так, что О.А. Шкапский не отрицал проведения переселенческой политики, и в какой-то степени видел в ней выгоду для дальнейшего развития страны. Однако, его взгляд на подход в проведении такой политики, несколько разнился с официальными общепринятыми установками.

Коренными жителями области в момент присоединения территории ее к империи были казахи, преимущественно кочевники. Власти стали водворять в нее оседлое население, а именно: казаков, русских крестьян и эмигрировавших из Китая дунган и таранчей. Движение крестьян-переселенцев было настолько слабо, что за время с 1868 г. по 1882 г., в области возникло 29 селений. В 1891 г. это движение усилилось вследствие голода в Европейской России, при чем прибывшие в область переселенцы окончательно заполнили устроенные селения. Прилив новых переселенцев вызвал возникновение самовольных селений, так как местная администрация в силу полной невозможности устроить переселенцев на орошенных землях не только не шло навстречу переселенческому движению, заготовлением для крестьян участков, но, наоборот, принимало меры к тому, чтобы остановить это движение.

Однако, на официальное закрытие области для переселенцев, на предложение крестьянам вернуться в места приписки, на угрозы выдворения военной силой, на уничтожение произведенных переселенцами насаждений – жизнь отвечала ростом самовольческих селений [7, с.179]. Так интенсивное оседание казахов, землеотводные опыты и прилив переселенцев, создали такое положение, которое лучше всего характеризовалось и крестьянами и казахами выражением «теснота» [7, с.180].

Итогом 13-летнего движения (с 1868 г. по 1880 г.) стало переселение 2075 семей, т.е. в среднем по 160 семей в год, при минимум 27 семей в 1869 г. и максимум 360 семей в 1878 г. Это показывает, что движение не было особенно сильно [7, с. 65]. С 1891 г. начался новый период в истории крестьянского переселения в Семиреченскую область. Он характеризовался, главным образом, борьбой

администрации с пребывающими переселенцами-самовольцами, однако действенным мер по приостановлению переселения, не предпринималось [7, с. 66].

В своей работе О.А. Шкапский поясняет, что необходимо было выработать условия землепользования, а для этого требовалось иметь более или менее точные данные о составе местного населения и его хозяйственной деятельности, о современном положении земледелия, о возможном будущем этой отрасли хозяйства, обо всем земельном фонде [7, с. 4]. Кстати сказать, в этом его сентенция сходилась с умозаключениями по данному вопросу с Т.И. Седельниковым, который также придерживался демократических взглядов в отношении казахского землевладения [8].

Изучая положение крестьянских хозяйств переселенцев, О. А. Шкапский сравнивал их с крестьянскими хозяйствами внутренних губерний Российской империи, отмечая высокий экономический уровень первых. «Богатство крестьян позволяет им нанимать киргиз», - писал О.А. Шкапский, указывая на существование среди казахов прослойки обедневших джатаков. Изучив данные о переселении крестьян, автор отчета разделил переселенцев на две группы: тех, кто прочно обосновался, и тех, кого он называл «временными» поселенцами. Основываясь на данных о переселенческом движении в Копальском и Пишпекском уездах Семиреченской области, О.А. Шкапский неоднократно описывает случаи самовольного расселения пришлых крестьян: «Несмотря на запрет генерал-губернатора, на отказ областного правления подтвердить приговор волостных выборных, переселенцы отказались покидать купленные у казахов земли, даже за возврат им их денег. Сами киргизы, подавав в аренду земли, стали батраками у своих арендаторов» [9, с. 184]. Так О.А.Шкапский исследовал вопрос с точки зрения взаимоотношений новых поселенцев и старожилов, им отмечались факты борьбы переселенцев с местным населением за землю. В то же время администрация, издавая указы о запрещении водворения переселенцев, не принимала никаких радикальных мер, чтобы остановить этот процесс. Решение об их устройстве тесно связано, по мнению О.А. Шкапского, с вопросом о казачьей колонизации. Автор отчета считал, что при правильном выборе нормы наделения землей, аграрную проблему переселенцев можно было разрешить тем, что сократить размер душевого казачьего надела.

Также вносилось предложение об осуществлении покупки казахских земель. Как говорил Военный Губернатор Семиреченской области, Военным Министерством на 1904 г. был внесен кредит на 5 тыс. руб., но вследствие войны с Японией, кредит этот закрыли [7, с. 166]. К каким последствиям могли бы привести мероприятия по скупке казахских земель и насколько могли бы справиться с этой задачей поземельные комиссии, на которые возлагалось иметь ввиду, что у кочевников оставалось достаточно земли для пашен и зимовок, - показали примеры из практики землеотводного дела в Семиречье. Они указывали на слишком поверхностное отношение к проблемам казахов, представляли яркую характеристику порядков землеотводного дела. Соображения поземельной комиссии основывались на примерном подсчете площади занятых земель.

С правовой точки зрения (ст. 120 Степного Положения), водворению и прочному устройству переселенцев должно было предшествовать определение излишних для кочевников земель, оно возможно путем статистического изучения нужд киргизского населения в земле. Образование переселенческих участков из земель, признаваемых излишними для казахов, требовало, чтобы и казахи были в земельном отношении устроены. О. Шкапский настаивал, что благосостояние всякой страны находится в тесной зависимости от общей гармонии экономического устройства всех сословий. На его взгляд, ставить на первый план одно из них, особенно в таком жизненном вопросе как землепользование, едва ли может быть признано мерой осторожной и даже действительной услугой привилегированному сословию, на интересах которого не могло не отразиться губительно бедственное состояние других сословий. Поэтому правильное земельное устройство казахов было в интересах переселенческого дела.

При существовавшей экономической дифференциации у казахов, когда большинство находилось в приниженном состоянии, а меньшинство сильно или своим богатством, или своим социальным положением – не было никакой гармонии. Без производства землеустроительных работ для казахов – экономическое положение последних только ухудшалось, и поэтому не была достигнута общая гармония экономического устройства всех элементов, населяющих область. Отсутствие такой гармонии – явление, общее для всех тех местных казахов степи, где производились землеотводные работы [7, с.183].

Все вышеизложенное приводит к заключению, что правильное решение вопроса о землеустройстве казахов и крестьян-переселенцев должно было опираться на всестороннее изучение области в статистико- хозяйственном и естественно-историческом отношениях.

Только зная существующий экономический строй, зная те естественные условия, в которых находится этот строй, и создав себе представление о возможном будущем распределении населения по той территории, которая пригодна для земледелия не только по своим почвенным условиям, но также и по условиям водоснабжения – только тогда можно было прийти к заключению о таких формах землевладения и землепользования, которые допускали бы землеустройство и автохтонного населения и пришлого элемента [7, с.191].

Необходимо было создать условия для развития и человеческой инициативы и прогресса сельского хозяйства. А так как, «идеал, по словам «идеалиста земли» Шелгунова, есть возможно лучшее расположение элементов действительности», то эту современную действительность и необходимо было изучать, а не хранить в нераскрытой книге [7, с.192].

Таким образом, по умозаключениям О. А. Шкапского, исследование Семиреченской области в статистико-хозяйственном и естественно-историческом отношениях - должно было стать первым этапом на пути разрешения, выдвинутого жизнью аграрного вопроса.

Описывая историю переселенческого движения в последнее десятилетие XIX века, О.А.Шкапский отметил неоднократные случаи изъятия земель у казахов, обострение земельного вопроса в области и полную неподготовленность администрации к решению этих проблем. Он пришел к выводу о том, что методы, которые использовались при проведении в жизнь столь серьезных преобразований, не являлись рациональными и не могли быть применимы и далее, и в таких же масштабах. Такие умозаключения, бесспорно, делают О. А. Шкапскому честь, как чиновнику того периода.

1 Бруцкус Б.Д. *Аграрный вопрос и аграрная политика*. – Петербург, 1922.

2 Шкапский О.А. *Аму-Дарьинские очерки: к аграрному вопросу на нижней Аму-Дарье*. – Ташкент, 1900; Шкапский О.А. *Киргизы-крестьяне. (Из жизни Семиречья)*. // *Известия РГО*, - Т.XLI. - СПб., 1906; Шкапский О.А. *Переселенцы - самовольцы и аграрный вопрос в Семиреченской области*. – Петербург, 1906.

3 *Аграрный вопрос. Сборник статей*. – М., 1906.

4 Малтусынов С.Н. *Аграрный вопрос в Казахстане и Государственная Дума России (1906–1917 гг.)*. – Алматы, 2006.

5 Шкапский О.А. *Аму-Дарьинские очерки: к аграрному вопросу на нижней Аму-Дарье*. – Ташкент, 1900.

6 Букейханов А. *Кризис канцелярского переселения. Избранное*. – Алматы, 1995. – С.270-274.

7 Шкапский О.А. *Переселенцы - самовольцы и аграрный вопрос в Семиреченской области*. – Петербург, 1906.

8 Седельников Т.И. *Борьба за землю в Киргизской степи и колонизационная политика правительства*. – Петербург, 1907. – 4 с.

9 Хабижанова Г. Б., Валиханов Э.Ж., Кривков А.Л. *Русская демократическая интеллигенция в Казахстане/ Под ред. Койгелдиева М.К.* – М., 2003. – 288 с.

Түйіндеме

Мақалада XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы мемлекеттік қайраткер О.А.Шкапскийдің ұстанымы, оның жалпы аграрлық мәселеге, қоныс аудару саясатына көзқарастары талданады. О.А.Шкапскийдің эпистолярлық мұрасы отарлық саясатты бейнелейді, бірақ оны нәтижелі жүргізуде ол жергілікті тұрғындарға және олардың шаруашылық қызметіне қатысты рационалдық ұстанымда болды. Ол отарлық жүйе шенеунігі бола тұра отарлаушы үкіметтің даланы экономикалық құру туралы саясатын ашық сынады.

Кілт сөздер: О. А. Шкапский, қоныс аудару саясаты, аграрлық мәсел

Summary

This article about the position of the statesman in the end XIX- beginning XX century. O.A.Shkapsky is analyzed his view of an agrarian question, in general, and on resettlement policy in particular. The epistolary heritage of O.A.Shkapsky reflected colonizer policy however its productive carrying out he saw more rational approaches on the relation and indigenous people of edge and its economic activity. So being the imperial official, criticized policy of the imperial government for the economic device of the steppe.

Key words: O.A.Shkapsky, resettlement policy, agrarian question.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ: ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Шалқаров М.Б. - магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультеті

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей Қазақстанның әлеуметтік-демократиялық дамуы мен бағыты жайлы, сонымен қатар адам құқығы, бостандықтары және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту жайлы құқықтық мемлекетке ұмтылуы сөз болады.

Тірек сөздер: Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту, парламентаризм, азаматтық қоғам институттары, Конституция, экономика.

Қазақстан Республикасының қазіргі 1995 жылы қабылданған Конституциясы бойынша әлеуметтік және құқықтық мемлекетті құрудың алғышарттары мен негізгі принциптері белгіленген: «1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Қазақстан Республикасының мемлекеттік даму бағыты ретінде Ата Заңымызда бекітілген әлеуметтік және құқықтық мемлекетті қалыптастыру негізгі қағидаларды жүзеге асыруды талап етеді. Олардың қатарында биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлінуіне ерекше назар аудару қажет. Онда әлеуметтік құқықтық мемлекеттің басқа талаптары да қамтылған. Шындығында, заңның үстемдігі, адам құқығы мен бостандығын жоғары құндылық ретінде бағалау, мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі және оны жүзеге асыру талаптары заң шығарушы және атқарушы биліктің басты міндеттері. Ал, заң мен басқа да нормативті – заңдық актілердің орындалуын қадағалау сот билігінің міндеті. Биліктің бөлінуінің әрекетшілдігі және тиімділігі заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарының өзара әрекетінде айқын көрінеді. Бұл екі билік тармақтары арақатынасының мүлтіксіз деңгейіне жету мүмкін емес, арадағы қайшылық демократия институттарын жетілдіріп, құқықтық мемлекетке ұмтылудың бастау көзі болып табылады. Бұл жағдайда белгілі – бір заңдылық туындайды. Қоғамды демократияландырудың өзегі болып табылатын заң шығарушы билікті, парламентаризмді дамыту атқарушы биліктің әрекетін шектейді, оның тетіктерін жетілдіру қоғамды демократияландыру деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Әлеуметтік және құқықтық мемлекетті қалыптастыру елімізде парламентаризмді, парламентті, оның қызметін жетілдірумен қатар жүргізіліп отыр. Сот билігі адамдардың құқығы мен бостандығын қорғауы және осы арқылы қоғамда тұрақтандырушы рөл атқаруы қажет. Ол үшін сот билігі тәуелсіз болуы қажет. Бұл мәселені АҚШ-та соттарды заңгерлер мен халық өкідері қатысуымен алдын-ала таңдау арқылы ұзақ мерзімге немесе өмірлік тағайындау арқылы шешкен. Мұндай тағайындаудан кейін соттар сот кодексін бұзған жағдайда ғана қызметінен босатылады. Мұндай жүйе соттарды шешім қабылдауда барынша тәуелсіз болуына мүмкіндік береді. Тәуелсіздіктің екінші негізі – материалды тұрғыдан қамтамасыз етілу. Төменгі деңгейдегі соттардың өзі жергілікті билік тарапынан қаржыланбауы қажет. Материалды жағдайдың жоғарылығы сот қызметінің беделін арттырып, қоғамда соттарды теріс ойдан сақтандырады. Мұның бәрі сот билігіне қоғам алдында жауапкершілікке ие билікті заңгерлердің келуін қамтамасыз етеді. Аталған мәселелер елімізде тек соңғы уақыттарда ғана қауымдастық алдында кеңінен талданып, соттардың материалды жағдайын жоғарылату, соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету өзінің оң шешімін табуда. Әлеуметтік құқықтық мемлекеттің маңызды белгілерінің бірі – заңды негіздерге сүйене отырып шешім қабылдайтын тәуелсіз сот жүйесінің болуы. Биліктің бір тармағы болып табылатын тәуелсіз сот билігінсіз әлеуметтік құқықтық мемлекеттің болуы мүмкін емес.

Сот жүйесінің тәуелсіздігі, ең алдымен, соттардың құқықтық статусымен, сонымен бірге, олардың объективті әділдігімен анықталады. Елбасы Н. Назарбаев еліміздегі сот жүйесін жетілдіру мәселесін әрдайым басты назарда ұстау қажеттігін ескертеді. Атап айтсақ, өзінің «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» деп аталатын жыл сайынғы дәстүрлі жолдауында сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту мәселесіне арнайы тоқталып, соттардың жауапкершілігі мен біліктілігін арттыру, арбитраждық аралық соттар жүйесін нығайту, судьялар жасағын қалыптастырудың тәртібін қайта қарау туралы өкілетті орындарға өз тапсырмаларын берді. Қазіргі Қазақстан жағдайында әлеуметтік құқықтық мемлекетті қалыптастыру мен азаматтық қоғам талаптарын қабылдау процестері қатар жүріп отыр. Сондықтан 2006 жылдың 25 маусымында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасының және 2011-2020 жылдарға арналған құқықтық саясатты дамыту тұжырымдаманың бекітілуі бұл бағдарды ілгеріушілік болып табылады[3]. Бұл құжат билік

органдарының белсенділігімен бекітілді, өйткені қазіргі күннің өзінде қоғам азаматтарының енжарлығы анық байқалады. Тәуелсіз даму жылдарында Қазақстанда жаңа саяси-құқықтық режим қалыптастып қана қойған жоқ, сондай-ақ босап қалған әлеуметтік кеңістікте көптеген ұйымдар мен ассоциациялар құрылды. Бірақ, демократиялық қоғамға тән азаматтық қатынастар жүйесі қалыптасты деуге әлі де ерте. Қазақстан азаматтық қоғамының көптеген құрылымдарының тәуелсіздігі сөз жүзінде қалып отыр, өйткені идеологиялық, материалдық, ұйымдастырушылық тұрғыдан әлі де билікке тәуелді. Бұл азаматтық қоғам институттарының іс әрекетін қамтамасыз етуші нормативті негіздің әлсіздігімен байланысты.

Демократиялық институттарды қалыптастыруды халықтың әлеуметтік қабылдауы әрдайым артта қалып отыр. Саяси реформалар жылдарында еліміз демократия институттарының формалды негіздерін қалыптастыра алды, бірақ оларды шынайы мазмұнмен толықтыру үшін, жаңа азаматтық, саяси-құқықтық мәдениетті қалыптастыру үшін уақыт керек секілді. Қазақстандық қоғам демократиялық өзгерістерді жеткіліксіз құрылмаған, субъективті тасымалдаушысы жоқ жаңадан қалыптасқан саяси ағымдармен бастады. Әлеуметтік және саяси мүдделер нақтыланған жоқ, әр түрлі топтар мен қабаттардың талаптарын білдіретін тетіктер болмады. Азаматтардың аздаған ерікті ассоциациялары мен одақтары әлеуметтік жатсынуды, халықтың маргиналдылығын және кедейлікті, әлеуметтік бейтараптылықты жеңуге мүмкіндігі болмады. Азаматтық қоғам институттары халық пен саяси жүйе арасын байланыстыра алмады, олар мемлекетпен ара-қатынаста, саяси шешімдерді қабылдауда, түрлі әлеуметтік салалардағы заңдар, саяси бағдарлар мен технологияларды жасауда серіктестік қызметін атқара алмады. Сонымен бірге, ең басты мәселенің бірі азаматтық қоғам субъектісінің, яғни белсенді, өзінің азаматтық, саяси, әлеуметтік құқығын білетін, өз мүдделерін конституциялық-құқықтық негізде қорғай алатын азаматтың қалыптаспауы. Мұндай жағдайда қоғамның әлеуметтік, саяси, құқықтық және басқа салаларында мемлекет шешуші рөл атқарады. Сондай-ақ, мемлекеттік саясаттың маңызды басымдығы елді демократияландыру барысында халықтың азаматтық белсенділігінің өсуі үшін, азаматтық қоғамның құқықтық және әлеуметтік-мәдени алғышарттары қалыптасуы үшін негізгі шарты ретінде қалып отыр. Қазіргі уақытта Қазақстанда азаматтардың ерікті бірлестіктері мен қауымдастықтары көптеп құрылды, бірақ олар өз жиынтығымен азаматтық қоғам жүйесін құрған жоқ. Мұндай жағдайда Қазақстан өтпелі посткоммунистік қоғам болып табылады. Оның ерекшелігі батыстық қоғам институттарына ұқсас әлеуметтік-саяси институттардың болуы, бірақ бұл институттар батыстағыдай өз қызметтерін әлі атқарып отырған жоқ. Азаматтық қоғамның жетілмегені оның әлеуметтік-мәдени алғышарттарының толық қалыптаспағанымен байланысты. Қазіргі Қазақстан жағдайында жоғарыдан төменге бағытталған қатынастар азаматтық қатынастар мен байланыстарға үстемдік етіп отыр. Әзірге еліміз халқының басым бөлігіне азаматтық қоғам институттарына жаттанған қатынас тән, ол кез-келген қоғамдық іс-әрекетте, ортақ мүдделер мен мақсаттарға біріккен кез-келген қоғамдастыққа қатысында көрінеді.

Әлеуметтік және құқықтық мемлекет идеясы бойынша адам өмірінің құндылығы және оның өмірінің кепілінің шартын қалыптастыру мемлекеттің міндетіне берілуі қажет. Бұл өз кезегінде жеке адам мен қоғамның құндылықты бағдарының жаңа жүйесін жасауды қажет етеді, оның шеңберінде жеке адам құндылығына, оның еркіндігі мен дербестігіне оның құқығы мен өз мүддесін өзі анықтау мүмкіндігіне басымдық беріледі. Өркениетті қоғамның, құқықтың мемлекеттің міндеті мен мәні оны процесті қамтамасыз ету, ережелер шеңберінен тыс индивид әрекеттерін шектеу болып табылады. Бұған құқықтық сананың жетілген формалары болғанда ғана қол жеткізуге болады. Әлеуметтік және құқықтық мемлекетті қалыптастыру Конституцияда бекітілген Қазақстан Республикасының алдына қойған маңызды мақсаты. Оған жету азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастырмай, қоғам өмірінің көптеген салаларында етек жайып отырған құқықтық нигилизм әсерін жоймай мүмкін емес. Құқықтық нигилизм биліктің көптеген құрылымдарының іс әрекетінде көрініс беріп отыр, бұл өз кезегінде құқыққа деген теріс көзқарас қалыптастырып отыр. Қазақстанда биік құндылығы ретінде адам туралы идеяны бекіту процесі дүниежүзілік-тарихи процестің бір бөлігін көрсетеді. Осы салада жиналған дүниежүзілік тәжірибеде Қазақстандағы биік құндылық ретінде адам статусын заңмен бекіту кезінде зерттеліп, қолданылды. Осы идеяның нығаюы адамзат қоғамының барлық тарихымен бірге жүрді және әртүрлі сатыларда пайда болған құжаттарда көрініс тапты. Қазақстандағы адамның құқығы мен бостандығын заңмен бекіту ұлттық және халықаралық бай тәжірибеге сүйене отырып, жүргізілді. Н.Ә. Назарбаев былай деп көрсетеді: «Біз – өзінің жеке тарихы бар еуразиялық елміз. Ол өзіне түрлі өркениет жетістіктерін сіңіреді. Біздің алдымызда не мынау, не басқа деген сұрақ тұрмайтын болады. Біз диалектикалы боламыз және іс жүзінде өзінің тиімділігін дәлелдеген

өркениеттің барлық жетістіктерін аламыз» [4]. Бұл ереже әлемдік масштабта орын алған адам статусын, оның құқығы мен бостандықтарын биік құндылықтар ретінде заңмен бекіту тәжірибесін шығармашылықпен пайдалануға толығымен қатысты. Бұл тәжірибені үйрену және шығармашылықпен пайдалану үздік актілерді көшіре салуға әкелмейтінін айту керек.

Халықаралық тәжірибе – бұл Конституция нормалары, шығармашылығы, ол тиісті елдерде және жалпы дүниежүзінде оларды қолдану мен үздіксіз байланыстан алынған Конституциялық нормалар. Оның үстіне, басқаның тәжірибесін пайдалану, оны шығармашылықпен пайдаланудың ішкі алғышарттарын жасаумен байланысты процесс. Жаңа мемлекеттік құрылыс бекітілді. Оның негізі – құқықтары мен бостандықтары бар адам болып табылады, оның негізінде адамды биік құндылық ретінде бекіту идеясының алғышарты жатыр. Әлеуметтік құқықтық мемлекетте жеке басының бостандығы барлығы үшін тең сипатта болады және мемлекеттік-құқықтық құралдармен және нысандармен қорғалады. Қазіргі уақытта құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам концепциясы орайлас дамуда. Ал олардың құрылымы мен дамуы адам құқығы мен бостандықтарын жүзеге асырудың басты шарты болып табылады. Әлеуметтік құқықтық мемлекет пен адам құқығының өзара байланыстылығы және өзара негізділігі құқықтық мемлекеттің басты бір мақсаты – адам мен азаматтың құқықтарын қамтамасыз ету болып табылатындығында айқын көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі «*әлеуметтік мемлекет*» деген сөздерге тағы да мынадай түсініктеме береді: «Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағы, «*Қазақстан Республикасы өзін ... әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.*» деген сөздері бөлігінде, Қазақстан Республикасы мемлекеттің шынайы мүмкіндіктеріне сәйкес әлеуметтік мемлекет міндетін орындауға ұмтылады дегенді білдіреді. Қазақстанда Конституцияға сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі[5].

Яғни, «*әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады*» делінгені бұл әлеуметтік мемлекет болуға, оның міндеттерін орындауға ұмтылады, (әрине, шынайы мүмкіндіктерге сәйкес) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары танылуына және оларға кепілдік береді, сондай-ақ, «*адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып табылады*» деп айтылғаны бұл Қазақстан Республикасы үшін жалпы адамзат құндылықтарының басымдығы болатынын айғақтайды. Сондықтан да болар, Қазақстан Республикасының Конституциясы қажетті құқықтық әлеуетті қамтиды, ол оның құқықтық нормаларында ғана емес, оның құқықтық идеялары мен принциптерінде де тұжырымдалған. Конституцияның құқықтық идеялары Қазақстанда демократиялық, зайырлы, құқықтық және *әлеуметтік мемлекет* институттарын нығайтуға бағытталған заңнамалық, ұйымдық және басқа шараларда жүзеге асуға тиіс. Сонымен, «*әлеуметтік мемлекет*» деген конституциялық қағидатты жүзеге асыру үшін қазіргі уақытта мемлекет тарапынан бірқатар нәтижесі халықтың игілігіне алып келетін шаралар қабылдануда.

«Жаңа онжылдық жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы халыққа жолдауында «2020 Стратегиялық жоспары – көшбасшылыққа қазақстандық жол» атты бағдарламасын іске асыру Қазақстан Республикасы өзінің алдына бірқатар міндеттер қойған. Олардың бірі – қазақстандықтарды сапалы *әлеуметтік* және тұрғын үй-коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету. Сондай-ақ, Жолдауда халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін міндетке алынған төрт қағидаттың бірі бұл экономикалық өрлеу – әрбір қазақстандыққа қатысты бүкілхалықтық іс. Бұл қоғамның *әлеуметтік* мәселелерін шешудің және әрбір азаматтың табысқа бастаудың кілті

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» - Елбасының Қазақстан халқына жолдауыда да осы әлеуметтік экономикалық даму мақсаттары мен оған жету бағыттарының маңыздылығы мен өзектілігі туралы айтылып өтілген. Ел экономикасының қарышты қадамдары қандай болмасын саяси-экономикалық шешімдердің түпкі мақсатына сәйкес халықтың әл-ауқатын арттыру үшін зор міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндіктер береді. Президенттік жолдаудың алғашқы бабында тұрғындарды жұмыспен қамтудың тиімді жүйесін жасау арқылы әрбір жұмыс жасындағы адамға жұмыс орнын ашып беруге ұмтылыстың әлеуметтік маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Мұның өзі мемлекет пен халық мүдделерінің бір бағытта тоғысуының жарқын белгісі. Ал мүдделер бірлігі бар жерде оңтайлы, ұтымды, және тиімді нәтижелер көп күттірмейді. Заманауи экономикалық ғылым мен тәжірибеде «*әлеуметтік бағдарланған экономика*», «*әлеуметтік бағдарланған рыноктық шаруашылық*» деген түсініктер қалыптасып үлгерді. Ғылыми айналымға германия экономикасының реформаторы Людвиг Эрхардтың «*Әл-ауқаттылық баршаға*» кітабы

арқылы енген бұл категориялар дербес құрылымы, табыстарды бөлу әдісі, мемлекеттік басқарудың мақсатты бағдары бойынша халықтық әл-ауқатын жоғарылатуға, тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеруге қызмет ететін экномиканы сипаттайды. Қазіргі дамыған мемлекеттердің ешқайсысы да халықтың өмір сүру жағдайы, жұмыспен қамтылуы, әлеуметтік сақтандырылуы туралы толық жауапкершілікті өз мойнына алмайды. елдегі әлеуметтік болмыс сипаты, әлеуметтік игіліктер және тауарлар мен қызметтер үшін толық жауапкершілікті болатын материалистік концепцияның негізі жоқ және ешқандай экономикада жүзеге аса қоймайды. Ал Қазақстан Президентінің жолдауындағы жұмыспен мейлінше қамту, халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыздандыру міндеттері мемлекеттік әлеуметтік саясаттың жемісті болуының кепілі болып отыр. Әл-ауқаттылықты арттыру бойынша әлеуметтік саясаттың діттеген мақсаттарға жетуі үшін экономикалық база экономикалық негіз қажет. бұл үшін Н.Ә.Назарбаев халыққа жолдауында Қазақстандық өңірлерде өсу нүктелерін анықтау, қажеттілігін атап көрсетті. Экономикалық өсудің өзін жалпы ішкі өнім, ұлттық табыс саясаты макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруі динамикасы анықтайтын ұлттық шаруашылықтың даму үстіндегі қозғалысы деп білсек, онда біздің ел үшін өндіргіш күштерді аумақтық оңтайлы орналастыруды жалғастыру күн тәртібінен түспейтін мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында көрсетілген мемлекеттің әлеуметтік-эканомикалық даму мақсаттарына тоқталып өтейік. Экномиканы қалпына келтіруге дайындық үдерісінде Қазақстан оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін реформаларды жеделдетіп іске асыруы керек. Бірінші түйінді бағыт – дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық – бірінші онжылдық кезеңінде нәтижесі көрінетін шараларды қамтиды. Бұл біршама қолайлы бизнес орта құру, қаржы секторын нығайту және құқықтық жүйені жетілдіру. Екінші түйінді бағыт шенберіндегі іс-қимылдар елді үдемелі индустрияландыру бағдарламасын іске асыру және инфрақұрылымды дамыту нәтижесінде Қазақстан экономикасын әртараптандыруды жеделдетуге ықпал ететін болады. Бұл экономикалық үлгіні өзгертуге және экстенсивті, шикізаттық даму жолынан индустриялық-инновациялық дамуға көшуге мүмкіндік береді. Елді инфрақұрылымдық дамыту жоспарлары экномиканы үдемелі әртараптандыруға және елге шетел инвестицияларын тартуға ықпал ететін энергетика, көлік және телекоммуникация салаларын жаңғыртуға шоғырланады. Адами ресурстардың саны мен сапасы кез келген елдің болашағын айқындайтын негіз құрушы факторлар болып табылады. Адами капитал бұл – инновациялардың және экномиканың тиімділігін арттырудың негізгі қозғаушы күші. Үшінші бағыт - болашаққа салынған инвестициялар - қазақстанның адами ресурстарының сапасын ұзақ мерзімді кезеңде арттыру үшін қажетті шараларды қамтитын болады. Төртінші түйінді бағыт – азаматтар үшін қызмет көрсету шеңберінде халықты әлеуметтік қорғау және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін тиімді көрсету жөніндегі шаралар күшейтілетін болады. Бесінші түйінді бағыт – ұлтаралық келісім, қауіпсіздік, халықаралық қатынастардың тұрақтылығы шеңберінде – ішкі тұрақтылықты, қауіпсіздікті, бейбітшілік пен келісімді нығайту, бейбіт сүйгіш сыртқы саясатты дамыту жөніндегі шаралар көзделетін болады [6].

Қазақстан Республикасының конституциясында біздің еліміздің әлеуметтік мемлекет қатарында екендігі ерекше көрсетілген. Алайда, әлеуметтік құқықтық мемлекеттің идеясын конституциялық бекітуден оны шын мәнінде жүзеге асыруға дейінгі аралықта ұзақ та қиын жол жатыр. Сол үшін де саяси реформалар жасау, қажетті әлеуметтік-саяси базаны құру, мәдениетті өркендету және басқа да алғы шарттарды дамыту қажет.

Қазақстан алдында сапасы мен саны әлемдік нарыққа сай келетін жалдамалы еңбекке жалақы төлеуді ұйымдастыру міндеті тұр. Сонда ғана реформаның жағымды нәтижесі туралы сөз қозғауға болады. Мемлекеттік биліктің қандай түрі болғанына қарамастан, жуық арада өндірістік процестер мен қажеттіліктерді үйлестіре алмайды, сондықтан да таяу арада бізде әлеуметтік мемлекет құрылуы өте қиын. Әлеуметтік мемлекеттің жемісті өмір сүруі – қоғамның барлық топтары мүддесіне қызмет ететін, дамыған экономика негізінде ғана қалыптасады. Соған қарамастан, белгілі сипаттамсы бар әлеуметтік мемлекет туралы ереже Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілуге тиіс, ол өкімет билігіндегі және қарапайым азаматтардың өз міндеттерін есіне салатындай болуы керек. Ол мемлекеттің негізгі функциясы мұқият қарастыруды қажет ететін маңызды мәселе болып табылады.

Қорытындылай келе, өркендеген елдердегі әлеуметтік мемлекеттің құрылу мемлекеттік құрылыстағы жаңа қадам деп тұжырымдауымызға болады. Әлеуметтік мемлекет жоғарыда айтқанымыздай - өз азаматтарының өмір сүруіне лайықты жағдаймен қамтамасыз етуге, әлеуметтік жағдайының қорғалуына, материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өндірісті басқаруға, қоғам

мен мемлекет іске араластыруға ұмтылатын мемлекет. Бұл мәселе – жағдайы нашар қамтамасыз етілген топтың пайдасына ұлттық табыстың қайта бөлудің көмегімен, халықты жұмыспен қамтамасыз ету, еңбекті қорғау, білім алу, денсаулық сақтауды, бүкіл қоғамның мәдениетін, т.б. дамыту саясатын жүргізуді жүзеге асыру барысында кол жетіп, орындалады. Әлеуметтік мемлекет қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік және т.б. теңсіздіктерді бәсеңдетуге, жуып-шаюға бар күш-жігерін жұмсайды.

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2008. – 50 б.

2 Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты – Елбасының Қазақстан халқына жолдауы. // Егемен Қазақстан газеті. -2012. - 28 қаңтар. 2012 ж.

3 Азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана: 2006. – 20 б.

4 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030». Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда. - 1997. – 11 қазан.

5 «Қазақстан Республикасы конституциясының 1-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы конституциялық Кеңесінің 2001 жылғы 21 желтоқсан № 18/2 қаулысы.

6 Стратегия «казахстан-2050». новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан — лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана. Астана, 14 декабря 2012 г. // Казахстанская правда. — 2012, 15 декабря.

Резюме

В этой статье рассматриваются социально-демократические изменения, развитие прав и свобод человека, улучшение социального положения народа путем стремления стать правовым государством согласно Конституций РК.

Ключевые слова: Социально-экономическая модернизация, парламентаризм, институты гражданского общества, Конституция, экономика.

Summary

In this article we consider social-democratic development and human rights and library, increasing social status of our people by becoming constitutional in accordance to the constitution of the Republic of Kazakhstan.

Key words: Socially economic modernization, parliamentarism, institutes of civil society, Constitution, economy

УДК 903/904(574)

СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖЕТІСУДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР МЕН ҚОНЫСТАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Төлегенов А.К. - *Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институтының 4 – курс студенті*

Іле аңғарындағы археологиялық зерттеулер нәтижесінде ортағасырлық Қазақстанның қалалық және отырықшылық мәдениеттің тағы бір маңызды аймағы ашылып, сипатталып отыр. Жетісу - қала мәдениеті мен ежелгі керуен жолдарына қатысы бар жер-су атауларын сақтап қалған Қазақстанның ірі мәдени-тарихи өлкесі. Зерттеулер нәтижесінде тарихи және археологиялық жағрапияның бірқатар өзекті мәселелерінің басы ашылып, бұл аймақта ерекше өркениеттің дамығандығы айқындалды. Өлкеде қала мен дала, жер шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы саяси, шаруашылық-экономикалық және мәдени тұрғыда сабақтасып өркендеді.

Тірек сөздер: Жетісу, өркениет, қала мәдениеті, Талғар, ортағасыр, Қастек, Қаялық, керуен жолдар.

Қазақ жерінде заманында өркениеттің бастауындай һәм белгісіндей болған ерте және ортағасырлық қалалардың болғандығы белгілі. Бүгінде оларды археологтар, тарихшылар, этнографтар, географтар өздерінің зерттеу нысанына айналдырып, ел үшін құнды-құнды мәліметтер табуда. Әрбір қала өзінің орналасқан жеріне, аймағына қарай саяси-экономикалық, рухани-мәдени орталықтың негізі болғаны аян.

Қалалардың қалыптасу тарихына тоқталатын болсақ, солтүстік-шығыс Жетісуда VII ғ. аяғы-IX ғасырда басталып, бұл үдеріс X ғ.-XIII ғ. басында қарқынды жүрді. Осы уақытта қала ірі экономикалық, саяси және мәдени орталыққа айналды.

Жер жәннаты деп есептелетін өлкені тереңірек зерттеген Р. Аболиннің ғылыми зерттеулері бойынша Жетісу Шу-Балқаш бассейндерін қамтиды, оның теңіз деңгейінен орташа биіктігі 300-400 м, біршама төмен жері – Шу сағасы. Іле өзенінің оңтүстігінен Іле Алатауы басталады. Шу өзенінің оң

жағасы мен Іле өзенінің төменгі ағысын жиектеген құм аралығының батыс жағы, жекелеген бөліктері Құлжабасы, Хантау, Қозыбасы деген атауларға ие Шу-Іле тауы деп аталады. Оларда көлікке ыңғайлы көптеген асулар бар. Қордай асуы арқылы Іле мен Шу өңірлерін жалғастырып жатқан жол өтеді. Тағы бір жол Қастек асуы арқылы Іле өңірін Ыстық көл қазаншұңқыры және Шу өңірімен жалғастырады.

Ортағасырлық отырықшы және қалалық мәдениеттің ескерткіштерінің зерттелу тарихын екі кезеңге бөліп қарастырады: 1917 жылға дейін және 1920 жылдан қазіргі уақытқа дейін. Бұлардың әрқайсысын өз кезегінде, археологиялық қызметті ұйымдастыру, зерттеудің, қазбалардың әдісі мен түрлері, негізгі мәселелерді шешу сияқты ерекшеліктеріне байланысты бірнеше кезеңдерге бөлінеді [1. 48-53 б].

1917 жылға дейінгі мерзімді екі кезеңге бөлеміз: Бастапқы кезең және В.В. Бартольд пен Түркістан әуесқой археологтарының үйірмесі жұмыстарымен байланысты.

Іле өзені алқабының ортағасырлық қалалары мен қоныстары туралы алғашқы деректер өткен ғасырдың ортасына жатады. С.О. Гуляевтың «Орыс географиялық қоғамының жаршысында» [2. 22 б] Қырғыз өлкесіндегі ортағасырлық ескерткіштер туралы аздаған үзінділер кездеседі.

1856 және 1857 жылдары Шоқан Уалиханов Іле өлкесіне екі рет ғылыми саяхат жасады. Саяхаттың ғылыми нәтижелері оның «Ыстықкөлге сапар» және «Қырғыздар туралы жазбалар» деген еңбектерінде жарық көрді [3. 37 б]. Шохан Уалиханов ертедегі мәдениеттің ескерткіштері – қорғандарға, қалалардың қирандыларына, ирригациялық құрылымның іздеріне баса назар аударды. Оның ескерткіштерге берген бағасы, оны өлкенің тарихи дамуына қатысы туралы деректері ғылым үшін баға жетпес қазына. Оның назар аударып, белгілеп кеткен кездері қазіргі археологиялық зерттеудің арнайы бағыты болды. Ал ежелгі және ортағасырлық қалалар мен қоныстардың орнын анықтау туралы сұрақтары қазіргі күннің басты мәселе болып отыр.

Зерттеушінің ерекше атап көрсеткен ескерткіштерінің бірі Шелек өзенінің жағасында орналасқан ортағасырлық қалашық болып табылады. Шохан Уәлиханов оған «қорған» деген атау берген («қамал» мағынасында). Ол қаладан табылған қыш ыдыстардың қалдығы, маржан мен меруерттен жасалған моншақтардың табылғандығы туралы жазып қалдырды [4. 280-281, 245 б]. 1980 жылдары ортағасырлық Шелек қаласында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

Шоқан Уалиханов Талғар өзенінің бойында орналасқан жергілікті халықтар «Рүстем қорғаны» деп атап кеткен, тағы бір ескерткіш туралы мәлімет қалдырды [5. 60 б]. Бұл Іле Алатауының баурайында орналасқан Талғар қалашығының бір атауы. Талғар қалашығында 1955 жылдан бастап Қазақ Педагогикалық Институтының (қазіргі ҚазҰПУ) тарихшылары археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Шеңгелді қалашығы да алғаш рет Шоқан Уалихановтың зерттеулерінде аталады. Осы жерден ортағасырлық қыш су құбырлары кездескен. Кейінгі зерттеулер нәтижесінде осы қаланы ортағасырлық жылнамаларда кездесетін Екі Оғыз (Эквиус) қаласымен байланыстырып жүр [6. 8 б].

Білімі жағынан шығыстанушы болған Н.Н. Пантусов Жетісу өлкесін зерттеуде нәтижелі еңбек етті. Н.Н. Пантусов өзінің қызметтік міндеттіліктерін ғылыммен байланыстырды. Оны тарихтың, археологияны, нумизматиканың, этнография мен лингвистиканың мәселелері қызықтырды. В.В. Пантусов Императорлық археологиялық комиссиясының өкілі, сонымен қатар Түркістан әуесқой археологтары үйірмесінің белсенді мүшесі болды. Археология саласындағы оның есімі Жетісу жерінен табылған христиан- несториандық жерлеу орындары, тастан жасалған қабір тастарға жазылған жазуларды ашу мен зерттеуде өте көп еңбек сіңірген [7. 73-75 б].

Н.Н. Пантусов Жетісу жеріне бірнеше рет сапар шегіп, өзі көрген ескерткіштерін үнемі күнделігіне түсіріп отырған. Алтын-Емел болысына жасаған сапары кезінде ол сол аймақта орналасқан қорғандар мен тасқа қашалған жазбаларды, суреттер түрінде сақталған көптеген ескерткіштерді тапты. Ол Алтын-Емел аумағында орналасқан Асан тауындағы Байқозы шатқалындағы көптеген археологиялық ескерткіштерді тізімге алған [8. 19-20 б].

Н.Н. Пантусов Верный бекінісінің орнындағы қалалардың қирандысын Бабыр сұлтанның «Жазбаларында» [9. 20 б] айтылатын ортағасырлық Алматы қаласымен байланыстырды. Зерттеуші Іле өзенінің жоғарғы ағысында Құлжаға жақын орналасқан Мазар елді-мекеніндегі ортағасырлық қала құландысын Алмалық қаласымен байланыстырды [10. 161-188 б]. Н.Н. Пантусовтың бұл пікірін көрнекті ғалым В.В. Бартольд қолдаған [11. 470-471 б].

1889 жылы Н.Н. Пантусов Верный қаласының аумағынан мұсылман дінінің салтымен жерленген жерлеу орындары бар төрт қорғанды тапты. Оның суреттеуіне қарағанда қазбалар ортағасырлық дәуірге жатады. Зерттеушінің бастамасымен Жетісу жерінде орналасқан археологиялық ескерткіштерді арнайы қорғауға алу туралы өкімдері жарық көрді [12. 335 п].

1884 жылы Г.В. Фишер Іле өзенінің төменгі ағысын зерттеу кезінде Балқаш аумағындағы отырықшы мәдениеттің іздері туралы деректер келтіріп, онда ертедегі ирригациялық жүйе мен қоныстардың қирандыларын тапқандығы туралы жазды [13. 3-21 б]. Оның ізінше зерттеуші Л.С. Берг келіп, қалған арналарды зерттеп, Іленің көне арнасын олар «Үзбой» атағандығы туралы тұжырымға келді. Л.С. Берг суландыру жүйесі мен ертедегі қалалардың қирандылары туралы анықтама беріп, қыш ыдыстар мен күйдірілген кірпіштердің қалдықтарын жинап алған.

XIX ғасырдың 90 жылдарында Солтүстік-шығыс Жетісудың археологиялық ескерткіштерінің бірінші рет тізімін жасаған В.М. Флоринский [14. 13-31 б].

Жетісудың ортағасырлық тарихы мен археологиясын зерттеуде маңызды рөл атқарған В.В. Бартольдтың сапары болды. Ол өлкенің ерте кездегі ескерткіштерін зерттеп, олардың әрқайсысына анықтама берді. Оның ғылыми жұмысы ортағасырлық Қазақстанның қалалық мәдениетін зерттеуде жаңа сапалы бағыттың негізін салды. В.В. Бартольдтың «1893- 1894 ж.ж. Орта Азияға ғылыми мақсатпен барған саяхаттың есебі» жазбаларынан алынған тарихи деректер, қазіргі күнде көшпелі және отырықшы халықтың қарым-қатынасы, ортағасырлық қалалардың орналасуы сияқты археологиялық зерттеудің бағыттарын анықтайды [15. 21-91 б]. Бұл еңбек Жетісудың ертедегі кезеңінен ортағасырларға дейінгі саяси тарихына толық шолу жасау арқылы өзінің ғылыми маңызын сақтайтын, «Жетісу тарихының очеркі» еңбегінде жалғасын табады [16. 23-106 б].

XX ғасырды басында археологиялық басылымдарда Іле алқабынан кездейсоқ табылған деректер туралы хабарлар пайда болды. Верный қаласының аумағынан XIII ғасырға жататын теңгелер, қыштан жасалып өрнектелген құты, одан кейін 1906 жылы шағатай әулетінің күміс теңгелері бар көмбе табылды.

1917 жылға дейінгі археологиялық зерттеулер И.А. Кастаньенің 1910 жылы жарық көрген еңбегінде баяндалады [17. 121 б].

Қазақстандағы 1917 жылға дейінгі археологиялық зерттеулер және зерттеліп отырған жердегі кезеңді сипаттай отырып, шығыстанушы мамандар В.В. Бартольд пен Н.Н. Пантусов Жетісудағы қалалар туралы жазылған жазба деректерді аудару мен зерттеуде және ескерткіштердің сипаттамаларының алғашқы бағыттарында маңызды жұмыстар атқарғанын атап айту керек. Осы уақытта ортағасырлық археология мен тарихты зерттеу бағыттарында ерекше назар – өлкенің саяси тарихы мен ортағасырлық қалаларды баламалау болды.

Кеңес билігі орнағаннан кейін Халық Комиссариатының құрамында музей мен өнер туындылары және көне ескерткіштерді қорғау ісі бойынша арнайы комиссия құрылды. 1918 жылы 5 қазанда Кеңес өкіметінің Халық Комиссариатының Декретімен барлық ескерткіштер мен заттай өнер туындыларына алғашқы мемлекеттік тіркеуді өткізу туралы шешім қабылданды. 1919 жылы 18 сәуірде Кеңес өкіметінің Халық Комиссариаты Ресей тарихи материалдық мәдениет Академиясы мекемесін бекітті. Сонымен қатар басқа аумақтарда да осы тектес дербес ғылыми мекемелер құрыла бастады. 1920 жылы мұражай ісі және ескерткіштерді қорғаудың Түркістан комитеті құрылды, оның мақсаты тек оларды қорғау ғана емес, сонымен қатар Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы ежелгі ескерткіштерді зерттеу болды. В.В. Бартольд Комитеттің алдағы уақыттағы жоспарын анықтап, археологиялық картаны жасауға басты назар аударды.

1924 жылғы Орта Азия республикаларының жер көлемін қайта белгілеу, кейбір республикаларда зерттеу жұмыстарының қарқынын одан да арттырды.

Қазақстан археологиясының дамуын зерттеуді келесі кезеңдерге бөіп қарастырамыз:

- 1) 1917ж. 30 жылдардың ортасына дейін
- 2) 30 жылдардың ортасынан – 1946 ж. дейін
- 3) 1946- 1960 жж.
- 4) 1961- 1990 жж.
- 5) 1991 ж. – қазіргі уақытқа дейінгі кезең.

Бірінші кезең археологиядағы революцияға дейінгі кезеңдегі дәстүрлердің жалғасы болып табылады. Ортағасырлық ескерткіштердің әрқайсысына жеке-дара зерттеу жүргізіліп, олардың тіркелуі, сипатталуы және кішігірім қазба жұмыстары сияқты жағына баса назар аударыла отырып тарихи-топографиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Археологиялық зерттеулердің ұйымдастырушысы Ташкент қаласында орналасқан ескерткіштер мен көне мұраларды жаңғырту ұйымы бірнеше жұмыстар атқарды. – Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда - П.П. Иванов пен М.Е. Массон [18. 151-164 б], Тараз бен Түркістанда - М.Е. Массон [19. 39-45 б], Жетісу жерінде – В.Д. Городецкий. Бұл ғалымдар тарихи-археологиялық ескерткіштерді тіркеу ғана емес, сондай-ақ оларды зерттеуде қыруар

жұмыстар атқарды. В.Д. Городецкий Талғар қалашығы мен кіші Алматы өзенінің бойында орналасқан үйсіндер мен Түрік қағанаттары уақыттарына жататын тұрғын үй-жайлардың қирандыларын зерттеді [20. 49-55 б].

1920-30 жылдары Алматы қаласының аумағында орта ғасырға жататын тұрғылықты мекен-жайлардың болғандығын растайтын, бірнеше кездейсоқ артефактілер табылды.

1935 жылы К. Ходжиковтың «Жетісудың ертедегі ескерткіштері» деген еңбегі жарық көрді. Онда қорғандар, тас үйінділері, тасқа қашалып жазылған жазулар туралы деректер келтірілген; сонымен қатар әр түрлі тарихи уақыттарды қамтитын кездейсоқ табылған деректер туралы мәліметтер келтірілген [21. 42-45 б].

1936 жылы Алматы қалашығының аумағында Қазақстан Орталық мұражайының мамандарынан құрылған археологиялық экспедиция қазба жұмыс жүргізді. 2 метрлік мәдени қабаттарды кесіп өтетін, аумағы 40 метрді қамтитын кесінді салынды. Жұмыстың негізгі мақсаты: ортағасырлық қаланың мәдени қабаттарын анықтау керек еді. Зерттеу барысында ортағасырлар кезеңіне жататын құнды деректер табылды: керамика қалдықтары, бедерленген оймыш, ошақ қалдықтары, пышақтың сынықтары, шегелер, диірмен тастары және ақық моншақтар.

1939 жылы А.Н. Бернштам басқаратын Жетісу археологиялық экспедициясы Жетісу жерінде барлау жұмыстарын жүргізе отырып, Алматы қаласы төңірегіндегі археологиялық нысандарға зерттеу жұмыстарын жүргізді. А.Н. Бернштам археологиялық қазба жұмыстары кезінде алынған мәліметтерге сүйене отырып, Қазақстанның оңтүстік астанасының үйсін дәуірінен ортағасырлар кезеңіне дейінгі келбетін қалыптастырды және әр түрлі кезеңдегі ескерткіштердің нақты даму жолдарын белгілеп берді. Экспедицияның көмегімен жиналған материалдар А.Н. Бернштамның бірнеше ғылыми еңбектеріне [22. 79-91 б] және А.Х. Марғұланнның Қазақстанның ортағасырлық қалалық мәдениеті туралы жазылған кітабына арқау болды.

1946 жылы Қазақ ССР-ның Ғылым Академиясы ашылып, оның құрамында Тарих, Археология және Этнография Институты құрылды. Осы уақыттан бері археология бөлімі Қазақстан аумағында жүргізілетін археологиялық жұмыстарға жетекшілік етті. Бұл Қазақстан археологиясының жаңа кезеңінің бастауы болды. Археология бөлімінің мамандары аймақта қола дәуірінен бастап кейінгі ортағасырларға жататын қоныстар мен қалашықтардың, тұрақтардың орындарында археологиялық қазба, зерттеу және барлау жұмыстарын жүргізді.

1956 жылы Қазақ ССР-індегі археология бөлімі Алматы мен Талдықорған облыстары туралы материалдар жинау мен олардың археологиялық картасын жасау үшін арнайы экспедиция ұйымдастырды. Экспедиция әртүрлі кезеңдегі ескерткіштерді зерттей отырып, сонымен қатар бірнеше қалашықтарды да зерделеп, олардың орналасқан жерлерін нақтылады. Бұл жұмыстардың жиынтығы Е.И. Агееваның мақалаларында баяндалды [23. 65-69 б].

Қазақстан археологиясының ірі ғылыми жетістігінің бірі ретінде «Қазақстанның археологиялық картасын» жарыққа шығару болады. Бұл еңбекте ескерткіштердің тізімі келтіріліп, олар картаға түсірілді. 1960 жылға дейін ғылымға белгілі болған мерзімі және атауы бар ескерткіштер тізімдері толық жазылды. Картада Алматы қаласының төңірегінде орналасқан ескерткіштерге үлкен тарау арналды. Карта Қазақстан археологиясының дамуы туралы революциядан кейінгі кезеңдегі зерттеу жұмыстарын толық қамтыған [24. 23-25 б].

1964 жылдан Жетісу жеріндегі ортағасырлық ескерткіштерді зерттеу жұмыстарының келесі кезеңі басталды. Жетісу археологиялық экспедициясының басшылығына К.А. Ақышев келіп, отырықшы және қалалық мәдениетті зерттеу үшін арнайы топ құрылды. Қазақстан жерінде отырықшылықтың болғандығын айғақтайтын жаңа ескерткіштерді табу үшін барлау-іздеу жұмыстары басталды. Сүмбе, Қайалық, орта ғасырлық қалашықтарда қазба жұмыстары жүргізілді. Іле өзенінің төменгі ағыстарында зерттеудің нәтижесінде 3 ірі ортағасырлық қалашықтардың орны анықталды. Оның көне арнасынан көптеген ірі қалашықтар зерттеліп, көне суару жүйесінің іздері табылды [25. 23-25 б].

Жинақталған материалдар негізінде К.М. Байпақов Жетісу жеріндегі қалалар мен қоныстарға, Іле атырабындағы аймаққа арналған кандидаттық диссертациясын қорғады. Онда қалашықтардың келбеті, баламалануы қарастырылып, солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс Жетісу ортағасырлық қалаларының өзара салыстырмалы байланысы және даму үдерістері қарастырылды [26. 21 б].

Сонымен Жетісу жеріндегі археологиялық зерттеулер аймақтың отырықшы және қалалық өркениеттің ошағы болғандығын дәлелдейді. Қазіргі кезде Жетісу жерінде Талғар, Қаялық, Қастек, Қарамерген, Шеңгелді, Алма-Арасан ортағасырлық қалаларында археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп келе жатыр.

- 1 Савельева Т.В. К истории археологического изучения Казахстана (1917-1975) // Известия Ан КазССР / Серия обществ.наука. 1976, № 1. С. 48-53.
- 2 Гуляев. С.О. О древностях, открываемых в Киргизской степи // Вестник РГО. СПб., 1853. Ч. 8, отд. 7. С. 22-25.
- 3 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1950. - С. 37-43.
- 4 Валиханов Чокан. Избранные произведения // Под редакцией А.Х. Маргулана. - Алма-Ата, 1958. - С. 280-281, 245.
- 5 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. - Алма-ата: Изд-во АН КазССР, 1950. - 60 с.
- 6 Бернишам А.Н. Прошлое района Алма-Ата (Историко-археологический очерк). - Алма-Ата, 1948. - 8 с.
- 7 Отчеты Императорской Археологической комиссии за 1892 г. СПб., 1894. - С. 73-75.
- 8 Пантусов Н.Н. Алтын-Эмельская волость // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии / Год 5. Ташкент, 1900. - С. 19-20.
- 9 Пантусов Н.Н. Фергана по «Запискам султана Бабура» // Записки Императорского русского географического общества, 20 с.
- 10 Пантусов Н.Н. Город Алмалык и Мазар Тугдук-Тимур-хана // Кауфманский сборник. - М., 1910. - С. 161-188.
- 11 Бартольд В.В. Кульджа // Сочинения. - М.: Наука ГРВЛ, 1965. - Т. III. - С. 470-471.
- 12 Центральный государственный исторический архив КазССР // Н.Н. Пантусов. Ф. 44, оп. 1, св. 19, д. 370-а Л. 335.
- 13 Фишер Г.В. Озеро Балхаш и течение р. Или от выселка Илийского до ее устьев // Записки Западно-Сибирского отделения русского географического общества. 1884. Т. VI. - С. 3-21.
- 14 Флоринский В.М. Топографические сведения о курганах Семипалатинской и Семиреченской областей // Известия Томского университета. - Томск, 1898. - Т. I. - С. 13-31.
- 15 Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг. // Сочинения. - М.: Наука ГРВЛ, 1966. - Т. IV. - С. 21-91.
- 16 Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья // Сочинения. - М.: Наука ГРВЛ, 1963. - Т. II, ч. I. - С. 23-106.
- 17 Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. - Оренбург, 1910. Вып. 22. - С. 121.
- 18 Иванов П.П. К вопросу об исторической топографии старого Сайрама // Бартольду В.В. Туркестанские друзья, ученики и почитатели. - Ташкент, 1927. - С. 151-164.
- 19 Массон. М.Е. О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда Ясави в г. Туркестане // Изв. Среднеазиатского географического общества. 1929. - Т. 19. - С. 39-45.
- 20 Городецкий В.Д. Талгарское городище // Известия Узкомстариса. - Ташкент, 1928. - Вып. 3. - С. 49-55.
- 21 Ходжиков К. Древнейшие памятники Семиречья // Труды Казахского научно-исследовательского института национальной культуры. А. - М., Т. I. - С. 42-45.
- 22 Бернишам А.Н. Памятники старины Алма-Атинской области // Известия АН КазССР / Серия археологии. Алма-Ата, 1948. Вып. 1. С. 79-91.
- 23 Агеева Е.И. Новые данные по археологии Семиречья // Краткие сообщения Института истории материальной культуры. - М., 1960. - Вып. 80. - С. 65-69.
- 24 Археологическая карта Казахстана. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. №4514. - С. 326.
- 25 Акишев К.А. Успехи археологии Казахстана // Известия АН КазССР / Серия общественная. 1974. - № 2. - С. 23-25.
- 26 Байпаков К.М. Средневековые города и поселения Семиречья (VI-XII вв.): Автореферат. дист канд. - Алма-Ата, 1966. - 21 с.

Резюме

Вопросы урбанизации наряду с определенными достижениями в изучении средневековой городской культуры Казахстана выявила неравномерность накопления материалов по его отдельным регионам. К числу таковых относится Северо-восточное Жетысу (Северо-восточное Семиречье, Илийская долина) – один из крупных регионов распространения оседлости и городской жизни в средние века. Издревле он был контактной зоной, где сосуществовали и взаимодействовали две культурными традициями – земледельческая и скотоводческая, городская и степная.

Ключевые слова: Семиречье, цивилизация, городская культура, Талгар, средневековье, Кастек, Каялык, караванный путь.

Summary

Always question urban society epic aktualnimi in archeological history, ekonomičeskoj geografii demografii peoples of the World. However, along with opredelennimi dostijeniyami izwcenii srednevekovoy City of Culture of Kazakhstan viyavilas neravnomernost materials along the accumulation His otdelnim Region. Cislw takovix Zhetysu otdositsya North-East (North-East of Semirechenskaya Iliyskaya Valley) - One from krwpnix Regions rasprostraneniya osedlosti and Urban Life in the Mid century. Izdrevle ten Zhambyl kontaktnoy zony, where soswcestvovali and vzaimodeystvovali dve kwltwrnimi traditions zemledelčeskaya and skotovodčeskaya gorodskaya and Steppe.

Key words: Seven Rivers, civilization, urban culture, Talgar, Middle Ages, Kastek, Kayalyk, caravan route.

ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРІКТЕРДІҢ (VI-XIII ҒҒ.) ШАБУЫЛ ҚАРУ-ЖАРАҒЫ

Абдашимов Д.Қ. - Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институтының 4 – курс студенті

Қару-жарақ материалдық мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Қару-жарақ пен әскери істердің даму деңгейі экономикалық, әлеуметтік және саяси факторлармен тығыз байланысты. Әскери істер дамытуға көшпенділер әрдайым ерекше маңыз берді. Көшпелі қоғамдарда соғыс тактикасы инновациялар, қару-жарақ саласындағы көптеген жетістіктер мен өнертабыстар болды. Ежелгі түріктерде әскери істердің дамуының жоғары деңгейінің жарқын дәлелі Түрік империясының алғашқы ғасырларда жүргізген сыртқы саясатының жемісті болғандығын көрсетеді. Мұның бірден-бір негізгі себептерінің бірі- әскери саладағы жетістіктер мен соғыс тактикасының үдемі жетілдіріп отыруында. Шабуыл қару-жарақтары екі топқа бөлінеді: бірінші топқа жақын және қолжетімді аймақтағы шабуыл қарулары. Екінші топқа, оларды сақтау мен қолдану үдерістері.

Тірек сөздер: қару-жарақ, әскери іс, садақ, жебе, ерте түріктер, тактика.

Түркітілдес халықтарының соғыс өнерінің шыңдалуы б.з.д. III-IIIғғ. Ұлы Дала көшпенділері мен Қытайдың арасындағы белсенді қақтығыстарынан қалыптасты. Бұл заманда қытайлар ғылым мен техникада аса үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, темір қорытудың технологиясын үйренді. Осы кезде қару-жарақтардың сапасы жоғарылап, жаңа кезеңге алып шықты.

Қытайдың әскери, өндіргіш күштердің, сан басымдылығының артуы алдағы уақытта жаулаушылық қимылдарын жасауға мүмкіндік берді. Олар б.з. I ғ. Корея жарты аралын, Үндіқытайды, тибет тайпаларын бағындырды. Бірақ солтүстіктегі ғұн тайпаларымен соғыс сәтсіз аяқталып, кейде олардың шабуылдарына ұшырап отырды [1, 98-112б.].

Түркі халықтарының үздіксіз соғыс қимылдарын жүргізілуі олардың соғыс өнерінде жаңа тактикалық айла-тәсілдерін, қару-жарақтардың, сауыт-саймандарының шыңдалуына және түрленуіне алып келді.

Қарулану кешені дәстүрлі екі топқа бөлінеді: алыс және жақын қашықтықтағы шабуыл қару-жарағы; қорғаныс сауыт-сайманы.

Шабуыл қару-жарақтары. Б.з. V-VI ғасырларында ғұн садағын әрі қарай жетілдіруі барысында көшпелі халықтарда, ғалымдар шартты түрде «*түркі садағы*» деп аталған, көшпелілер садағының жаңа нұсқасы пайда болды(*1-сурет*). Еуразия даласын мекен еткен көшпелі халықтарда VI-VIII ғасырлардан X ға- сырларға дейін түркі садағының да адырнасында екі басының қос сүйегі, доға немесе трапеция пішінді белінің екі қыр және жіңішке төрт бұрышты бір ортаңғы сүйегі болды. Бірақ түркі садағының ғұн садағынан басты айырмашылығы - оның иінінің де ішкі бетінде сүйек салынып, сүйектің табиғи серпінді күшінің қолдануында. Ю.С. Худяковтың типологиясы бойынша, түркі садағының адырна сүйектерінің орналасуына сәйкес ерекшеленетін 7 түрі бар деп көрсетеді[2, 44б.].

Жебе ұштарының формасына келетін болсақ үш тілімді, үш, төрт қырлы болып келеді(*2-сурет*). Кейде жебе жүзіне саңылау жасап, оның ұшқанда айналуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар жебе ұштарында дыбыс шығаратын дөңгелек тесіктер жасалып немесе жетесінің түбінде тесіктері бар сүйек ысқырғыштар орнатылды.

Түркі заманынан бастап (VI-VIIIғғ.) жақ пен оқтың қаптары мүлде жаңа форма қабылдады. Жақтың өзінің арнаулы қабы мен оқтың қабы жеке жасалып, олар белге тағылатын болды. Ортағасырлық көшпелілердің қылшандарының негізгі төрт түрі болған: I-аузы жабық ұзын қапшық түріндегі қылшан(XI-XIIғғ.); II-аузы ашық қысқа қапшық түріндегі қылшан; III- аузы бір жағы ашық жасалған қалқа түріндегі қылшан(XIII-XIVғғ.); IV- үзенгі жағына кеңейтіліп жасалған қапшық түріндегі қылшан. Қылшандар көбіне цилиндр формалы болып, бір немесе екі- үш қабат қайың қабатынан- *тоздан* жасалды.

Жақын қашықтықтағы шабуыл қару-жарағына семсерлер, қанжарлар (соғыс пышақтары) жауынгерлік балталар, найзалар жатады.

Әскери өнердің шыңдалуы ат әбзелдерінің жетілуіне(*ертоқым, үзенгі*) байланысты, б.з. VII-VIIIғғ. кесу қаруы қылыштың орнына семсердің шығуына әсер етті[3, 38б]. Жаңа ертоқымның түрі салт атшыға еркін қимылдауға мүмкіндік берді. Ал үзенгі ат үстінде мықтап орнығуын, семсермен соққы жасағанда оның тиімділігін арттырып, тез қимылдауын қамтамасыз етті.

Түркі семсерінің саптары түзу, екі жүзді болып жасалады, қимасы ромб немесе линза пішіндес болып келді. Түркілердің семсерлерінің саптары түзу немесе сабына сәл қисайтыла орналастырып жасалды. Саптары сүйектен, ағаштан жасалып, жетесіне басы өрнекті шегемен бекітілді [4, 146 б.].

VII ғасырда көне түркілерде семсермен қатар, ат үстінде айқас жүгізуге ыңғайланған, кесу әдістерін арттыру үшін сабы жүзіне қайыстыра орналастырып соғылған, басы түзу, бір жүзді кесу қаруы – палаш қолданыла бастады. Кей зерттеушілер семсерді өзгерту арқылы пайда болған бұл қару түрін кесу қаруының жеке түріне жатқызады. Археологиялық деректер мен бейнелеу өнерінің материалдарына сүйенсек, палаш түркі халықтарында V-VIII ғасырдан бастап XII-XIV ғасырларға дейін қолданыста болған. Шығыс Қазақстандағы түркі обасынан табылған палаштың ұзындығы 80 см, ені 3см, сабының ұзындығы 12 см. Палаш түзу жүзді, сабы жүзіне қарай сәл қийсайтыла орналасқан. Балдағы сақталмаған, қыны ағаштан жасалып алғы беті күмістен қапталған да, ішкі жағынан тозбен астарланған. Қынның түбі мен сабының ұшы өсімдік өрнекпен көркемделген күміс жапсырмамен әшекейленген. Қару-жарақты зерттеуші М.В. Горелик палашты кесудің жеке түрі емес, семседің алғашқы үлгісі деп санайды.

Функциялық түрде найза жақын қашықтықтағы тесу қару-жарағына жатады. Орта ғасырлық найза жебелері ұңғылы болып жасалынды, қимасы ромб не линза түрінде, ұштарының формасы ұзынша ромб немесе ұзынша үшбұрыш немесе ұзынша алты бұрыш (жапырақ) пішінді болып келді (3-сурет). Сауытты қарсыласқа қарсы қолданылатын сүңгі жебелері үшкір, төрт қырлы болып жасалды [5, 227 б].

Псевдо-Маврики дерегі бойынша авар атты әскері найзаны иықтарында ұстап, ал ұрыс жағдайында көбінесе екі найзадан алып жүрді деп көрсетеді.

Найза ұштарының ұзындығы 20-25см. Араб жазба деректерінде «...түрік найзасы – қысқа. Ал қысқа найзалар үлкен күшпен теседі және оларды алып жүруге жеңіл». Осы дәлелдерге сүйене отырып, найза жебесінің ұзындығы 25см болғанда оның ұзындығы 2м аспаған.

Шабу қару-жағағына балта жатты. Балта басы болаттан, темірден соғылып, сабы ағаштан жасалып, берік болу үшін металмен, терімен қапталады. Жауынгерлік балтаның бұл түрінде басының жүзі жалпақ, дөңгеленген түрде жасалуы шабу арқылы үлкен зақым салуға мүмкіндік берді. Соққы күші жіңішке жүздің бойымен түсетіндіктен оның шабу күші жоғары болды.

Катанды жерлеу орнында табылған жауынгерлік балта VIII-IX ғасырларға жатады. Жалпы жақын қашықтықтағы балта қару-жарағы шығыс еуропадағы және қиыршығыс аймағындағы – чжурчжэней номадтарынан қарағанда ортаазиялық көшпелі халықтарында негізгі қару-жарағына жатпады.

Жүзі қысқа қарудың бір түрі – қанжар деп аталады. Кесу-түйреу арқылы жарақат салады. Қоладан, темірден, мыстан, болаттан соғылады. Қанжар балдақсыз, түзу, негізінен екі жүзді, кейде бір жүзді болып, саптары ағаштан, мүйізден, сүйектен жасалған. Ол шайқаста жауынгердің қосымша құралы қызметін атқарған. Бұл қанжар «кісе белдігіндегі» қынапта үнемі салынып жүретін болған. Қынап пен оның белдікке тағатын ілмегі кестеленіп, металмен безендірілген [6, 45 б].

Сонымен түркі халықтарының б.з. VI ғасырында Еуразия даласында саяси аренаға шығуы көшпелі халықтардың қару-жарақтарының түрленуін, майдан алаңында жаңа ұрыс жүргізу тәсілдерін алып келді. VI-XIII ғ.ғ. түркі әскерінің негізгі қару-жарағына садақ пен жебе, семсер, найза жатып, олар ұрыс алаңында әмбебап қызметін атқарды. Дамыған орта ғасырда жеңіл сауыттанған садақшылар үлкен рольге ие болып, ал найзашылар негізінен қорытынды соққы жасаушы қызметін атқарса, кейінгі орта ғасырда керісінше сауыттанған найзашылар негізгі шешуші күші болып, жинақталған тізбекпен жау әскеріне соққы жасап, әскери саптарын бұзған. Сол себепті қару-жарақтың түрленуіне, жетілуіне байланысты, әскери тактиканың, соғыс жүргізу сипатында үлкен өзгерістерге алып келіп отырды.

Ортақ мәдени-шаруашылық типінің негізінде қалыптасқан әскери іс және соғыс жүргізу әдістерінің ұқсастығы, көп уақыттар бойы ірі көшпелі империялардың құрамында бірге өмір сүруі барысында түркі халықтарында қолданған қару-жарақтардың негізгі түрлерінің біркелкілігін тудырып, дамытып отырған.

1 Кубарев Г.В. *Культура древних тюрок Алтая*. - Новосибирск. 2005. – 98-112 с.

2 Ахметжан Қ.С. *Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы*. – Алматы: «Алматы кітап» ЖШС, 2006. – 216 б.

3 Алланиязов Т.К. *Военное дело кочевников Казахстана*. - Алматы : XXI век, 1998. – 140 с.

4 Худяков Ю.С. Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии. - Новосибирск: Наука, 1986. - 286 с

5 Мандельштам А.Н. Характеристика тюрков IX в. «Послания фатху б. Хакану» ал Джахиза // Труды ИИАЭ АН КазССР. – Алма-Ата, 1956. – Т. 1. –227 с.

6 Арсыланова Ф.Х. Погребение тюркского времени в Восточном Казахстане // Культура древних кочевников и земледельцев Казахстана. – Алма-Ата 1969. - 45 с.

Резюме


Предметы вооружения являются одной из важнейших составляющих культуры. Вооружение и уровень развития военного дела тесно связаны с экономическими, социальными и политическими факторами. В культуре кочевников развитию военного дела всегда придавалось особое значение. Оно обладало многими специфическими особенностями по сравнению с военным делом оседло-земледельческих обществ. Кочевым обществам принадлежат многие усовершенствования и изобретения в области вооружения, нововведения в тактике боя. Ярким подтверждением высокого уровня развития военного дела у древних тюрков служит создание огромной империи – Первого Тюркского каганата. Одной из основных причин этого послужил целый ряд усовершенствований и нововведений в военной области.

Комплекс вооружения традиционно делится на две группы: наступательное оружие ближнего и дальнего боя; защитный доспех. При этом в первую группу включено также военное снаряжение, предметы, предназначенные для хранения и ношения оружия.

Ключевые слова: вооружение, военное дело, лук, наконечники стрел, древние тюрки, тактика.

Summary

Objects weapons are one of the most important components of culture. Arms and the level of development of military affairs are closely related to economic, social and political factors. In the culture of nomads of the development of military affairs has always attached special importance. It has many unique features compared with military affairs settled agricultural societies. Nomadic societies belong to many improvements and inventions in the field of armaments, innovations in the tactics of battle. A striking confirmation of the high level of development of military affairs among the ancient Turks is the creation of a vast empire - the first Turkic khanate. One of the main reasons for this was a series of improvements and innovations in the military sphere.



(Сурет-1 садақ пен жебе сипаттамасы)



(Сурет-2 жебе түрлері)



(Сурет-3 найза жебесі; туу)